

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ

ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАРАТЫЛЫС

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ

ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАРАТЫЛЫС

Ғылыми-көпшілік басылым

Сейсен
ӘМІРБЕКҰЛЫ

ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАРАТЫЛЫС



Ғылыми-көпшілік басылым

Алматы-2016

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Ә 58

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Әмірбекұлы С.

Ә 58 **«Жұмбағы көп жаратылыс»** / Сейсен Әмірбекұлы. – Ал-
маты: «BAViS systems» ЖШС, 2016. 288 б.

ISBN 978-601-7459-30-7

Белгілі журналист Сейсен Әмірбекұлының бұл кітабына «Айқын» газетінде әр кездері түрлі тақырыпта жарық көрген мақала-сараптама, сұхбаттары енген. Кітап «Сыр-сұхбат», «Жазмыш», «Дүние жалған» және «Атамекен сырлары» деген төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің өз жүгі бар. Әр мақалаға арқау болған тақырыптары терең де, мазмұнды. Оқырманды ойға жетелейтін кітап сіздің де көңіліңізден шығары даусыз.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978-601-7459-30-7

© «BAViS systems» ЖШС, 2016
© Әмірбекұлы С., 2016

Алғы сөз

Сейсен Әмірбекұлының журналистикаға деген алғашқы талпыныс құштарлығы, бала көңілі әлі күнге дейін есімде. Балалар басылымының қара шаңырағы – «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») беттерінде сол кездердегі жас тілшілермен таласа, жарыса мақала жазатын. Тақырыптары да алуан-алуан. Солай жас тілші атанды. Күәлікті өз қолыммен тапсырғаным да бар. Сонау жетпіс, сексенінші жылдарда қалам тартқан, балалар газеті тұсауын кесіп, сәт сапар тілеген жас талапкерлердің көпшілігі бұл күндері елімізге танымал, қаламы жүйірік, ойы ұшқыр журналистер. Еліміздің мәдени өміріне өз үлестерін қосып келеді. Солардың бел ортасында – Сейсен Әмірбекұлы.

Бұл күнде Сейсен «Айқын» газетінде қызмет етеді. Бұл басылым Секеңнің бағын ашты десек те болады. Көсіле де, шешіле де қалам тартты. Әсіресе, елімізге белгілі тұлғалармен жасаған сұхбаттары, саясат және экономика тақырыбына жазған сараптамалары айшықталып тұрды. Ол бүгінгі қазақ журналистеріне жетпей жатқан сараптамалық дүниелерге батыл да еркін барды. Бұған дейін қасаңдау болып келген саясат тілін қазақыландырды, сыртқы саясат ірімдеріне терең үңіле алатынын, жұмбағы мол, шешімі күрделі тақырыптарды игере алуымен танылды. Даралана білді. Ол сондай-ақ он сегіз мың галамның қыр-сырына, тылсым күшіне, жұмбағы мол құпиясына үңіле білді. Осы жолда көптеген мақала жазды. Оның бәрін тізіп көрсетіп жатуды арық көріп отырмыз. Өйткені олардың бәрі осы кітапқа еніп отыр. Сейсен кезінде ел алдына шығып, қоғамға, ұлтқа үлкен еңбек сіңірген, кейіннен ұмыт қалған тағдырлар жайлы әдемі тілмен өрнектеп, оқырманның назарына ұсынды. Қайсыбірінің жан-жарасына ара түсті, қайта танылуына түрткі болды. Жол апатына ұшырап, мүгедек болып қалған, театр және кино актері «Батыр Баян» атты тарихи киноға түсіп, басты рөлдегі батыр Баянды ойнаған Жұмақан



Әбдіқадіров жөнінде жазып, оған ота жасау үшін көп қаржы керек екендігін жұртқа жеткізді. Осы мақаладан кейін-ақ Тұңғыш президент атындағы қор Жұмақан Әбдіқадіровтың еміне 5 миллион теңге аударды. Ал, сал болып ауырып жатқан белгілі композитор Темірәлі Бақтыгереевтің мұңлы да ауыр тағдыры жөнінде жазып, халыққа ой салып, ән кешінің өтуіне түрткі болды. Сондай-ақ, қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтөкұлы мен оның сүйікті жары, атақты қазақ бишісі Нұрсұлу Тапалованың Кеңсай зиратындағы қабірінің арада ондаған жыл өтсе де әлі қарайтылмағаны жөнінде мақала жазды. Сол кездегі Мәжіліс депутаты, қоғам қайраткері Ирак Елекеев депутаттық сауал жолдап, бір топ азаматтарға шығып, қазақтың қос арысының басын қарайтты, үлкен белгі тас орнаттырды. Бұл Сейсен Әмірбекұлының «Елеусіз қалған қос ғұмыр» атты мақаласынан кейін болған жайттардың бірі ғана.

Кітапта ол мақалалар «Жазмыш» және «Дүние жалған» деген айдарымен топталып берілген. Сейсен Әмірбекұлы да туған жер, ондағы азаматтар жайында жазған толғауларын осы кітапта «Атамекен сырлары» деген айдарда топтастырылған.

Сейсен Әмірбекұлының журналистикадағы тірлігіне мақтау айтып қажеті жоқ. Оның мемлекет, ел, ұлт, алаштың арда ұлдары жайында жазған дүниелерін оқыған оқырманның өзі Сейсеннің қаламының қарымды екеніне, білімді, білікті екеніне тәнті болады. Осы орайда Сейсен Әмірбекұлы тек журналистік жазбалармен ғана шектелмей, өлең, әңгіме жазатынын да білеміз. Оның ертеректе шыққан «Бозбала дәурен» атты жыр жинағы бар. Алдағы жылы баспадан «Жұлдыз жауған, барқыт түн» деген өлеңдер жинағы мен «Жиделі тоғай сыбырайды» деген әңгімелер және «Қайдасың қайран, періштем» атты әңгіме, повестері жарық көрмек.

Қаламгерге шығармашылық табыс тілей отырып, биіктерден көріне беруіне тілектеспін!

Бейсенбай СҮЛЕЙМЕНОВ,

публицист, жазушы,

ҚР Президенті сыйлығының лауреаты



1-БӨЛІМ

ЖАЗМЫШ



ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ҚОС ҒҰМЫР...

Алматының күн шығысында иісі қазақтың жақсы мен жайсаңы мәңгілік тыным тапқан Кеңсай қорымы жатыр. Онда кім жоқ дейсіз... Үлкен қорымның алақандай бір пұшпағында шөп-шалаң басқан бір төбешік-мола бар. Қойылған белгі тастан онда жатқандардың кім екенін ажырату да оңай емес. Білетіндер болмаса, былайғы жұрт ол жер мола екенін аңғара қоймасы хақ. Онда: иісі қазақтың маңдай алды сұлуы, жұртты тамсандырған, таңқалдырған, таңдандырған биші Нұрсұлу Тапалова жатыр, онда: Нұрсұлудың жары, қазақ боксының атасы атанған, қазақ даласында бокстың негізін салған атақты боксшы Шоқыр Бөлтекұлы жатыр. Кеше қазақ үшін барын берген, алтынға айырбастамас ғұмырларын сыйлаған, қазақтың мәдениетін, спортын дамытуға күш салған дара дарын – қос тұлғаның, бүгін елеусіз, ескерусіз қалғаны, бұл пәниден бақиға аттанғандарына он жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге олардың моласының басы қарайтылмағаны жүрекке қыжыл, көңілге мұң ұялатады. Кезінде Мұқағали: «Уақытым келіп кеткенде келмес сапарға, қалмасам екен, елеусіз-ізісіз, жоқтаусыз» деп еді. Ақиық ақынның сол жыр жолдары Нұрсұлу апамыз бен Шоқыр атамызға қаратылып айтылғандай.

Бүгінде жұрттың жадынан шығып бара жатқан Нұрсұлу Тапалова мен Шоқыр Бөлтекұлы кім еді?

Өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдары қазақ сахнасының сәніне айналған қазақтың тұңғыш балеринасы, мың бұралған биші, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Тапалова Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында 1923 жылы дүниеге келген. Нұрсұлудың халыққа танылуына жол ашқан қазақтың



ардақты ұлы Ахмет Жұбанов болатын. 1934 жылы Ақтөбе облысына іс-сапармен жолы түскен академик ағамыз жұрт алдында мың бұрала билеп, өзінің асқан талант иесі екенін таныта білген 11 жасар Нұрсұлудың алдағы өміріне бағыт-бағдар сілтеді. Қайда барып, қайда оқу керек екенін айтты. Арман жетелеген балауса Нұрсұлу Алматыға аттанды. Үлкен шаһарға келген соң, оны театрдың көркемдік жетекшісі Қ.Жандарбеков пен балетмейстер А.Александров қамқорлықтарына алды. Жас қыздың өнер жолындағы талантын шыңдай түсу үшін оған Мәскеудің не Ленинградтың хореографиялық училищелерінің ұлттық бөлімдеріне түсуге кеңес берді. Алайда Нұрсұлу одан бас тартты. Онсыз да табиғи таланттың иесі, биге бейімі бар қыз, сол жерде жүріп-ақ жетекшісі А.Александровтың үйретуімен аяқ ұшымен тұрып билеудің қыр-сырына қанықты. Сонда жүріп «Қыз Жібек», «Қалқаман-Мамыр» қойылымдарының кейбірінде Шара Жиенқұлованы айырбастап отырды. Бір естелігінде Нұрсұлу: «Жеті жылдық мектепте оқып жүргенде көркемөнерпаздар көрмесінен іріктеліп, он үш жасымда Абай атындағы академиялық опера және балет театры жанындағы би мектебіне түскен едім. Сонда Күләш Байсейітованың қамқорлығында жүріп, Шара апайдың да көмегін көп көрдім» – деп жазады. Биші қыз 1938 жылға дейін кордебалет әртісі, кейіннен жеке балет бишісі, 1941-1953 жылдарда театрда прима-балерина бола жүріп, ұлттық операларда жеке билерді сомдады. «Аққулар айдынында» испан бишісін, Астафьевтың «Бақшасарай бұрқағы» қойылымында Зареманы нақышына келтіре орындай білді. Жұрт таңқалды, тамсанды, таңданды. Оның дара талант екеніне бас иді. «Нұрсұлу Тапалованың дайындықсыз сомдаған классикалық үлгідегі Заремасы нағыз Шығыстың аруы болып шықты. Оның биін көріп отырып, биге елітіп кетпеу мүмкін емес болатын. Классикалық бидің көптеген қиындықтарын өз бетімен жеңе отырып, Н.Тапалова оны түрлі образдар мен сезімдерді айшықтаудың құралы ете білді. Ол әрбір сахнаға шығардың алдында қатты толқитын, оның әр биінде өзіндік қолтаңбасы айқын көрінетін, сол кездегі талантты бишілердің арасында ерекшеленіп тұратын...», – деп жазады «Менің балетім» деген кітабында халық әртісі Болат Аюханов. Сол жылдары талантты қыз «Киноконцерт», «Белая роза», «Жамбыл» және басқа бас-аяғы жиырма шақты кинофильмдерге түсіп, актерлік қыры-



нан да танылады. Еңбегі жанып, 1947 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» деген құрметті атаққа ие болып, бір жылдан соң Алматы қалалық кеңесінің депутаттығына сайланады. Алайда 1953 жылы Нұрсұлу театрдан кетіп, ән-би миниатюралары жанрындағы эстрадалық салаға біржола бет бұрады. Сөйтіп, Қазақтың мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясына ауысып, Кеңес Одағы мен одақтас республикалардың ән-би ансамбльдерінің жеке бишісі болып қызмет етеді. 1975 жылға дейін сахнадан түспеген Н.Тапалова қазақ, қырғыз, өзбек, армян, испан, орыс және тағы басқа да ұлттардың билерін өз деңгейінде, биік талғаммен орындап отырған. Қазақтың біртуар тұлғалары Шәкен Айманов, Нұрғиса Тілендиев, Ғарифолла Құрманғалиев, Ахмет Жұбановтармен бір сахнада өнер көрсеткен Нұрсұлу кезінде Бауыржан Момышұлы, Бақытжан Байқадамов сынды саңлақ ағалардың отбасыларымен де достасып, араласып-құраласып тұрған екен. Бұқаралық ақпарат беттерінде биші қыз туралы жарық көрген мақалалар осылай сыр шертеді. Ал асқан биші Нұрсұлу театрдан неге кетті? Әттеген-ай, Құлагердің жолын кескен батыраш-қотыраштар бұл жерден де табылды. Дара дарынға тосқауыл қойды. Өсек-аяң бықсыды, бишіні сыртқа тепті. Күншілдер күн көрсетпеуге айналды. Тума талантының арқасында көтерілген биігінен сүйреп түсіргісі келгендер табылды. Осыдан келіп театрдағы өмірі «ішкені ірің, жегені желімге» айналған Нұрсұлу ол жерден амалсыз кетіп тынды. Екінші бір өнер ордасы атанған Қазақтың мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясында еңбек етті. Бірақ мұнда да тыныштық болмады. Аяқтан шалушылар онда да табылды. Ақыры бәрін тастап кетуге мәжбүр болды. 1992 жылы ғұмырлық жары Шоқырдан мәңгіге айырылды. Ал 1998 жылы елеусіз күйде өзі де дүниеден өтті. Өкініштісі, бар ғұмырын арнаған Абай атындағы Опера және балет театрынан, біраз жылын арнап қызмет еткен «Қазақконцерт», Жамбыл атындағы филармониядан бір адам да қазаға келмеген. Бұған жылайсыз ба, күлесіз бе?.. Тек Шоқыр ағаның жолын ұстаған, сол кісінің ізбасар шәкірттері болған Серік Әбдінәлиев бастаған бір топ боксшы жігіттер ғана апамызды Кеңсайға қойып, қабіріне топырақ салыпты. Абай данышпан айтпақшы, «қазақтың тірісінің өсектен аманы жоқ, дүниеден өткенінің жаманы жоқ» демекші, Нұрсұлу Тапалова өмірінің соңғы жылдары үлкен өсекке қалды. Қаңқу, қауесет желше гүледі. Оған қара күйе жағушылар «ол



ішіп кетіпті» десті. Кім білсін? «Мен ішпеген у бар ма?» деп Абай айтпақшы, тасадан тас лақтыру, күншілдік, көреалмаушылық бәрі қосылып, оны осыған итермелеген де шығар. Қаншалықты үмітін желкен, жігерін қайық етіп күншілдікке қарсы тұрғанымен, бір сәт босаңсып, әлсіздікке ерік беріп алды ма екен? Бәлкім, сахнада өткен інжіл сәттерінің қайтып келмесін ойлап, торығып, ішкі күйікті шараппен басқысы келген де болар... Кім білген?.. Жанжары Шоқыр «бәрінен де сен сұлу» деп еркелеткен, шаңырақтың сәні, сахнаның көркі болған сұлу да сылқым ерке биші қыз емес пе еді кезінде... Бәлкім, әділетсіздікке төзе алмаған да болар-ау... Ол жайлы шыққан өсектің бір ұшы, кез келген қыз-келіншектің арманы болған қазақ боксының атасы атанған Шоқырдай біртуар азаматтың өзгені емес, өмірлік жары етіп Нұрсұлуды таңдап алуында жатқан шығар. Шоқыр: «бәрінен де сен сұлу» деп еркелетуші еді, ол «арыстаным» деп еркелеуші еді... Қаншама биікке көтеріліп, атақ-даңққа ие болса да, екеуі де қарапайым, қоңырқай тірлік кешті. Өмірлерінің соңына дейін аядай бір бөлмеде тұрды. «Дұрыстау үйге қоныс аудармадыңыздар ма?» дегендерге, «Бұл шаңырықта тұңғышым дүниеге келген, қазақтың біртуар азаматтары – Бейімбет Майлин, Шәкен Аймановтар дастарқаннан дәм татқан, сондықтан бұл үйді қиып ешқайда кеткім келмейді» дейді екен. Әйтпесе оңдырақ үй алуға атақ-дәрежелері жетер еді ғой... Нұрсұлудың асқан көріктің иесі болғаны жөнінде әңгіме көп. Шоқыр Бөлтекұлы жөнінде көп жазған белгілі журналист Мейрамбек Төлепберген «Шоқыр» деген кітабында Нұрсұлудың қызы Тоты шешесі жайында «Небір мықты қылқалам шеберлері қазақтың сұлу қыздарының суретін саларда менің анамның сымбатты мүсінімен салыстыра қарап алып барып кірісетін еді» деуі де біраз жайдан хабар берсе керек. Бұдан Нұрсұлу апамыздың туа біткен талантымен қатар Алла Тағала берген асқан сұлулық иесі екенін де байқаймыз. Амал қанша, сондай дарынды, күндей көзі, айдай аузы бар сұлу биші қыздың қазақ өнері үшін еңбек етіп, соңында ескерусіз, еленбей қалуы көңілге кірбің түсіреді. Нұрсұлу апамыздың ескексіз қайықтай қалтылдаған соңғы өмірі тым аянышты, тым трагедиялы болса керек. Биші Ғайникамал Нығметжанқызы Нұрсұлу жөнінде жазған бір естелігінде: «Білесіз бе, мен ол кісіні кездейсоқ көшеден кезіктірдім. Кім біледі мүмкін танымас па едім. Бірақ, білесіз ғой, пендешілік пайыммен біреу



елден ерек қымбат, не өте жадау киінсе, соған назар аударатын әдет емес пе? Апайдың үстіне ілген киімінің жұпынылығы сонша, аяп кеттім. Өзіне қадалған жанарды сезді ме, ол бір сәт маған жалт етіп қарады. Жүрегім дір етті. Нұрсұлу Тапалова. Кәдімгі аты жер жаһанға жайылған Нұрсұлу апай ғой мынау... Өзгерген. Тек бір кездегі сұлу жүздің сарқытынан сыр шерткен қара көздегі жаркыл ғана. Тамағыма тас тұрғандай үнім шықпай қаттым да қалдым. Ол кетіп бара жатты. Егде тарқан сайын еңкейе түсетін қарапайым қара кемпірге келіңкіремейді. Сұңғақ та кәнігі балериналарға тән қос табанын көлбеу тастайтын тәкаппар да асқақ жүріс...», – деп жазады. Бұған не дейсіз...

Ал Нұрсұлудай арудың жары болған Шоқыр атамыз кім еді? Ресми дерекке жүгінсек, Шоқыр Бөлтекұлы 1916 жылы Маңғыстау облысы Жармыш ауылының маңында Сарқауақ деген жерде дүниеге келген. Отызыншы жылдардағы ашаршылық, аласапыран тұста Форт-Шевченко қаласындағы жетімдер үйінде оқып, орта мектепті бітіреді. Шоқыр Бөлтекұлы – 1936 жылы қазақ жерінде әуесқой боксты үйретуді алғашқы болып қолға алған ұстаз. Қазақ боксының атасы атанған Шоқыр ағамыз – Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері атанған тұңғыш қазақ. 1937 жылы Ш.Бөлтекұлының басшылығымен бокстан Алматы қаласының ресми біріншілігі өтті. 1944 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған Шоқыр Бөлтекұлы жаттықтырушылық жұмысын жалғастырады. Шоқыр ағамыздың басшылығымен 1946 жылдан бастап қаланың, республиканың, Орта Азияның ресми чемпионаттары өткізіле бастады. 1947 жылы Мәскеуде өткен КСРО біріншілігіне Қазақстанның құрама командасы тұңғыш рет қатысып, Махмұт Омаров қола жүлдегер атанған. Шоқыр Бөлтекұлы 1992 жылы дүниеден озды. Қазақ халқының ақиық батыры Бауыржан Момышұлының өзі кезінде «екі-ақ нағыз қазақ бармыз, бірі – мен, бірі – Шоқыр» деген (Шоқыр атаның моласы Бауыржан Момышұлының жанында) екен. Себебі қылышынан қан тамған қырқыншы жылдары өз тегін «ов» емес, «ұлы» деп жаздырған тұңғыш қазақ спортшысы – дәл осы Шоқыр Бөлтекұлы еді. Бір айта кетер жайт, Шоқыр ағамыз өте жан-жақты адам болған екен. Ана тілімен бірге орыс, араб, неміс, украин, хинди тілін де меңгерген полиглот, Бакуде, Киевте жоғары білім алған кәсіби суретші де болған. Шоқыр атамыз дүниеден өткенде Серік



Қонақбаев, Серік Әбдіәлиев, Болат Нұрсейітов, Болат Мәнкенов сынды шәкірттері соңғы сапарға шығарып салыпты. Бірі өнерде, бірі спортта иісі қазақтың атын шығарған, намысын қорғап, әмбеге аян еткен қос тұлғаның өмірлерінің соңында елеусіз қалғаны, дүниеден озған соң молаларының басы қарайтылмағаны өкінішті. Өзге жұрт, өз ұлтының атын асқататқан дарындарын жер-көкке сыйғызбай көтермелеп, ескерткіш соғып, көшенің атын беріп, ұмытылып қалмас үшін жанталасып жатар еді. Біз ондай тірлікке бармақ тұрмақ, қос таланттың басын қарайтуға қарекет жасамай отырмыз. Енжарлық па, әлде... Дегенмен қос таланттың артынан іздеуші де табылар, иісі қазақтың есті бір азаматы олардың басын қарайтып, құлпытас та қояр... Соған бек сенімдімін.

Алматының күн шығысында қазақтың жақсы мен жайсаңы мәңгілік тыным тапқан Кеңсай қорымы жатыр. Онда кім жоқ дейсіз... Үлкен қорымның алақандай бір пұшағында шөп-шалаң басқан бір төбешік-мола бар. Онда иісі қазақтың маңдайына сыймай кеткен, жүрегі қазағым деп соғып дүниеден өткен, қос бірдей арысы жатыр...

Елеусіз-ескерусіз... басы қарайтылмаған...

*«Айқын».
Ақпан. 2010*



ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР БАЯНЫ

Асқар Сүйлейменов айтпақшы, қазақта «сілтесең семсер, қорғансаң қалқан» болатын азаматтар жеткілікті. Алайда сондай бағлан ұлдарды тасы өрге домалап тұрғанда бағалап, марапаттағанымызбен, басынан бақ тайса елемейтіміз, ұмытып кететіміз неліктен? Бұған өз ұлын өзекке тепкен, тасбауыр қоғам кінәлі ме, әлде асылды ардақ тұта алмайтын қазақы парықсыздығымыз кінәлі ме? Бәлкім екеуі де шығар-ау. Дегенмен исі қазақтың арда ұлдарының бірі Жұмақан ағаның орны бөлек еді. «Нағыз қазақ мынау» деп мақтануға тұратын нартұлға ғой. Сондай асылды аялай алмай отырған сияқтымыз... Амал қанша?.. Алдымен Жұмақан аға Әбдіқадіров кім еді, соған тоқтала кетейік. Ол театр мен кинода ірі тұлғаларды сомдады. Ең алғаш – 1973 жылы институт қабырғасында оқып жүріп «Бұлақ» фильмінде Алпамыстың рөліне түсті. Содан кейін-ақ, дарынды жас біраз асуларды алды, биіктерді бағындырды. Танылды, өзін танытты. Халықтың сүйіктісіне айналды. Бәлкім оқыс жағдай болмағанда әлі де өзінің талантына елін сүйсіндіріп жүре бере ме, еді, әттең...

Батырды батыр тани ма, театр сахнасында қазақтың қаһармен ұлы Бауыржан Момышұлының бейнесін сомдады. Халық қол соқты, риза болды. «Бауыржан өлмепті, ортамызда жүр екен ғой» десті. Ол да бір дәурен екен. Осы салада жүріп қазақтың талай біртуар азаматтарымен араласты, сыйласты, бірге ойнады. Үйренді, ысылды, тәжірибе жинақтады. Өзгесін былай қойғанда, кино саласында ерек тұлға екенін таныта білді. Мойындатты. Ол түскен фильмдер «Сұрапыл Сұржекей», «Батыр Баян», «Кек», «Көшпенділер», «Жамбылдың жастық шағы», «Махамбет» болып осылай тізіліп кете береді. Бірақ сол фильмдердің ішінде 1993 жылы иісі қазақтың арда ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының негізінде түсірілген режиссер Сламбек Таукеловтың тарихи драмасы «Батыр Баян» жұршылыққа кеңінен танытты. Ел Жұмақанды «біздің Батыр Баянымыз» деп еркелетті. Құрмет көрсетті. Көкке көтерді. Жұрт, жері мен елін жаудан қорғап, толарсақтан қан кешіп, қолынан найза тастамай өткен, сол жолда құрбан болған Батыр Баян тіріліп келгендей әсер алып еді.



Егер де сол рөлді Жұмақан ойнамай басқа біреу сомдағанда халық мұндай шат-шадыман күй кешер ме еді, әй қайдам?

Батырға лайық тұлғасы бар Жұмақан тек Батыр Баянмен ғана шектеліп қалмай киногерлер түсіріп жатса, азаттық жолда атой салған халық қаһармандары Қабанбай мен Бөгенбайды, сол сықылды өзгеді жалаңтөс баһадүрлерді қайта тірілтіп, сахнада не болмаса кинода жаңғыртар еді. Амал қанша, оқыс оқиға тума талантқа тұсау салды, ауруханның төсегіне байлады. Арғымақ мініп, атой салар батыр балдаққа таңылды. Өкініш пе, әрине орны толмас үлкен өкініш. Амал қанша, кездейсоқ жол аптына ұшыраған Жұмақан аға Батыр Баяндар ғана ұстар алдаспанды қолтыққа қысар балдаққа айырбастады. Елеусіз, ескерусіз, іздеусіз адам ретінде бір бұрышта өз тағдырымен өзі алысып қала берді.

Дүние-ай, десенші, азамттың керегі барында екен. Бастан бак тайса, мүсәпір болу тез екен. Қазақтың асқан батырын кинода сомдаған Жұмақан аға бүгінде мүгедектер қатарында. Нағыз дертіп тұрған шағында қырына алған тағдыр-ай, дейсің.

Міне дімкәс болғалы 16 жыл. Баяғыдай шапқылап кетер күн қол жеткізбес сағымға айналған. Соңғы жасалған ота дұрыс болмады. Денсаулық күннен-күнге нашарлады. Осы тұста халыққа танымал азамат Тұңғышбай әл-Тарази бастама көтерді. Сауын айтты. Жұмақанның атында есепшот аштырды. Өйткені оның жұлынына ота жасау үшін 30 мың еуро керек екен. Онда да елімізде емес, Мысыр мен Германияда жасалмақ. «Тұңғышбайға да, Сламбек Тауекеловке де рахмет. Қиналған кезде қол үшін беріп жатқан өзге де жанашырларға алғысым бар. Өзің білесің ғой, артистердің қаржысы шамалы, соған қарамастан мүмкіндіктеріне қарай, ашылған есепшотқа ақша аударуда. Әлі миллионға жеткен жоқ. Ал керегі – 6 миллион. Бар үмітіміз – керекті қаржы жиналса, шет ел барып ота жасату. Бәлкім сауығып, орнынан тұрып кетер. Өкінетінім елімізде қалғалылар көп қой. Солар шеттен әнші-артистер шақырып, аста-төк түрлі шаралар өткізіп жатады. Солар неге өзіміздегі осындай талантқа көңіл аударып, жәрдемдеспеске! Неге қазақы өнерге, сол қазақы өнердің тұтқасын ұстаған жандардың ауыр тағдырларына көңіл бөлмеске!» дейді батырдың жары, белгілі актриса Гүлшат Қыпшақова. «Мәскеумен де келістік. Ондағы дәрігерлер «үміт бар, ота сәтті болса, орнынан тұрып кетеді» деген әңгіме айтады. Бірақ тағы сол қаржы ғой қолды байлап отырған.



Мәскеуде ота жасау үшін үш жарым миллион рубль керек. Ондай қаржы қайдан болсын. Ақыры жарақаты шыдаппаған соң, ақпанда Астанаға барып қаралып, сондағы нейрохирургия орталығында жатып ем алды. Осы айдың соңына қарай тағы бір ота жасалып қалуы мүмкін. Қалай боларын кім білсін? Кезінде жұрт «батыр Баян» деп еркелетіп еді, еркелеп еді. Енді басына күн туғанда неге үнсіз отыр? Бұқаралық ақпарат құралдары айтып та, жазып та, көрсетіп те жатыр. Бірақ қол үшін созғандар кемде-кем» дейді жары. «Үлкен саханаға әлі ораламын. Өзімді танытып үлгерген жоқпын. Алаштың арда ұлдарының бейнесін сомдау арманым» дейді Жұмақан аға.

Иә, рухы мықты батыр тұлға тән жарасын да жеңер. Үлкен саханаға да оралар. «Батыр Баян» фильмінің бір тұсында «Мен – Баянмын! Исі қазақтың «Батыр Баянымын» дейді батыр. Апырай, жасанған жауға қамықпай дара шапқан арда батырды қайта жаңғыртқан наркескен ұлдың басына қара бұлт үйірілгенде иісі қазақ неге үнсіз, неге қол үшін бермейді? Көп жиылса, көл емес пе еді? Азын-аулақ қаржы қайда қалмай жатыр, тәйірі. Жұмақан аға еңсесін түзеп, қатарға қайта қосылып жатса, әлі талай батырларды сомдауға қайраты жетер еді ғой. Бірақ үнсізбіз, «не болар екен?» дегендей сырттан ғана бақылап отырмыз. Ал уақыт болса өтіп барады...

«Айқын».
Сәуір. 2012



ТІЛСІЗ ҚАЛҒАН ТАҒДЫР

Біз әңгімеге арқау еткелі отырған азамат иісі қазақтың марғасқа ұлы. Құдай берген сазгерлігінің арқасында халықты әнге бөледі. Дара талант екенін танытты. Мойындатты. Амал қанша, сұғанақ көз өтті ме, қорғасыннан ауыр сөз өтті ме, әлде талайына жазылған сол болды ма, гүлденіп тұрған шағында қанаты қырқылған қырандай күй кешті. Оқыс оқиғадан кейін мүгедек атанды. Қазір, елеусіз, ескерусіз өз тағдырымен өзі алысып саяқ күн кешіп жатыр. Елдің көмегіне зәру. Қол үшін берер адам жоқ. Тасбауыр қоғам түсін берер емес. Осындай да «НЕГЕ БІЗ ОСЫ ҚАТЫГЕЗ ДЕ, ҚАСИЕТСІЗ БОЛЫП КЕТТІК... НЕГЕ БІЗ ОСЫ...» дейтін Оралхан Бөкейдің бір кейіпкерінің сөзі көкейге оралады. Расында неге біз осы қатыгез боп барамыз? Қазақтың арыстай азаматы көмекке зәру болып жатқанда, түк білмегендей, ештеңе естімегендей көрсоқыр, таскерен адамның кейпінде жүреміз. Неге? Той-томалақ десе, айдарымыздан жел есіп, айқұлақтана шауып, барды шашып, шабыламыз. Ал қазағым деп күн кешкен арда ұлдың басына күн туса, қарабайлығымыз ұстап, сараңданып қаламыз. Неге біз осы... Төмендегі әңгіме белгілі сазгер Темірәлі Бақтыгереевтің бүгінгі тағдыры жөнінде...

«Барып қайт, балам ауылға» деген әнді естімеген қазақ жоқ. Иә, үлкен сахнада тұрып қазақтың белгілі азаматы Тұңғышбай әл-Тарази талай рет нәшіне келтіре шырқады. Иісі қазақ қосыла айтты, қосыла ыңылдады. «Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй» деп дана Абай айтпақшы, шындығы сол, жүректен шыққан ән ғана жүрекке жетеді. «Барып қайт, балам ауылға» сондай ән еді. Бірақ жұрт сол әннің авторын біле ме? Әй білмейді-ау. Білсе, үн қатар еді ғой. Жарымжан жанға қол үшін созар еді ғой... Өзге тұрмақ, аман-сауында аралас-құралас бірге жүрген достарының өзі «ол әлі тірі ме?» деп сұрауы ыңғайсыз емес пе? Кешегі дуылдатып бірге жүрген дос-жаран бүгінде халін сұрауға уақыты жоқ. Уақыты бола тұрса да, елегісі келмейді, ескергісі келмейді. Өйткені төсек тартып, сөйлеуге тілі келмей күрмеліп жатқан жан кімге керек? Қасірет пе, қасірет. Басқа сөз жоқ. Өңгімімізді нақтылайтын болсақ, атақты әннің авторы, белгілі



сазгер Темірәлі Бақтыгереев тоғыз жылдан бері сырқат, төсек тартып жатыр. Заманында өз ортасының көркі болған, аққұба, ұзын бойлы сымбатты жігіт бүгінде қарыс қадам жасауға зар. Күн ұзақ жұмсақ диваның бір бұрышында отырып, тек радио тындаудан артық тірлікке жарамай қалған. Екі жылдан бері теледидар көруді де қойыпты. Тілі де күрмеліп, сөйлеуге икімделер емес. «Осыдан тоғыз жыл бұрын көлік қаққан. Құлағанда басы жолдың қырындағы тасқа соғылса керек. Сүйек сынған. Оқиға кешкілік болған. Маған түнде Қалқамандағы ауруханадан телефон шалды. «Жарылған басқа отаны таңертен жасаймыз» десті. Бәлкім, ота дер кезінде жасалса, бәрі басқаша болар ма еді қайдам? Мен бұл жерде ешкімді кінәламаймын. Енді маңдайына жазғаны сол болар. Бас сүйек шағылып, ортасына қан ұйып қалған екен. Амал қанша, ота кезінде жүйке талшығына зақым келген. Содан дұрыс болмады ғой. Денесінің сол жағы жансыз. Тек оң жағында тіршілік бар. Содан бері төсекке таңулы. Кезінде «Темеке» деп жырттылып –айрылатын достары қазір есіктен қарауды қойды. Іздемейді. Тіпті кезінде жақсы араласқан бір досы бірде біреуден «ол әлі тірі ме, өлмеппе еді» деп сұрайтын көрінеді. Осыны естігенде өмірден түңіліп кеттім. Әркім қарақан басын күйттеген заман болды ғой. Қайтейін. Кімге барып мұң шағасың, кімге барып өкпе-наз айтасың. Жаны таза Темірәлі ешкімнің алдын кеспеп еді. Ешкімнің тұнығын шайқамап еді, ешкімнің алындағы ырысын ішпеп еді. Үлкенін аға деп, кішісін іні деп сыйлап еді».

Сазгердің жары Жамила апай күйіне сөйледі, күрсіне сөйледі. Темірәлі Бақтыгереев көлік оқиғасынан біраз бұрын, яғни 1989 жылы «Бехтерева» деген жұлын ауруына шалдыққан. Екінші топтағы мүгедек-тұғын. Қазір бірінші топтағы мүгедек. «Бәрін де қойшы–дейді жары,—Мені де, Темірәліні де қинайтыны тән жарасы емес, жан жарасы. Темірәлі 90- жылдары композиторлар одағына мүшелікке өткен. Бірақ кейіннен мүшелік билетін жоғалтып алып еді. Ал композиторлар одағы өзге жаққа қоныс аударды. Сол кезде шашылып қалды ма, мұрағаттан Темірәлінің мүшелікке өткенін таппай қалдық. Жанды қинайтын осы. Кейде «композитор» деген тілдей қағазың да керек болады екен. Біздің қоғам соған қарап адамды бағалайды. Амал қанша? Іздендік. Бірақ композиторлар одағының қазіргі төрайымы Балнұр Қыдырбек «оқымаған әуесқой сазгерді одаққа алмаймыз» деп басын ала



қашады. «Кезінде одаққа мүше болды» десек, те мізбақпайды. Қайтерсің, енді?! Бір тілім қағаз ғой. Ауру, жарымжан жанға қуат болсын, жанына дәтке етсін дей салса қайтеді. «Барып қайт, балам ауылға» сияқты әнді екінің бірі жазып жатқан жоқ қой. Темірәлі қырық жылдық шығармашылық өмірінде 250-ден астам ән жазды. Бұл аз ба? Жанымызды алай-дүлей еткен тағы бір нәрсе, сол «Барып қайт, балам ауылға» әніне арманда кеткен қазақтың арысы, тэквондо шебері Мұстафа өз Түрік фильм түсіртті. Ән атамекенін аңсап жеткен азаматтың көңіл-күйін дәл бере біліп еді. Өкініштісі, титрдағы жазуда «сөзі А.Қыдырбаева, әні С. Әбдінұров» деп тұр. Жылайсыз ба, күлесіз бе? Режиссердің бұл қай басынғандығы? Әннің авторы Темірәлі екені алты алашқа мәшһүр емес пе еді?! Тағы бір әнін тағы бір белгілі адам иеленіп жүр. Адамның көзі тірісінде осындай қиянпұрыс тірлік жасап жүргендер, Темірәлі дүниеден озса, бүкіл әнін талапайға салып жібере ме деп қорқамын. Сондықтан оның бүкіл шығармаларын патенттетсем деймін. Темірәлі қырық жыл шығармашылықта жүрсе де жеке үйге қол жеткізе алмады. Екі әннің басын құрағандарға үйіп-төгіп беріп жататын атақ та, арнайы бір сыйлық та бұйырмады. Міне биыл алпыстың екеуіне толып отыр. Қайдам, енді талайына жазылғаны сол шығар.. Шығармаларын жеке кітап етіп шығарсам. Әндеріне іріктеп бір диск жаздырақ деп ойлаймыз. Аман болса, келер жылы пайғамбар жасына келмек. Бір ән кешін ұйымдастырсақ деген арман бар. Бірақ бәрі қаржыға келіп тіреледі. Қолды байлайтыны сол, қайтейін. Темірәлі Батыстың жігіті ғой. Кезінде Оралда оқып жүргенде қазіргі Астана қаласының әкімі, халықтың танымал ұлы Иманғали Тасмағамбетовпен бірге пәтер жалдап тұрды. Алматыға келген соң араласпаған атақты адамдары қалмады. Журналист те болды, телеарна, радио, театрда да жұмыс істеді. Нұрлан Өнербаевқа да гитара үйретіп, әнші болуына қол үшін беріп еді. Тұғышбайға да сахнада тұрғызып («Барып қайт, балам ауылға») ән айтқызды. Тағы бір қырынан танытты. Асанәлі ағамен де жақын болды. Ұлдары қайтыс болғанда «Сағындым баламды» деген ән жазып берді. «Асыл аға» деп Әбіш Кекілбайға да ән арнады. «Заманбек-заман» деп Заманбек Нұрқаділовқа, «Әнім-Шәмші» деп қазақтың ақиық азаматы Шәмші ағаға ән арнады. 250-ден астам ән жазды ғой. Сол әндердің көпшілігі орындалып жүр. Кейбір әндері әлі өз орындаушысын күтіп, шаң басып жатыр.




Аман-сауында араласқан, дос болған, бірге жүрген азаматтар қазір араласпайды. Оларға көмек бер деп тұрған жоқпын. Ең құрыса, «Темеке, аман-саусың ба, барсың ба?» деп келе алмаса да бір телефон шалып жатса, соның өзі жарымжан жанға үлкен демеу ғой. Сөне бастаған құштарлығы қайта оянбас па еді...». Сазгердің жары осылай дейді. «Ғашықтар сенімі», «Таңғы тілек», «Кешір мені», «Қазақ елім», «Сағыныш», «Көктөбе», «Ер Махамбет», «Барып қайт, балам, ауылға», сияқты әндерін Нұрлан Өнербаев, Нұржамал Үсенбаева, Тұңғышбай әл Тарази, «МузАрт» тобы, С.Жұмағалиев, Г.Сықымбаева, Е.Хасанғалиевтер орындап жүр. Осының өзі дәтке қуат. Ән барда, Темірәлі де бар. Өлмейді. Әнмен бірге жасайды. ...Сазгер ағаның үйінде отырмыз. Тілі күрмеліп сөйлеуден қала бастаған ағамен, жары Жамила апаймен өткен күндер жөнінде сыр шерттік. Ескі альбомды ақтардық. Темірәлі ағамен құшақтасып бірге түскен біраз танымал адамдарды көрдік... «Баяғыда «Самал» мөлтек ауданында тұрдық. Қазақтың талай марғасқалары мекендеген жер ғой. Жұрт қалжыңдап «ыдыс-аяқ» ауылы дейтін... Құман (Тастанбеков), Шөмішбай (Сариев), Темірәлі... бәрі де жұрт айтқандай ыдыс-аяқтың атауы емес пе?» Жамила апай жымиды. «Қайран уайым-қайғысыз сол күндер-ай!». Апай көзіне мөлтілдеп келген жасты қолымен сүртті...

«Аға арманың бар ма?» дедім. «Арман ба? – деді сазгер қабырғаның бір бұрышына ойлана қарап.

– «Маған ақша керек емес, композитор деген атағымды қайтарып берсе екен, басқа ештеңе дәмеппеймін».

...Тілі күрмеліп әрең сөйледі.

«Айқын».
Сәуір. 2012



«АЛАПАТ АҚЫН» ЖӨНІНДЕГІ СЫР

Ол бала кезінде орманыш болғысы келген. Алматыдағы Ауылшаруашылық институтының орман шаруашылығы факультетіне түскен еді. Бірақ орманыш болмады. Ат шаптырым алаңда ала допты қақырата тебетін футболшы да болғысы келген. Ондай болу да қолынан келмеді.

...Жаһанға мәшһүр жазушы болсам деп те армандаған. Өзгесін қайдам, қолынан қалам ұстау келетін. Өзінше өрнектеп өлең жазды. Үш жыр жинағын шығарды. Онда да өзгелердің демеушілігімен, қолдауымен. Бірақ Жазушылар одағына мүше емес. «Мен Одаққа, Одақ маған керек емес. Әйтпесе жерлес, рулас аға-інілерім сол одақтың тізгінін ұстап жүр ғой. Шақырып жатса, кәні. Қай жерде де мықты ақыннан қорқады ғой. Зордың көлеңкесінде қалып қою кімге жақсы дейсің. Сосын жолатпайды да. Тіпті олардың біреуі «Ақынның ажалы» деп мен туралы поэма жазып қойыпты. Қайтесің енді... «Ақынды ақын оятпаса болмайды, ақынды ақын таяқтаса, ол қайғы» деп қайран Мұқағали бекер айтпаған ғой. Ол білген ғой, ақындардың қандай адам екенін... Кейде «жыр кешінді өткізіп береміз» деп алдаусыратып қояды» – дейді ол.

Ол деп отырғаным екінші Алматы вокзалында жүк тасып, арба сүйреп жүрген ақын – Сәбетай Сыпатаев. «Таудай биік халқыма сөз арнадым, Жалғыздықты аңғартып тұр жан-жағым. Сәбетайды жалғыз еткен Албаным, Алып жатыр бірден-бірден шалдарын» деп кейде күйініп те алады, сосын «Мұқағали биіктігі бар мәлім, Содан көрдім Хантәңірі заңғарын!» жерлесі Мұқағалиға бас иетінін мойындайды.

Ал біз әңгімеге арқау еткен Сәбетай кім? Иә, ол шайыр болғысы келген. Баяғыда, сексенінші жылдардың ортасында республикалық жыр мұшайраларына қатысып, мақталып жүрді. Марқұм Қадыр Мырза-Әлі, Иран-Ғайып, Жарасқан секілді дүлдүлдер Сәбетайдың поэзиядағы аяқ алысына таңдай қағысқан. Сәттілік тілескен. Тіпті марқұм Қайрат Әлімбеков «алапат ақын» деп баға берген. Бірақ мұның талайына жазылғаны сол, өмір жолы өзгеше болды. Әйтпегенде өзімен қатар шапқан Тыныштықбек, Гүлнар, Светқалилардай ортада дүрілдеп жүрер еді.

«Кім біледі келерін неден өлім, Табылады әйтеуір себебі оның.



Кебінім де қалады кебенегім, Қару қалар басында керегенің...
Әзірше мен тірімін алданамын, Санаулы тұр білемін әр қадамым.
Күнмен бірге батамын күнде-күнде, Қуанамын білдірсе таң
хабарын...» деп кейде өзінің саяқ, жарым-жалғыз жүрісіне күйініп.
«Мен де сүйдім, жұлдызды еді тілегім, Сүймей қалай, қайтіп өмір
сүремін?! Аңсадым да арпалыстым, шаршадым, Шалдықтым да
жабырқадым, жүдедім... Мен де сүйдім, ғашық болдым мөлдіреп,
Езілді ғой, ет жүрегім елжіреп. Кім деп соғып тұр екен ә, сол
жүрек, Кім деп соғып тынар екен соңғы рет!..».

Ол отбасын құрған. Бірақ қазір жоқ. Ұл да кеткен, қыз да кеткен,
жөнімен. Бүгінгі мекені – екінші Алматы вокзалы.. Сонда тұрады,
сонда жүк тасиды... Жазу үстелінде белі майысып, саусағын сорып
өлең жазып отырған ақынды емес, ығы-жығы болған вокзалда жүк
тасып, нәпақа тауып жүрген ақынды көргіміз келді. Тілdestік.

...Шілденің шіліңгір ыстығы буып тұр. Темір жолдан қарыс
қадам жердегі жазғы алаңда отырмыз. Ығы-жығы халық. У-шу.
Шайдан жұтып қойып, ортада ұзын бойлы, жүзі күнге тотыққан,
қияқ мұртты, арықша келген жігіт ағасы әңгіме айтып отыр. Біз
іздеген Сәбетай осы.

«Жарық дүние есігін Талдықорғанның Жансүгір деген жерінде
ашыппын. Жансүгірде де көп бөгелмедік. Бір жарым жыл тұрып,
«атамекен, кіндік қан тамған жер» деп әкем Ұйғыр ауданының
Ақтам ауылына көшті. Осында ер жеттік, есейдік. Он жыл-
дықты бітірдік. Отан алдындағы парызды өтеп әскерде болдым.
Германияда. Әскерден келген бойда Ауылшаруашылық институ-
тының орман шаруашылығы факультетіне түстім. Жаспын. Арман
көп еді. Орманшы болғым келді, футболшы болғым келді, жазушы
болғым келді. Алғашқы екеуі де бола алмадым. Ал жазу қолымнан
келеді. Өлең жазуға әкем себепші болды. Әңгімешіл еді. Майын
тамызатын. Қазір өткен-кеткенді теріп, бүгінгі ұрпаққа өнеге етіп
айтатындар жоқ. Мектепте оқып жүргенде қолыма Мұқағалидың
«Өмір-дастан» деген кітабы түсті. Жата-жастана оқыдым. Содан
кейін өзге ақындарды оқуды қойдым. Ұмытпасам, сегізінші сынып
та ма екен, дәл есімде жоқ, әдебиеттен бір ақынның өлеңдерін
жаттауға берді. Ертеңінде оқушылардан ұстазымыз біртіндеп
сұрап жатыр. Кезек маған келгенде, оқулықтағы ақынның емес,
Мұқағалидың «Бесік балағындағы жылан» деген поэмасын жатқа
соқтым. Ұстазым таң қалды, риза болды. «Болашағыңнан үлкен



үміт күттіретін оқушысың» деп, «өте жақсы» деген баға қойды. Содан бір тоқсан менен сабақ сұрамады. Бұл жерде «поэматы жаттап алған менің емес, Мұқағалидың кереметтігі болар-ау» деп ойлаймын. Жалпы үш жыр жинағым шықты. Біріншісі – 1993 жылы «Жұлдыздардың бағыты өзгермейді» деген атпен жарық көрді. Ел-жұрт жақсы бағасын берді. Тіпті кейбір жерлестеріміз «Сәбетайдың бір өлеңі бір кітапқа бергісіз» деген жылы пікір айтты. Екіншісі «Көк бөрім көкке ұлыған». 2001 жылы «Өнер» баспасынан шықты. Әшірбек Көпіш көмек берді. Алғысөзді де өзі жазды. Жұртқа көмегін аямайтын, жүрегі үлкен, парасатты азамат қой. Алғысым шексіз. Поэматы бес жыл жаздым. Барлық тарихи кітаптарды ақтардым. Жырдағы кемеңгерлер – қазақтың біртуар ұлдары. Үшінші жыр жинағым – 2004 жылы жарық көрді. Бұл жинаққа жиған-тергенімнің бәрін салдым.

Алдағы жылы жасым елуге келеді. Қолымнан келсе, бүкіл жазғандарымды жинақтап тағы бір кітап шығарсам. Өзіме-өзім тарқан үлкен сыйым осы болмақ», – дейді ақын сүтті шайды әлсін-әлсін жұтып қойып. Өзі айтқандай, анда-мында жұмыс істеп біраз жылын өткізді. Тіпті фермер боламын деп 7-8 гектар жерде алды. Бірақ қаржы болмаған соң, ол да қалған. Ауылда жұмыс болмаған соң, күнкөріс үшін қалаға келді. Бір танысы арқылы темір жол бекетіне жүк тасушы болып орналасты. Күндік табысы 2-3 мың теңгенің көлемі. «Бір әке, екі шешеден тоғыз баламыз. Соншасы дүниеден өтті. Олар жаман тұрмайды. Ішім-жемі бар, ауқатты. Маған «ортамызға кел» дейді. Барғым жоқ. Осы өмірім өзіме ұнайды. Он жылдан асты, арба сүйреп, жүк тасығалы. Өзімді «бақытты жанмын» деп санаймын. Өйткені мен еркінмін, азатпын. Өзімнің қалауымша өмір сүремін. Жүремін, тұрамын. «Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген туады қайшылықта»-деп ұлы Мұқағали айтқан емес пе? Вокзалда түрлі адамдарды көремін, түрлі мінездер бар. Соларға қараймын, жүгін тасып жүріп сөйлесемін. Ой келеді, шабыт келеді. Өлең солай туады. Өзгелердей үстелде жүйке мен жүрекке салмақ сап, саусақ сорып жыр жазбаймын». Бұл Сәбетайдың айтқаны.

Ол біраз сырын ақтарды. Өзінің айтуынша, мектеп бітіргенше дүниенің бар кітабын оқып тауысқан. Қазір кітап оқымайды. Тек анда-санда Абайдың қара сөздерін бір қарап, Мұқағалиды шолып қояды екен. «Менің өмірім Джек Лондонға келеді», – дейді ол.



«Джек Лондон теңізші болуды армандады. Ол портта жүк тасушы болып жұмыс істеді. Бірақ тума талант оны жүкшілік қызметтен құтқарды. Жаһанға аты кеткен атақты жазушыға айналды. Мен вокзалда жүк тасимын. Айырмашылық осы. Менде де талант бар. Жай ғана талант емес, ерекше дарын. Бірақ мен Джек Лондондай ел таныған адамға айнала алмадым. Себебі оның ортасы оның қарымды қаламына бас иді, көкке көтерді. Ал мен жүрген орта мені ішіне тарпады, сыртқа тепті. Әйтпегенде «ақынмын» деп жүргендердің көбісі менің жанымда жіп есе алмайды. Бәрін қойшы, кіммен алысасың, кіммен тартысасың. Онсыз да кежегесі кері кетіп тұрған заман ғой. Танылғым келеді. Одан кім қашсын. Өлеңдеріме ән жазылса деймін. Алтынбек Қоразбаев тағы да біраз әнші, сазгерлерге өлеңдерімді бергенмін. Бірақ тағдыры не болып жатыр, білмедім... Өлеңіме ән жазылса, үлкен сахнада орындалса, жұрт мені жақынырақ таныр ма еді, әттен». Ақының өкініші осы.

– Неге мұнда жүргенше, қолына қалам ұстағандардың арасына бармайсың, – дедім.

– Осы өміріме ештеңе жетпейді», – деп ол ары-бері арба сүйреп, жүк тасып жүргендерге қарап қозғалақтап қойды.

«Айқын».
Шілде. 2012



2- БӨЛІМ

ДУНИЕ - ЖАЛҒАН...



ЖАСЫН ҒҰМЫР...

Қазақ поэзиясында жасындай жарқ етіп, ғайыптан жоғалып кеткен ақынның бірі – Бауыржан Үсенов. Ол сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді. Бәлкім тағдыр соны көпсінді ме, нағыз бұлқынып тұрған шағында алды да кетті. Соңында тау бұлағындай мөлдір өлеңдері, сазды әндері қалды... Егер аман болғанда бүгінде Бауыржан қазақтың маңдай алды ақындарының бірі болып, дуылдатып жүрер ме еді...

Ол курстасы, белгілі ғалым Бауыржан Омаровтың тілімен айтқанда «Басына бөрік кигізіп, астына сәйгүлік мінгізіп, қолына үкілі домбырасын ұстатып, ХІХ ғасырға аттандырып жіберсең, нағыз сол заманның сал-серісі болып шыға келері» анық еді. Өйткені өзгенің маңдайына бұйырмаған бақ, Бауыржанда бар-тұғын. Ол – ақын, сазгер, мықты орындаушы да болды.

1986 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне түстім. №5 жатақхана комендаты Любовь Шаламайдың қаһарына ұшырап, тұрақтан қуылдым. Әрең дегенде деканаттағыларға жалынып-жалпайып жүріп, уақытша болса да тарихшылардың №6 жатақханасында тұруға рұқсат алдым. Бөтен ортаның аты – бөтен. Көңілім журфакқа бұрды да тұрды. Ақыры желтоқсан айында №5 жатақхананың бірінші қабатындағы бір бөлмеден орын тиді. Жүгімді арқалап, бөлмеге кіріп келгенмін, екі төсек бос та, үшіншісінде шалқасынан түсіп кітап оқып бір жігіт жатыр. Балаң мұртты, көрікті екен. «Ә, Сейсен деген сен емессің бе, кел, кел, анда жайғас» деп өзіне жақын төсекті нұсқап, орнынан тұрды. «Мен Бауыржан деген ағаңмын» деп бір қойды. Оның Бауыржан Үсенов екенін бірден таныдым. Өйткені аздап өлең жазатын болған соң, жасы бар, жасамысы бар ақындардың біразын сырттай танитынмын. Таныстық. Біраз уақыт бірге тұрдық. Бөлмедегі үшінші төсекке бүгінде белгілі ақын Жұмабай Құлиев келіп тұрды. Баукең кейде әуелетіп ән салатын. Дауысы ерекше еді. Сосын өлең оқитын. Кейде «ал, мен болдым. Енді сен оқы» дейтін. Оңашада өз өлеңдерімізді бір-бірімізге оқып, сырласып ұзақ отырушы едік.



Арада көп ұзамай аты-шулы Желтоқсан көтерілісі болды. Ол Баукеңнің ең бір көңілсіз жүрген кезі еді. Үш әріптің адамдары оның соңына түсті. Шақырып алып кетеді. Шаршап келеді. «Күнде сұрайтыны бір нәрсе. Студенттерді алаңға сен бастап алып барыпсың дейді, болды. Шаршатты, шаршадым». Бірде терезеден сыртқа қарап тұрып, өзінің атақты «Қара машинасын» оқыды.

*«...Содан бері шошынамын дүсірден,
Содан бері көз алмаймын мүсіннен.
Қараңғы түн, қап-қара бір машина,
Шықпай қойды, шықпай қойды түсімнен.*

*Әлі алдымда батпағым көп кешпеген,
Көкейімде құпиям көп шешпеген.
Шындық жсайлы айта берсем, бір түнде,
Қара машина ап кетердей сескенем...*

Жанарынан жас көргендей болдым. Көңілі босап тұр екен. «Үнемі бұлай бола беруі мүмкін емес-ау, бауырым. Дүниені дүр сілкіндірген бір өзгеріс болатынына мен сенемін. Еркін елдің алаңсыз өмірін жырлайтын да кез келер», – деді, күрсініп. Өттең, жалған дүние-ай, сол бостандықтың таңы атқан 1991 жылы 31 жасында Бауыржан пәниден бақиға озып кете берді. Тәуелсіз халқының өмірін көру, жырлау оған бұйырмапты.

Темірғали КӨПБАЕВ, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы-ның лауреаты:

– Ол қазақтың аса дарынды ақыны еді. Отыз жасында жазмыштың оғына ұшты. Қыршынынан қиылды. Көп арманын айтып үлгірмеді. Біразға созылған бүйрек кеселінен ажал құшты. Түбі сол бүлкілдеген бүйректің жеп тынарын өзі де сезді. Оны өлеңінде жазып кетті. Кейде ақындардың көріпкелдігі де бар-ау деген ой келеді.

Бауыржанмен базары мол студенттік шақта жақын араласқан дос болдық. Кейін оның қазасына арнап өлең де жаздым. Ажалға қимайтын жігіт еді. Өте көркем-тін. Бүгінгінің Сәкені дейтінбіз. Дауысы күмістей. Әншінің – әншісі. Халық әні «Екі жиренді», Ақан Серінің «Маңмаңгерін», Біржан Салдың «Балхадишасын», Омар Хайямның рубаиларын домбыраға қосылып айтқанда әдемі дауысы студенттер қалашығын аралап кететін. Сазгерлігі қандай десеңізші?! Бір әні бір әніне ұқсамайтын. Мұқағалидың



сезімге толы өлеңдеріне, өзінің өзек жарды жырларына жазған әндері жиырмадан асып жығылатын. Аламан топта сөз бастаған айтыскерлік қуатын қалай айтпасқа?! Суырып салып, арқалана төккенде аузынан күміс төгіліп жатқандай болушы еді. Ол аса талантты акын ретінде өзін көпке мойындатып үлгерді. Бірге жүрген аз ғұмырда бір-бірімізге іңкәр болдық. Сағынысып тұрамыз. Кездессек жарқылдап кетеміз. Домбыраны бір қолдан бір қолға өткізіп, айтысып жөнелетін кездеріміз де көп.

Бауыржанды Жуалыға соңғы рет шығарып салған күні оның күлімсіреген көздерін ең соңғы рет көріп тұрғанымды қайдан білейін. Бір қауіпті сезіп жүргенмен талғамсыз ажал дәл қай күні киып түсерін Бауыржан қайдан білсін...

– Биыл жазда ауылда үлкен той жасаймын. Бәріңді шақырамын. Ақсай мен Көксайдың арасында бір жақсылап демаламыз, – деп кетті. Бірақ ұзаққа бармады. Қаралы хабар бұрын жетті. Ақынның қыршындай жас күнінде үзіліп кетуі – үлкен трагедия. Өйткені оның қаншама армандары мен айтар ойы қара жердің қойнауына бірге кетеді. Егер акын тірі болса, мына қабағы қату дүниені жадыратар қаншама асыл жырлар берер еді. Арман-ай!

...Ақынның қырқына барып отырмыз. Қасымызға Мұқан аға келді. Бауыржанның әкесі. Орын бердік. Жылай-жылай екі көзі білеудей болып ісіп кеткен. Арманды шер күрсінгенде көкірегің қарс айырады. Біраз үнсіз отырды. Өте көп оқыған, шежіре кісі. Ұзақ жылдар бойы ауылдық кеңестің төрағасы болған. Көпті көрген, зиялы адам еді. Ол кісіге не айтарымызды білмейміз.

– Көкірегіме сыймай барады. Бір арманымды сендерге айтайын, – деп Мұқан аға әңгімесін бастады, – Бауыржанға жүкті кезінде әйелім (Бауыржанның анасы) аяндай анық түс көріпті. Түсінде ол халқымыздың біртуар батыр ұлы Бауыржан Момышұлына тұрмысқа шығып жатыр екенмін дейді.

– Түсің жақсы екен. Айна қатесі жоқ, сен ұл табады екенсің. Баукең сияқты халықтың жүрегінде қалған адамдар түске бекер енбейді. Баламыз халқым деген азамат ұл болады. Атын Алланың өзі айтып тұр. Бауыржан деп қоямыз. Қасиеті артып туады, – дедім. Әйелім қуана қоштады.

Айтқаным айдай келді. Айы-күні жеткенде перзентханаға апардым. Аппақ ұл туды. Үйге келемін, жұмысқа барамын. Қуанышым қойныма сыймай жүр. Өзім ырымшылдау адаммын. Мына



сәбидің қасиетін көтеру үшін не істесем екен деп ойланамын. Ақыры басыма бір жақсы ой келді. Ескілікте естігенім бар. Баланы кітаппен ауыздандырайын деп шештім. Кітап деген ең қасиетті нәрсе. Құран да басқа емес, кітап күйінде тұскен. Өзім кітапты өте көп оқитынмын. Соның ішінде Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» атты кітабына аса бір құрметпен қараушы едім. Апта өтпей сәбиді үйге шығаратын болды. Островскийдің жаңағы аталған кітабынан ең отты сөздерін таңдап жыртып алып, шиыршықтап, баланы босағадан кіргізген бетте «Бисмилляхир – рахманир – рахим! Осындай жалынды жазушы, елсүйгіш азамат бол!» деп аузына салдым. Біраз сөлін жұтты-ау дегенде мылжаланған қағазды тілінің астынан алып, жіппен орап, адамның қолы жетпейтін биіктеу жерге жасырып қойдым. Осылай ауыздандырып едім.

Құдайдың құдіретімен Бауыржаным өте сезімтал, талапты бала болды. Мектепте үздік оқыды. Алтыншы класта оқып жүргенде қолына қалам алып, алғашқы шығармаларын жаза бастады. «Сен үлкен жазушы боласың» деп ынталандырып қойдым. Сегізінші класта оның өлеңге бейімі бар екенін анық байқадым. Кейін журналистика факультетіне оқуға түсті. Өлеңдері республикалық газет-жорналдарда жиі жарияланып жүрді. Кітабы да шықты. Елге танылды. Өлеңдерін оқып, Аллаға тәубе ететінмін. Өзіндік мінезі бар. Келешекте қазақтың атақты ақыны боларын іштей сезетін едім. Үлкен үміт артатынмын. Қайтейін!» Мұқан аға жанарына үйірілген жасты бір сығып алды. Терең күрсінді. Жылап отыр. Жан-жүрегіміз ауыр мұңнан езіліп барады. Көзімнен ащы жас ыршып кетті. Жалған дүние! Кеше ғана ақ алмастай жарқырап жүрген ақын. Бүгін жоқ. Соңында ботадай боздап біз отырмыз. Ақырын жылыстап, бір күні сұм ажалдың аяусыз шеңгелі бізге де жетер. Түпсіз ойға шым-шым баттым.

– Арман-ай!– деді Мұқан аға терең күрсініп,– Анау Лев Толстой деген шалдың да кітаптарын көп оқушы едім. «Соғыс және әлемін» де, «Анна Каренинасын» да, басқасын да оқитынмын. Бауыржанды неге сол қаба сақал шалдың кітабымен ауыздандырмадым деп арман қыламын қазір. Мынау Островский дегенің 32-ақ жыл өмір сүріпті ғой. Өмірі қысқа болары қаперіме келмегенін қарашы.

– Оны Бауыржан білді ме?– дедім. Мына әңгімеден тұла бойым шымырлап кетті.



– Білді. Білді. Соңғы күндері есі бір кіріп, бір шығып жатты. Қасында қайғырып отырғам. Көзін ашты. «Балам, көзінді ашшы. Бұл мен ғой. Мен...» дей беріппін сасқаннан. Еріндері кезерген. Көзінде ешқандай нұр жоқ.

– Көке! – деді әлсіз ғана күбірлеп, – Көке, мені неге Островскийдің кітабымен ауыздандырып ең? Оның ғұмыры тым келте еді ғой... Көзін қайта жұмды. Ес-түссіз қалпы. Аңырап жылап жібердім. Неге? Неге? Неге? «Балам-ау, мен зарлымын. Кешіре гөр! Кешіре гөр, әкеңді!» деймін бетімді жас жуып. Үш күн бойы жыладым. Тоқтай алмаймын. «Ей, Алла! Ботамды алғанша өзімді ал! Кешір мені! Нем бар еді? Нем бар еді?» деймін зарлап. Бірақ Алланың ісіне амал жоқ екен. Бәрі осылай болды. Көкірегімді қанжардай тілгілеген мына арманға дүниеден дауа табылмас». Мұқан аға алқымына лықсып кеп тұрған өксіктің тығынын ағытып жіберді. Теріс бұрылып кетті. Екі иығы селк-селк етеді. Етек-жеңі кең адам еді. Айналдырған бір айдың арғы-бергі жағында иығы кушиып, көзі шүңірейіп, жағы суалып, еңкіш тартып, бір уыс болып қалған. Мұқан ағаның иығына қолымды қойып:

– Аға! Сабыр қылыңыз. Бауыржаныңыздың артында сөзі қалды. Екі бірдей ұлы бар. Орнында бар оңалар. Болған іске болаттай бекем болыңыз, – дедім.

Ақсай мен Көксайдың арасын қызыл нұрға малып, жазғы күн батыс көкжиекке құлап бара жатты.

«Айқын».
Ақпан. 2013

«... МЕН ТОЛЫҚ АШЫЛА АЛМАДЫМ, ӘТТЕҢ...»

Арамызда өзі көтерілген биікте мәңгілікке қалып қойған мықтылар баршылық. Солардың бірі – Әнуар Боранбаев еді. Әнуар қазақ өнерінде ерте сөнген тұлға. Барын ақтара алмай, арманда кеткен азамат. Нағыз сайыпқыран шағында мертіккен құлагер. Сахна білгірі Әшірбек Сығайша айтқанда «бауырын жазып көсіле алмай, өксікпен кеткен өнер тарланы». Бұдан артық пікір айту мүмкін емес шығар. Ол сахнадағы отызжылдық өмірінде алпыстан астам ірілі-уақты образды сомдады. Бала шағында алғаш рет



сахнаға «Алтын сақада» ханның рөлін ойнады. Өз өмірі сахнаға байлаулы екенін де сол кезде түсінді. Тек театрда ғана емес, Әнуар кино әлемінде де ерекше қырымен көрінді. Жұрт оны «Гауһар-тас» фильмі арқылы кеңірек таныды. Кинода мінезі дөрекілеу, сүйген жарына қаталдау қарағанымен, шын өмірде жаны жібектей еді. Азанда жауған ақша қардай таза еді. Арманы – иісі қазақтың арда ұлдарын, алаш ардақтыларының рөлін сомдау болды. Бірақ уақыт мұрша бермеді. Тағдыр қырын қарады ма, нағыз бабына келген шақта бір аяқты кесіп, балдаққа сүйеніп қалды. Бар жоғы 44 жасында мүгедек атанды. Бірақ театрды тастамады. Ол кімді ойнамады? Мәселе рөлдің ірілі-уақтылығында емес, мәселе соны қалай алып шығуда емес пе? Жұрт риза болды. Қол соқты. «Нағыз талант» деді. Өзге тұрмақ әріптестері сүйінді, сүйсінді. Мойындады. Туа біткен дарын екеніне бас иді. Өттең, нағыз бабына келген дүлдүл шағында тағдырдың қырына ілікті. Бірақ мойымады.

Бір басылымға берген соңғы сұхбатында: «Мен барымды толық бере алмаған, толық ашыла алмаған жанмын. Өттең, нағыз жарқырап тұсымда тағдырдың тәлкегіне ұшырадым. Мен киноға түстім, театрда басты рөлдерді ойнадым. Кенет аяғымды тізеден жоғары кесіп тастап, мүгедек атандым. Бұдан үлкен трагедия бар ма? Аяғымның ауыра бастағанын 1986 жылдан бастап сезіне бастадым. Бірақ емделуге уақыт болмады. Ауруханаға жатудың орнына театрдағы дайындықтан кейін, күнкөріс қамымен радиоға жүгірдім. Сүйтіп уақытын өткізіп алдым. Ақыры 1993 жылы бір аяқты беріп тындым. Жарты жылдан кейін балдаққа сүйеніп театрға оралдым. Екі аяғы сал болып қалған Кененбай Қожабеков те «Қыз Жібек», «Қасқырлар апаны», «Гауһартас» сияқты фильмдерде қалай өзін көрсете білді. Мен одан кеммін бе, деген көңілімде жігер бітті. Ағынға қарсы жүзуге ұмтылдым. Бірақ басты рөлдерде ойнау мүмкін болмады. Тек қосалқы көріністерде ғана көрінуге тура келді. Мен барымды толық бере алмаған актермін. Алдағы уақытта өз тағдырыма ұқсас рөлде ойнасам деп едім...», – дегенді. Бірақ, өзі айтқандай «сахнада жарқырап жана алмадым, барымды бере алмадым» деп өзін төмендетіп, тым қарапайымдылыққа салығанымен, Әнуар Қ.Мұқашевтің «Дала дастанындағы» – Ілияс, М.Әуезовтің – «Қаракөзіндегі» Сырым, «Айман-Шолпандағы» – Арыстан, «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» – Бірсімбай, «Еңлік-



Кебектегі» Кембай, Ә.Нұрпейісовтің – «Қан мен теріндегі» Ел-аман, Ш.Айтматовтың – «Ана-Жер-анасындағы» – Майсалбек, «Ақ кемесіндегі» Момын шал, бұдан басқа кесек-кесек туындылардағы кесекті рөлдерде өзін таныта білді. Халық оны дара дарын ретінде мойындайтыны да осы тұс. Тіпті аяғына ота жасалардың алдында театрға барып «мен сенімен қоштаспаймын» деп, сахна еденіне аунауын, күйректіктің белгісі емес, киелі сахнаны ес-түссіз сүю деп ұғынған жөн болар-ау.

Амал қанша, қазақ сахна өнері төрінде, өз қатарластарының алды болған Әнуар Боранбаев 1999 жылдың желтоқсанында 51 жасында дүниеден озды. Кім білсін, мазаң өмірдің мазасыз тірлігі шаршатты ма, әлде сау кезінде сахнада өткен інжіл шағы қайтып оралмасын түсінді ме, бәлкім қапияда қайтыс болған тұңғыш ұлының қазасы жеп қойды ма, мүмкін ешкім білмейтін тек өзіне белгілі мұң-қайғы мүжіді ме, әйтеуір тумысынан талант иесі пәниді талақ етіп, бақиға аттанып кете барған.

Дулат Исабеков, жазушы:

– Әнуар Боранбаевпен «Гауһартас» атты повесімнің желісі бойынша фильм түсірілер кезде таныстым. Басында басты рөлдегі Ыбыш-Тастанды өзге актер ойнайтын болар деп жүргенмін. Әнуар бекіпті. «Әй, алып шыға аларма екен?» деген сенімсіздік ойда болды. Қателесіппін. 1975 жылдың желтоқсан айында киноның премьерасы өтті. Риза болдым. Әнуар актерлік шеберлігін көрсетті. Жарының жанын түсінбейтін, шодыр мінезді бірақ өз ісіне адал адамның бейнесін керемет сомдап шықты. Қазір ол фильмді Әнуарсыз елестете алмаймын. Боранбаев кино әлемінде осы «Гауһартасқа» түсу арқылы өзінің жаңа бір қырын ашты, халыққа кеңінен танылды десем, артық айтпағаным болар. Театрда жүрген менің «Әпке» деген пьесамда Тимурдың рөлін қалай алып шықты дейсің ғой.

Әнуар Боранбаев – үлкен талант иесі еді. Берері көп еді. Тек дүниеден ерте озды. Енді жазмышқа озмыш бар ма? Бірақ Боранбаев халықтың есінде мәңгілік үлкен актер, дара дарын ретінде қала берері анық.

Әшірбек Сығай, театр сыншысы:

Әнуар менен бір курс төмен оқыды. Сол студент жылдары араластық, жақын дос болдық. Одан кейінгі өмірде де, өнерде де



жұбымыз жазылмай бірге жүрдік деп айта аламын. Әнуар үлкен талант иесі еді. Солай бола тұрса да, бауыры жазылып көсіле алмаған, бойындағысын сығып бере алмаған жан. Оған уақыт мұрша берді ме? Не бәрі 51 жасында қайтыс болды. Нағыз таланттар алпыс жасында кемеліне келіп, жарқырай түспеуші ме еді. Әнуар оған жете алмады. Әттеңі осы. Мүгедек болса да сахнадан кетпеді. Өнерді жан-тәнімен сүйді. Балаша иланғыш, ақ көңіл, адамгершілігі мол, мәрт еді. Соңғы рет Маңқыстауға гастрольмен барып қайтты. Сол жақтан келген бойда қатты ауырды. Өкпесіне суық тиген десті. Содан оңалмады ғой... Әнуарды еске алсам... бірге жүрген күндер, қызықты шақтар түседі. Бала кезінде тым ерке болды ма, әйтеуір «р»-ға тілі келмейтін. Содан көп қорлық көрді. Үнемі жаттығуының арқасында «р»-ды да жеңді.

Сонау 70-80-90- жылдары театрда жүрген спектакльдерді Боранбаевсыз елестету мүмкін емес. Ол театрға жан берді, тамырына қан жүгіртті. Жасындай жаркылдады. Кейде ішкі жандүниесін әлде не мүжиге білмеймін, тісін қайрап, әлденеге ренжіп отыратын. Кейде «ақаңды да» сілтеп жіберіп, «бусанып» жүретін кездері де болды. Онда да сабырға шақырып әлек болушы едік. Ол тар шеңберге сыймайтын актер еді. Өзі өтсе де, елеусіз, ескерусіз қалған жоқ. Қазақстанның халық артисі. Өзі оқыған мектеп атымен аталады. Алдына мүсіні орнатылған. Мұражайы бар. Тума талант жөнінде кітап та жарық көрді. Жылдар жылжыр, уақыт озар. Бірақ қазақтың маңдайына біткен арда азаматтар ешуақытта ұмтылмас. Сондай бір азамат, қазақ өнерінің ақсұңқары, құлагерге ұқсас тағдыры бар Әнуар да елдің есінде сақталып қала бермек.

«Айқын».
Сәуір. 2013

ЖАСЫН БОП АҚТЫ БІР ДАРЫН...

«Әмірхан дүниеден озыпты» деген тосын хабарды естігенде, жұмыс орнымда бүк түсіп отырып қалғаным рас. Тамағым өксік тірелді. Көзіме жас кептелді. Сәлден соң естанды халден арылып, аяңдап машинама бардым. Темекі тұтаттым. Көз алдымда Әмірхан бауырымның бейнесі. Тым жақын араласқан жоқпын. Бірақ аман-сәлеміміз түзу еді. Жолығыса қалғанда амандық-саулықтан кейін,



әңгімеміз әдебиет, шығармашылық жөнінде өрбитін. Сұрайтын – мен, жауап беретін – ол. Қызметтес жігіттер «екеуің ұқсайсындар» дейтін. Бәлкім, сыртқы бейнеміз келінкірейтін шығар, бірақ Әмірхандағы көл-көсір білім менде қайдан болсын? Ол «Дала мен Қалада» мен «Айқында» бір ғимараттың астанда біраз бірге жұмыс істедік.

Бірақ Әмірханмен таныстығым сонау 90-жылдардың ортасында, ҚазГУ-дің (ол кезде солай атаушы едік) журналистер тұратын 5 жатақханасының қабырғасында басталып еді. Жалпы сол жатақханада оқуға түскен 1986 жылдан 2002 жылға дейін ұзақ тұрған адам мен шығармын. Әрине, оның да өзіндік себептері бар. Өзім оқыдым, әйелім оқыды, сол ҚазГУ-де жұмыс істеді дегендей. 90-шы жылдардың ортасында 5-жатақхананың 502 бөлмесінде отбасыммен тұрдым. Әмірхан, Жарас, т.б жігіттер көрші 503 бөлмені мекен етті. Олар студент. Мен ол кезде жастарға арналған «Арай» журналында жұмыс істеймін. Ол тұста Әмірхан мен Жарас (Сәрсек) әдеби ортада керемет танылмаса да, балауса жырларымен жатақханада дүрілдеп жүрген кезі.

Бірде бесінші қабаттағы дәліздегі орындықта отыр едім, Әмірхан көтеріліп келеді екен. Амандасып, жаныма отырды. Сәлден соң, әжік-күжік әңгімеміз поэзияға ауысты. «Көктемде келер» деген өлеңіңіз керемет ұнап еді» деді. (Мектеп қабырғасында жүргенде бір топ өлеңдерім мен әңгімелерім «Қазақстан пионері» (бүгінгі «Ұлан») газеті шығарған «Байғазы» атты кітапқа енген болатын). Әмірхан сондағы бір өлеңді айтып отыр. «Менікі Мұқағалиға еліктеу мен солықтаудан туған дүние ғой» дедім. Әмірханның мақтауына ыңғайсызданып. «Ұлы Мұқаңның: «Көктем де келер, От ойнар әлі аспанда, Көгерер әлі кәрі емен, қайың, жас тал да. Дүлейдің шоғы түспесе екен деп тіле, Аспанда апат зарядтар жағаласқанда» деген өлеңі бар емес пе? Менікі соны қайталау ғой. Салыстырып көрші: «Бұл қыс та өтер, шыңылтыр аяз құрсаған, Аңқытып иісін жас-жасыл арша, шыршадан. Көктем де келер, өзгерер әлі барлығы, Бәз-қалпында табиғат-ана тұрса аман» деп басталады менің өлеңім. Ұқсастық бар емес пе? Әрине, Мұқаңның өлеңі жанында менікі жай дүние ғой...» дедім. «Бәрібір жақсы өлең. Мынаған қараңыз, Мұқағали бұл өлеңін қырық жасында жазды. Ал сіз он алты жасыңызда жаздыңыз. Жас айырмашылығы бар ма, бар. Негізі жақсы дүние тек жас кезінде жазылады. Ал жасың



біразға келген соң, өлең техникасын меңгеріп аласың. Сосын әр нәрсені қиюластырып шимақтай беруге болады. Бірақ ол кездегі өлеңің жас кезінде жазғандай болмайды. Жұмыр келгенімен, бір салқындық сезіліп тұрады. Ал жас кезінде жазған дүниеден жүректің лүпілі, өмірге деген құштарлық есіп тұраы анық. Мына өлеңізді Мұқағалимен салыстыруға келмес, бірақ жылу бар» деп өз ойын айтты. Тағы біраз оны-мұны түртпектедік. Біраздан соң «өлең оқыңыз» деді. (Бір қызығы, Әмірханмен сөйлесе қалсам, «өлең оқышы» деп жабысатын. Мен көбіне «ара-тұра түрткенім болмаса, жаттамаушы едім» деп құтылатынмын). Бұл жолы олай болмады. Соңғы кезде шимайлаған «Өлген адамның монологы» деген дүниемді оқып бердім. Сәл ойланып отырып қалды. Сосын барып, «Қап-қара түн (болмайтын атар таңы), Суық сыз ғой, денемнің татар дәмі. Ай мен жұлдыз ол да жоқ, жымындасқан, Мұным шағар дос та жоқ қатардағы. Өксік-өксік үн шығып, бұлақ жақтан, кім болды екен төбеке шырақ жаққан? Су тамады... сәулемнің көз жасы ма, қабірімді құшақтап жылап жатқан» деген шумақтарды қайыра күбірледі де, «мұндай өлең жазу тым ерте емес пе?» деді. Іле «жалпы көптеген ұлы тұлғалар атын шығарған ұлы дүниелерін жас кезінде жазған. Мәселен, он бес пен отыз бестің арасында. Осы аралықта ең бір керемет жалынды шығармаларды өмірге әкелуге болады. Бұған мысал көп» деп Әмірхан ерте кеткені бар, тірісі бар әлемдік деңгейдегі біраз ұлы тұлғалардың аттарын атады. «Жалпы жас кезінде барынды сығып бер де, тыныш өмір сүр. Не болмаса жалпақ дүниемен қош айтысып кете беруіңе де болады. Өйткені сені сол туындың асырайды, атыңды шығарады. Елдің есінде қаласың... Ал қара сақал, ақ сақал болған кезде қанша күшенсең де, ұлы дүние тудыра қою өте сирек». Сол отырған жерде Әмірхан өмірден ерте кеткен тұлғалар, олардың шығармалары жөнінде біраз әңгімелеген еді. Әңгімесінен аңғарғаным, жазарың болса жас кезінде жазып таста. Сосын тыныш жүр, не болмаса жасындай жалт ет те, бақилыққа кете бар. Қадіріңді кетіріп, сақалың сапсып, ұзақ өмір сүру міндет емес.

Арада талай жылдар өтті. Жиі кездесуге мүмкіндік болмады. Араға ондаған жылдарды салып барып, бір ғимараттың астында жолықтық. Ол «Дала мен Қала» газетінде, мен осы «Айқында». Бұл кез Әмірхан танылған. Бірнеше кітабы шыққан. Зерттеулердің авторы. Қысқасы, дарынды ақын, мықты сыншы, ғұлама ғалым.



Қысқа уақыт ішінде өзін танытты, мойындата білді. Сондықтан болар, өз қатарластарынан оқ бойы озық тұрды. Бірде «газетке сұхбат берсенші» деп едім. «Сұрағыңызды даярлай беріңіз» деп бір қайырды. «Сұрақ даяр, не істейміз?» деймін тағы бір жолыққанда. «Асықпаңыз, қол тимей жатыр» дейді ол. Әні-мині деп жүргенде, ол «Дала мен Қаладан» кетіп тынды. Дегенмен ұялы телефон бар, ара-тұра хабарласып қоямын. Неге екені, ол ұзаққа созып жүріп алды.

Арада жыл өтті. Бірде өзі телефон шалды. Сенбі еді. Газетке даярлап жатқан дүниемді бітіріп тастайын деп жұмысқа келген едім. «Кел, жұмыстамын» деп едім, жарты сағат болар-болмастан жетіп келді. Сәл қызулау екен. Терезені ашып қойып темекі шекті. Сұрақтарды көрді. Сосын, «білмеймін, ештеңеге құлқым жоқ. Уақытым тек сенделіспен өтіп барады» деп күрсініп қойды. «Осы сұхбатты, ренжімесеніз, келесі жолға қалдырсақ қайтеді» деді де, менің жазып отырған дүниеме үңіле қарады. «Дүние-жалған» деген айдармен өмірден ерте кеткен қазақтың бір туар ұлдары жөнінде қолдан келгенше зерттеп, естіліктер жазып жүрген едім. Бүгінгісі өмірден 43 жасында жасындай жалт етіп ағып өткен талантты, белгілі ақын Нұрлан Мәукенұлы жөнінде болатын. «Мәңгілікке ұласатын ұлылық – жалған дүниені майша шылқыған жалпақ табанымен жалпағынан басу емес, тіпті ілініп-салынып алжығанша жасау да емес, артыңа өшпес із қалдырып, арғымаққа мінгендей асығыс зулап өте шығу, яғни өз өміріңді оқыс әрі әдемі аяқтау» деген Оралхан Бөкейдің сөзін келтіріп отырған едім. Ол соны дауыстап оқыды. Сонан соң, «Ораш аға дөп айтқан. Жүз жасау мақсат емес. Ең бастысы – артыңа өшпес із қалдыру. Болды. Барыңды бердің бе, кет. Өміріңді оқыс аяқтау дейді, ә» деп ойланып қалды. Күрсінді. Тағы темекі алып шекті. «Ораш ағаның аяқ асты кетіп қалатынын ешкім білмеді. Өзі жазғандай, өмірден арғымаққа мінгендей асығыс зулап өте шықты, өмірін оқыс әрі әдемі аяқтады. Бәлкім, бұл кез-келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін «бақ» шығар...» Орнынан тұрды. Қойын қалтасынан бұдан екі-үш ай бұрын сұрап алған менің ертеректе шыққан «Бозбала дәурен» атты өлең кітабымды үстелге қойды. «Кейбір жерлерін сылып тастап, қайыра басуыңызға болады. Өлеңдеріңіздің дені мектеп қабырғасында, студенттік кездің алғашқы жылдары жазылса да, қазір «ақынбыз» деп кеуде қағып, жыл сайын жинақ шығарып



жүргендерден әлдеқайда мықты» деп қолымды алып, қоштасты. Есікке дейін шығарып салдым. Содан қайтіп кездесе алмадық. Ендігісі міне...

Құлағымға «әй, Секе, бір өлең оқыңыз енді» деген Әмірханның дауысы келгендей болды. Темекі тартып отырып, Әмірхан бауырымның сонау журналистердің 5 жатақханасында айтқан, одан кейінгі соңғы жүздесуімізде тілге тиек еткен «барынды сығып жас кезінде бер... жақсы дүние жас кезінде туады... одан кейін кара сақал, ақ сақал болып қадірінді қашырып жүре берудің жөні жоқ...» дегені оралды. Қайдан білейін, білімі абыздыққа парпар, дарынды ақын бауырым өмірден ерте кетуге сонау студенттік жылдардан бері даярланып жүрді ме екен? Қаламының құрышы қанғанша жазды, зерттеді. Танылды. Ықыласқа бөленді. Оның біліміне тәнті болғандар «ғұлама» десті. Қырық бес жасқа дейін бойындағы барын сарқып беруге тырысты. Берді де. Сонан соң, жасындай жалт етіп кете барды...

«Айқын».

Қараша. 2014

СІЛТЕСЕҢ – СЕМСЕР, ҚОРҒАНСАҢ – ҚАЛҚАН БОЛҒАН...

Уақытында қазақтың ақиық ақыны Төлеген Айбергенов:

Өле берсін күншілдер күйігінде,

Өз ғасырым өзімнің иінімде.

Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты

Мен өлемін өзімнің биігімде – деп жазып еді және ғұмырдың шолақ екенін дәлелдеп, өзі шыққан биікте мәңгілікке қалып қойды. Дүние-ай десеңші, қазақтың маңдайына біткен дара талант, арда ұл-қыздарының ғұмыры неге қысқа? Артына өлмес мұра, аңызға бергісіз әңгіме қалдырып, таңсәріде аққан жұлдыз сияқтанып кете барады. Әлде, жалпы адамға тән дозадан көп жұмыс істеп қоя ма екен? Кім білсін?

Сондай азаматтардың бірі – дүниеден ерте кеткен, бірақ иісі қазақтың жадында асқан талантымен сақталып қалған, қазақ театр сахнасының көркі болған Әнуар Молдабеков еді. Дүниеден өткеніне ширек ғасыр өтсе де, қазақ өнерінің аса ірі тұлғасы,



көрнекті театр және кино актері, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнуар Молдабековтің жасындай жарқылды өнер жолы, шығармашылығы, адами болмысы туралы сыр шертетіндер көп. Олардың Әнуар аға жайлы айтқандары да, жазған естеліктері де жетерлік. Кезінде қатарлас, үзегілес жүргендердің естеліктеріне қарап отырып, Әнуар Молдабековтың қайталанбас шынайы талант иесі екенін бағамдауға болады. Тіпті кейбір достары Әнуардың сахнадан тыс өзге қырлары жайлы да сыр шертеді. Жұрт (актерлер) ел ішін аралап спектакль қойып, қайтарында барған жерлерінен қажетті асай-мүсейлер сатып алып жүрсе, Әнуар дала кезіп талдың әр нәрсеге ұқсап қалған тамырларын жинап, үйге келген соң бояп, сувенир ретінде жинап қояды екен.

Тағы бір қасиеті ақындардың өлеңдерін нәшіне келтіріп шабыттана оқи білген. Қызметтестерінің жасы-кәрісі болсын «сен» деп көрмепті. Бірге жұмыс істейтін қыз-келіншектермен бас иіп, қолдарынан сүйіп амандасатын әдеті бар-ды. Бұл да Әнуардың өзіндік қасиеттерінің бірі болса керек. Көз көргендер «Әнуар үнемі асығып жүретін» дегенді айтады. Кім білген, өмірінің қысқа болатын хақтағалла сездіріп, бәріне үлгеріп кетсем деген ойдың жетегінде жүрді ме екен?

Ірі дарының өміріне сәл шегініс жасайтын болсақ, Әнуарбек Молдабеков Алматы облысының, Іле ауданына қарасты Комсомол совхозында 1938 жылы туылған. Шыр етіп дүниеге келген нәрестеге әке-шешесі неге екені қайдам, Андрей деп ат қойса керек. Бірақ кейіннен жұрт Әнуарбек одан кейін Әнуар деп атап кетіпті. Жастайынан өнерге бейім болған ол әнші болуды армандады. Дегенмен кейінен өмірі ағысы оны актерлікке алып келді. 1956 жылы консерваторияның драма бөліміне түскен. Алайда ол жерде бір оқытушының көңілге қонбайтын бір әрекетін бетіне басқаны үшін оқудан шығып қалған. Оған жасымаған Әнуар Әзірбайжан Мәмбетов «Жаңа студия ашып жатыр екен» дегенді естіп, сонда барған. 1958 жылы түсіп, екі жылда бітіріп шығады. Әнуардың сахнадағы алғашқы өмірі Қарағандыда басталды. Сонда жүріп өзімен бірге оқыған дарынды актриса Баян Имашеваға үйленді. Екі қыз, бір ұл сүйді. Сол Қарағандыда жүріп-ақ көптеген рөлдерді сомдады. Өзінің тегін адам емес екенін ол жерде де танытады.



1964 жылы Алматыға оралып, М.Әуезов театрына жары Баян екеуі орналасты. Ірі талант иесінің қалған өмірі осы Алматыда жалғасты. Сахнада Әзірбайжан Мәмбетов, кинода Шәкен Айманов секілді ірі тұлғалар Әнуарды өздеріне жақын тұтты. Табиғи талант екенін тани білді. Оның есімі халық арасында 1965 жылы «Ән қанатында» фильмінен кейін таныла бастады. Жалпы кинодағы акын Мұсаның (Иса Байзақов) рөлінде ойнауға көптеген актерлер шақырылды. Алайда ол орынға С.Сейфуллин атындағы Қарағанды театрының әлі кеңінен таныла қоймаған актері Әнуар Молдабеков таңдап алынды. Алғашқы роль – алғашқы жеңіс. Мұсаның бейнесі ерекше сәтті шықты. Осы үшін Әнуар аға Молдабеков Қазақ ҚСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол осы Мұсаны алғаш ойнағанынан-ақ өзінің алысқа баратынын, талай шыңға шығатынын танытты.

1970 жылы Республиканың еңбек сіңірген артисі, артынан халық артисі деген атаққа да қол жеткізді. Бірақ бұл жерде Әнуардың сахна мен кинода жүріп алған атақтарына тіреліп тұрған ештеңе жоқ, халық оны «Ән қанатындағы» Мұса арқылы, «Қан мен Тердегі» – Еламан, «Қыз Жібектегі» – Шега арқылы кеңінен білді. Тіпті «Қыз Жібек» фильмінен кейін оны біраз уақыт халық Әнуар деудің орнына Шега деп атап жүргені де белгілі.

Бір қызық жайт, «Қыз Жібек» фильмінде Әнуарға алдымен Төлегеннің, сосын Бекежанның ролін берген. Кейін Шегеге лайық актер табылмаған соң, ақынжанды, жаны нәзік Әнуарды сол рольге бекіткен. Сол Шегенің роліне дайындалып жүріп, домбыра үйренемін деп төрт домбыраны шаққан көрінеді. Әнуар Молдабеков сонау алғашқы «Қарақыпшақ Қобылдандыдан» бастап өмірінің соңына дейін театр сахнасы мен кинода жүріп қаншама тұлғаларды сомдап шықты. Бірінен бірі өткен дара дүниелер. Адам айтса сенгісіз...

Ал солардың ішінде А.Чеховтың «Ваня ағайындағы» бас кейіпкер Иван Войницкий ролін ойнап шығу Әнуар ағаның өнердегі бағындырған биігінің бірегейі деуге болады. Осы спектакль жөнінде Фарида Шәріпова («Ваня ағай» – Елена Андреевнаның ролінде ойнаған) былайша еске алады: «Рәсу болған есіл өмірім-ай. Талантты едім, батыл едім, ақылды едім. Дұрыс өмір сүргенде менен не Шопенгауэр, не Достоевский шығуы да мүмкін еді. Енді бәрі бітті. Ақылымнан алжаса бастадым. Маған бірдеңе берші! О,



тәңірім-ай! Қазір қырық жетідемін. Егер алпысқа дейін тірі жүрер болсам, оған әлі он үш жыл бар, тым ұзақ! Сол он үш жылға қайтіп шыдаймын? Не істеймін, сонша ұзақ уақыт бойына нені ермек етем? Сол қалған ғұмырда басқаша өмір сүру мүмкін бе? Бір күні жарқыраған тыныш таңда жайбарақат түрегеліп, өзіңнің өзгеше өмір бастағаныңды, баяғының бәрі көрген түстей, сағымдай өте шыққанын бір-ақ білсең ғой. Жаңа өмір бастасам... Оны қайтіп бастаймын, неден бастаймын, айтсайшы...» деген монологі кімді болса да толқытпай қоймайтын еді. Ең соңғы рет ойнағанда – екеуіміздің қоштасар кезімізде «Біз енді ешқашан кездеспейміз» деп жылап қалған сәті күні бүгінге дейін көз алдымда. Бұл – өзіме айтылған «үкім» тәрізді. Содан соң сахнаға шықпады. Қырық жеті жасында дүниеден өтті. Бұл не, тағдыр ма?...» деп жазады (Әйгілі адамдар. Әнуар Молдабеков. 2007 жыл. 18-20 бет) өз естелігінде. Әнуар ойнаған бұл спектакль (Ваня ағай) Мәскеуде де үлкен жетістікке жетті, жылы лебіздер айтылды. Дегенмен үлкен талант иесін аяғынан шалып, шетке тебу, тасадан тас лақтыру сияқты әбес қылықтар, батыраш пен қотыраштар сахна айналасынан да табылды. Қайсы бір жерлерде сахнаға шығуға да тосқауылдар қойылып, жақсы рольдерден шеттетіліп жатты. «...«Ваня ағай» қойылымының айқайға толы қайсыбір кезекті дайындығынан соң, шыдамым таусылған мен ағамның қасына жетіп барып: «намыс бар ма сізде, неге кемсітуді қой деп айтпайсыз. Немене сіз де келесі рольден құр қалам деп қорқақтайсыз ба? Сонда бұл рольді, бұл театрда сізден басқа ойнайтын актер бар деп ойлайсыз ба?...» деп төтесінен қойып қалдым. Басын кенет тік көтеріп алған ағамның баданадай көздеріндегі күйіктен өртенген ащы жасты сонда көрдім» деп еске алады Тұңғышбай Жаманқұлов. Осыдан-ақ Әнуарға кей кездерде әділетсіздік жасалғанын көруге болады. Әйтпегенде дара талант иесі сахна сыртында тұрып жайдан-жай көзіне жас алар ма еді. Қырандарды «бөденелер» аяқтан шалған заман-ай... Арнайы оқу орнын бітірмей-ақ, екі жылдық студияны бітіріп, елдің есінде қалатындай керемет образдарды сомдап шығу – кез келген актердің маңдайына жазылмас бақ. Кей кездерде жаңға пьесаны сахналау үшін театрда жата-жастана даярлық жүргізген кездері де бар. Сондай шақта жары Баян апай шәй-тамағын театрға көтеріп барып, тамақтандырып жүреді екен. Көз көргендер осылай дейді. Киелі сахнаға шын жаны ашыған жан



ғана осындай жанкештілікке барса керек. Амал қанша, тума талант иесі небәрі қырық жеті жасында сусамырдан дүниеден қайтты... Артында орта жолда доғарған көші қалды... Халық оны театр сахнасынан енді қайтіп көрмесе де, «Қыз Жібек», «Ән қанатында», «Өтелмеген парыз», «Қан мен тер» сияқты фильмдер арқылы қауышып, жадында сақтары хақ. Қазақтың жақсы-жайсаңдары мәңгілік тыным тапқан Кеңсайда сахна төрінде алмас қылыштай жаркылдап өткен, мұқалмас дарын иесі Әнуар Молдабековтың моласы бар. Құлпытаста «Сілтесең – семсер, қорғансаң – қалқан орнына жүрген қайран Әнуар» деген қазақтың өзге бір дарынды ұлы Асқар Сүлейменов айтқан сөз қашалып жазылған. Әнуар аға жайлы бізге бұдан асып айту мүмкін бе?

«Айқын».
Наурыз. 2010

ҚАЛАМДЫ «ТЕРЛЕТКЕН» ҚАЛАМҒЕР

Марат Қабанбай – өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ көсемсөзін жаңа бір кезеңге көтерген дарынды қаламгер. Өліара кезеңде қарымды қаламынан туған мақалаларын жұрт іздеп жүріп, тұшына оқыды, мейірі қанды, риза болды.

Марат ағаның жазушылығы өз алдына. Өз ортасында мойындалған талант. Әттең, өмір болғанда ұлтқа қажетті талай сүбелі туындылар жазар еді. Амал қанша, дүние жалған деген сол, нағыз толысқан шақта, пәниді астап, бақиға оза берді. Кезінде Марат ағамен бір басылымда жұмыс жасадым. Інісіндей көрді. Жанына жақын тартты. Кейде оңаша қалған сәттерде сырын ақтарушы еді. Көкейінде көптен бері жүрген үлкен бір шығарманың қаңқасын сөз ететін. Бірақ тағдыр ол дүниесін аяқтатуға жазбапты. Соңғы рет аурухана төсегіне таңылып жатқанда кездестік. Төбеге қарап ойланып жатқан Марат аға, бір сәт: «Әттең, бұл Құдай азғантай ғана ғұмыр берсе, «Кентаврды» жазып тастар едім-ау. Соған жете алмай қалам ба деп қорқамын. «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, олай-бұлай боп кетсем, толғағы келіп, шыр етіп жарық дүниеге шығуға аз қалған шығармам өзіммен бірге көміледі-ау. Жанымды қинайтыны сол. Оны дәл мендей жалғастырып жазатын ешкім болмас. «Кентавр» талай жыл жүрегіме ұя салған



ақ қанат құсым еді. Соның қанат қаққанын көре алмаймын-ау» деп күрсінген.

Содан кейін көп ұзаған жоқ, дүниенің жалған екенін айғақтап, келместің сапарына аттанып кете барды. Дүние жалған деген осы.

Марат аға жер басып жүргенде биыл наурыз айының 22 күні алпыс бес жасқа толады екен. Амал қанша елу екі жыл ғана өмір сүрді. Бұл аз ба, көп пе, білмеймін. Бірақ соңына өлместей шығармаларын тастап кеткен қазақтың аса бір талантты ұлы екені анық. Ал Марат ағаның қатарластары, замандастары не дейді?

Тұрсын Жұртбай, жазушы:

ТҰЙЫҚ ТАЛАНТ

Қазақ қаламгерлерінің арасындағы ең тұйық әрі ішкі тегеуіріні қуатты, қаламнан басқа қарапайым тіршілікке қыры жоқ, өзінің көркем қиялының ауыздығымен алысып өткен трагедиялық талант иесі Марат – Марат Қабанбаев. Бақ-талайына бұйырған балалық шақтың «кермек дәмі» оны өмірге кекті намыспен, булыққан бұйығылықпен қарауға мәжбүрлеп, кісікиік – кентавр етіп өсірді. Еркелеуді, ағайынның алғауын, жақындардың жалғасуын көрмей өткен қазақ болса, ол – Марат. Сол намыс пен булығыдан арыла алмай, өмірге тісін қайраған жанталасты күймен дүниеден озды. Туғаннан талқыға салған тағдырдың шеңгелі оны фанидің соңында да алқымынан алып босатпады.

Сол жылдары ешкімнің де көсегесі көгеріп күн кешкен жоқ. Бірақ Мараттың басындағы жалғыздық пен тарығуды оның еш замандасы басынан өткерген емес. Арысы – әлем, берісі – одаққа танымал Марат өз шәкірттері пәтерден пәтер ауыстырып, жағдайларын дұрыстап жатқанда, екі бөлмеде жиырма бес жыл тұрды. Одақ ыдырап, қанқасы көтерілген иесіз үйге эзер қолы жетіп, марқұмдар Мейрам Асылғазин, Талаптан Ахметжанов үшеуі үш жыл жөндеді. Қырғызстандағы кеңестен ауырып қайтқан ол қолқа еті қабынған дертінен құтылу үшін қаражат іздеп қалай жанталасты десеңші. Адал, ақкөңіл жары Сәуленің және жоғары оқу орнынан қол үзе жаздап күлше нан сатып әкесіне демеу болған ұлы мен сүйікті қызының аялы мейірімдері ғана оның дімкәс жүрегін жұбатты. Соңғы рет табалдырығының алдында тұрып: «Қу тіршіліктің қыспағынан құтыламай-ақ барамын. Өттең, алаңсыз аз өмір болса «Кентаврды» (роман) аяқтап кетсем, арманым болмас



еді», – деп теріс бұрылып кеткені әлі есімде. Оның жан сырын бір түсінсе Тұрысбек (Сәукетаев) пен Асқар (Егеубаев) ғана түсінген шығар.

Қатар оқып, бірге қызмет істеген шағымызда байқағаным, кейде ол сәл жайбарақаттана қалса болды, өзін өзі қолдан қинайтын сияқты көрінетін. Жазғанына да, сызғанына да еш риза болған емес. Көркем сөзді аялайтыны сондай, жылына бір рет «Жұлдыздың» тапсырмасымен іссапарға барғанда әлгі көркем очерктің өзін қиналып жүріп әзер жазатын. Бар қалам күшін көркем сөзге сақтайтын. Соңынан қалмаған мұқтаждық оны өмірінің соңында белсенді публициске айналдырды. Ол қазақтың бойындағы тоқмейіл «қазақшылықпен» күресті. Бұл оны оппозициялық басылымға алып келді. Ол сол басылым арқылы «күрмеуіне келмей жүрген қысқа жіптің ұшына кендір жалғағысы келді» және адал істеді. Соңғы айларда жалақы тимеген күндерінде оның қысылғанын айтпаңыз. Біздің де «мұршамыз» белгілі болатын. Абай айтқандай: «Ағайынға күн түспек, Ол да үлкен қарғыс қой. Беретіні ең күштеп, «Бейшара» мен «Байғұс» қой» – дегеннің кейпінде еді. Оның көңілденгені кейде өзіне жараспай тұратын сияқты еді. «Жұлдыздың» жыл сайын жаңа жылды ұжым болып қарсы алу дәстүрі бар еді. Сонда міндетті түрде Абайдың «Жарқ етпес қара көңлім неғылса да» атты әнін жоғары дауыспен орындайтын. Менің ойымша, оның көңіліне сәулені Сәуле ғана түсіре алды. Өйткені ол Маратты сүйетін. Шын сүйетін. Сондықтан да сүйеу болды.

Ал жазушы Марат Қабанбаевтың көркем ойлау жүйесі, көркем әлемі, көркемдік мәнері, сөйлем құрылымы, көркемдік шешімі – қазақ прозасындағы авангардтық құбылыс болатын. Оның жазу мәнеріндегі көркем бейнелеу де, астарлы қыжыл да, қасақана қыжырыну да, психологиялық қайшылық та, сөздік құрылымы мен теңеулеріндегі кедір-бұдырлық пен қасарыса тістесу де, Мараттың дүниені көркем қабылдау түйсігі қалыптаса бастаған тұста жүйкесін билеген табиғи жазушылық мінез еді.

Мараттың талантының тұйықтығы – шығармасының тұйыққа тірелуі емес, керісінше ұзаққа бастайтын жол арнасы. Мараттың жан құпиясы – шығармаларында. Оның өзгелерден бой озып шығатын кезі де алда. Оның шығармаларының толық жинағы неге басылмайды? Мен соған таңмын әрі асыға күтіп жүрмін.



Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ, жазушы:
ҚАРАСӨЗДІҢ ҚАБАНБАЙЫ

Марат аз жасаса да көп іс тындырды. Көркем проза мен публицистикаға қатар құлаш сермеп, екі жанрда да қайталанбас өз қолтаңбасын қалдырды. Жазушы мұрасын екшеп, мөлшермен қарасақ, ұзын-ұрғасы жеті-сегіз томға жетіп жығылады екен. Қамшы сабындай ғана ғұмыр кешкен адам үшін бұл көп еңбек. Әйткенмен қайран Мараттың көкірегінде қаншама жауһар кетті ғой деген өкінішімізді де жасыра алмаймыз. Шынында да Марат өрге салсаң, төске озып, Құлагердей аламан бәйгенің алдын бермей келе жатқанда, сұрмергеннің жебесіне жолықты ғой! Шырылдап өмірдің етегіне қалай жармасса да рахымсыз тағдыр илікпеді. Бүгін бастап, ертең бітірем деп кесіп-пішкен талай асылы қаттауы жазылмаған күйі ішінде кетті. Үлкен өкініш сол.

Марат – шалғай шет, шекара түбіндегі бұйығы ауылда жетімдік пен жоқшылық тақсыретін көп көріп қиналып өскен жігіт. Өмірдің батпағынан оны қайсар мінез, қайтпас талабы сүйреп шықты. Бұғанасы қатпай тұрмыстың батпан жүгі белін қайыстырса да мойыған жоқ. Ауру ана, шиеттей іні-қарындастарын асырап бақты. Совхоздың майлық-сулық жұмысында қара сорпасы тамшылап жүріп кешкі мектепте оқыды. Одан соң екі-үш жыл аудандық газетте істеді...

Бір сөзбен айтқанда, Марат әдебиетке өмірден келді, өз өмірінен өнер жасады. Сондықтан оның шығармалары өмірдің өзіндей шынайы, өң-бояуында жасандылық жоқ, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне шүбәсіз иланып, әлдебір танысыңды көргендей, әлдебір жақыныңмен ұшырасқандай жатырқаусыз қауышасың. Бұл тарапта «Кермек дәм», «Айшылық алыс жол» романдары мен тағы басқа әңгіме-хикаяттарынан жазушы тағдырының сілем-сілем іздері қылаң беретінін аңғару қиын емес. Марат жетпісінші жылдардың орта шеніне қарай әдебиет есігін айқара ашып кірді. Әдепкі жаңа талап, жас таланттар сияқты именіп, төменшіктеген жоқ, нық адыммен екпіндей енді. Бұл уақыт туған әдебиетіміздің туы желбіреп, кемеліне келіп дәуірлеп тұрған мерейлі кезеңі болатын. Шеберліктің шалқар көкжиегі ашылып, әлемдік биіктер меңгерілді. «Қазақ әдебиетінің» алтын ғасырын жасаған ұлы шоғырдың осындай асыл үлгісі тұрғанда жас қаламгердің жұртшылықты елең еткізе қоюы, әлбетте, екі талай нәрсе. Әйтсе



де Марат өзінің алғашқы шығармаларымен-ақ оқушы ілтифатына бөленді. Бірінен соң бірі жарыса жарық көріп жатқан «Жиырма мен жалғыз», «Зая атылған оқ», «Се ля ви», «Бақбақ басы толған күн», «Қала және қызбала» т.б. әңгіме-хикаялары әдебиетіміздегі жаңа сөз, озық нұсқа еді. Олардың қай-қайсы да өзінің тосын табиғатымен өрекшеленді. Бояуы бөлек, әуен-ырғағы ерек.

Марат әдебиеттегі «балалық ауырумен» ауырған жоқ. Бірден қаламын нық ұстап, есейген есті шығармалар жазды. Көп оқыды, жалықпай үйренді, бірақ ешкімге еліктеп-солықтаған жоқ; талай үлгіні зерделеп, жүрек сүзгісінен өткізді, бірақ ешқандай ізді шиырлаған жоқ, қияға өрлеп, қиыннан өз жолын салды. «Соқтықпалы соқпақсыз» асу белдерде жығылған, сүрінген тұстары да, әрине, аз емес.

Жазушының мойыны озық туындыларының бірі – «Арыстан, виолончель, мен және қасапхана» дейтін хикаяты. Жазушының бұл шығармасы кезінде одақтық «Детская литература» баспасынан жарық көріп, одан ары Еуропаға сапар шекті. Германияда «Қарлы құйын» деген атпен неміс тіліне аударылды. Асыл мен жасықтың парқын білетін талғампаз Батыс жұрты зор ықылас танытып, көп ұзамай оған балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығарма ретінде халықаралық Г.Андерсон атындағы сыйлық берілді. Қарап отырсақ, Марат Қабанбай мұндай мәртебелі сыйлықты иемденген берісі қазақ, арысы иісі түрік әлеміндегі бүгінге дейінгі бірден-бір жазушы екен. Қазақ әдебиеті үшін мерей ме? Мерей! Бірақ өкінішке орай, оны тиісті дәрежесінде бағалап, елеп, ескеріп жатқан әзірге ешкім жоқ.

Марат шығармашылығының ендігі бір сүбелі саласы – журналистика. Үнемі баспасөз айналасында жұмыс істегендіктен болар, ешқашан публицистикадан қол үзген емес. Күн көрістік қарабайыр кәсіп деп қарамай оны өнер дәрежесіне көтерді, не жазса да буын бұрқыратып, бояуын ашып, түрлентіп, төгілтіп жазды. Қай мақаласын оқысаңыз да өмірдің қантамыры дүрсілдеп соғып тұрады. Еліміз азаттық алған алғашқы аумалы-төкпелі жылдарда қоғам өміріне белсене араласатын ұшқыр да жауынгер жанр-публицистика суырылып алға шықты. Оның «Қазақ, қайда барасың» атты жинағындағы үздік публицистикалық туындыларын қазақ журналистикасының інжу-маржаны десек, асыра айтқандық бола қоймас. Марат бұл шығармаларымен ұлттық



журналистикамызды жаңа сатыға көтерді, шеберліктің ұтымды үлгілерін көрсетті. Енді Маратша жазу, Маратша сөз саптау үрдіске айналды. Шын мәнінде үлкенді-кішілі журналистеріміздің көпшілігі оны ұстаз тұтты. Марат қайтыс болғанда «Көсемсөздің Қабанбайы» деп қазақ журналистикасының жоқтап, күніренгені осының айғағы болса керек.

Марат Қабанбай көзі тірісінде ешқандай атақ алып, сый-құрмет көрген жазушы емес. Қатарынан оза шапса да бәйге бұйырған жоқ. Есесіне ол өзінің жұлдызы жаркыраған талантты туындыларымен өзіне алтын тұғырлы асқақ ескерткіш орнатты. Жалған дабыраны малданып мастануды білмейтін хас талант үшін шынында да одан артық қандай мәртебе-мерей бар.

«Айқын».
Қаңтар. 2013

ЖАУҒАР ЖЫРЛАРДЫҢ ИЕСІ ЕДІ...

Алла амандығын бергенде, ол өткен айда елу жасын дүркірете тойлап, әдемі бір жыр кешін өткізер еді. Бірақ жалған дүние оған жеткізбеді. Амал қанша?

Өмірдің өзі ағыс қой... тоқтаусыз ағыс!

Білмейміз оны... Бүгін де, кеше де күлдік.

Кетпейді бәрі адамның жоқтаусыз алыс

Сұралар бір күн, өйткені – өше ме тірлік?! – деп баяғыда алғашқы тырнақ алды жырларының бірін осылай өрнектеп еді. Өзі жазғандай Қайрат «жоқтаусыз кететін адам» емес-тұғын. Тау өзеніндей арынды, дала өзеніндей терең жырлары тұрғанда оны жырсуіер қауым ұмыта қоймасы заңдылық.

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,

Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.

Көкірегіне құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,

Қосудың арпалысы бұл – тоғыспас жолдар торабын.

Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,

Кес-кестен барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.

Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,

Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың, – деп

Төлеген жазғанындай, Қайрат дәл сондай ақын еді.



Тілге тиек етіп отырған жан, қазақ жыр әлемінде өзіндік орны бар Қайрат Әлімбекпен сонау тоқсаныншы жылдардан бері таныс-біліспін. Бірақ тым жақын араласып көрген емеспін. Ара-тұра жолығысып қалғанда аман-сәлемнен артық сөйлесіп көрмеппіз. Тек бірде ойда-жоқта ұшырасып, шай қайнатым уақытта біраз сыр бөлісіп едік. Сол тоқсаныншы жылдардың алғашқы жартысында «Арай» жастар журналында жұмыс істеп жүргенмін. Бірде редакторымыз Әшірбек Көпіштің тапсырмасын уақытында бітіре алмай, күн сенбі болса да барып, мақаламды аяқтап, көңілім тоғайып жатақханаға (баяғы КазГУ-дің 5 жатақханасы) қайтып келе жатқанмын. Мінген автобусымның нөмірі – 61. Ыңыранған сары автобус әл-Фараби даңғылымен келіп, КазГУ-дің аялдмасына тоқтап, ары кететін. Кешкілік кез. Сенбі болған соң ба, автобуста адам аз. Ең соңғы теріс қараған орындыққа отырып, ойға шомғанмын. Фурманов көшесімен жоғары өрлеп келе жатқан автобус келесі бір аялдамаға тоқтап, жүре бергені сол еді. Терезеге қарап ойға батқан менің иығыма біреу қолын салып, «Ұлықбеков теріс қарамай, бері қара» деген дауысқа жалт қарардым. Сүйтсем жымыя күліп Қайрат тұр екен жанымда. Орындыққа жайғасып жатып, қайдан келе жатқанымды сұрады. Журналдың жұмысымен жүргенімді айттым. Содан кейін-ақ әңгіменің түйіні ағытылып жүре берген. Қазақ поэзиясының алыптары, дүниеден ерте озған Мұқағали, Төлеген жөніне біраз сыр ақтарды. Одан секіріп Жұматай, Кеңшілік секілді өзге де талантты ақындар, қатарластары жөнінде ой қозғады. «Сені ара-тұра республикалық басылымдар беттерінен көріп қалушы едім. Өлеңдерің тәуір. Соңғы кезде зым-зия жоқсың. Студенттік өмірдің қызығына батып, қаламды ары ысырып қойған секілдісің. Бірақ мынаны ұмытпа, не жазсаң да жас кезіңде жазғандай болмайды. Нағыз төгілте жазатын кезің осы. Уақытты өткізіп алма. Құдай берген талантты дұрыс пайдалан. Поэзия – киелі дүние. Жүрдім-бардым қараған адамға, теріс айналады. Кейбіреулер «өлең жазуды тастап кеттім» деп жағады. Өтірік. Ешкім өлеңді тастап кетпейді, керісінше өлең оларды тастап кетеді» деп ағалық ақылын айтты.

Сәлден соң «өлең оқышы» деді. «жазғандарымды жаттамаушы едім» деп қашқақтап едім, қояр да қоймады. Сосын біраз күн бұрын қағазға түсірген «Өлген адамның монологы» деген өлеңімді оқып бердім. Ойланып барып, «жақсы өлең екен. Бірақ жассың



гой. Өлім жайлы жазып, мұңға бату әлі ерте» деді. Сүйткенше болмай автобус ҚазГУдың аялдамасына тоқтады. Қоштасып, мен түсіп қалдым. Қайрат «бір жұмысым бар еді» деп ары кетті. Одан кейін қайтып жолымыз тоқайласып көрмепті.

Бір қызығы ол мені еш уақытта атымды атамапты. «Ұлықбеков, қалайсың?» деп қоятын кездесе қалғанда. Амал қанша, өзгеге ақылын айтып, жақсысына сүйініп аңқылдап жүрген арда азамат, ғажап дарынның, керемет жауһар жырлардың иесі кенеттен болған жол апатынан қайтыс болды. «Өмірдің өзі ағыс қой... тоқтаусыз ағыс!» деп өзі жазғандай, уақытта тоқтам бар ма? Сырғанап биыл елу жасы да келіп қалыпты. Қайрат аман болғанда, достарының, қаламдастарының ортасында, елуін тойлап, күркіреп өлең оқып жатар ма еді, әттең?

Қуат Қайранбаев,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын:

– «Жаратушыға да жақсы адамдар керек» деп жатады жұрт. Осы сөз Қайратқа айтылған сияқты көрінеді. Өйткені, айналасына шуағын шашып, алыс-жақынға қол ұшын беруге құлшынып жүретін ол аз ғана ғұмырында барынша жақсылық жасауға асыққан екен-ау! Зымырап өтіп жатқан уақыт-ай десеңші! Бәрі де күні кеше сияқты еді. Қайратпен тұңғыш рет Ақсу ауданында жылма-жыл өтіп тұратын «Ілиястың ізбасарлары» атты жыр мүшәйрасында ұшырасқанбыз. Қаратал ауданынан келген жас ақын өрнекті өлеңдерімен оза шауып, жүлдегерлер қатарынан көрінгені есімде. Араға уақыт салып ҚазМУ-дың қалашығында қайта жолықтық. Бөрілітөбе аудандық газетінде бірге қызмет жасап, журналистік жолыма бағдар берген ақын Жомарт Игіман екінші рет таныстырған. Әскери борышымды өтеп келгеннен кейін оқуға түскен мен үшін Қайрат тәжірибелі, ересек көрінді. Адам баласына қылдай қиянаты жоқ, акжарма жүректі ақынмен арамыздағы алғаусыз достық алғашқы сәттен басталды деп топшы-лай-мын. Олай дейтінім, сол бір өзара сыйласым мен бір-бірімізге деген құрметке бір сәт көлеңке түскен емес. Жалпы, «ақындық – Алланың адамға берген сыйы» деп жатады. Олар былайғы жұрттың назарына іліге бермейтін, көзіне шалынбайтын жайларды көңіл терезесімен аңғарып, тылсым түйсігі арқылы сезінеді дейтіндер де бар. Ол жағын анықтап айта алмаспын, алайда, ақындарға дархан жүрек пен даладай көңіл



тиесілі екеніне күмәнім жоқ. Қайратқа осы қасиет ерекше мол дарыған еді. Өлгінде айтқандай, ол сол студент кезінің өзінде бәріне қамқор болып, үнемі біреулердің мәселесіне көмектесу үшін алашапқын болып жүретін. Ондайда өз шаруасын да жиып тастаудан тайынбайды. Адамдарға осыншама іңкәр көңілмен, ыстық ықыласпен қарайтын екінші бір жанды кездестірдім деп айта алмаймын. Жасы кіші болса да жоғарғы курстың студенті ретінде мені де қамқорлығына алып қояды. Ақын-жазушылармен кездесулер ұйымдастырғанда өлең оқытындардың тізіміне ілік-тіріп, «жас перілердің» жанына косуды да ұмытпайды. Ондайда: «Сенің жасың үлкен болса, менің жолым үлкен» дейтін әзілдеп. Бір жолы маған келіп: «Тоқтасын Сүгірбеков деген ақын ағамыз сессияға келіп жатыр. Сені сырттай таныстырып қойғанмын, жүр, барып жолығайық», – деген. Тоқаңмен таныстық. Талдықорғанда облыстық радиода коментатор болып қызмет жасайды екен. Нағыз серілердің қандай болатынын көргенім осы. Бірер күн ғана жолдас болуға жарадық. Алайда, сол күннен бастап аға-інідей араласып кеткеніміз анық. Қайраттың өзі таныған жақсылармен өзгелер де жуыс жүрсе деген ізгі ниетіне өмір бойы тәнті болып өттім десем, артық айтқандық бола қоймас. Қыстың күні де малақай кимей жүретін кең мандайындағы моншақ терлерді алақанының сыртымен сыпырып тастап, шабыттана өлең оқытын Қайраттың тұлғасы әлі күнге дейін көз алдыма келеді де тұрады. Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына ауысқаннан кейін, біз көп ұзамай жаңа орталыққа қоныс аудардық. Талдықалаға көшпей, Алматыда қалғандардың бірі Қайрат болатын. Үй-күйі жайлы, жағдайы дұрыстау болғаннан кейін қозғалмаған шығар деп топшыладық. Өзі судағы балықтай сезінетін әдеби органы қимауы да мүмкін еді. Қалай десек те Қайрат жылы орнын суытқан жоқ. Онысы біз үшін де теріс болған жоқ. Алматыға анда-санда келгенде алдымыздан жарқырап Қайрат шығатын. Сүйекке сіңген әдет қала ма, шаруаларымызға қолғабыс жасап, Жазушылар одағына апарып ондағы ағалармен таныстыратын. Өлеңдерімізді газет-журналдарға өткізіп, жарық көруін қадағалап жүретін де өзі. Журналистік қабілет-қарымы мықты Қайрат мақала, очерк жазудың да шебері-тұғын. Қалам ұстап, қағазға шұқшиып отырғанын да көрмейсің. Қолындағы бір жапырақ қағазға қарап қойып, үлкен суреттемелер мен жауапты мақалаларды бірден машинистка



қыздарға оқып тұрғаны. Шабыттың шаужайына жармасқанда сөйлемдер түйдек-түйдегімен төгілетін.

Соғысынан кейінгі кезеңде қазақ қоғамына арақ деген дүние дендей енді. Бұл ақындарды да айналып кетпегені белгілі, тіпті сүйікті шәрбатына айналды десе болғандай. Сыраханаларда тұрып өлең оқу дәстүрі қалыптасқан. Біз де осыған біраз еліктедік. Қайрат осы әдеттен өз ықтиярымен бас тартқандардың бірі. Иmandылыққа бет бұрып, адамдарға жасар жақсылығын жандандыра түскен. Осындай күндердің бірінде мен Алматыға келдім. Хабарласып едім, дереу үйге жет деп өтінді. Шабыт үстінде екен. Екеуіміз түн жарымына дейін сұхбаттасып отырғанымыз есімде. Ертеңіне қояр да қоймай Қазақ радиосына алып келді. Бірден арнаның директоры Нұрлан Өнербаевтың бөлмесіне жетелеген. Сәлемсыйласымы дұрыс болуы керек, оны өзімсініп, мені таныстырып жатыр: «Бұл Қуат Қайранбаев деген ақын. Сазгерлігі мен әншілігі де бар. Өзі келіп тұрғанда дауысын жазып алмасаңдар, ертең өкініп қалуларың мүмкін...» – дейді екпіндетіп. Қосып мақтап жібергеніне қысылып тұрған мені қаперіне алатын емес. Басшы бірден ыңғай таныта қоймады білем, Қайрат дауысына салмақ қосып: «Қуаттың тірі дауысын жазып алсын деп жолынан қалдырып алып келдім. Енді Қазақ радиосы керек етпесе орыс радиосына баруымыз керек пе?» – демесі бар ма. Нұрекең орынбасарын шақырып, үш-төрт бағдарламаға жазып алуды тапсырған. Кейіннен оларды радиодан естіп, Қайратқа алғысымды жаудырғанмын. Бұл оқиғаны мен жайдан-жай еске алып отырған жоқпын. Себебі, бұл менің Қайратты соңғы көруім екен. Көп ұзамай ол жол апатынан көз жұмды. Өмірден баз кеше қоятын жан емес еді. Шығармашылық жоспары да көп болатын. Өмірге деген құштарлығы да ерекше-тұғын. Менің жанды дауысымды ұрпақтарға қалдыруды ойлап жүргенде Қайрат өзінің ғұмыры келте үзілетінін ойламаған да болар. Бір тәуба дейтініміз, артында жары Қуаныш пен балалары қалды. Қайраттың жарқын бейнесін жадында мәңгі сақтайтын қалың жұрты қалды. Талай жүректерде поэзия шоғын тұтататын отты жырлары жасауда. Ендеше, Қайрат Әлімбек өлген жоқ, ол әлі де бізбен бірге, арамызда, жүрегімізде, миымызда өмір сүруде.

«Айқын».
Шілде. 2013



«...ТІРЛІКТЕ ҚАШҚАН ҚАДІРІҢ, ӨЛГЕНДЕ ҒАНА БІЛІНЕР...»

Журфакта Нұрланмен бір оқу орнында оқып (Ол 1984 жылы бітірген, мен 86-жылы түстім), бір қалада қызмет етсек те, тіпті екеуіміз Шығыстан болсақ та, жақын араласып көрмеппіз. Тек достарым «Ол сенің ағаңның курстасы» дейтін (ағам – Бейсенғазы Ұлықбек). Оны үнемі ой үстінде көруші едім. Көзінде әлдебір мұң жасырынып жатқандай болатын. «Ақын ғой. Ақынға ойлылық жарасады» деуші едім іштей. Ара-тұра мерзімдік басылымдардан Нұрланның мөлдір, арналы, тамырын тереңге тартқан өлеңдерін оқып тұратынмын. Ойлы ақын еді. Кезіндегі дүркіреп өткен жыраулардың мақамын еске түсіретіндей-тұғын. Қалам ұстаған өз қатарының алды деуге де болатын. Бірде «Нұрлан қайтыс болыпты» дегенді естігенде, «Шығыстан шыққан таланттардың ғұмыры неге қысқа?» деп (Оралхан Бөкей, Марат Қабанбай), көзіме жас алып, көкірегім айрыла күрсінгенім рас-ты. Амал қанша, поэзия теңізінде желкенін жел керіп, енді-енді кемеліне келіп жүзе бастағанда жалған дүние жалғандығын танытты. Артына нәрлі өлеңдерін қалдырып, Нұрланды алды да кете барды. «Мәңгілікке ұласатын ұлылық – жалған дүниені майша шылқыған жалпақ табанымен жалпағынан басу емес, тіпті ілініп-салынып алжығанша жасауда емес, артыңа өшпес із қалдырып, арғымаққа мінгендей асығыс зулап өте шығу, яғни өз өміріңді оқыс әрі әдемі аяқтату» деп еді, жерлесің, ағаң һәм қазақтың маңдайына симай ерте кеткен дарынды жазушы Оралхан Бөкей.

Ораш ағаның айтқаны – ақиқат. Жүз жасау мақсат емес. Ең бастысы – артыңа өшпес із қалдыру. Сенің ізің – тамырлы жырларың.

*Тірінің қамын тірі жер,
Тірілер бірін бірі жер.
Тірлікте қашқан қадірің
Өлгенде ғана білінер.*

*Өлінің қамын тірі жер,
Жоқтауын салып жүгінер.
Жоғалтып алған асылы
Айрылғанда білінер, – деп едің бір өлеңінде.*



Рас, біз тірісінде ешкімді елей бермейтін өте селқос, самарқау халықпыз. Тек дүниеден көшкен соң ғана мақтап, естелік айтып «асылдың сынығы еді» деп қауқылдасып жатамыз.

Иә, сен дүниеден озғанда қазақ поэзиясы қаламынан толағай жырлар төгілген, Алтайдың өр шыңындай өрелі талантты бір ақынынан айрылған еді.

*Қоңыр кеште қоңыр
Тау тамсанатын.
Қоңырқай боп өтіпті
Қанишама түн...
Қоңыр іңір жаныма жақын менің –
Қоңыр үнмен қырық мың
Ән салатын.*

Иә, қоңыр тірлік жаныңа жақын еді. Жыр көшінде салмақты орның бола тұра, «мен сондаймын» деп ешкімге кеуде қақпадың. Қашанда салмақты, сырбаз мінезден таймадың. Жұрт осы бейкүнә, пәк қасиетінді, әр жолында атан түйе әрең тартар ой жатқан өлеңдерінді сағына еске алар.

*«Маңдайыңа жазғанын көрерсің де...
Қуанасың, жылайсың, өлесің де...
Ажалы жүйрік
болды жарықтықтың,
Деп алып, сақтамайды-ау,
ел есінде.*

*...Жадында ұстайтұғын жақын ғана,
Басқаға беймағлұм атың, бала...»,* – деп шер төксеңде, тек жақының емес, жұрттыңның да есіндесің, ақын аға. «Бір бейнеттен бір бейнетім боп қалың, Ажалымның алдына кеп тоқтадым» деп ешкім айта алмаған. Бірақ сен айта алдың. Жыр көгінде жасындай жалт етінде кете бардың. Не бәрі 43 жаста... Берерің көп еду-ау, амал не?

Қазақтың қара өлеңі аман тұрғанда, сенің де атың өшпейтіні белгілі. Елеусіз, іздеусіз қалмасың хақ.

Нұртөре ЖҮСП, Президент сыйлығының иегері:

– 1979 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің қазақ бөліміне 50 бала



түстік. Ол кезде студенттік өмір сәл өзгеше еді. Сенбі, жексенбі сайын түрлі кеш, соның ішінде поэзия кештері жиі өтіп тұратын. Сол жылы оқуға түскен 50 баланың барлығы дерлік акын еді десем, артық айтпағаным.

Журфактың жатақханасында күркіреп өлең оқып, талдап жатушы едік. Сол оқуға түскен түлектердің бірі, орталарда өзінің өрнекті өлеңдерімен танылған Нұрлан Бергазиев болды. Кейінен ол акын ретінде Нұрлан Мәукенұлы деген атпен танылды. Бірінші курста оқуға түскен елу баланың барлығы дерлік акын болғанымен зейнетінен бейнеті басым, мехнаты көп таза ақындықты ұстап қалғандар санаулы еді. Олар Нұрлан Мәукенұлы, Баян Бекетова, Үмітхан Алтаева, Бейбіт Құсанбек болатын. Бұлардың қай-қайсы да қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар, акын ретінде мойындалған азаматтар. Бәлкім сол курсымыздан шыққан ақындардың ішіндегі шоқтығы биігі Нұрлан деуге қателеспесің.

Негізі Нұрланның мінезі тұйық, көп адаммен аралас-құраласы жоқ, саяқтау жүретін. Отырыстарда топты жарып, сөз сұрап, «мен білемін, мен айтайын» деген кеудемсоқ мінезден ада, өзіндік көркем мінезі, өзіндік жұмбақ жан әлемі бар жігіт-ті. Қаламынан керемет ойлы жыр туып жатса да ол студент жылдары басылым беттеріне өз өлеңдерін көп жариялай қойған жоқ. Студент бола жүріп, алғашқы кітаптарын шығарып үлгерген пысықайлардың қатарынан емес-тұғын. Сол кезде университетте Мұхамеджан Сералин атындағы әдеби бірлестік деген болды. Онда Алтынбек Сәрсенбайұлы, Дархан Мыңбай, Еркін Қыдыр, Бейбіт Құсанбек, Баян Бекетова және осы Нұрлан Мәукенұлы сияқты әдебиетке бір табан жақын жүретін талапты жастардың көбі мүше еді. Тырнақалды туындыларымыздың көбісі сол бірлестікте талқыланды. Сондай отырыстарда, жыр кештерінде Нұрлан «мен мынадай керемет өлең жаздым, мынаны тындырдым, мынаны былай жазғалы жатырмын» деп сурылып алға шығып, ойын ортаға тастап, жан әлемін ашқан емес. Бірақ оңашада ойлы өлеңдерін қойын дәптеріне түсіріп жүргенін білетінбіз.

Жалпы Нұрлан екеуміздің арамызда бір жақсы достық қатынас болды. Мені жанына жақын тартып, жазғандарын көрсетіп, сырласып жүруші еді. Оның өлеңдері Қазанқап, Шалкиіз, Ақтамберді секілді атақты жырлардың сарқыты секілді, сол жыраулардың жалғасы сияқты көрінетін. Өлеңдерінде сол жырлаулар



көтерген алдаспан ойлар, тамырлы байламдар, құнарлы пікірлер тұнып тұратын. Соны бүгінгі оқырманға сай етіп, көркем тілмен өріп тұрып беретін. Дауылпаз ақын Махамбеттің де ұшқыны бар десем, артық айтқаным емес. Нұрлан оқу бітірген соң, өзі туған өлкеде – Зайсанда біраз жыл жұмыс жасады. Аудандық «Достық» деген газетте редактор, комсомолда жұмыс істеді, типография директоры болды. Біраз жұмыстың басын шалды.

Мен ол кезде Павлодарда облыстық «Қызыл ту» газетінде жүрген едім. Екеуіміз хат алысып тұрдық. Ойларымызды ортаға тастап, ақылдасып, сырласып, тұрушы едік. Кейінен ол Алматыға келіп Ұлықбек Есдәулетовпен бірге «Жас қазақ» басылымын шығарушылардың бірі болды. Нұрланның өндіріп тұрып шығармашалықпен айналысқан кезі де осы тұс шығар деп ойлаймын. Кейде онымен «менің өлеңдерімнің жанында, сенікі түкке тұрғысыз» деп қалжыңмен қағытып, әдемі әзілдесіп қоятынмын. «Әй саған сөз жоқ. Сені жеңу мүмкін емес» деп жұмсақ жымиып қана қоюшы еді. Оның өлеңдері баяғы жыраулар дәстүрін қайта жаңғыртқандай болып көрініп тұрады. Поэзиясындағы сөздің қуаты алапат еді. Өлеңдерінің құрылысы жорғаның жүрісіндей, мінсіз-тұғын. Өте ойлы ақын болды. Жыр көгінде Жасындай жалт етіп, көрініп, жоқ болса да, соңына ойлы, нәрлі дүние қалдырды. Балалар тақырыбына қалам сілтеу оңай дүние емес. Нұрлан сол балаларға арнап та талай жыр жазды. Балаларына да ешкім қоя бермейтін, тек ақын адамдар ғана қоятын ерекше аттар қойды. Ұлының атын – Наздан, қыздарын – Гүлден және Гүлрең деп атады.

Қазір ұлы мектеп бітіріп, оқуға түсті. Оның бойында әкесіне тартқан ақындық қабілет бар. Оны қалай алып жүреді, әрине ол өз еркі. Нұрлан Алматыға келген соң, біраз уақыт пәтерсіз жүрді. Ақыры «Таугүл» шағын ауданынан жер алып, соған өз күшімен, мандай терімен үй тұрғызды. Бәлкім сол тұста баспанасыздық, мынау ақын жанын аялай алмайтын нарық заманы, адамның асыл қасиеттері адыра қалған қым-қуыт, дүмбілез қоғам, тағдар тауқыметі бәрі-бәрі ақын жүрегіне үлкен салмақ салғаны белгілі. Жүрек көтере алмады ма, қайдам, ақын досым екі кештің арасында артына бәрін қалдырып, о дүниеге аттанып жүре берді. Бірақ артында азамат ретінде тындырған жұмысы, тамыры тереңге тартқан мәнді де мағыналы, тау суындай мөлдір, дала өзеніндей



терең жырлары қалды. Уақыт өте келе оның жырлары бағасын алады деп ойлаймын. Көңілге дәтке ететін бір жайт, қазірдің өзінде туған жерінде көшенің, мектептің аты беріліп жатыр. Оның атында әдеби сыйлық та бар. Әлі де аты дәріптеледі деп ойлаймын. Нұрлан – халықтың құрметіне лайық жігіт. Нұрлан досқа берік, адал жан. Айтқанын уақытында орындайтын. Адами қасиеттері ерекше жан-тұғын. Курстастары «Біздің Нұрлан» деп еркелетті, ардақ тұтты. Ол сол деңгейден көріне білді. Достың қазасы өте ауыр ғой. Қазір жары Гүлмира Мәукенкеліні «Қазақ газеттері» АҚ есепші болып жұмыс істейді. Нұрлан екеуі мектептен махаббат болған, дос болған. Нұрланның шығармашылығында жарға деген іңкәр сезімі, балаға деген сүйіспеншілігі мен мұңдалар көрініп тұрған нәрсе. Жарына да, балаларына да талай жыр арнады. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүрсе де үйде де, түзде де өзін сыйлата білді. Өзгені сыйлай білді. Артында жақсы сөз қалдырды. Амал қанша, қаламы толықсын, піскен, кемеліне келген шағында өмірі үзіліп қалды. Әйтпегенде иісі қазақ үшін талай сүбелі, кесек-кесек дүниелер берер еді, әтттең! Ақын ретінде айтар көп болатын.

Журналистика саласында да өзін ерек көрсете білді. Өнімді жұмыс жасады. Оның жазған-сызған дүниелерін жинақтаса, бір кітапқа жүк болар еді. Нұрланның жүзінен байсалдылық, парасаттылық, тау қозғалса да ол қозғалмайтын салмақтылық есіп тұратын. Тіпті оның жарқылдап күлуі де сирек. Әдемі жиып қана қоятын. Кейде ол уақыттың салмағын жүректен өткізіп, ұлттың қайғысын өзінің қайғысындай сезініп, бәрін жүрекпен қабылдап жүргендей сезінетін. «Жүрегіме жиандым-ау бәрін, Жолын таппай қаңғып ақты-ау қаным. Қайманаға бола алмадым қаймақ, Жан дүнием ауырады, жарым...» деп бекер жазбаған болар...

Ол өлең оқығанда да кейбіреулер секілді, қолын сілтеп, төсін ұрып жатпайтын. Өлең оқу мәнері ешкімге ұқсамайтын. Ерекше-тін. Ол елін, жерін, ұлттың, қазағын қалай сүйейтінін, қадірлейтінін, ту етіп көтеретінін сол сабырлы қалпын сақтаған күйде-ақ сездіре алатын. Студент кезде әскери кафедараның Қордайда оқу-жағтығу полигоны болды. Жігіттер бір жарым ай сонда болдық. Дайындықтан өттік. Жусанды жер. Сол жусанның түбіне бозторғайлар ұя салады. Бірақ көктемде жер жыртқанда бозторғайдың ұясы, балапанымен қоса жыртылып, трактордың табаны астында жаншылып қала береді екен. Шыншыр табан



трактор жерді жыртып келе жатқанда бозторғай балапынына қорған бола алмай, арқан бойы биіктікке көтеріліп алып, шыр-шыр ететіні бар. Сондай бір жағдайды көзбен көрген Нұрлан қатты тебіренді. Көзіне жас алды. Соған куә болдым. Жаны қатал адамға бозторғайдың өлгені не, балапаны трактор табынының астында қалғаны не бәрібір емес пе?. Жүрегі дір етпесі анық. Бұл жайт Нұрланға қатты әсер еткенін түсіндім. Көзі жасқа толып, ұзақ тұрып қалған. Жер жыртып келе жатқан тракторды токтала алмайды. Мемлекеттің жұмысы. Трактористің де бұл жерде кінәсі жоқ. Жырт деді, жыртты. Сол кішкентай көріністен Нұрланның сезімталдығына куә болдым. Жүрегінің әлсіздігін сезіндім. Ол бозторғайдың шырылын, балапанның соқаның астында қалып бара жатқанын көзбен көріп қойған жоқ, оқиғаны жүреппен қабылдады. Қордайдағы сол оқиға, Нұрланның көзіне жас алып, тұрған шағы әлі есімде. Бәлкім оның рухты, адамның ішкі қылдарын қозғай білетін сыршыл ақындығына осындай жайттарда әсер еткен болар. Елі, жұрты, қазағы аман тұрғанда Нұрлан Мәукенұлы ұмтылмасы хақ. Ол іздеусіз, іссіз қалатын адамдардың қатарынан емес...

«Айқын».
Мамыр. 2013

АЛТАЙДЫҢ КЕРБҰҒЫСЫ

Оралхан Бөкей – қазақ оқырмандары үшін қастерлі де қасиетті және оқырманы ең көп жазушы. Оның әр бір шығармасын жұрт асыға күтті. Ал қолына қалам ұстаған жастардың арасында Оралханға еліктемегені аз шығар. Оралханша жазу – әр кімнің арманы еді. Оралхан Бөкеев Алтайдың мұзарт шыңдарынан бүкіл қазақ халқының заңғар көгіне самғап ұшқан темірқанат қыраны еді. Бірақ қазақ әдебиеті көгінде жарқырап қалай тез көрінсе, батуы да тез болды. Егер де Оралхан тірі болғанда, «Осы өтіп жатқан күндер қиыннан гөрі құйынға ұқсаңқырап бара ма, қалай? Алымды, жалынды деген жастардың өзін ұйытқытып ала жөнеледі де, ұйықтаға салады. Көріп отырып көзің күйеді. Өмірімен де, өнерімен де жаңа сипатта танылған Оралхан секілді айбозым (олар көбейіп кетті) қаламгерлер қазасы төңірегінде ойлағанда тағдыр бізге артықша интелектіні көпсінетіндей көрінеді: осылар қазақ жұртына ең бір керек уақытта, кемелдене бере опат болғандай бұл



күдайға не жаздық?! Оған жауап жоқ. Қолдан келетіні – көзіміз жасаурап баяғы сол халыққа қарай береміз, орны толмастың ізбасар жұбанышын жұртымыздан ғана күрсіне отырып күтеміз...» деп қазақтың тағы бір дарынды ұлы, үлкен ақыны Хамит Ерғалиев көзіне жас алып отырып, естелік айтпас еді ғой.

Қаламдастары оны Кербұғы дейтін. «Жүрісі де, тұрысы да кербез, жұмбақ, өр де астам, басынан сынық түймедей сөз асырмайтын түз тағысы – Кербұғы келіп қосылған..., лапылдап көп сөйлей де бермейтін, ал, айтыса кетсе, түйдек-түйдек ойларын бұлтартпайтын дерек-дәйектермен дәлелдеп, қарсыласының үнін өшіретін, жарты сағат сөйлесе, бір сөзін екінші қайталамайтын шешен...» десетін әріптестері. Марат Қабанбайша айтқанда, «Цензураның мың ширатылған қызыл жылан жіптерімен қол-аяғы мықтап байланған О.Бөкей кеңесті кемсітудің жолын дәл тапты; ол – қазақты биіктету, рухын ояту...

Қаламгер сондықтан да кітаптан кітапқа қазағын Алтайдың асқар шыңына өрлете берді. Ең аяғында, өзі де қасқа құлынын жетектеп, қар жамылған Мұзтаудың ұшар биігінде күнге қасқая қарап, Кербұғыдай қарысып тұрып қалды. Мәңгілікке!». Оралханның бергенінен берері көп еді-ау.

Сонау «Қамшыгер» жинағынан бастап, өз шабытына қамшы салған дарабоз дарын ең ақыры «Ұйқым келмейдіге» дейін қаншама дүр-дүниелерді өмірге әкелді. Амандығын бергенде биыл 70 жасқа толатын жазушы, өр Алтайдың төрінде мерейтойын атап өтіп жатар ма еді, әттең!...

Ахат Жақсыбаев, жазушы:

ОРАЛХАНДЫ ОЙЛАСАМ

Оралханды ойласам... ақ жарқын, адал достың бейнесі көз алдыма келеді. Әлі де тірі, бірақ ұзақ сапарға жолаушылап кеткен секілді көрінеді...Оралханды ойласам... оның жазған кітаптары, сондағы кейіпкерлер есіме түседі. Бәрі де өмірде болған, өзіміз күнде көріп, араласып жүргендей әсер етеді. Себебі, шығармаларының көркемдік қуаты, тіл байлығы, шеберлік кестесі сезімді тербеп, ойыңды қозғайды. Ол журналистика саласында да өнімді еңбек етті. Ұзақ жылдар «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Жұлдыз» журналында қызмет атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болды.



Оралханның аса талантты суреткер екенін еріксіз мойындайсың, еріксіз табынасың. Оралханды ойласам... онымен замандас боп, қатар жүріп, бірге өткізген кездерім есіме түседі. Себебі отыз бен қырық жастың арасындағы өмірдің қызықты да қымбат шағын екеуміз «Жұлдыз» журналының редакциясында он жыл бойына бірге өткізіппіз. Ол журналдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі, ал мен жауапты хатшысы қызметін атқардым. Айтуы да, қайтуы да тез, өкпелеуге бар да, өш алуға жоқ, қиқарлығы болғанмен қиянаты жоқ, өр мінезді, терең ойлы азаматтың, кемел жазушының қадір-қасиетін айта берсе ұзақ әңгімеге айналар еді. Оралхан айтатын еді: «Әлемдегі мақтаулы әдебиеттің айдарынан жел ескен шоқ туындыларын жұтынып-ақ қолға аламын. Амал қайсы, қызықтырмайды. Бәрі баяғыдан белгілі дүние сияқты, таңқалдырған емес. Содан соң ой айтқан тұстарын шолып, аттап-бұттап, парақтай бастаймын. Ал, керісінше, танымдық әдебиеттер көп тартады. ...Өзім де соларша жаза алатын сенім мен сезімге неге басым екен менде...». Оралхан айтатын еді: «Мен замандастарым ішіндегі білімдарлығы жоғары, әдебиет ауылына Әуезовтық дайындықпен келген екі жігітті бөлекше атағым келеді. Олар – Әбіш Кекілбаев пен Мұхтар Мағауин».

Оралхан айтатын еді: «мен әр шығармамды жазуға отырған сайын ең алғашқы әрі ең ақырғы шығармаға кіріскендей толқып, жүрексінемін», Оралхан айтатын еді: «Халықты қалқан тұтатындар бар, халыққа қалқан болатындар бар» деп. Иә, Оралханның айтатыны көп еді... «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» деген сөз Оралханға түп-тура келді. Қыздар институтын бітіріп, ауылда мұғалім боп жүрген кенже қарындасы Мәншүктің дүниеден ерте кеткеніне Оралхан қатты қайғырды. Мәншүкті аузынан тастамайтын. Мұның алдында Әймен деген әпкесі көз жұмды. Көп сөзі жоқ, шаруа баққан әкесі Бөкей де дүние салды. Одан кейін үнемі денсаулығын ойлап, аландап жүретін ауылдағы анасы Күлия да көз жұмды. Бұл аз дегендей, өзі Қырымдағы санаториде демалып жатқанда аяулы жары Айман Алматыда күтпеген жағдайда өзін өлімге киды... Бірінің артынан бірі жеделдете дүние салған аяулы жандардың қазасы Оралханның жанына қатты батқаны сонша, тағдырына налып, күйініп, күйзелген еді. Қамықса да, қиналса да – бәрі іште. Аузы берік, сыр айта қоймайтын. Кейде оңашада «маған салған тағдырдың талқысы көп еді» дейтін.



Өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген «Жазушы күн-делігінің» 27 ҮІІ 92 деп таңбаланған бетінде ол былай дейді: «Бүгін таңертен ертемен Семейге ұшуым керек еді... бара алмадым. Қырықтың бесіне келгенде құдайдан жалбарынып жүріп, бір ұл (Айхан), бір қыз (Айжан) сұрап алдым. Маған деген тағдырдың талқысы көп еді... енді-енді еңіреуден есімді жиып, шүкіршілік айта берген кезде аузымнан түсіп қалған ботақаным – Айжанымның бүйрегінде жазылуы екіталай ауру бар деген ауыр сөзді естідім. Сең сокқандай емес, қалың сеңнің астында қалғандай халдемін. Көзімде жас... көңілім үйдің пешіндегі үілдейді... құр сұлдерім... не істеймін?! Қайда барамын? Қарағым-ау, жүрегімді қақ айырып, қаңыраттың-ау! Қайтейін? Қайсыбірін айтайын? Өзімді алып, баламды қалдырсаңшы, Аллам».

Алланың әмірі, тағдырдың жазуы солай болды ма, арада жыл өтпей, яғни 1993 жылы мамырдың 17 күні Оралхан Бөкей жасы елуге толуға аз қалғанда өмірден өтті.

Тұрсын Жұртбай, жазушы:
ЕТБАУЫР

Адамға адам етбауырындай боп бауыр басып өмір сүруі мүмкін дегенге кексе тартқан түйсік пен суық тартқан бауыр сендіре қоймас. Бірақ оның тірі кезіндегі менің оған деген ессіз ықыласым сондай риясыз, алғаулы сезімге толы еді. Соның сартабы мен татынан, сол бір беймезгіл зауал таңда Несіпбек жарықшақ дауысымен: «Ағаңнан айырылып қалыппыз», – деген шақтағы өтім жарылып кеткендей боп тұла бойымды жайлаған ащы уыттан жиырма жыл өткен соң да арыла алмай, қаламды енді ғана қолыма алып отырмын. Мұндай суыт та суық естіртуді естігенде тыныс ала алмай, булығып қалдым. Бір кезде құрғақ ауа өксікпен қоса парлаған жас араласа сыртқа төгілді. Іле Қалихан (Ысқақов) ағаның: «Естідің ғой, тез одаққа кел. Мәйітті жөнелтудің қамына кірісуіміз керек», – деген абдыраған дауысын естігенде барып есімді жидым. Сонда ғана барып оның бұл сапарға тосын әрі сүлесоктау күйде ықылассыз аттанғаны көз алдыма келді.

Соңғы уақытта оның мінезінен оған жат шарасыз салғырттық аңғарылып қалатын. Өзін бұрынғыдан да оңаша, тұйық ұстады. Ұшыраса қалғанда кеудесін сәл шалқақ ұстап, көзін аспанға қадап, бейне бір суретке түсетін адамдай сұлық тұрып қалатын. Ешқандай



жауапсыз үнсіздікпен сөзіңді тыңдап, бір сөзбен жауап беріп, басын бір шайқап қойып жүріп кететін. Кейде, одақта, театрда, не қонақта болсын, терезеден сыртқа ұзақ қарап, кілт бұрылып жүріп кететінін жиі байқап жүрдім. Біріне бірі ұласқан, айналасы екі-үш жылдың ішінде әкеден, шешеден, апайдан, қарындастан, жарынан айырылып, жалғыз басы сопиып қалған, кеудесіне толған шерді төгіп алатындай өзін-өзі ауырлап, адымын ауырлап басқан зауалды шақта да мұндай мінезі байқалмаған. Ол мұндай зауалды өзінің жалғыздығын көңіл аңсарына айналдырып алғанынан көріп: «Сен балаңнан да айырылып көрдің. Мен де ол да жоқ. Мұңға әуейі болмау керек екен. Ол бұлт сияқты, мұңға мұң шақырады екен. Мен, міне, енді шын шерменде болдым», – деп жұмыстағы жазу столының үстіндегі әйнегінің астындағы Айманның суретіне мұңая қараған. Әйнектің қалтарыстау бір бұрышынан мінезі де, түрі де өзінен аумайтын, еркешора қарындасы марқұм Мәншүктің ауылда түсірілген шағын суретін байқап қалдым. Кеудені сазытқан ондай аяңды сары мұңды дүниеге келген шикіөкпелер – Айхан мен Айжан сейілтетін шығар деп ойлағамын: «Зарығып көргендіктен шығар, күндіз-түні көз алдымнан кетпейді. Құмарым қанбай жылап тұрып иіскей беремін. Көз алдымда тұрмаса көз жазып қалатындай үрейленемін. Бұл сезімнен арылу керек шығар. Әзірше, ұзақ күттім ғой, құмарымды баса тұрайын деп жүрмін», – дейтін ақталғандай боп. Оның санасына ұялаған мұндай табиғи қарама-қайшы ойлардың еш ерсілігі жоқ сияқты еді. Мен оны басқаға, яғни, өзгерген ошақтың райына жорығамын. Соңғы жылдары тек жұмыста ғана тіл қатысып жүрдік. Бұрынғы елжіреп, өзімсініп тұратын жан жылуы салқын тартқандай еді. ...Жол жүретін күні кеңсесіне бардым. Кірімді-шығымды кісі боп, терендеп кете алмадық. Екінтіге орай Делиге ұшуы керек. Барға барып кофе іштік. Түстікке үйіне бармай қолжүгін жүргізушісі Махмұдқа алдырды да, иығына асып жалғыз өзі әдеттегідей басын көтере ұстап көлікке беттеді. Ешкім шығарып салмады, оған өзінің де ықыласы болмаған сияқты. Аэровокзалдан Талғат (Кеңесбаев) күтіп алмақ көрінеді... Жазушылар одағының есігінің алдына тұрып көзіммен шығарып салдым. Әдетте бір-екі ауыз емеуіріні болушы еді. Ол да жоқ. Ұзын шашы иығын жапқан жотасын беріп теріс қарап жүріп кетті. Қайтып оның беті бері қарағанын көру маған бұйырмапты.



...Қарашаның бір кешінде театрға бардым. Спектакльден соң Ор-ағаңды көріп қап, сәлем беріп ем, жанына сымбатты, аялы жанарлы, шашын түйген ажары ашық келіншек келіп, қолтығынан ала берді: «Мына сұлу келіншек менің әйелім. Аты – Айман. Көзін қарашы, көрдің бе, қандай аялы, жуылған мойыл сияқты. Мұндай аялы көз Алматының келіншектерінде жоқ. Ал мынау менің бауырым...», – деді сондай бір масаттанып. Бірінші Алматыда, Сейфуллин көшесінің бойында пәтерде тұратын кезі. Аялдамаға шығарып салдым. Сөйтіп, аяулы Айман жеңешеммен де таныстым. Мұның өзі арамыздағы жылылықты бұрынғыдан да мейірлендіріп жібергендей болды. Желтоқсанның екінші жартысында университетте М.Әуезов үйірмесінің дәстүрлі әдеби кеші өтті. Бес жүз адамдық мәжіліс залында ине шаншар орын жоқ. Мұқағали мен Тұманбайдан соң жастарға кезек берілді. Кеңшілік өзінің әйгілі «Көк өгізін» оқыды. Бір уақытта Бекділда шығып: «Арамызда шашы ұзын шала Шекспир, толмаған Толстой пайда болыпты. «Алтай қазақтарының тілі» деп, Сәбит Мұқанов айтқандай, қытай қазақтарының тілімен қайдағы бір қияли кейіпкерлерді суреттейді. Бурамен поезды соғып, рельстен шығарғысы келеді. Көнені аңсап, қамшыгерді жазады. Мына дүниеауи құбылыстан хабарсыз көл жағасында жалғыз мекендеген, өзінің абыройын төгіп алғанын сезінбейтін қызды суреттейді. Дафнис пен Хлояны, «Қорғансыздың күнін» жаңғыртқысы келеді...», – деп өрекип сөйледі. Ол кезде Бекділданың да бас асауы басылмаған шағы еді.

Зал дуылдап кетті. Шешен мінбеден түсер түспестен Ор-ағаң орынынан көтерілді. Сұлтанғали Садырбаев ағамыз: «Оралхан! Ораш! Сабыр! Сабыр!», – дегеніне карамастан сұқ саусағын шошайтқан күйі мінбеге шықты да: «Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов: ит қапты деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады деген екен. Мен де аузымды былғағым келмейді», – деп мінбеден түсті де, басын шалқайта ұстап қайқая адымдап сыртқа шығып кетті. Зал үнсіз тынып, Ор-ағаңның соңынан көзімен ұзатып салды. Ол сол мінезімен шешеннің де, кешті жүргізушінің де, тыңдаушылардың да мысын басты. Бұл – әдеби ортадағы айтысты тұңғыш көруім еді, дымым шықпай қалды. Сөйтсем, ол өзі кәдімгі пікір алысудың қалыптасқан желісі сияқты үйреншікті жай екен. Қыс айларында «Ұйқым келмейді» атты ұзақ әңгімесі жарияланды. Кәнігі



оқырмандар: Оралхан өзінің басындағы уайымын жазған – десті. Қандай уайым? Үй алды. Құттықтап барып ем: «Балам болғанда ғой мен де үш бөлмелі пәтер алар едім», – дегені. Жүрегім шым ете қалды. Айман жеңешемнің аялы жанары мұңға толып тұратыны елестеді. Терезеге көзі жасаурай қарайды. Менің көзімнен де бір тамшы жас мөлт ете қалды. Орнымнан күбірлей қоштасып, сыртқа шыға бердім... Өмір кіл мұннан тұрмайды ғой. Көңілді, күншуақ сәттер де көп болды. Алайда сондай шақтарда Ор-ағаңның дауысын шығарып қарқылдап күлгенін естімеппін. Ақырын ғана мырс етіп, ішінен күледі екен.

...Жыл сайын «Жұлдыздың» жұлдыздары жаңа жылды Алматы қонақүйінің мейрамханасында қарсы алады. Бұл өзі бір жыл сайын аңсап күтетін күн еді. Үй-ішілеріміз де араласып, бір-бірін танып, жақын араласуға негіз қалады. Сол күні Бекежан Тілегеновтен басқа ән айтып, өнер көрсетпейтін адам болмайтын. Тек қана Ғафакеңнің өзі ғана айтатын Қасымның «Дариға сол қыз» әні қандай еді. Ор-ағаң «Алтайдың әні былай...» – деп «Ахой, аха-хоуга» салатын. ...Ор-ағаңның «Біздің жақта қыс ұзақ» атты хикаялар жинағы шықты. Жыл қорытындысында жеңіл-желпі ғана аталды. Мемлекеттік сыйлыққа кезекті шығармалар ұсынылды. Ең соңында Ор-ағаң екпіндей мінбеге көтеріліп: «Жолдастар! Биыл Оралхан Бөкейдің «Біздің жақта қыс ұзақ» атты хикаяттар жинағы жарық көрді. Ұсынған шығармалардан бір артық-кемі жоқ. Қайта құрудың нақты тынысы бар. Мен сол дүниені ұсынамын. Ұсынысты хаттамаға қосып, дауысқа сауларыңызды өтінемін», – деді де түсіп кетті. Сол жинақ хаттамаға кіргізілді, одақтағы талқылаудан өтті, мелекеттік сыйлық та алды. Міне, бұған ол кісінің актерлік қабілеті әсер еткені анық. Шығармалары Мәскеуде аударылып шыға бастады. Осыдан кейін Ор-ағаңның өміріндегі жаппай сәтсіздік кезеңі басталды.

Мен Жазушылар одағынан Ғылым академиясына ауысқандықтан да кездесу де сиреген кез. Қырымға кеткенін білемін. Әлдебір жұмыспен бірінші мамыр мерекесі қарсаңында одаққа кіріп бара жатқанымда қарсы алдымнан Айман жеңешем шыға келді. Қуана амандасып ем: «Мына кісі менің папам. Соны дәрігерге қаратып жүрмін. Кіре кетейінші деп келіп ем...» – деді де, кенет үлкен жанары жасқа емес, сондай бір өкінішті мұңға толып кетті. Үлкен кісінің жағдайы үмітсіз болды ма екен деген оймен: «Жазылып кетеді.



Алаңдамаңыз. Аға келген соң бәрі де реттеледі», – дедім албырап. «Ағанды енді көрмеймін... Қош», – деді де әкесін қолтықтап сыртқа беттеді. Төбе құйқам шымырлап кетті. Әлібектен, Дидахметтен мардымды жауап алмадым. Тек Қуанышбай аға ғана: «Қиын боп тұрғаны рас. Оралхан ағанның өзі демалысын бітірмей, мерекеден соң келеді. Соған дейін шыда...», – деді телефоннан. Шынымен, ақсақал үмітсіз бе, әлде... Бір тікеннің жүрекке қадалғаны рас еді. Тағы да таңертең, тағы да сол дауыс: «Одаққа тез жет. Айман жеңешең оқыс қазаға ұшырапты», – деді. Қуанышбай ағаның: «Екі-үш күн болды, Айманның қасындамыз», – деген дауысы қатты алаңдатып еді. Мерекеден соң Айман жеңешем қызметке, ол кісі үйіне кеткен. Содан кейін Айман жеңешем пайғамбардың ақ жолынан адасып, ажал баспалдағын аттапты... Қалиқан ағаның бөлмесіне кірсем, Қал-ағаң, Әлібек, Дидахмет, Несіпбек төртеуі үрпиісіп отыр: «Үйдің есігі берік. Сені күтіп отырмыз інісі деп. Есігін ашайық...», – деді Қал-ағаң. Несіпбек одақта қалды. Төртеуімізді көршісі Сайымжан Еркебаев қарсы алды. Кілтті менің қолыма берді. Бөлме сол қалпы. Жүгіріп Ор-ағаңның жазу бөлмесіне бардым. Ашық ақ қағаздың бетіне: «Ораш! Қош бол, Ораш! Бақыт тілеймін. Мен саған толық бақыт сыйлай алмадым. Ораш! Не істедің? Рас па? Қош, Ораш. Енді мен саған жоқпын. Қош. Айман», – деген мазмұндағы жазуды оқыдым. Қал-ағаңды, Әлібекті, Дидахметті сол бөлмеге шақырып оқып бердім де, хатты Қалихан ағаға ұсындым (ол хат кейін прокурордың тергеу ісіне тіркеліпті). Төртеуіміз сол бетінде Ленинград көшесінің бойындағы №4 емхананың мәйітханасына бардық. Қайран аймаңдайлы Айман жеңеше! Кезекші хирургке жолығып едік: «Емханаға келгенде есі кірді. «Бәріне де өзім жазықтымын. Ешкімді кінәламаңдар», – депті. Аман алып қалудың мүмкіндігі болмапты.

Ертеңінде еңіреп Оралхан ағаның өзі жетті. Мұны көріп, дауысын естіген адам, оны жеткізуге «ботадай боздады» деген сөздің аздық етерін мойындар еді. Содан бастап Ор-ағаң қабақ көтеріп қана амандасып, жақын сырласуға бармай, мені шеттете бергендей болды. Бастапқыда түсінбедім. Соңынан естідім. Үйленіпті. Айхан келді дүниеге, Айжан келді дүниеге... Кеңсесіне барғанымда әйнектің астынан Айман жеңешемнің суретін көретінмін. Шығармашылық туралы айтсақ та ашылып кетпей, тұйықталып жүрді.



Делиге ұшарда ...көңілсіздеу күйде аттанып еді. Оралхан да өтті өмірден. Сол кезде етбауырындай жабысып үйренген жалғыз мен ғана емес, бүкіл қазақ даласы өкісіп тұрғандай сезілді. Екінші өмірі ешкімге салмақ түсірместен тілеулестерінің арқасында мәңгілік жолға түсті. Шындығын айтсам, Оралханның балалары Айхан мен Айжан бізді жатырқап өседі-ау деген ой ешкімнің қаперіне кірмеп еді. Сағыныш пен мұңға аңсары басылмаған ғұмырдың іңкәрінің нысанасындай болып олар да ер жетті. Ұзақ ғұмыр, толық бақыт берсін. Ғалия қарындасыммен жақын араласа бастағаннан кейін сол өксігім жеңілдегендей болды. Жиырма жыл бойы сан оқталып жаза алмаған естелікті де жаздырған да сол басылмаған өкісі.

(естелік қысқартылып алынды)

«Айқын».

Ақпан. 2013

ШАҒЫН ЖАНРДЫ ШЫҒАРМАҒА СЫЙДЫРҒАН ТАЛАНТ

«Алыста қалған балалық шағым... Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтап жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтандаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін», – деп басталушы еді, бала кезімде оқыған «Жусан исі» деген повесть.

Авторы Сайын Мұратбеков. Шығарманы оқи отырып, күрсінбеген, көзіне жас алмаған оқырман кемде-кем-ау. Шағын жанрдың шебері атанған жазушы Сайын Мұратбековтың мықтылығы да сол, оқырманынын самарқау қалдырмайтын. Бірге жетелейді, күрсіндіреді, күйіндіреді, қуандырады. Сонау қолға кітап алып, оқи бастаған шақта-ақ. Анау «Жабайы алма», «Басында Үшқараның», «Жусан иісі» «Менің қарындасым» тағыда басқа туындыларын бас алмай қайталап оқи беруші едім. Бөлек дүние-тұғын. Кейінен ҚазГУ-дің журфагіне түскен соң бірнеше мәрте жазғандарымды Жазушылар одағына апарып жүріп, Сайын ағаны сұрастырғанмын. Ойым жақын танысу еді. Үлкен жазушыны көргім келген. Тіпті шығармаларындағы кейіпкерлер өмірде бар адамдар ма, жоқ,



киядан туған жандар ма, соныда білгім келген. Бірақ ол кісімен кездесе алмадым...

Бірақ Сайын Мұратбеков мен үшін жазуы бөлек, мықты қаламгер ретінде қала берген. Әліде үйдегі сөреде тұрған кітаптардың ішінен ол кісінің жазғандарын құмарым қанбаған адамдай қайтадан отырып оқи беремін. Сонау алыста қалған ауылға қарай жетеуші еді, Сайынның әңгімелері... Ауылды, жүйткіп өте шыққан бала дәуренді сағынушы едім...

«...Аяның ертегі айтатындығы Сайынның өзіне аздап келеді. Бірақ, Аяның прототипі бар. Ол – ауылда тобығы тайғандықтан, аяғын қисандатып, сәл ішіне басатын Ұзақбай деген бала. Сол баланың тағдыры шығармаға арқау болған. «Жабайы алмадағы» Қанат та өмірде бар адам. Қанаттың тағдыры – Сайынның ауылындағы Науқан деген баланікі. Оның да әкесі соғыста қайтыс болған. Шешесі соғыс уақытында колхоздың жұмысынан зорығып өлген. Қазір Науқан ауылда тұрады. Ақсақал болды. Он алты баласы бар. «Жабайы алмадағы» балалар Сайынның ауылындағы «Қызыл жұлдыз» бригадасының балалары. Ал «Басында Үшқараның» деген әңгімедегі Әсет – Сайынның өзі. Бір жылы Бердібек Соқпақбаев, Тахауи Ахтанов, Сайын үшеуі Қапалдағы Сайынның атасының жайлауын аралап, Бұрхан бұлаққа барып қайтқан. Келгеннен кейін ойыма бірденелер келіп жүр. Бір шығарма жазсам ба екен деп жүрді. Келер жылы Әкім Тарази өз ауылының жайлауына шақырып кетті. Содан келді де, күзге салым «Басында Үшқараның» әңгімесін жазып шықты. «Мұң жапырақ» деген повесі болатын. Шағын үзіндісін бір журналға жариялаған да: «Аса жақсы жазылған жоқ. Өзіме ұнамады», – деп жүрген. Бірде үйге кірсем пештің алдында керек емес қағаздарын, біраз қолжазбасын бұрқыратып жағып отыр. «Мұның не?» – десем, ««Мұң жапырақ» жақсы шыққан жоқ. Өртеп жібердім. Ойланып қайта жазармын», – деді. Бірақ, қайта жазуға отыра алмады. «Енді бір үлкен дүние жазсам, соған отырсам», – деуші еді. Үлгермеді...» деп еске алады жазушының жары Мәриям апай «Ақ желкен» журналына берген сұхбатында. Сайын Мұратбеков өткен ғасырдың 50- жылдарының соңы, 60- жылдардың басында әдебиет көшіне өзіндік қолтаңбасымен келген талантты қаламгер. Шоқтығы биік «Жабайы алма» романы үшін Мемлекеттік сыйлық алды. Сайын аға бар болғанда биыл жетпістің жетуіне толар еді...



Қалихан БИҚАҚ, жазушы, драмтург:

– Сайын Мұратбековпен таныстығым ол Алматыға келген соң басталды. Оның алдында хат арқылы жазған дүниелерін жіберіп тұратын. Мен «Лениншіл Жас» газетінде әдебиет бөлімін басқарушы едім. Алайда оның дүниелерін көбіне жарата алмайтынмын. Себебі, Сайынның жазғаны менің талғамынан шықпады. Тым қарапайым, тым қарабайырлау болып келетін. Кейіннен Әбу ақсақал (Сәрсенбаев) Сайынның сол кезде жазғандарын сүйрелеп жүріп жинақ етіп шығарып берді. Сол кітап қолыма тиген соң ғана, оның жазу стилі, мәнері сәл өзгешелеу екенін ұқтым. Жүре келе біз қатты араласып кеттік. Сайын, Әкім Тарази, Рамазан Тоқтаров, Қабдеш Жұмаділов бәріміз жақсы достар болдық. Жұрт бізді бес «тапал» деп атайтын. Сайын «Әй мені «тапалға» қоспаңдар мен сендерден бір-екі сантиметр болсамда биікпін» деп қалжындайтын. Сондайда Сәкен Жүнісов: «бір-екі сантиметр тұрмақ он сантиметр болсаңда бойшаңға жатпайсын» деп қағытатын. Біздің топқа ақындардан Жүмекең Нәжімеденов, сыншы Зейнолла Серікқалиев қосылды. Асқар Сүлейменов ол да бар. Достыққа адал едік. Сырымыз да, жырымыз да ортақ еді. Қазір жазушылар арасынан ондай органы көріп жүрген жоқпын. Жазғандарымызды газетке, баспаға бермей тұрып бір-бірімізге оқытып, кем-кетігі болса түзеп, сын айтып отырушы едік. Біріншіден жазғандарымыздың олпы-солпы жерлерін жұртқа көрсетпеу, екіншіден ол кезде цензура деген болды, жазғандарымыздағы саясатқа томпақтау тұсын жонып, өткізіп жіберетінбіз. Бір жылдары біз тобымызбен жиналып киностудияға бардық. Ол жерде жеті-сегіз жыл қызмет еттік. Айманов, Бегалин, Қарсақбаев секілді тұлғалар дүниеден өткен соң, Олжас Сүлейменов: «Проза мен поэзияның сарайы бос қалыпты, соны толтыру керек. Жігіттер енді үйге қайтайық» деді. Тобымызбен жиылып Жазушылар одағына қайтып келдік. Кейінен Олжас Одақты басқарды. Біз келгенде Жазушылар одағын Әнуар Әлімжанов пен Ілияс Есенберлин басқарып тұрған-ды. Сол адамдар бізге сүйеу болды. Әсіресе Сайынға Әнуар Әлімжанов көп қолқабыс етті. Ол бір шатаққа ұшырап қалған кезде де Әнуар сүйреп алып шықты. Қысқасы Сайын Мұратбековтың қалың оқырманға кеңірек танылуында Әлімжановтың орны ерек еді.



Оны мойындау керек. Жазушылығына келетін болсақ, ол сол кездегі қалам ұстағандардың ішіндегі үздігі еді. Оған талас жоқ. Мен Жазушылар Одағында 24 жыл үздіксіз жұмыс істедім. «Ақсу жер жанаты» деген романды жазып жатырмын» деп сөз арасында айналамдағыларға айтып қалатын-мын. Содан бірде, «мынаны жазушылар одағынан қуайық. Кітабын жазсын. Келісімге отырып, 25 пайыз ақшасын беріп қоялық» демесі бар ма? Ол кезде Сайын «Жазушы» баспасының директоры еді. Содан мен бір жылға демалыс алып, романды жазуға кеттім. Соған жағдай жасады. Одан кейін Мәскеу бардық, оқыдық дегендей. Қайда жүрсекте бір-бірімізге қамқор, сүйеу болып жүрдік. Керек десеңіз, асудың өзін бір үйден ішетінбіз. Кейде Сайынның, кейде бізден, кейде Рамазанның үйінен дегендей. Сайынның «Жабайы алмасы» керемет дүние ғой. Жалпы оның шығармаларын бірінен-бірін бөліп алуға болмайды. Бәрі сарындас. Кейбіреулер «Мемлекеттік сыйлықты неге кеш алды?» деп сұрап жатады. Оның әр түрлі себебі болды. Арамыздан Қабдеш сыйлықты бірінші болып алды. Ол кезде біздің мынадай әдетіміз бар-тұғын. Барлығымыз кісі көбейіп кетпесін деп, сыйлыққа деп құжаттарымызды тапсырамыз, жеме-жемге келгенде, құжаттарымызды алып кетіп, өз ортамыздан бір адамды қалдыратын едік. Сөйтіп жүріп уақытты біраз өткізіп алдық. Сайында, Әкім де, Менде Мемлекеттік сыйлықты кеш алдық. «Осылар-ақ алып болсыншы. Таласып-тармаспай-ақ қоялық. Уақыты келер» деп жүрдік. Бір жағынан өзімізге сендік. Өйткені бізден қара үзіп, дара шыққан таланттар кем. Ақыры алдық қой. Мәселе сыйлыққа тіреліп тұрған жоқ. Ең бастысы оқырман таныса, шығармаларымыз шаңға көміліп бір бұрышта үйіліп жатпаса болды да. Сайын өмірде бір тоға, жайлы адам секілді көрінгенмен жұмысқа келгенде қатаң еді. Намысшыл еді. Бірде мен болған жоқпын. Әкім, Рамазан үшеуі мейрамханада отырған ғой. Сол жерде көкірегі жерде жоқ, астамсыған бір негрді майлы құйрықтан бір теуіпті. Жыны келген болуы керек. Өлгі шағымданып, милиция келіп Сайынды алып кетіпті. Соның кесірінен бір-екі ай қызметсіз жүрді. «Сайын-ау, Сайын, келемін десең орның дайын. Келмеймін десең, енеңді ұрайын» деп әндететініміз сол кез. Бірде сонау Есік шаһары жағынан саяжай алдық. Алдымен алғаны сол Сайын. Қалай жұма, сенбі болады.



Жиналып алып тобымызбен сонда кетеміз. Дүйсенбі күні кері қайтамыз. Сол Сайын, Қабдеш, Рамазан, Әкім. Ол бір қызық дәурен еді. Өтті, кетті. Не дейін?.. Жастықтың буы бар кезде осы жігіттер бірге жүрдік. Арамыздан қыл өтпес дос болдық. Өкініш жоқ өткенге. Бұлардың қай-қайсы да үлкен талант иелері еді. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, салмақтары бар қаламгерлер. Сайын дегенде, көз алдыма жастықтың буы бұрқырап бірге жүрген күндер келеді. Досқа адал еді, қаламы қарымды талант еді. Жазмыштан озмыш жоқ деген осы. Қайтейін...

Смағұл Елубаев, жазушы:

– Сайын ағамен мен 1967 жылдың көктемінде таныстым. Ол кезде КазГУ-дің бірінші курс студентімін. Оның алдында «Жұлдыз» журналуына Сайынның «Таңғы шық» деген әңгімесі басылды. Сол дүние маған керемет әсер етті. Содан бастап ол кісіні көрсем, таныссам деген бір арман оялды. Бірінші курс студенті болсақта сол кезде редакцияларға, жазушылар одағына жиі барып, жазғандарымызды көрсетіп, ондағы жазушы ағаларымыздан ақыл-кеңес алып жүретін едік. Бірде Жазушылар одағына бара қалдым. Бір есікке кіріп жазғандарымды көрсетіп шықтым. Сосын дәлізде кездескен тағы бір адамнан Сайын Мұратбековтың қайда отыратынын сұрадым. Ол «анау өзің шыққан есікте отырады» деді де жөніне кетті. Сөйтсем әлгінде мен ақыл-кеңес сұраған адам Сайын болып шықты. Қайтадан кіріп қолын алып жатырмын. «Аға танымай қалдым» деп кешірім сұрап қоямын. Шашы бұйра, өңді жігіт екен. Сол таныстықтан кейін ол кісінің өмірінің соңына дейін мен іні, ол аға болып қатты араластық. Достыққа өте адал адам еді. Дара талант еді. Әдебиеттегі ұстазым еді. Қазақ әдебиетінің жауһарларына айналған туындылары жетерлік. Соның ішінде мен үшін «Жабайы алма», «Басында Үшқаранын» деген дүниелері алабөтен. Алғашқы таныстықтан кейін жазғандарымды сол кісіге көрсетіп алып отырдым. Жақсысын, жақсы, әлсізін жөнде деп жазу күдіреті, сөзің сыйқыры жөнінде біраз көсіліп әңгіме айтатын. Алғашқы әңгімелерімнің жарық көруіне Сайын ағаның көмегі болды. Жасырып қайтемін. 1972 жылы үйлі-баранды болдым. Пәтерде тұрамыз. Кішкентайлы едік. Бірде Сайын ағаға барып баспана жөнінде мұң шақтым. Әрине оны өзімнің ұстазым



Зейнолла Қабдоловқа не болмаса киноматография комитетінде қызмет етіп жүріп, бастығым Қалтай Мұхамеджановқа айтпадым. Неге екені қайдам, Сайын аға маған әлдеқайда жақын, сырлас қаламгер еді. Сол кісіге жеткіздім. Сайын ағаның ерекше бір қасиеті «көрейін», «ертең» не болмаса «тағы бірде сөйлесейік» деп ешқашан айтпайтын. Сол күні түнде сол кездегі Кинматоргафистер одағының директоры, досы Камал аға Смайыловқа барып, мен жөнінде сөйлескен екен. Көп ұзамай екі бөлмелі пәтерге ие болдым. Бұл Сайын Мұратбековтың маған жасаған үлкен бір жақсылығы еді. Оны ұмытуға болмайды. Ағаларға қарыздармын. Амал қанша, Сайын аға ерте кетті. Өмірінің соңында сусамыр дертіне тап болып, берер жыл көзі мөлдіреп төсек тартып жатып қалды. Қатты қиналды. Қолдан келер қайыр жоқ. Жалпы қазақ әдебиетінде шағын жанр, әңгіме жанрын шыңға шығарған сөзсіз дүлдүл Бейімбет Майлин еді. Оның жолын қумаған, ықпалына түспеген жан прозада кемде-кем. Бәрімізді Бейімбеттің шекпенінен шықтық деп айтуға болады. Сол Би-ағанның жолын қуған, шағын жанрға бүкіл өмірін арнаған жалғыз жазушы болса, ол Сайын Мұратбеков еді. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әңгімесін жаңа белеске көтерген осы қаламгер десем қателеспеймін. Мен Сайынды мақтағым келмейді. Кез келген көзі ашық оқырман оның прозасына көз жүгіртсе, оның ірі талант, жазғандары шетінен дүр дүние екеніне көз жеткізер еді. Төсек тартып жатқанда соңғы уақытта жазған екі әңгімесін қайта қаруға мүмкіндігі болмай жатқанын өкінішпен айтып қалып еді. Ол әңгімелері жарық көрді ме, жоқ па, ол жағы маған белгісіз...

«Айқын».

Наурыз. 2013

ҚАЙДАСЫҢ, МАҒАУИЯ?..

«Арай» журналына жаңадан жұмысқа тұрған кезім. Бір күні журнал қызметкерлері күншуақта темекі тартып тұрған еді.

– Қалайсыңдар? – деген гүр еткен дауыс естілді. Жалт қарағанбыз. Қияқ мұрт қойған, еңселі, иықты жігіт ағасы екен. Жанымдағылар жапырласып амандасты. Бұрынан танытын секілді.



«Гүлбайраш осында ма?» – деді де, ішке еніп кетті. «Мағауия деген үлкен суретші, Гүлбайраш апай осы кісінің жары» десті, жанымдағылар.

Одан кейін Мағауия ағаны осы редакция қабырғасынан бірнеше рет көрдім. Кейін басқа жұмысқа ауыстым. Сонда жүріп «қазақтың маңдайына біткен үлкен суретші із-түссіз жоғалып кетіпті» дегенді естідім.... Нағыз кемеліне келген шағында, нағыз бойындағы барды еліне берер кезде жоғалды. Амал қанша? Өмірде өз бағасын ала алмай кеткен, дарынды жанның бірі де бірегейі, қылқалам шебері біз әңгімеге арқау етіп отырған осы Мағауия Аманжолов еді. Пешенеге жазғаны сол болды ма, дарынды суретші айдың, күннің аманында, шеберханасынан шыққан бойда жоғалып кетті. Бұл – 1995 жылдың 15 тамызы еді.

Содан бері оны көрген ешкім жоқ. Үлкен талант иесінің ойда-жоқта жоғалуына кім кінәлі, не әсер етті? Бұл – жұмбақ. Дегенмен болжам жасауға болатын сияқты. Мағауия бір емес бірнеше рет мемлекеттік деңгейдегі сыйлыққа ұсынылды. Біріншісі – Қазақстан комсомолы сыйлығы еді. Бірақ бәзбіреулердің тарапынан тосқауыл қойылды. Сыйлыққа ұсынылғандардың қатарынан оның аты-жөні алынып тасталады. Екіншісі – Мемлекеттік сыйлық болатын. «Дала дидары» атты ұштағаны аламан бәйгеге түскен. Даусыз дүние еді. Оның күдіретті суретімен таныстар «сыйлық сенкі» дескен. Амал қанша, бұл жерде де батыраштар мен қотыраштар табылды. «Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым, Ұстай алмадым, өткізіп алып уақытын. Сансырап, шаршап жүргенде, біреу тап келіп, Қақты да кетті айылы мықты, аты тың...» деп Мұқағали айтпақшы, Мемлекеттік сыйлық бұған емес, өзгеге бұйырды...

Сексенінші жылдардың басында атақты «Ақтабан шұбырынды» картинасын жасады. Іргелі дүние еді. Соның жалғасы ретінде 86-шы жылы «Құйын» деген сурет салды. Сол тұста кейбір көре алмайтын, мұның талантына қызғанышпен қарайтындар Мағауияны «үш әріптің» адамдарына ұстап беру үшін, «әбүйірін құйын ашқан жалаңаш қыздың аяғының астына екі-үш сойылшоқпарды тастай сал. Қызыл империя солдаттары зорлаған екен деген түсінік береді. Суреттің маңызын аша түседі» деп кеңес беріп, арандатуға да ұмтылды. Мұндай пасық ойлы достардан



жаны нәзік суретші күйзелмеді дейсің бе? Дос көріп, әріптес көріп жүргендердің арам пиғылын байқап, жан жүрегі жылады, әрине. Одан кейін тоқсаныншы жылдардың басында «Түркияға апарып көрме өткіземіз» деп бірнеше түрік мұның он бес шақты картинасын көтеріп Түркияға алып кетті. Содан хабар болмады. Айдың- күннің аманынында қанша уақытын сарп етіп, жүйкесін жеп, ақ тер, көк тер боп салған бір топ туындысынан айрылып қалғаны, суретшіге үлкен соққы болды. Одан тыс, көре алмайтындар мұның көзін ала бере, бірнеше мәрте салып қойған суреттерін тілгілеп кетті. Мұның бәрі жүйкеге, жүрекке салмақ түсірді. Амалсыз, ащы запыранды сыртқа төгу үшін, ащы сумен дос болды. Жұрт «ішіп кетті» десті... Бірақ оның құсалықтан ішкенін кім түсінсін... Сосын бір күні жоғалып кетті... Бәлкім, «қадірімді барымда түсінбегендер, жоқ болған соң талантымды бағалар» деп ойлағанда болар-ау... Кім білсін? Мағауия Аманжолов 1949 жылы Қарақаралы өңірінде дүниеге келді. Әкесі малшы еді. Бәлкім шетсіз-шексіз сағымға оранған далаға, көгілдір аспанға, көз ұшында бұлдыраған тауларға ғашық болу, оны ұғыну сол бала кезден, қой соңында жүрген тұста басталған шығар. Армияда Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) болды. Қолы босай қалса, шапқылап Эрмитажға баратын. Өнер әлемімен сонда кеңінен танысты. Армияда жүріп, «Мәскеуде оқысам» деген оймен бір топ суретін сондағы суретшілер даярлайтын оқу орнына жіберген. Көп ұзамай «сені оқуға қабылдаймыз» деген хат келді. Бірақ дәм-тұз бұйырмады ма, бұл Мәскеуге емес, Алматыға аттанды. Алатаудың етегінде орналасқан шаһарда оқыды, үйленді, бала сүйді...

Осында жүріп республика тұрмақ, Одаққа танылды. Қарымды суретші екенін танытты. Мойындатты. «Шексіз кеңістік, шетсіз кеңістік, біле тұра талай ұрысып, талай керістік. Мен де сендердей ақымақ екем ғой, мұнымыз енді ұлы кемістік» деп достарына, айналасындағыларға ренжігенде өстіп бір-екі шумақ өлең жазып қоятын еді. Ол тауға ғашық болды. «Тауға тоймаймын» деген керемет картинасы бар. Мені ертіп, қыздарын жетелеп ертемен тауға шығып кететін. Күні бойы сурет салады. Ішіндегісін бүкпесіз ақтаратын. Исі қазақтың данышпаны Абайды салды. Және қалай салды дейсіз ғой. Ешкім ұқсамады. Шоқанды да салды. Көп ізденетін. Шоқанның суретін бір мұрағаттан тауып әкеліпті. Дәл



сондай етіп салған ешкім жоқ. Мағауияның қайсы картинасын айтайын. Көп қой. Амал қанша осындай асқан дарын иесі барында бағаланбады. Қазірде еске алып айтып жүргендер шамалы. Алда алпыс бес жылдығы келе жатыр. Қолымнан келсе көрмесін ұйымдастырсам, елдің есіне Мағауияның атын жаңғыртсам деймін» дейді жары Гүлбайраш Сүлейменқызы.

Уақыт жылжыр. Әлі-ақ келер ұрпақ өткенін бүтіндер. Сол кезде артына өлмес мол мұра қалдырған Мағауия Аманжоловтың да аты аталар. Үлкен дарын иесі болғанын бағалар.

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ, публицист-жазушы:

Мағауия ерте танылды. КСРО Суретшілер одағының мүшелігіне де қатарластарының алды болып қабылданды. Мәскеудің көрмелеріне шығармалары бірінен кейін бірі қойылды. Ойлары тосын өнер адамының өрнегі де бөлек болады емес пе. Сондықтан оның айналасында қылқалам шеберлерінен бөлек – артист, ақын-жазушы, журналистер де көп жүретін. Ол әрқайсының тілін тауып, емін-еркін сырласатын. Қай-қайсысын да жан-жақтылығымен тәнті ететін.

Өткен жылы бір басылымда Әлсейіт Ақпанбеттің шағын әңгімесі жарияланды. Онда гу-гуі басылмайтын, думаны еліктіріп тұратын Алматы сыраханаларының біріндегі оқиға баяндалады. Бір-біріне дес бермей отырған жігіттер қысқа өлеңге бақ сынасады. Сонда сөзді әуелі әдеттегідей ақындар алады. Аяқ астынан шығарған шумақтарын жарысып оқиды. Бір кезде араларында отырған суретшінің де делебесі қозып шыдай алмай кетеді де:

*Шексіз кеңістік, шетсіз кеңістік,
Біле тұра талай ұрысып, талай керістік.
Мен де сендердей ақын екенмін,
Мұнымыз біздің – ұлы кемістік! – деп салады.*

Міне, осылайша ақындардан ой оздырған азамат кім дейсіздер ме? Ол – Мағауия Аманжолов!

Мағауия көз көргендердің бәрінің айтуынша ақын жүректі азамат еді. Керілген кенептегі суреттері қалай сөйлесе, тілі де дәл солай күмбірлейтін. Осы ойымызға жиырма төрт парақтық оқушының көк дәптеріне жазылған мына бір шумағы нақты дәлел:



*Туған жер өзіңді мен сағынғанда,
Бір адым жақындаймын ақындарға.
Бейнеңді оймен тартып салғанменен,
Мен бармасам, ол маған жақындар ма?!*

Ол елін де, жерін де, қазағын да шынайы көңілмен сүйе білді. Сол сезімін әсіре бояу, өтірік өрнексіз тап-таза, тұнба қалпында, асқан шеберлікпен бейнеледі. Осы ерекшелігін былайғы жұрт қана емес, бейнелеу өнерінің майын езіп, дәмін татқан қас шеберлердің өздері де айрықша бағалады. Және бір баса айтатын жай – әріптестерінің ешқайсының дәті жетіп бара бермейтін тақырыпқа батыл барғандығы. Тоталитарлық жүйенің дегені болып, халықтың кешегі бастан кешкен ауыр тағдырын айттырмай, ауыздықтап отырған жетпісінші жылдардың өзінде «Ақтабан шұбырынды» циклына үндестіріп, қазағымның келешегі қалай болады деп асқан күйзеліспен ғұмыр кешкен аяулы арыстарымыз туралы «Құрылтай съезінің делегаттары Орынборға барар жол үстінде» деген полотно жазуы, оны 1986 жылдың Желтоқсан көтерілісі қасіретіне ұластырып «Құйынды» қиуластыруы, солардағы діттеген ойын асқан нәзіктікпен астарлай жеткізіп, көркемдік кеңес пен тіміскілегіш түртпекшілердің ауыр тезінен орайын тауып өткізе білуі ғажап емес пе?!

Бірақ, осы «ғажаптардың» қай-қайсысы да жүрегіне азап жүгі болып артылғаны күмәнсіз. Мәселен, әлгі көк дәптердің бір парағына: «Көңілді шайтан қылды-ау шайтан өмір...» деп жазыпты. Сол жазбалары бітетін дәптердің соңына салым:

*«Мысық қашса тырнағына сеніп,
Жоғары шығар ит жетпейді деп.
Мен неге жоғарыға секірмеймін,*

Балағымнан тістер иттерді көріп...» – деген жолдарын оқыдық. Астында мерзімі көрсетілмепті. Өзімізше, бұл шумақ жоғалып кетер кезінің алдында кестеленген ойы болар деп ұқтық.

– Қайран, Мағауия! – дейміз біз бүгін. – Шеңберге сыймай тірлік кешіп, шеберлігін әбден шыңдалған, қай тақырыпқа да именбей бара алатын тәуелсіз уақыттағы таңғажайып дүниелеріңді көрсете алмай араманда кеткенің-ай!..

1996 жылы жарық көрген «Арай» журналының бір санында



«Қайдасың, Мағауия?» деп іздеу салған мақала жазып едім. Әлі де сол ниеттемін. Сен өлмегендей көрінесің. Олай болатыны, өлгеніңді көрген, көмілгеніңді көрген пенде жоқ.

Бар бол, Мағауия!

Тұңғышбай Жаманқұлов, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, актер, режиссер:

– Қайсы бір жылдары ҚазПИ-де өнерге жақын, театрды сүйетін студентердің басын құрап үйірме ашып, қосымша жұмыс жасап жүрдім. Мағауиямен сол жерде жүріп таныстым. Оның сөзінен, ісінен бөлек жаратылған жан екенін бірден таныдым. Оның сөз саптауы, көзқарасы, жүріс-тұрысы, азаматтығы ұнады. Бір-бірімізге жақын жүрдік. Ол кезде Мағауия жас. Басын тауға да, тасқа да ұрып, ізденісте жүрген кезі еді. Ол өз қуатын сезетін. Ара-тұра «мен тегін адам емеспін» деп айтыпта қоятын. Өзінің стилі жайында әңгімелегенді ұнататын. Кей кезде «Жалын» журналының мұқабаларына суреттері жарияланады. Жасыратын несі бар, соны бірге жуып жүрген кез де болды. Ол әрбір жарық көрген туындысына балаша қуанушы еді. Әрине мен Мағауиямен қатты араласып кеттім деп айта алмаймын. Онымен жігіт, азамат ретінен гөрі, суреткер ретінде көп араластым, көп ақылдастым. Үнемі өнер жайында әңгіменің тиегін ағытып қойып, отырушы едік. Мен ҚазПИ-де не істеп жүрмін, оның ода шаруасы болмады. Өнерге деген ортақ бір үндестік болды ма, неге екені қайдам, әйтеуір маған жақын жүруге тырысты. Шеңберге сыймайтын талант еді. Үнемі қайнап жүретін. Ізденісі, ұмтылысы көп-тұғын. Амал қанша? Қазір енді өтен шақпен сөйлеп отырмын. Бірақ ол із-түссіз кетті дегенге көңілім сенбейді. Алыс сапарға кеткендей, қайтып келетіндей көрінеді де тұрады. Жаман айтуға аузым бармайды. Мына жапон елінде суреткерлерге тән бір мінез дейміз бе, дәстүр дейміз бе, бір дене бар. Кемеліне келіп, барын берген суретшілер кенет жоғалып кетеді де, басқа атпен, басқа стильмен екінші бір жерден жарқырап көрінеді. Бәлкім біздің Мағауияда сондай жолға түсті ме екен? Басқа кеңістікке кетіп қалды ма, құдай біледі. Жұмыс басты болып кеттік. Әркім өзінің тірлігімен шапқылап кеткен бір заман болды. Сүйтіп жүргенде араға он-он бес жыл түсіп кетті. Ұмытпасам, театрға директор кезім бе екен, бірде Мағауия келіп



тұр. «Портретіңді салдым» дейді. «Қалай?» деймін таң қалып, суретші кейіпкерін шеберханаға шақырып, бірнеше сағат отырып, байқап, зерттеп барып салушы еді, сен қалай салдың?» - деймін ғой. «Мен сізді білемін ғой» дейді жымыып. Бардым. Көрдім. Ұнады. «Женденттер» деген спектакльдегі образым екен. Тек кейбір жерін жөндеу керектігін айттым. Біраз уақыт салып, тағы шақырды. Тастай қылып жөндеп, салып қойыпты. Терең ойлы, сұғыла түйсікті, сирек талант еді. Қазір ортамызда, Мағауия жок дегенге көңілім сенбейді. Бір күні жарқылдап келіп қолымды алып жататын сияқты болып тұрады.

«Айқын».
Маусым. 2013

**«... ЖЫРЫНА ЖОЛДЫҢ ҚҰРБАН ҚЫП,
БАСЫМДЫ ТІКТІМ ӘЙТЕУІР...»
немесе жоғалып кеткен ақындар**

Кезінде Төлеген Айбергенов:

*«Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіне құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл –тоғыспас жолдар торабын.*

*Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,
Кес-кестен барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,*

Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың» деген еді. Рас, ақын болу, Алланың сыйлаған дарынына ие болу – кез келген жұмыр бастының маңдайына жазылмаған бақ. Шындығы сол, ақын болу – жұрттың көрмегенін көре білу, сезіне білу, жандүниені әсер еткен жайды жұп-жұмыр жыр ғып ақ қағаз бетіне түсіре білу, кездейсоқ жанның пешенесіне жазылмаған дүние. Ақынның құдіреттілігі де сонда болар-ау. Жыр жолына бас тігіп, сол жолда өлеңнің отына өртеніп кеткендер де көп.

*«Алысты барам арман қып,
ауырың болса арт өмір!*



Жолына Жырдың құрбан қып,

басымды тіктім әйтеуір» деп еді Төлеген ақын. Қаламын жанына серік еткен ақын сол жолда өзін құрбан етті. Ерте кетті, амал нешік? Егер ол бар болса, ерекше дарын иесінің өлеңдерін оқып, бүгінгі «ақынбыз» деп жүргендердің күлдібадам шатпақтарын күресінге атып ұрып, Төлегеннің жырларына шөлімізді қандырап ма едік, әттең. Жыр жолында басын бәйге етіп, өмірде ерте кеткен жан тек Төлеген бе еді?! Әлем әдебиетін былай қойғанда, өзіміздің қазақ әдебиетінде де поэзия көгінде жасындай жалт етіп, артына өшпес із қалдырып, дүниеден ерте өткен ақындар көп. Өткен ғасырдың басында не бәрі жиырма үш жасында қыршыннан кеткен, бірақ артына «Менің құрдастарым» деген өлмес туындысын қалдырған Саттар Ерубаев, жиырма жеті жасында өмірді талақ етіп, бұ пәниден бақиға аттанған, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн» болам деген, ісі қазақ ұлы ақын ретінде танитын Сұлтанмахмұт Торайғыров, бұлар тым ары дейтін болсақ, алпысыншы жылдардан бері қарай тарамдасақ Төлеген Айбергенов, Марат Отаралиев, Жұматай Жақыпбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Бауыржан Үсенов, Артығали Ыбраевтар... Бұл тізім осылай тізбектеліп кете береді. Бұларға кеше ғана дүниеден өткен, көктей жұлынған Қайрат Әлімбеков, Бейбіт Құсанбек секілді дарынды ақындарды қосуға болады.

*«Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай сағынып көрген қарағым.
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем егер мен,
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын»* деп еді Төлеген ақын. Құдіреті күшті Алла Тағала қатардағы жай тіршілік иесі емес, дауылпаз дарын иелеріне, соның ішінде ақындарға дүниеден тым ерте өтетіндерін сездіре ме, кім білсін? Сол ерте кеткен ақындардың өлеңдерін оқып отырып, олардың өз тағдырларының алды-артын алдын ала өлшеп-пішіп қойғанын сезгендей боласың.

*«Қамықпа досым, қамықпа,
Келер күн көктем сыйлайды...
Адамдар сияр табытқа,
Ақындар бірақ сыймайды»* (Артығали Ыбраев) дегендей, өз шеңберіне сыймай кеткендер қазақ әдебиетінде кө-ө-п. Қайсы



бірін айтасың. Бірақ бұл басқа әңгіме. Поэзия көгінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, соңына із қалдырып, із-түссіз кеткен акындар да бар. Өкінішке қарай олар жайлы аз жазылды. Сондықтан болар жарқылдап жүріп жоқ болып, жоғалып кеткен акындарды көпшілік біле бермейді. Енді сол жоғалған, дерегі білінбей кеткен бірнеше ақын жөнінде сөз қозғасақ. Жоғалған ақындар дегенде алдымен еске оралатын – Танабай Нарманов, Әділ Ботпанов, Сағат Әбдуғалиевтар. Бұлардың үшеуі де жыр көрігін қыздырып жүріп із-түссіз кеткендер. Бұл жарық дүниеде олар бар ма, жоқ па, ешкім білмейді. Тек артында қаламдас достарының, жақындарының олар жөнінде айтқан жарқын естеліктері қалды. Белгілі ақын Исраил Сапарбай ақын інісі Танабай Нармановты былайша еске алады: «Әлі есімде ..Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің әдебиет және өнер бөлімінде істеп жүрген кезім. Бір күні түс әлетінде, қасында өзі құралпы досы бар, Танабай кіріп келді. Сол аға сыйлап өскен ізетті қалпы. Өзінің осы бетте университетті бітіріп келгенін, ауылда бірер күн аунап-қунап, енді қызметке кірісер алдында дос-жораларымен кездесіп, бір сәт мауқын басуға шыққанын, өлеңдерін талай мәрте жариялатқан қара шаңыраққа сәлем беріп, бас сұғып шығуды парыз санағанын айтып, не керек соңында жарық көрмеген жаңа өлеңдерін оқып берді. Мен оларды алып қалдым. Реті келгенде суретке түсіп, әкеп тастауын өтіндім. Ол бірер күн Шымкентте болатынын, осындағы оқу орындарында мектептес достары бар екендігін, солардың жатақханасына кіріп шығатынын, мүмкіндігінше хабарласып, қайта соғатынын айтып, жылы қоштасты. ...Ажал айтып келмейді ғой. Сол екі-үш күн ішінде Танабайдан айрылып қалдық. Технология институтының жатақханасында достарымен бірге болып, көшеге шыққан жас ақынның сол күйі дерегі болмады. Перизатқа ғашық болып жүретін пері ақынды, кім білсін періштелер қанатына мінгізіп, әлдеқайда алып кетті ме... Әйтеуір әлі күнге «көрдім, білдім» деген адам жоқ...». Танабайдың жеке жыр жинағы шықпаған.

«...Жұлдыздың сонау көктегі,

Жұмылып кетсе бірі егер.

Кеудемнің сезім ішектері

Кеткенін толқып біле бер!..» деген Танабайдың өз көгі, өзіндік көгілдір әлемі бар еді. Сол Танабай:



*«...Шұғыла жсайып құшағын, шұбатылып сонау күмбезден...
Қызғалдақ сайын көк кешип, қызғалдақ сайын қыр кезгем.
Алқынып саған қарағам, арманда көзбен-нұр көзбен,*

Үзідігіп барып құлағам, құмарым қанбай бір кезде... – деп өз тағдырының алды-артын алдын ала өлшеп, болжам қойған екен. Төлеген сарындас, Мұқағали мұндас Танабай ақын артына таңғы шықтай кәусәр жырларын қалдырып, жоғалып кете барды... Сондай, артына балауса жырларын қалдырып, ғайып боп кеткен ақындардың екіншісі, Әділ Ботпанов. «Әділ ҚазМУ-ға келгенде даяр ақын ретінде келді. Аңқылдақ жігіт еді. Дос, жора-жолдас десе, барын беретін, елпілдеген елгезек-тұғын. Ақындығы мықты болды. Өз деңгейлестері оған қызыға, қызғана қарайтын. Бірақ жеке жыр жинағын шығарып үлгермеді. Тек «Қарлығаш» деген топтамаға біраз өлеңдері енді. Дүрілдеп жүрген ақын бірде ізім-қайым жоқ болды. Қайда кетті, әлі күнге ешкім білмейді» дейді досын есіне алған талантты ақын Әмірхан Балқыбек.

*«Дертті жандай зәру болған дәріге,
Ми құрғатып мәңгіліктің жолында.
Жанның кірін қанмен жуып сәріде
Мен көшермін құрсағымнан қорымға.*

*Бірақ маған мөп-мөлдір мұң сыйлар кім?
Арманыма алқа қылып тағуға.*

Жансыз қолым жетпей неге қиналдым?!

Тәңірімнің терезесін қағуға...» дейді Әділ «Соңғы ән» деген өлеңінде.

*«Ием болсаң көкірекке салған жол,
Жатырқамай жылытсаңшы боп пана.
Өз-өзіңе тең таппаған жалғаннан
Сен емес қой тек қана...*

тәңірім-ау... деп тәңірімен тілдескен Әділ бұл жалғаннан өзіне тең таппай, жан-дүниесін ұғынар қара көрмей, өзге әлемнің қойнына кіріп кете барды ма екен, кім білсін? Егер де Әділ бар болса, бүгінгі күні талай жыр жинақтардың авторы атанып, өлең сүйер қауымның кумиріне айналар ма еді? Бірақ жазмыш оған жазбапты.



Артына өзіндік өрнекті өлеңдерін қалдырып, жоғалып кетіп, кейіннен мүрдесі табылған ақындардың бірі Сағат Әбдуғалиев болатын. «Ол Сағат еді-ау... Неткен ауыр тағдыр. Небары отыз алты жасында қазақ поэзиясынан өзіндік орын тауып, кенеттен бәрін лақтырып, артына қарайламай кете бару – адам түсінбес дүние. Бірақ өмір кетпесіне қойды ма?! Өлмесіне рет берді ме?! Орал, Ақтөбе, Жаңаөзен түрмелерінің тақтай төсегін әлденеше жамбастаған Сағат еліне өкпе ауруын жамап қайтты. Ендігі жерде Сағат ақынға бұл дүниені тәрк етпеске жер қалмап еді. 1983 жылдың желтоқсанының соңғы күндері. Калмыков селосынан кешкілік үлкен трасса жолды бетке алып шыққан шайыр екі ортада бір сайдың аңғарына құлайды. Сол түні қатты аяз ұрып, қалың қар жауған...

1984 жылдың наурыз айының бір жайма-шуақ күндерінде мал-жандығын ауыл маңына өріске шығарған екі бала ақын мүрдесін таппағанда, Сағатқа сайлы жерден топырақ та бұйырмаған болар еді...» деп Сағаттың тұңғыш әрі соңғы жыр жинағына алғы сөз жазған жерлесі, белгілі сазгер, бард-ақын Табыл Досымов осылайша ақынды еске алады. Сағат поэзия әлемінде өзіндік өрнек қалдырған ақын.

*«О, тіршілік, жанардағы жарық күн,
Жарық күннен жараганиша мән ұқтым.
Ата-ананың бүйрегінде бүлк етпей,
Жүрегінде қалу керек халықтың!...»*

Сағат өлеңді осылайша өрнектейтін. Халықтың бәрі білмесе де Сағатты өлеңге жақын жүргендердің көпшілігі білуі керек.

*Інілер деген ағаның ізіне басқан сұрау сап,
Жортпаушыма еді таң алды тырна көз көлдер қырау шақ,
Арқамдағы асқар тауым деп таулардан іздеуші еді гой,
Кеудесіндегі күдігін жаулардан үзбеуші еді гой.*

*Төбеден бұлттар көшкенде шатырлап аспан жай теңдеп,
Жазықтан іздеуші еді гой жазым боп кетсе қайтем деп... Қазақ поэзиясының көгіне балапан жырларын енді ұшыра бастағанда қанаты қырқылып, арманда өткен, жоғалып кеткен Танабай, Өділ және Сағаттың өлеңдерін оқып отырып тағы да Төлеген ақынның*



осы бір жыр жолдарын есіме алдым. Сосын Мұқағалидың «..уақытым келіп кеткенде келмес сапарға, қалмасам екен іздеусіз, ізсіз, жоқтаусыз» дегені есіме оралды. Қазақ поэзиясы аман тұрғанда, өлең сүйер қауым бар кезде, ешқандай ақын, соның ішінде Танабай, Әділ, Сағат сынды дарынды ақындар елеусіз, ескерусіз, іздеусіз қалмасы әмбеге аян.

«Айқын».

2009 жыл. Желтоқсан.



3- БӨЛІМ

АТАМЕКЕН СЫРЛАРЫ



АЛАКӨЛ, ЖЕРІҢ ШАЛҒАЙ, СУЫҢ КЕРІМ...

Неге екені қайдам, қыстың қақаған суығында қасат қарды кешіп таңертеңгісін жұмысқа бара жатып, я болмаса жұмыстан қайтқанда, жеңіл киім аязға қамсау болмай тоңып келе жатып, шағырмақ күннің сәулесі шашыла түскен, аптабы мол жазды ойлайсың. Сағынасың. Тезірек жаз келсе екен дейсің. Құмға аунап, суға түскен шіліңгір кезді аңсайсың. Су демекші, жаз шықса, қасиетті суына бір шомылмай қайтпайтын Алакөл еске түседі. Шіркін, Алакөл! Иісі қазақ үшін сенің орның алабөтен-ау, қашанда! Сондайда әкем марқұм айтып отыратын Алакөлге байланысты бір аңыз еске түседі.

Құдай-ау, қалай еді, қалай басталушы еді? «Есте жоқ ескі заманда» деп басталмаушы ма еді, әкемнің айтқан аңызы. «Ол кезде мынау қойны-қонышынан өзен-бұлағы сылдырай аққан, жабайы алмасы мен қарақаты сыңсыған құт мекен Тарбағатай тауы жоқ екен. Толқыны жағасын еркелей сүйіп жатқан, көздің жасындай мөлдіреген Алакөл де жоқ екен. Бұл аймақ, қылтанақ шықпайтын сар дала еді. Тағдырдың айдауымен осы жерді мекен еткен халық жеті қат жердің астынан бір жұтым суды шыңырау құдық қазып, әрең алып, бөліп ішеді екен. Жыл сайын құрбандық шалып, тасаттық беретіні тағы бар. Бірақ уақыт өте келе, жұрттың алдындағы бес тал малы да таусылады. Бірақ тәңірден жаңбыр тілеп, құрбандық шалу керек, қалайда. Ақыры жын-перімен сөйлесіп жүрген бақсының айтуымен жұрт жыл сайын бір қыз, бір ұлды құрбандыққа шала бастайды. Амал қайсы? Бір жұтым су керек, жаңбыр керек. Қатігез уақыттың заңы – осы. Қашып құтыла алмайсың. Жыл артынан жыл өтіп жатады. Елдегі бала біткеннің қатары сирейді. Кезек бірін-бірі сүйген қыз бен жігітке де жетеді. Ертең құрбандық шалып, тасаттық береді деген түні



қыр басында кездескен қос ғашық қол ұстасып, талай қыдырған сайын даламен, айлы түнмен, жалған дүниемен қоштасып ұзақ тұрыпты. Қыздың ай маңдайынан аймалай өпкен жігіт бір сәт: «Құрбандыққа шалынатын жастардың соңы біз болсақ екен. Ертең бала-біткен құрбандыққа шалынып біткен соң, елде қалатын шал мен кемпірлер қайда барады? Олардың да құрығаны ғой. Бір тайпа елдің жойылғаны ма? О, тәңірім, бар болсаң мені қойын-қонышынан тұма-бұлақ аққан, қарақат-бүлдірігені уылжыған, аң-құсы жортып жүрген жасыл-желекті құт қоныс болатын тауға, сүйгенімді жағасына ел қонып, айран-асыр болып жататын қасиетті, берекелі көлге айналдыр. Тоз-тоз болып, өлуге айналған халқым аман қалсын. О, тәңірім, бар болсаң, осы екі мұңлықтың тілегін бере гөр» деп зар еңіреп тілек тілепті. Кім білсін, тәңірі олардың айтқанын қабыл етті ме, Үркер ауа қос ғашықтың айтқаны орындалыпты. Жігіт тауға, қыз көлге айналып жүре беріпті. Сол тау Тарбағатай, көл Алакөл екен. Сөйтіп осы өлкені мекен еткен мұқым бір халық жаз жайлау етіп Тарбағатайды, қыс қыстау етіп Алакөлдің жағасын тұрақ етіпті. Өсіп-өркендепті. Ыңаршағы шығып, тозып бітуге айналған жұрт қос ғашықтың арқасында аман қалыпты». Бұл – әкем айтып отыратын көп аңыздың бірі. «Е балам», дейтін әкем, темекісінің түтінін будақтата шығарып: «Мұны мен жанымнан шығарып айтып отырған жоқпын. Баяғыда бала күнімде естіп едім. Өзіңе талай айттым, арғы бетте (Қытайда) жүргенде бір сарттың қозы-лағын бағым өстім. Жетім баламын. Барар жерім, басар тауым жоқ. Әке-шеше, аға-әпке атамекенде (Қазақстанда) қалған. Олардың өлі-тірісі белгісіз. Бар болса, іздер еді ғой. Күн ұзақ қойдың соңында салпаңдап жүрем де қоямын. Сол жерде қой бағып жүретін тағы бір шал бар. Әңгімешіл еді. Жанына шақырып алады. Сосын екеулеп қой сауып, сүтіне тойып алған соң, сонау теріскейде мұнартып жатқан Тарбағатай тауына қарап отырып, әңгімесін бастаушы еді. Жиырмасыншы жылдары болған ашаршылық кезінде елді тастап, Қытайға өткен екен. Содан бері осы жақта көрінеді. Тарбағатайдың күнгеінде өткен өмірін айтып, арғы-бергі тарихты шолып отырушы еді. Алакөлге байланысты аңызды сол шал айтқан-тұғын. «Мен қазақтың талай арда ұлдарымен дәмдес болдым. Сонау ақ пен қызыл айқасқан жылдары Алаш орда өкіметін құруға ат салысқан Отыншы Әлжанұлымен жақсы араластым. 1919 жылы Үржарда ақ пен қызыл



арасында болған қанды қырғында анненковшылар Отыншыны өртеп жіберді. Шыққыр көзім оны да көрді. Ұлтым деген азамат еді, елі үшін жаны құрбан болды. Сонау 1918 жылы Алаш көсемдері Үржарға келгенде оларды Қытайға, Шәуешек қаласына бастап алып барған мен едім. Ақанды (Ахмет Байтұрсынов) Мір-ағаны (Міржақып Дулатов), сондай-ақ, Райымжан Мәрсеков, Салық Аманжоловты сол жолы көрдім. Бірнеше ай бірге болдық. Сол Қытай сапарында атақты ақын Әсет Найманбаевпен де таныстым. Ақан, Мір-аға бәріміз ол кісінің әнін тыңдадық. Ол бір дәурен еді-ау» деп отырушы еді, сол ақсақал. Көп білетін, кеменгер жан еді» деп әкем тартып болған шылмымын өкшесімен езігілеп өшіріп, екіншісін тұтатын... Бұл әкем тірі кезінде айтқан бір үзік сыры ғой...

...Қыстың қақаған суығында бетінді аязға шымшылатып келе жатып, шіліңгір жазды, Алакөлдің жағасында құмға аунап қыздырынып жатқан шақтар еске түсе берді... Алакөл деймін, Алакөл...

– Ей, қыз, тіске басар нең бар? – деген оқыс шыққан дөрекі дауысқа басымды көтеріп алдым. Көл жағасындағы ыстық құмда жатып көзім ілініп кетіпті. Әлгі дауыстың иесі таяқ тастам жерде сыраға қызып, қызара бөртіп жатқан жуан қара жігіт екен. Көл жағасы ығы-жығы адам.

– Кепкен балық бар ма?

Тағы әлгі жігіт. «Көршім кіммен сөйлесіп жатыр» деп басымды көтердім. Орта бойлы, ақ құба келген сүйкімді қыз екен. Қолында дәм салынған дорбасы бар. Жігіттің сұрағанын ұсынып, саудаласып жатыр.

– Өзің қанша тұрасың?

Дөрекілеу сұрақ қойған жігіт, іле қарқылдай күлді. Ашаң жүзі қызарып кеткен қыз, жігіттің анайылау сұрағына жауап қатпастан кілт бұрылып, шапшаң басып, ары кетіп қалды. Менің өзіне ұнатпай қарағанымды байқаған жігіт: «Әдемі қыз екен. Әттең, мына жерде анау-мынау сатып қор болып жүр» деп басын шайқап, кепкен балықты жұлмалай тістеп, сырасын сыңғыта жұтты. Неге екені қайдам, әлгі өрімдей қыздың соңынан ұзағырақ қарап ойланып қалдым. Сосын көлге бірер рет сүңгіп, қайтадан орныма келіп отырдым. Жанарыммен әлгі сауда жасап жүрген қызды іздедім. Таптым. Көл жағалай демалып жатқандарға сатып жүрген заттарын ұсынып, бері беттеп келеді екен. Тұсымнан өте бергенде:



– Қарындасым, қара балшықты қайдан табуға болады, – дедім. Сәл кідірген ол: «қазір аға, алып келемін» деп ары кетті. Сәлден соң қайтып келді. Қолында сусын құятын шөлмекке толтырылған қара балшығы бар.

Ақшарқатпен таныстығым осылай басталды. Көлге жақын жатқан Қарабұлақ деген ауылдан екен. Өзінің айтуы бойынша күнделікті осында келіп, үйден даярлап алып келген азық-түлікті сатумен айналысады. Ақшарқатпен ертеңінде кешкілік көл жағасында кездестім. Күн ұясына батып кеткен. Көл бетінде толқын бар. Қолтықтасып әңгіме айтып аяндап бара жатқан, көлге қарап құшақтасып сырласып отырған бірен-саран жастар болмаса, жағада адам аяғы сирек. Менің алғашқы сұрағыма; «Күн көрістің қамы ғой, аға» деген Ақшарқат бір сөзінде. «Інім қара балшық сатады, мен оны-мұны дегендей. Күндіз тапқанымызды үйге алып барамыз. Әкем жоқ. Шешем аурушаң. Сол кісіге дәрі-дәрмек, үйге азық-түлік аламыз. Жазда көл жағасында сауда жасап күн көруге болады. Тек қыста қиналыңқырап қаламыз. Ауылда өзіңіз білесіз, жұмыс жоқ». Осыны айтқан қыз мұнайғандай болды. «Есімің қызық екен?». «Атам қойыпты. Ақшарқат пен Бағлан жайындағы аңызды естімеп пе едіңіз? Сол аңыздағы қыздың аты ғой». «Жоқ». «Баяғыда, білмеймін қай ғасырда екенін», – Ақшарқат өзі білетін аңызды бастап кетті. – Осы көлдің жағасын Боранбай деген бай мекендепті. Оның Ақшарқат есімді жалғыз қызы болыпты. Ақшарқат қыз біткеннің көріктісі һәм ақылдысы болған екен. Байдың жаз жайлауы Тарбағатай болса керек-ті. Бірде жайлауда үлкен той болып, сол жерде Ақшарқат Бағлан деген сал-сері жігітпен танысқан көрінеді. Бағлан Тарбағатайдың ар жағын мекен еткен Сыбан руының суырып салма ақыны. Бірақ кедей отбасынан шықса керек. Жігіт қыздың сұлулығына, бай қызында бола бермейтін ақылдылығына ғашық болады. Ал қыз жігіттің мәрттігіне, ақындығына тәнті болыпты. Алайда олардың жұп болуына бай қарсы болып, қызын кедей тұқымынан шыққан жігітке қосылуын қаламапты. Бірде сөз байласқан қос ғашық қол ұстасып, елден қашып кетсе керек. Алайда артынан шыққан қуғыншылар қыз бен жігітті Ұялының қалың қамысына тығылған жерінен ұстапты. Ашуға мінген бай, «ел-жұртқа абыройымды төктің» деген желеумен қызы мен оның сүйген жігітін көлге тұншықтырып өлтіріпті.



Алакөлдің Сасықкөлге қараған жағында Ақшарқат және Бағлан деген жер атаулары бар. Сол қос ғашық тығылған жер көрінеді». Қыз әңгімесін мана аяқтаған. Үнсіз көлге қарап отырмыз. Ақшарқаттың жанарынан жасты байқағандай болдым. Бәлкім, әлгінде өзі айтқан аңыздағы қосыла алмаған қос ғашықтың аянышты тағдырларын ойлап отыр ма екен? «Ол аңыз ғой, болған-болмағанын кім білген?» Қызға үңіле қарадым. Ол үнсіз. Сәлден соң «Егер сіз ол аңыз дейтін болсаңыз, осы көлге байланысты тағы бір әңгіме айтып берейін. Біздің ауылдың бірін-бірі сүйген қыз бен жігіті көлдің ортасына қайықпен жүзіп барып, құшақтасқан күйі суға батып өлген. Себебі екеуінің қосылуына әке-шешелері қарсы болған екен. Бұл өмірден опа таппасын білген қос ғашық көлге кеткенді жөн деп тапса керек. Аға, бұл ешқандай аңыз емес. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары болған оқиға. Бұны осы маңның кез келген адамы біледі».

Аспан шүпірлеген жұлдызға толы. Аралтөбе жақтан салқын жел еседі. Көл толқынданып жатыр. «Аға, біраз уақыт болды. Мен қайтайын, үйдегілер іздеп қалар». Орнымыздан тұрдық. Қарабұлақ көлден алыс емес. Шамалағанда жеті-сегіз шақырым болып қалар. Ақшарқат үйіне қарай ағылып жатқан көліктердің біріне отырып жетіп алмақшы болды. Сәлден соң, ол мінген көлік ұзап кете барды. Қыздың бейнесін көз алдыма әкеліп әрі-сәрі күйде тұрып қалдым. Қарқошқылданып жатқан көлге қарадым. Есіме Ақшарқат айтқан аңыздағы Бағлан ақынның

«Алакөл, жерің шалғай, суың керім,

Келіп ем, аямастан аттың терін.

Қалқамен өтер едім, қажет емсе,

таусылғаниша пәниде соңғы демім», – деген бір шумақ

өлеңі оралды. Алакөл толқып жатыр.

...Неге екені қайдам, қыстың қақаған суығында қасат қарды кешіп таңертеңгісін жұмысқа бара жатып, я болмаса жұмыстан қайтқанда, жеңіл киім аязға қамсау болмай тоңып келе жатып, аптабы мол жазды ойлайсың. Құмға аунап, суға түскен шіліңгір кезді аңсайсың... Су демекші, сондайда еске Алакөл түседі. Шіркін, Алакөл...

«Айқын».

Желтоқсан. 2012



ҚАЙДА ЕКЕН СОЛ БІР, ҚАЗЫНА...

Қайсыбір жылдың күйек айы. Ауылдан кемі жиырма-отыз шақырым шалғайда жатқан Сарбұлақ деген жерде отырмыз. Айдала. Жалғыз үй, жалғыз қашар. Сол жерде қойды қолдан ұрықтандырып жатқанымызға біраз болған. Бес-алты адамбыз. Бізден басқа сол маңды күзететін жалғыз шал бар. Жалғызілікті адам. Кемпірі ертеде қайтыс болса керек-ті. Бала-шағасы жоқ. Бір қора ұсақ малы, үйір жылқысы бар. Ермегі сол. Ауылға келіп ешкіммен араласпайды. Жат. Өзін саяқ ұстайды. Оның арғы-бергі тегін ешкім біле бермейді. «Баяғыда, сонау отызыншы жылдары банды болыпты. Қызылға қарсы күресіпті. Құралайды көзге атқан мереген екен» деген ел арасында қаңқу әңгіме бар. Қалған тірлігін ешкім білмейді. Жұмбақ шал.

Кешкісін қойды қораға қамар кезде, бізге ешқандай қатысы болмаса да, әлгі күзетші шал тызақтап жанымызда жүріп алады. Біз болсақ, малды қамай салып, кешкі асқа отырғанша асығамыз. Ал шал болса, күйбендеп қора маңынан шықпайды. Кіреді-шығады. Ұзақ жүреді. Күндіз қора маңына бара қалсақ, артымыздан ере келіп, баспалап қарап тұрады. Неге екенін қайдам, әйтеуір біз күйекке келгелі шалдан маза кеткен. Бір күні кешкілік тамақ ішіп алып, қой қамаған қашардың төбесіне шығып шөпке жата кеткенмін. Қыркүйек айының орта шені болса да түн жылы. Ши тістелеп, аспандағы жұлдыздарға қарап ойланып жатырмын. Бір уақытта үйден бір адам шығып мал қорға қарай беттегенін көрдім. Күзетші шал екен. Қашардың төбесінде отырған мені байқаған жоқ. Жан-жағына бір қарап алып, зып етіп ішке енді. «Не істегелі жүр, дәрет сыдыра ма, әлде?..».

Бойымда бір қызғушылық пайда болып, шалды аңдым. Ол ұзын қораның бір бұрышына өзінің жекеменшік қойлары қамалған жер-ге барып, сағыдар жиылған жерге шоқиып отыра қалды. Сосын тағы бір жан-жағына қарап алды. Қора іші тастай қараңғы. Мен оның қарауытқан сұлбасын ғана байқап тұрмын. Сәлден соң бұрышқа отырып, ескі сағдарды ары ысырып, әлденені қазып алып қарап жатқандай болды. Әлденені ақтарды-төңкерді. Қарады. Сосын жайлап шығып үйге беттеді. «Қараңғы түнде, қараңғы бұрышта не істеп жүр?» деп таңқалып мен қалдым. Әлгі бұрышты барып қарағым келген, бірақ сезік тудырып аламын ба



деп ойладым. Өйткені үйде бір адамның жоғын байқаған шал кайтадан келуі мүмкін ғой. Ертесіне қолым бір қалт еткенде қораға қарай тайып тұрдым. Онда да күзетші шал жылқысын іздеп Көрпебай жотасын шарлап кеткен кезде. Қорға кірген бойда жүгіріп, бұрышқа бардым. Үйілген сағдарды кері ысырып едім, үсті көңмен жабылған тақтай көрінді. Оны ырғап кері итеріп едім, соқпақша етіп қазылған ұра көрінді. Онда сар қапқа салып аузы буылған әлдене жатыр. Оның үстінде алашамен оралған ұзын таяққа ұқсаған тағы бір зат тұр. Жүгіріп далаға шықтым, ешкім көрінбейді. Қайта келіп орауды ашып жібергенім сол еді, мылтық шықты. Жай аңшының мылтығы емес кәдімгі бесатар. Бір буда оғы бар. Қосымша алты атар маузер, он екі оқ ататын кольт тапаншасы ол да жатыр. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Мылтықтарды қайта орап орнына қойдым. Астындағы сар қаптың аузын ақырын шештім. Бірақ оның ішінде тағы бір қап бар екен. Аузын тастай қылып буған. Оны шешіп отыруға мүмкіндік болмады. Уақыт тар. Шал келіп қалуы мүмкін. Қапты ырғап көріп едім, өте ауыр екен. Не де болса шал үшін бір қымбат дүниенің жатқаны белгілі. Бәрін орнына реттеп қойып үйге қайттым. Бір оңаша қалған кезімде, әкеме көргендерімді айттым. «Е, балам–ай ол банды болған шал ғой. Мылтық содан қалған болар. Қаптағы не болсын, далада жатқан темір-терсекті жиып жүретін өлермен шал ғой, сол болар» деді әкем онша мән бермей. Оған қоса, «аулақ жүр қастандық жасар» деп сақтандырып қойды. Әлденені сезді ме, шал сол күннен бастап жанымыздан шықпай қойды. Бірақ ол кезде қойды ұрықтандыру да аяқталып қалып еді. Бірер күннен кейін қыстауға көшіп кеттік.

Келесі жылы әскерге кеттім, одан келе сала оқуға түстім. Әлгі көргендерімнің бәрі ұмтылып қалған. Бірақ көкейімде «шал жасырған қаптағы дүние не болды екен?» деген сауал әлі тұр. Тоқсаныншы жылдардың басында колхоз тарады. Дүние-мүлік жекеменшікке өтіп кетті. Баяғы күзетші шал да дүниеден өткен. Ол күзетіп отырған кашардан түк қалмаған. Мал кеткен соң, жұрт қоршауды бұзып, кірпішін, ағашын тасып алған. Қазір орны жылан жалағандай тақыр. Мұның бәрін не үшін жазып отырмын? Оның себебі бар. Өйткені 1919-20 жылдары біздің ауылды көктей ақтар Қытайға өткен. Анненков бандысының Үржарда елге істемегені жоқ. Қырды, қорлады, зорлады, тонады. Бұл жеке әңгіме.



Менің айтпағым, Анненковтың жұрттан тонаған қазынасы осы Көрпебай жотасының бір қуысына тығылыпты деген әңгіме. Мұндай алыпқашпа әңгіме жұрт арасында әлі айтылады. Кейбіреулер қызық көріп ауылдың (Үржар ауданына қарасты, Елтай ауылы) маңын, Көрпебай жотасының қалтарыс-қуыстарын әлі күнге күрек алып ақтарып жүр. Бірақ ақтар тықты деген қазынаны таптық деп айтқан ешкім жоқ. Марқұм әкем айтып отырушы еді, «ақтар тыққан қазынаны бір білсе, әлгі Ауғанбай (әңгімеміздің басында сөз қылған күзетші шал) біледі. Баяғыда банды болып ақтарды жақтап қызылдармен соғысқан. Оларға Қытайға өтетін жолды да сол көрсеткен болса керек. Демек мол қазынаны да жасыруға сол шал көмек беруі әбден ықтимал.

Баяғыда қораның түбіне тығылған қапты бекер қарамаппыз. Бәлкім Анненковтың қазынасының біразы сол шығар. Әйтпесе жалғыз шал айдаладағы жалғыз қашарды өмір бойы күзетіп несі бар? Демек бір гәп жатыр-ау онда» дегені бар. Қазір қашардың орны да жоқ. Шал баяғыда дүниеден өткен. Оның мылтығы, қора түбіндегі қабы қайда қалды, кім тауып алды белгісіз.

Айтайын дегенім, әлі күнге атаман Анненковтың қазынасын іздеушілер көп. Біреулер атаман дүние-мүлікті Алтайға жасырды дейді. Бәз бірі Үшаралдың маңы болуы мүмкін деседі. Кім білсін? Бір ақиқат дүние атаманың бандылары Үржарды қан-жоса қылып басып өткені белгілі. Баяғыдағы көне көз қариялар «Ақтардың қазынасы ешқайда емес, осы Тарбағатай тауының бір қуысында жатыр. Я болмаса анау Көрпебай жотасынның бір жері болуы мүмкін. Кезінде отызыншы жылдары біреулер сол Көрпебай жотасынан тай қазанға жасырлығын тай тұяқ алтын-күмістер тауып алып, қашып Қытайға өтіп кетіпті дегенде әңгіме бар» деп айтып отыратын.

Сондай-ақ, Бестерек ауылының маңындағы атақты «Қасқыр апан» деп аталатын үңгір жайында да әңгіме көп. Кейбіреулер «ақтардың қазынасы сонда» деседі. Өйткені үңгір ауыл сыртындағы сайдан басталып, таудың етегіндегі «Аю үңгір» деп аталатын жерге дейін яғни ондаған шақырымға созылып жатса керек. Әлі ешкім үңгірді толық аралап көрген емес. Талай «мен» деген жігіттер беліне арқан байлап, қолына шам алып үңгірге түскенімен, жиырма-отыз метрден ары жүректері даулап жүре алмапты. Тіпті ол үңірде «Шыңғысханның қазынасы я болмаса



өзінің мүрдесі болуы да мүмкін» деген қауесет те ел арасында бар. Өйткені Шыңғыс хан Орта Азияға жасаған жорығында осы Тарбағатай тауын асып түсіп, Алакөлдің жағасымен өткені белгілі. Жалпы Үржар өңірі археологтардың табаны дұрыс тимеген, дұрыс зерттелмеген өлке. Тарихтың талай құпиясы осы маңда тұнып жатқаны анық. Бір ғана «Найманқала» деген көнеден қалған қорғанды алайық. Әлі ешкім зерттемеген. Тарихы тым тереңде. Тамды өзенінің бойында, «Ашылы өзек» деген жотаның етігінде жатыр. Кезінде биік дуалдармен қоршалған, жан-жағына ор қазылып сумен толтырылған, төрт қақпалы үлкен қамал болғаны көрініп тұр. Тарихқа үңілсек, Құлжа сапарында қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уалиханов осы жерде болып, қамал жайында жазып, картаға түсіріп әкетіпті.

1918 жылы Үржарға келген сапарында Алаштың арда ұлдары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов елден естіп, арнайы осы қорғанды келіп көріпті. 1934 жылы Үржарда сегіз ай тұрған Сәкен Сейфуллин де «Найманқаламен» танысқан екен. Бұл да бір әлі сыры беймәлім, қай ғасырға жататыны белгісіз шаһар. Әлемді тітіреткен ұлы қаған Шыңғысханның да, қанішер Анненковтың да қазынасы осы Үржар жерінде жатуы мүмкін-ау. Тек зерттеймін, іздеймін деген адам табылса, бұл өңір талай құпиясын ашары анық.

«Айқын».
Қазан. 2012

АМАНАТ

немесе әкем жайлы бір үзік сыр

Әкемнің жарық дүниемен қоштасып, бақиға аттанғанына жеті жыл, сегіз ай болыпты... Мәңгілік ешкім жоқ... Өмір заңы осы. Қарапайым жан еді, қоңырқай тірлік кешті. Ешкімге зияны жоқ, барға шүкір деп отырушы еді. Сонау бала күнімде, қолыма қалам алып шимақтап өлең жаза бастаған кезде «Әке, Сіздің өміріңізге арнап кітап жазамын, (одан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Әкеме берген уәдемді әлі орындай алмай келемін) Қытайдағы қазақтардың (әкем де 1932 жылғы аштық кезінде



Қытайға өтіп, 1962 жылы шекара ашылғанда атамекенге қайта оралған қазақтардың бірі еді) өмірін керемет қылып тасқа түсірген Қабдеш аға Жұмаділовтен кеммін бе?» деп желпінетінмін. Әкем риза болатын. Бәлкім, менің аудандық газетке, республикалық балалар басылымы «Қазақстан пионеріне» (бүгінгі «Ұлан» газеті) шығып жүрген өлеңдерімді көріп, түбі бірдеңе жазатыныма сенетін еді. Студент жылдары реті келгенде әкемнен өткен өмірі жөнінде сұрап, қойын дәптеріме айтқандарын түртіп алып отырушы едім. Өйткені «жастайымнан жетім қалдым. Қытайда бір ұйғырдың қозы-лағын бағып, диірменін тартып ержеттім» деп отыратын. Темекісін құшырлана сорып отырып, «Сендер бақттысыңдар ғой. Тоқшылық, тыныштық. Баяғының шалдары «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп айтып отыратын, сондай бір шуақты заманда өмір сүріп жатырсыңдар» деп әңгімесін бастаушы еді. «Менде балалық-шақ болған жоқ. Бала болып ойнауды да білмей өстім» деп сәл кідіріп қалатын. Бәлкім есіне өксікпен өткен бала күндері түсіп кете ме екен? Кемсеңдегендей болатын. Бірақ онысын маған білдірмеуге тырысушы еді. «Мен ес білген кез, исі қазақтың басына зұлмат орнаған тұспен тура келген. 1932 жылы мен алты жаста едім. Халық ақ сүйек болып, қырылып жатты. Әкем Ұлықбек дәулетті болғанынан не қайыр, 1928 жылы жүрген кәмпескіде «байдың тұқымысыңдар» деп бар малды тартып алған. Рас, аталарымыз өңірге аты шыққан ауқатты байлардың бірі еді. Сонау Жарма, Шар, Аякөз мына жағы Шұбартау, Қарауыл маңайын мекендеген Найманның Сыбан деп аталатын бес болыс елінің білгілі атқа мінерлері болған. Бірақ малды тартып алып, коллективтендіру жүрген кезде қоңырқай тірлігі бар, көп жанның бірі болып қалғанбыз. Аштық біздің де табалдырықтан енді. Баяғы ақ ішіп, май асап жүрген күндер елес болып қалған. Жарма деген жерде тұратын едік. Темір жолдың бойы. Кішкентаймын ғой. Көп ешнәрсені біле бермеймін. Бірде ауыл опыр-топыр болды. «Кетеміз. Көшеміз» дегенді үлкендерден естіп жатырмын. Үйде баладан екі ұл, бір қызбыз. Кішісі мен едім. Көшкен жұртпен мені жетелеп әкем белгісіз жаққа кете барды. Артта шешем, ағам және әпкем қалды. Әкем оларды темір жолда жұмыс істейтін таныс орыстың үйіне қалдырған. Кейін білдім ғой, егерде Қытайда өмір сүруге жағдай болса, кейін көшіріп әкетемін деп келісіп кетіпті. Тарбағатай тауының етегін бойлап кетіп барамыз. Аш-



жалаңаш жұртта қай қауқар болсын, жол бойы құлап түсіп, өліп жатқан адамдар. Қорқынышты еді. Аштан өлгендердің бетін ғана жасырып, көш тоқтаусыз жүре берді. Көбіне түнделетіп жол тарттық. «Күндіз жүрсек қауіпті» десіп жататын үлкендер. Әкемнің атына мінгесіп алғанмын. Талай отбасы көшке ілесе алмай Тарбағатайдың сай-саласында қалып қойды. Әлі есімде, бір сайда түнемелікке тоқтаған едік. Таң алдында болар, айқай-шу шықты. Мылтық ағылып жатыр. «Банды, банды» деседі жұрт. Әкем мені бір бүргеннің түбіне «қозғалмай отыр» деп, жүгіріп ары кетті. Тың атқа мінген қарулы топ қойсын ба, аш-жалаңаш келе жатқандарды тонап, барымызды алып кетті. Әкемнің мінген аты да біреудің жетегінде кете барды. Бандылар көштегі көрікті қыз-келіншектерді де тартып әкетіпті. Жаяу қалдық. Қиналғанның көкесін енді көрдік. Әкем арқалап алады да, біраз жүріп барып, тоқтайды. Өзі де аш. Тәлтіректеп кетеді. Тауда жүріс қай оңсын? Қанша күн, қанша түн жүргенімізді білмеймін, әйтеуір бір күні «Арғы бетке өттік. Жеттік» десті. Бұл жақта тыныштық. Аштықтың беті аулақ секілді. Бізден бұрынырақ келгендер қарсы алды. Осы жаққа келген соң ғана тойына бір тамақ ішкендей болдық. Әу баста көшке ергендер көп еді. Ұсақ балалардың да қарасы мол болатын. Арғы бетке өткенде тым азайып қалыппыз. Әлі есімде, кішкентайдан бірге ойнап өсіп келе жатқан Жақып деген бала болған. Көшкенде де бірге жүрдік. Бандылар шабуыл жасаған кезде шешесін тартып әкеткен. Әкесі сойылға жығылып сол жерде мерт болды. Шырылдап жылаған Жақыпты үлкендер ілестіріп алған еді. Бір күні түнде жоғалып кетті... Оны іздеуге ешкімнің мүмкіндігі болған жоқ. Қазір, кейде түсіме сол Жақып кіреді. Сағынамын. Қайда екен? Аман ба екен?..

Тоқтаған жеріміз Шәуешектің маңайы. Мұндағы елдің тәуір тұрмысын көрген әкем біраз күннен кейін, кері қайтып, арта қалған жарымен екі баласын алып келмек болды. Мені бір ұйғырдың үйіне жалшы қылып орналастырды. Қозы-лақ бағамын. Әкем ұйғырдан «баланың еңбек ақысынан болсын» деп жарты пұт бидай сұрап алды. Сол жерде кездескен жама ағайындарынан бір ат сұрап мінді. Келген соң қайтып бермек болып. Тап бүгінгідей есімде, әкем қырда қозы-лақ қайырып жүрген менің жанымнан кете алмай ұзақ тұрды. Айналып толғана береді. Шырылдап жылап әкемнің мойнына асыла беремін. Әкемнің көзінен жас көрдім. Сақалына дейін



суланып еңкілдеп жылады. «Сәл шыда балам, көп ұзамай бәріміз бірге боламыз. Мен тез ораламын. Әзірге хош-қайыр балам». Әкем атын тепендетіп ұзай берді. Соңында жылап мен қалдым... Бәлкім әкем қайтып келмесін сезді ме екен, артына жаутандап қарай береді. Ұйғырдың малайы болдым. Жаздың күні қозы-лақпен бірге қорада жата саламын. Әйтеуір қарным тоқ. Жұрттан үйренгенім, жайылымға шыққанда қозысы бар қойды ұстап алып, сауып ішіп аламын. Үстімде шокпыт-шокпыт киім. Кір-кір, бит-бит. Уақыт өтіп жатты. Келемін деп кеткен әкем келмеді. Жаз өтті, сарала күз келді. Ондан кейін қыс түсті. Мұнартып жатқан Тарбағатай тауына қарай-қарай көзім талды. Кейін атамекенге оралғанда естідім ғой. Жол бойы арып-аршып жеткен әкем келген бойда домалап түсіп, содан қайтып тұрмаса керек. Әйтеуір ұйғырдан алған азын-аулақ бидайды қатын баласына аман жеткізген көрінеді. Ұйғырдың босағасында жүріп ер жеттім. Жетімдіктің тақсіретін көп тарттым. Бала болып ойнамадым. Қой соңында жүрдім. Он жастан асқан соң сол ұйғырдың дирменін тартуға тұрдым. Балалық-шағым осылай өкісікпен өтті ғой. Талай қорлықты да, зорлықты да көрдім. Ер жеттім. Кейіннен Майтау деген жерде жұмысқа тұрдым. Табыс жаман болған жоқ. Төте жазуды үйрендім. Қытай коммунисті атандым. Шәуешектің маңында туыстарың бар деген соң, жаным қалмай соларды іздедім. Таптым. Бір үйге кіріп барсам, бір топ адам шай ішіп отыр екен. Амандастым да босағада біраз бөгеліп тұрып қалдым. «Кел. Кел бала» десті. «Мен Әмірбекпін, туыстарымды іздеп келдім» дедім. «Құлыным-ай сен бар екенсің ғой» деп дауыс салып бір әйел орнынан тұра берді... Әке-шешемді тапқаннан кем болмады. Сол туыстардың қолына көшіп алдым. Кейін мына шешеңе екі тайынша, бір жылқы беріп үйлендім ғой...» Шешем айтушы еді: «Әкеңе қосылған кезде қолда ештеңе болмады. Даладан отын шауып әкеліп Шәуешектің базарына шығарып сататынбыз. Әкең төте жазуды білді. Коммунист атанды. Адал еді. Соны қытайлар бағалады ма, бір бөлімшенің бригадирі етті. Артынан «Қызыл тарахият» деген коммунаны басқарды. Жағдайымыз сонда түзелді ғой...» Әкем айтатын: «Коммунаны басқарып тұрған кезім. Бір күні ине-жіптен жаңа шыққан костюм-шалбар сатып алып, жұмысқа киіп барған едім. Басшылар бірден жиналысқа салды. Айтатындары: «халық не кісе соны киюің керек. Өзгешеленуге болмайды». Амалсыз шешіп ескі киімді



кайта кидім. Тәртіп қатты еді ғой. Басшы да қара халықта бірдей өмір сүрді...»

Әкемнің тағы бір айтқандары есімде. «Үш аймақты азат ету (Шыңжаңдағы Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтары) көтерілісіне қатыстым. Әттең, Гомиьдан билігін тайдырып, тәуелсіздікке қол жеткізіп тұрған кезде белгісіз себеппен соғыс тоқтап қалды. Манас түбінде тұрған едік. Ұлттық әскерді таратып жіберді ғой. Әйтпегенде Қазақстан секілді Шыңжаңда тәуелсіз бір мұсылман мемлекеті болар еді. Қазақтың соңғы батыры атанған Оспан батырды да көрдім. Қазақтың соңғы байы атанып, керемет көпір салған, Вьетнамға көмекке ұшақ жасатып жіберген Башбай байды да көрдім. Қазақтың бір туар азаматтары еді, амал не? Шекара ашылады екен деген әңгіме 1962 жылдың басында ел арасында кезіп жүрді. Мамырдың басы болатын. Шекара ашылған. Атамекенге қарай жұрт дүрк көтерілді. Жұмысшыларға төленетін ақша алайын деп Шәуешекке келгенмін. Сондағы таныс-дос қытайлар шақырып алып, «сен бүгін үйіңе бар ма. Қазақтан шыққан басшылардың бәрін «елге іріткі салды» деп ұстап жатыр. Ішінде сенде барсың, каш деді». Сол қытай достардан ауылға сәлем айттым да, «шекара қайдасың» деп тартып отырдым. Алыс емес, 30-40 шақырым. Арғы бетке бір-ақ өттім. Нөпір халық. Қытай жақтан келіп құйылуда. Бергі бетте қаптаған кеңестік машиналар. Азық-түлікті әкеп төгіп жатыр. Ырғын молшылық. Ертесінде өгіз арбаға жүгін тиіп, екі баламды жетектеп шешен де бергі бетке өтті. Сол жылы атажұртқа оралған екі жүз мыңдай қазақтың бірі едік. Араға отыз жыл салып туған жерге табан тіредік, сүйтіп. Әкем өзге балаларын аман сақтап қалу үшін, мені жарты пұт бидайға ұйғырға сатып кетіп еді. Өзгенің есігінде жетімдіктің, жалғыздықтың тақсіретін көп көріп өсіп едім. Атамекенге жалғыз емес, отбасыммен оралдым... »

Әкемнің өксікпен өткен балалық шағы туралы айтқаны көп еді. Бәрін бір реті келгенде тасқа түсіру балалық парызым, әрине. «Шилі өзен, қамыс-ай, бізді ойлай жүр таныс-ай», не болмаса «Ағажай Алтайдай жер қайда?» деп әндетіп отыратын. Бәлкім арғы бетте қалған балдәурен шағын сағынатын болар... Жетпіс тоғыз жасында дүниеден өтті. Ауылға барған сайын басына барамын. Құран оқимын. Түбі бір көркем шығарма дүниеге келер. Өзірге осы. Жаның жәнәтта, топырағың торқа болсын, әке!

«Айқын». Желтоқсан. 2012



АНАСЫ БАР АДАМДАР...

Бірінші қаңтар – аяулы да ардақты анам Сәлиманың туған күні. «Негізі өмірге келген кезім, әкем Құсайынның айтуы бойынша, жеміс-жидек піскен кез. Шамасы тамыз-қыркүйек айлары болуы керек. Бірақ сонау Қытайдан бері өткен кезде орысша білмедік. Құжат толтырып отырған орыс қатын «1 қаңтар» деп жаза салыпты. Жалғыз мен емес, қаншама адамның туған күні солай толтырылып кетті ғой. Әйтеуір туған жылым 1936 екенін білемін. Онда да әкешем «Мүсірәлі молда атылған жыл» деп отыратын. Мүсірәлі молда қытай саясатына қайшы тірлік жасаса керек-ті. Ауылдағы жұртты жинап, елдің көзінше атып тастапты. Жыл санау бойынша есептегенде молданы атқан жыл сол 1936 жылға келеді екен. Сол жылы Шәуешектің түбіндегі Іргеіті ауылында дүниеге келіппін» деп отыратын. «Он алты жасымда әкеңе тұрмысқа шықтым. Әкең жетім жігіт еді. Қолында көп еш нәрсесі болмады. Қалың мал ретінде бір сиыр, бір тері тон, бір кілем берді. Әке-шешем соған ырза болысты. Әкең Әмірбектің әке-шешесі аштық жылы бергі бетте, кеңес елінде қалса керек-ті. Сол 32-жылы көшкен елмен Қытайға баласын жетелеп өткен атам Ұлықбек Әмірбекті бір ұйғырға жарты пұт бидайға сатып кеткен екен. Онда да «Кеңес жерінде қалған отбасымды алып келгенше сізде қалып, малайлық жұмыс істей тұрсын. Келген соң қайтарып аламын» деп аманаттап кетсе керек-ті. Бірақ атам Ұлықбек арғы бетке өгіп Жарма маңында тұратын отбасына аман жеткенімен қатты ауырып, бақи болып кетті. Содан әкең туғандарынан ажырап қалған. Сол ұйғырдың малын бағып, диірменін тартып, ержеткен. Кейіннен Майтау деген жерде жұмыс істеп, қара танып, Қытай коммунисті атанды. Одан Шәуешекке келіп, туыстарын іздеп тауып, жұмысқа тұрды. Сол кезде Шәуешекте тұратын туысқандардың үйіне қонаққа барғанда, мені көріп, ұнатып, ақыры отбасын құрдық қой» деп отырушы еді шешем өткен күндерді еске алып. «Ол кезде қолда ештеңе жоқ. Әкең екеуіміз отын шауып Шәуешектің базарында сағатынбыз. Таң атпай өгіз арбамен қырға кетеміз. Түске дейін арбаны толтырып, әкең базарға кетеді. Ол келгенше мен отын шауып, қол орақпен шөп орып даярлап қоямын. Базар тарқағанша тағы бір арба отынды сатып үлгереміз. Содан тапқан азғантай нәпақаға риза едік. Әкеңнің қара танып, қытай коммунисті



болғанының пайдасы тиді. Көп ұзамай коммуна басқарды ғой. Сол кезде ғана тұрмысымыз түзелді. Әкең еңбекқор еді, әділ еді. Содан болар, Шәуешектің қазағы да, қытайы да, ұйғыр-солаңы да оны сыйлады» дейтін шешем өткен өмір еске алған кезде.

Әкем 2005 жылы 79 жасында дүниеден өтті. Жыл сайын ауылға барғанда баяғыдай әкей болмаған соң, шешемді айналсоқтап жанынан шықпаймын. Әкем жайлы, өткен-кеткен өмірін сұраймын. Жанары жасаурап, шай құйып отырып, шешем әкем жөнінде, бірге өткен өмірін еске алып, ұзын-сонар әңгіме айтатын. Сөйткен шешеміз де сексенге толып жатыр. Аз жас емес. Шешем айтатын: «62 жылы сәуірдің соңында шекараға жақын отырған қазақтар бергі бетке өткен кез еді. Бір күні Әмірбек коммунадағы жұмысшылардың еңбекақысын алып келемін деп Шәуешекке кеткен. «Шекара ашылды» дегенді ести салып, қазақ біткен барын қолына алып жапа-тармағай көшіп жатыр. Ауылдың тең жартысы бірер күнде кетіп қалды. «Келген соң көшеміз, қамданып отыр» деген соң, дүние-мүлікті жиыстырып, өгіз арбаны майлап, даярлап отырғанмын. Әмірбек таңертең кеткен. Түс ауа ауылға бір машина қытай солдаттары сау ете түсті. Ауыл басшысы Әмірбек болған соң, бірден бізге келді. Сөйтсем «ауылға көшіндер деп іріткі салған» деп Әмірбекті ұстауға келген екен. Үйді ары тінитті-бері тінитті. Олар кеткен соң әкеңмен бірге жұмыс істейтін бір ұйғыр келіп, «балаларды алып арғы бетке өте берсін. Мен сол жақтан күтемін» деп Әмірбек сәлем айтты деген соң, балаларымды алып, өгіз арбамен шекара қайдасың деп тартып кеттім. Әкең бізді шекарада күтіп жүр екен. 1962 жылы Қытайдан бері өткен көп қазақтың бірі болып, біз де ата-баба мекеніне оралдық».

Бұл шешемнің өткен-кеткен өмірі жөнінде үзіп-үзіп айтқандары. Егер де әкем мен шешемнің айтқандарының басымен соңын құрастыратын болса, Қытайдағы қазақтардың өмірін жазған жазушы Қабдеш аға Жұмаділдің «Соңғы көшіне» пара-пар көлемді шығарма туар еді. Кейде алыста жүріп шешемнің мейрін аңсаған кезде мына бір оқиға жиі еске түседі.

Әлі есімде бесінші сыныпты бітіріп, алтыншыға көшкен кез. Жаз бойы ойнап, жаңа оқу жылына жақын қалғанда тыпырладық та қалдық. Жүгіріп жүріп мектеп формасын, көйлек-көншек, аяқ киім дегендей бәрін алдық. Бәрі дұрыс, бәрі су жаңа. Тек мектепке ұстайтын сөмкем ғана ескі. Лақтырып ойнап, түбі қақырап



жыртылған, ұстайтын құлағы жұлынған. Бірақ әкем кендір жіппен тігіп қойыпты. Дегенмен ескінің аты - ескі, тігілгеннің аты - тігілген. «Жаңадан сөмке әперіңдер. Әйтпесе мектепке бармаймын» деп шу шығардым. «Құлыным-ау, оған ақша жетпейді. Дүкенде арзандары өгіп кетіпті. Тек қымбаты қалған. Алдындағы ағаң мен әпкеңе, қарындасыңа киім-кешек әпердік. Сөмкені әкеңнің алдағы айлығынан әпперейін. Әзірге осыны ұстай тұр» деген шешемнің сөзін тыңдағым келмеді.

Ертесінде шешем түс кезінде көрші үйге кеткенде, үйдегі шамадандарды, шифонерді ақтарып жүріп, қаттап жинап қойған пұлдардың арасынан Лениннің басы салынған қызғылт күрең 5-6 он сомдықты тауып алдым. Шешем тығып қойса керек-ті. Соның екеуін қалтама сүңгіте салып, орталықтағы дүкенге жүгірдім. Жанымда досым Дүйсен бар. Расында шешем айтқандай арзан сөмке жоқ. Тек жалғыз ғана қолтырауының терісінен тігілген жарқырған қызғылт аспалы сөмке тұр. Әдемі. Дүкеншіден сұрап арқама асып көрдім. Жарасып кеткен секілді. Бірақ бағасы удай. Он алты сом. Жетпісінші жылдардың ортасында ол бірталай ақша болатын. «Аламын» дедім. Қалтамдағы жиырма сомды дүкеншіге ұстаттым. Қалған төрт сомға Дүйсен екеуміз мәмпәси, печене, лимонад алдық. Тойғанша іштік, жедік. Жол бойы ойнап, сөмкені асып үйге кешке ғана оралдым. Жаңа сөмкені көріп шешемнің түрі бұзылып кетті. Әкем тек жымыды да, қойды. Дауыс көтеріп, ұрса бастаған шешемді: «жә, қатарынан қалмасын. Алсын, ұстасын» деп әкем басып тастады. «Ұйбай-ау, мен аяп отыр дейсің бе? Ана үлкен ұлың велосипед әпер деген соң, қағыстырып отырған ақша ғой. Оған не деймін енді?», - деп шешем біраз тызалақтап барып басылған. Әкем болса, «өйтіп ұрлық жасама, үйреніп кетесің» деп маңдайымнан бір искеп қойды. Сосын «бәйбіше ұлыңның алғаш рет сауда жасағанын жусаңшы. Аман болса, ол ақшаны бұл балаң әлі талай қайтарады» деп кеңк-кең күлген. Расында алтыншы сыныпты бітірген жылы жазғы каникулда оқушылардан құралған өндірістік бригада да жұмыс істеп, үйге 32 сомды алып келгенде, әке-шешемнің қуанғанын көрсең! Шешем тыққан жылы жұмсағының бәрін шығарып, алдыма тосқан. Бұл сол бір бала күнен қалған естелік-тәбәрік.

Одан бері талай заман өтті. Есейдік, етек жаптық. Жігіт ағасы болатын жасқа жеттік. Өткен өмірде еске алар естеліктер



жеткілікті. «Анасы бар адамдар қартаймайды» демекші, әлі де ауылға барғанда жасымыз біразға келсе де, еркелеп, тасырандап қаламын. Өзінің айтуы бойынша, шешем Сәлима он алты құрсақ көтеріпті. Соның сегізі дін аман. Бәрі бір-бір отбасы болып отыр. Бүгінде он жеті немере, он екі шөбересі бар. Сексен жас аз емес. Бірақ мұны құдай көп көрмесін. Жүзге келіп шөбере, неменелерінің ортасында отырса да дейміз...

«Айқын».

Желтоқсан. 2015 жыл

ҚОС КЕЛІНШЕК

Кейде мынау қым-қуыт тірліктен шаршаған кезде, есіңе сонау бала күнің, тұманың көзіндей мөлдір кезең түседі. Қайғысыз, мұңсыз шақ. Ол бір керемет кез екен-ау.

*Қайғысыз-мұңсыз бала кез,
Шаттығым-шалқар дәуренім.
Есейдің екен, неге тез*

Ойланып енді әуремін, – деп ақындар балдырған-бала күнінің бекер жырламаса керек-ті. Шулы шаһар. Аласапыран тірлік. Адамды алқымынан алып, сөлін сығып алар күнделікті күйбең өмір. Шаршайсың, таусыласың.

Сондайда, тұмса шағың, балбұлақ дәуренің еске оралады. Сондай да мамыражай ауыл, май топырақты шандатқан топ бала елес береді. Сондайда арық жағасында отырып, сонау көкжиекте мұнартып жатқан сағымға көз тігіп «баяғыда ше, сонау ескі заманда...» деп ескі-қиссаларды, қисынын келтіріп ертегі-аңыздарды майын тамыза әңгімелейтін апайым Рая еске түседі. Сонау жетпісінші жылдары ауылда теледидар деген некенсаяқ, радио дегенде үстінде күй табақ ойнайтын абажадай дәу қобдиша. Оны да ойын баласы тыңдасын ба? Тек кейде күйтабаққа жазылған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» секілді дастандарды тыңдайтыным болмаса. Маған радиодан гөрі, әпкемнің айтқандары әлдеқайда әсерлі, әлдеқайда қызық-тұғын. Ол кезде үйде қаз-үйрек деген өте көп еді. Үйдегі уақ балалар мал



емес, қаз-үйрек бағып қырға шығатынбыз. Кетіп қалмасын дей ме, әпкем сондай да оқыған кітаптарын, естіген әңгімелерін жанына отырғызып алып, әңгімелеуші еді. «Баяғыда, сонау ескі заманда...» деп бастайтын. Ойын баласы бізге баяғының батырлары, жалғыз көзді дәулермен, жын-пері, жалмауыз кемпірлермен қалай айкақаны қызық көрінетін. Бітіп қалса, «тағы да айтшы» деп әпкеме жалынатынбыз. Бірде әпкем: «Анау көз ұшында көрінген қос теректі көрдіндер ме?» деп өзгеше бір әңгіме бастады. «Иә, анау тұрған ба?» деп топ бала шу ете түстік. «Оны жұрт қос келіншек» деп атайды деген әпкем. Сосын сол қос терекке байланысты сыр ақтарған... Қос келіншек. Сол қос терек ауылдан алыс емес. Ары кетсе төрт-бес шақырым болатын жерде жайқалып тұратын. Жанында қос оба бар. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары жүгері егіміз, астық саламыз деп колхоз ол жерді жыртып, обаны тегістеп жіберген. Қос теректе түбінен шабылып, жоқ болған. Сонда деймін-ау алақандай жерге егін екпесе, жұрт аштан қалатындай не болып еді? Кеңес заманының кесірі ғой. Ескіден қалған әңгімеге арқау болған сол бір алақандай жер көзден кеткенмен, әпкемнің айтқаны көкейде қалды. Өшкен жоқ. Қайта уақыт өткен сайын, сол бір балдырған күндерді сағынған, аңсаған кезде тоған басында қаз-үйрек баққан топ баланы, әңгіме айтып, бүкіл баланы ұйытқан әпкемді, ол айтқан «Қос келіншек» еске түседі.

Өткеннің сарқыты, көненің тәбәрігі сынды әңгіме қалай басталушы еді?

Қос келіншек, қос мұңлықтың тағдырын әпкем былай деп тарқата-тұғын...

Баяғыда Шыңғыс ханның бір ұрпағы Қайду хан осы Тарбағатай өңірін жайлаған екен. Жаз жайлау етіп, Тарбағатайды, қыс қыстау етіп Еміл өзенінің жағасында отырыпты. Жаугершілік, шапқыншылық заман. Қанды қол Қайду тыныш жатқан ба? Әлсін-әлсін әскер жиып айналасымен атысып-шабысып отырған. Әр аттаныс сайын қаза болған сарбаздарды ат жалын енді тартып мінген бозбалалармен толтырып отырған. Замананың заңы сондай еді. Тағы бір шапқыншылық. Әр жаугерлік жорық қашанда кедей-кепшіктің мойнына түскен заман. Әр түгін бірден-екіден сарбаз шығарған. Сондай кез тағы туды. Бір кедейдің балиғатқа толмаған, жалғыз ұлын сарбазға алмақ болыпты. Бұғанағы қатпаған бала жорыққа қандай қайрат көрсетсін?! Қосақта кетіп



қаза табуы әбден мүмкін еді. Соны ойлаған кедейдің апалы-сіңлілі қос қызы бауырын жауға жібергенше, көресінді біз көрелік деп еркекше киініп сарбаздардың қатарына қосылған екен. Жан беріп, жан алысқан айқастарда екі қыз ерекше көзге түсіп, ханның ілтипатына ілігіпті. Амал қанша, тағы бір жорықта апалы-сіңлілі қос қыз қаза тауыпты. Моңғолдардың салтымен дөңес-жотаға оба тұрғызы, қос қызды сонда жерлепті. Сол жер осы екен. Содан бері бұл жерді «Қос келіншек» атап кетіпті» деп әпкем әңгімесін аяқтайтын. Өзі мұңайып, сонау жақтан көрінген қос терекке қарап отырып қалатын. Жанарынан мөлдір жасты көретінмін. Бәлкім сол бір аяулы қос батыр қыздың тағдырын ойлайтын шығар деп жоситынмын...

Бірде әпкем тағы да қос келіншек туралы әңгіме қозғады. Бұл жолғысы мүлде өзге еді. «Ұлы Отан соғысы жылдары екен. Ауылдағы арқасүйер ер-азаматтың бәрі майданда. Бүкіл ауыртпашылық әйелдерге түскен кез. Жер тырмалап егін салатын да, оны орып жинайтын да, мал бағатын да солар. Он екіде бір гүлі ашылмаған уыз қыздар да белдері қайысы, ер-азаматтардың орнын жоқтатпай, еңбек майданында жүрді. Бір отбасының егіз қызы болыпты. Бір қызығы, сол екі қыз екінші бір отбасындағы егіз жігітке ғашық екен. Сүйіспеншілік соғысқа қаратсын ба?! Екі отбасы келісіп, бір-біріне ынтызар болған жастарды қосыпты. Амал қанша, келінді түсірген күннің ертеңінде қос жігіт майданға шақырылып, уыз махаббаттың бал-шырынын татпастан Отанды қорғауға аттаныпты.

*Келіннің бетін ашқанды,
Иіліп байқұс жасқанды.
Жасқанды дағы жас қалды,
Ертесін соғыс басталды.*

Алды да кетті жастарды», – деп сол шақтағы жастардың қасіретін ақын осылайша жырға қосқан екен. Келін боп түскен қос қызды соғыс жүріп жатқан кезде найқалтып кім отырғызсын?! Олар да өзге қыз-келіншектермен қатар қара жұмысқа шегіліпті. Міндеттері бірер күнде бір рет жиырма шақырым жердегі көрші ауылға сүт тасу. Екі арбаға сүт толы бөшкені тиіп алып, қырды мұңлы әнге бөлеп кете барады екен, екеуі. Арада жылжып айлар, тізіліп жылдар өтеді. Соғыстың бітер түрі жоқ. Жалғыз ұлын



аттандырған ана да, сүйгенін майданға шығарып салған қыз-келіншектер де күре жолға көз тігіп, қарайған көрінсе, «соғыстан қайтқан солдат па?» деп елеңдескен заман. Бір жылы қыста сүт апарып, түнде қайтып келе жатқан қос келіншектің шанасын қасқыр қамап, шанаға шегілген өгізбен қатар келіншектерді де жеп кеткен көрінеді. Құданың құдіретін қарасаңшы, сол жылы көктемде соғыс бітіп, қос азамат дін-аман елге оралыпты. Өздері жоқта болған сүйгендерінің басындағы қасіретті естіп, налыпты. Ақыры қос келіншекті қасқыр қамап жеп кеткен жерге, қос тал егіп, жан-жағын қарайтыпты. Содан бері бұл жер қос келіншек атанып кетіпті... «Сол қос терек анау тұрған», – деп әпкем алыстан жайқалып тұрған екі терекке қарады. Әпкемнің көзінде жас. Біз де мұңайып қалғанбыз.

*«Ах-хау арман,
Дүние жалған.
Тұратын өмірі
Мұң мен зардан.*

Қос келіншек, қос келіншек...» деп әпкем мұңлы әнді әуелете айтып отырушы еді. Бұл сонау жетпісінші жылдардың соңында айтылған әңгіме еді. Одан бері нешеме заман өтті. Дүние өзгерді. Қаз баға барып әңгіме айтатын әпкеміз де, оның әңгімесін тыңдайтын біз де өстік, ер жеттік. Бірақ бала күнгі естіген сол әңгімелер көкейде әлі жаңғырып тұр. Жылда ауылға барған сайын, ауылдың күн шығысында жатқан Көрпембай жотасына көтерілемін. Баяғыда, бала-шағымызда ойнақ салған төбе-қырға әлдебір сағынышпен қараймын. Сондайда есіме Қос келіншек түседі. Шым-шымдап әпкемнің айтқандары оралады. Жарықтық араға талай жылдар салып, баяғыда түбімен шауып тастаған қос теректің орнына жаңадан көк тал көктеп өсіп, біршама бой көтеріп қалыпты. Ауылдың көне көздері болмаса, бүгінгілер ол жер Қос келіншек атанғанын біле бермейді. Бірақ мен үшін ол жер баяғы әпкем айтқан әңгімеден кейін мәңгіге Қос келіншек атанып қала беретіні анық. Мұны да қолыма қалам ұстап жүрген соң, туған жердің бір белгісі елеусіз қалмасын деп қағазға түсіріп отырмын.

«Айқын».
Қыркүйек. 2013



ЖИДЕЛІ ТОҒАЙ СЫБЫРЛАЙДЫ...

Кез келген адамның көңіл түкпірінде көмескі тартса да, кейде сағына еске алатын, аңсайтын кезеңдері болады. Ол менде де бар. Шулы қала, алдау мен арбаудан тұратын қым-қуыт тірліктен шаршаған шақта, бұйығы ауыл, бейқам балалық шақты сағынасың. Пендешіліктен ада, бейкүнә кездердің орны бөлек екенін бағамдайсың. Сондайда есіме Жиделі тоғай жиі түседі. Ол жер алғашқы бала махаббатымның бесігі еді. Қалай еске алмаймын, қалай сағынбайын.

Жиделі тоғай... Ауылдан он-он бес шақырым жерде Тамды өзенінің жар жағасында сыңси өскен қалың жиде ағашы. Аудан орталығына қатынайтын күре жолдан алыс емес. Әкем бір қарағанда тұйық, қой аузынан шөп алмас жуас адам болғанымен, әңгімесілі еді. Сонау бала кезімде жотада қой бағып жүріп, туған жердің әр шоқысы, әр төбесі жайында «анау неге олай аталған, мына жердің аты неге былай қойылған» деп сұрай беретінмін. Сондайда әкем бар білгенін еш жалықпай жайып салушы еді.

Бірде Жиделі тоғай жөнінде сұрағаным бар. «Кезінде ауыл бұл жерде емес, анау Май төкеннің маңында отырған. Ол өткен ғасырдың отызыншы жылдары болатын. Ауылдың аты «Тегісшілдік» деп аталатын. Отызыншы жылдардың ортасында иісі қазаққа белгілі азамат, атақты ақын Сәкен Сейфуллин Алматыдан келіп, осы Үржарда жылға жуық тұрақтап тұрыпты. Ел аралапты. Осы Тегісшілдік ауылында болған екен. Оның шығармаларын карап отырсаң Тегісшілдік ауылы жайында жазған біраз өлеңі бар. Сол Сәкен сері Тегісшілдікке келген кезде бірер күн қона жатқан екен. Сәкенге киіз үй тігіп, жеке күтіпті. Ол үй Тамды өзенінің бойындағы анау Жиделі тоғайдың түбінде тұрыпты. Сол Сәкен өзіне шай құйған осы ауылдың бір қызына ғашық болып, керемет ән шығарыпты. Кейіннен Сәкеннің киіз үйі тұрған Жиделіні тұрғындар «Сәкеннің жидесі» деп атап кетіпті. Бертінге дейін солай аталған екен. Мұны мен сонау 1962 жылы Қытайдан бері өтіп, осы Елтай ауылына келіп тұрақтаған кезде ауыл шалдарынан естіп едім. Сәкенді көзі көргендер, оған шай құйған келіншектер де осы ауылда бар. Олар қазір шал, келіншектер кемпір болды ғой. Кейінгі жұрт Сәкеннің жидесін «Жидекті» немесе Жиделі тоғай» деп атайды», – деп еді әкем.

Сол Жиделі тоғай мен үшін алабөтен ыстық. Неге дейсіз ғой? Иә, неге? Ол жер менің бала махаббатымның алтын бесігі. Жетінші кластан бастап, қолыма қалам алып шикілі-пісілі өлең, әңгіме, мақалалар жазып, аудандық, облыстық және балалардың «Қазақстан пионері» газетіне, «Пионер» журналына жібере бастадым. Жазғандарым жарық көріп те жатты. Әсіресе, «Қазақстан пионері» газетіне шыққан мақалаларымнан кейін оқушылардан танысу хаттар көптеп келетін. Бірде көрші ауылда тұратын Ақшарқат есімді оқушы қыздан хат келіпті. Газетке шыққан мақалама жылы пікір айта келіп, танысып, дос болғысы келетінін жазыпты. Көрші ауыл. Бар-жоғы жиырма шақырымға толмайтын жерде. Қарсы емес екенімді білдіріп, хат жазып жібердім. Содан кейін арамызды көгілдір хаттар жалғады. Уақыт өткен сайын достығымыз беки түскен. Сурет алмастық. Бірде аудан орталығы Үржарда кездесуге уәделестік. Кездестік. Тілdestік. Қара торы келген сүйкімді қыз екен. Сол кездесуден кейін арамыз тым жақындап кеткендей болды. Неге екені қайдам, оның суретіне оңашада жиі қарайтын болдым. Ыстық тартып барады.

Бірде хатқа оған деген ынтызар сезімді түсіріп жолдадым. Жүрегім лүпілдеп Ақшарқаттан жауапты асыға күттім. Хат келген күні төбем көкке бір елі жетпей қалғандай қатты қуандым. Ол қарсы емес екенін білдіріпті. Бірде хатқа «дос қызыңды ертіп ауылдан бері шық. Мен дос баламды ертіп саған қарсы шығайын. Күре жолдың бойындағы Жиделі тоғай деген жерде кездесейік» деп хат жаздым. Өйткені Жиделі тоғай екі ауылдың ортасында орналасқан. Тіпті біздің ауылдан гөрі Ақшарқат тұратын Науалы ауылына әлдеқайда жақындау болатын. Ол кезде белесebet деген керемет көлік.

Уәделескен күні досым Дүйсенді ертіп алып Жиделі тоғайға тартып кеттік. Ертерек келіп алып, қара жолдың бойына көз тігіп отырмыз. Біраздан кейін көз ұшында қос қарайған көрінді. Ақшарқаттар екен. Келді. Лимонад ала келген екен. Соны іштік. Жидек теріп жедік. Қазіргінің балалары болса басқаша әңгіме айтар еді, басқаша қимыл жасар еді. Ортамызда бөтен әңгіме болған жоқ. Әлденеден қысылатындаймыз. Ашық сүйіспеншілігімізді білдіруге әлдене бөгет жасайтындай. Ол бір адамның бетінен ұят қашпаған, пәк кездер еді ғой. Сол кездесуден кейін де Ақшарқат екеуіміз Жиделі тоғайда бірнеше рет жолықтық.



Әлі есімде соңғы бір кездесуде оған деген сезімді әрең дегенде жеткізгендей болдым. Екеуміз тоғайдың бір жақ шетіндегі кәрі жиде ағашының көлеңкесінде ұзақ отырдық. Әр нәрсенің басын бір шаламыз. «Апамнан осы Жиделі тоғай жайында сұрадым» деп Ақшарқат әңгіме бастады. «Баяғыда үркіншілік жылдары (Біз кездескен уақыт 1981 жылдың жазы еді. Ол кезде 1932 жылдың аштығы жөнінде ешкім біле бермейтін. Тәуелсіздіктен кейін ғана ол жылдардың қасіреті белгілі болды ғой) Қытайға қашып өтіп жатқан жұрттың біраз бөлігі осы Ащылыөзек жотасын бойлап келіп, осы Жиделіге тоқтап, бірер күн қоныс болыпты. Ашыққан жұрт жидек, бүлдірген теріп жеп ес жиған екен. Бір күн тоғайға қонып ертесінде жүреміз дегенде қатты нөсер болып, жалт ойнапты. Сол көшкен жұртпен бірге жаңадан ғана отбасын құрған қос ғашық бірге келе жатса керек. Қалың жаңбырда терек түбін паналаған сол қос мұңлыққа найзағай түсіп, осы жерде қайтыс болыпты. Анау тұрған солардың моласы болса керек-ті», – деген Ақшарқат арқан созым жерде тұрған төрт құлақты көне бейітті нұсқап.

Бұл мола баяғыдан барын мен де білемін. Бірақ Ақшарқат айтқан әңгімені бірінші рет естідім. Неге екені қайдам, дәл сол кезде түбінде отырған терек құлап бізді басып қалса. Өліп кетсек «Ақшарқат екеумізді бірге жерлер ме еді» деген бір ой көңілімді тілгілеп өтті. Неге екені қайдам, дәл сол уақытта Ақшарқатпен бірге өлуге бар едім. «Сейфүл Мәлік Жамалдай бейнетіңе көнсем-ай, Қозы Көрпеш Баяндай бір молада өлсем-ай» деп әкем айтып отыратын ескі қиссаның жыр жолдары есіме оралған. «Өмір бойы сенімен бірге болып, бір молада өлгім келеді» деген сөз көмейіме кептеліп қалған. Бірақ ұяндық па, әлде ынжықтық па білмедім. Ол сөзді Ақшарқатқа айта алмадым. Екеуміз моланың қасына барып бет сипадық. Білген ырымымызды жасадық. Уақыт өтіп жатты. Келер жылы жазда, иә сол жазда күтпеген оқиға болды. Бір күні Тарбағатай өңірінде болмаған нөсер жаңбыр жауды. Жасын ойнады. Қатты жел тұрды. Желдің қарқыны қатты болғаны сонша, талай үйдің шатырын жұлып әкетті. Талай тал-терек түбірімен опырылып құлап қалды. Ертесінде қақпадан жүгіріп кіріп келе жатқан Дүйсенді терезеден көрдім. Көзінде жас. «Естімеген боларсың» деп өксіп жіберді. Сөйтсем кешегі қатты жаңбыр мен дауылда аулада өсіп тұрған терек құлап, Ақшарқатты басып қалыпты. Ол

қайтыс болыпты. Мұны Дүйсен Науалыда тұратын туыстарына телефон шалғанда естіп қалса керек. Есенгіреп қалдым. Тіпті сенгім келмеді. Араға екі-үш күн салып Дүйсен екеуіміз Науалыға, Ақшарқаттың басына бардық. Ошарлана орналасқан бейіттердің бір шетінде қоян жонданып, әлі топырағы кеппеген қабір қарсы алды. Мен Дүйсенді ол мені құшақтап солқылдап ұзақ жыладық... Араға ай салмай тағы да Тарбағатай өңірінде ауа райы бұзылды. Бұрқырап жаңбыр жауып, қатты жел тұрды. Велосипедті міне салып Жиделі тоғайға тарттым. Жауған жаңбырға, соққан желге қарамадым. Баяғы Ақшарқат екеуіміз әңгіме айтып, иық тірестіріп отыратын кәрі жиде ағашының астына келіп тұрдым. Ағаш құлап, астында қалып өлсем екен деп ойладым. Жасын түсіп, өліп кетсем одан да жақсы болар еді деп жосыдым...

Дәл сол кезде көктей беріп, гүлдей солған бала махаббатымның артынан бірге кетсем деген бір ғана ой болды. Ақшарқат жоқ өмірде жер басып жүргім келмегені, рас. Бірақ терек құламады, найзағай түспеді...

Жыл сайын ауылға бара жатқанда жеңіл көлікпен жүйткіп өтіп бара жатып, бала махаббатымның алтын бесігі болған Жиделі тоғайға көз алмай ұзақ қараймын. Жиделі тоғай сыбырлап өткен күндердің риясыз кездерінен сыр ақтарғандай болады... Жүрегімді мұң қабыздайды...

Тарбағайтай тауының етегінде Үржар деген үлкен аудан бар. Сол Үржардың шығысында он-он бес шақырым жерде Науалы деген ауыл бар. Сол Науалыдан Үржарға шыға берер қасқа жолдың оң қапталында қорым бар. Ошарлана орналасқан бейіттердің бір шетінде алғашқы пәк махаббатым Ақшарқатымның бейіті тұр.

«Айқын».
қазан. 2014

НАЙМАН ҚАЛА, БҰЛ ҚАЙ ҚАЛА?

Ащыөзек жотасының етегінде сағымға көміліп көне қорған жатыр... Сыры беймәлім. Қай ғасырда, қай ел тұрғызды белгісіз. Қорған десе қайласы мен күрегін ала жүгіретін археологтар бұл жерге ат ізін салмаған. Бәлкі естімеген де болар... Сонау ес білген бала шағымда сағымға оранып, бар құпиясын жасырып жатушы



еді. Әлі де сол қалпы. Тек жел мен жаңбыр кемірген қорғанның кабырғалары үгіліп, жерге сіңіп барады. Кезінде көтеріліп, күншілік жерге көз салар төрт мұнарасы да құлаған, төрт жақтан кіріп шығуға қолайлы төрт қақпасы да опырылып, дөңбешікке айналған. Апыр-ау, көштен бөлініп қалған тайлақтай жапан далада қарауытқан бұл не қылған қорған? Кім тұрғызды? Суыртпақтап тартар тарихы қайсы? Тек көне дүниеден сыр шертетін тарихи кітаптарды парақтап, өзіңше жорамалдайсың? Басқа жол жоқ. Ащыөзек жотасының етегінде сағымға көміліп көне қорған жатыр... Сыры беймәлім...

Балалық шаққа саяхат

Кешкі асқа отырғанымыз сол еді, шешем, «Мына көксау шалдың баласы ана Жамбыл қорғанынан керемет алтын сақина тауып алыпты. Кітап кеміргенше соған ілесіп барып, қорған қазсаңшы. Саған да бір нәрсе ілігер. Бәлкім ат басындай алтын табылып қалар. Жұрттың балалары пысық әйтеу, біздікі үйкүшік» деп, ауылдағы соңғы жаңалықты жайып салды әрі маған көңілі толмайтынын да білдіріп қойды. «Мен де естідім. Жұрт айтып жүр» деп әкем шайын бір жұтып, басын шайқап қойды.

Шешемнің «Жамбыл қорғаны» деп отырғаны, ауылдан бес-алты шақырым жерде жатқан көне қорған. «Жамбыл» деген сөздің өзі «қорған» деген мағына беретін болса керек-ті. Жергілікті халық солай дейді. Шешемнің «көксау шал» деп отырғаны көрші үйдегі Мамырбек ақсақал. Ал алтын сақина тауып алған бала немересі, ныспысы – Сайлау. Менен бірер жас қана үлкен. Ертесінде салып ұрып, Сайлауға бардым. Тауып алған сақинасын киізге үйкелеп отыр екен. «Қарашы, керемет емес пе?» деп мақтанып қояды. Ортасында кішкентай асыл тастар салынған алтын сақина киізге үйкелеген сайын жарқырай түсетін тәрізді. «Мына Тамды өзенінің бойында сиыр бағып жүргенмін. Бұл қарасан келгірлер дұрыс жайылсын ба? Жартысы өзен жағасында қалса, жартысы қарыс қадам жердегі көне қорғанға кіріп кетеді.

Түс әлетінде қорғанның ішіндегі сиырларды қайырып, өзен жағасына айдап жүргенмін. Қарсы алдымнан ұзындығы бір құлаш қарабас жылан сумаң етіп кесіп өтіп, ши түбіне кіріп жоқ болды. Баламын ғой, қызық көріп, жылан кірген шидің түбін құрықпен түрткілеп жатырмын. Жылан кірген тесікті біраз қопардым. Бірақ



жылан жердің түбіне түсіп кеткен бе, әйтеу шыкпады. Бірақ қопарылған топырақпен бірге бір кішкене сар темір жалт етіп көрінді. Алғашында мән бермегенмін. Ақыры жыланды қайтып шығара алмаған соң, әлгі темірді көтеріп алып қарағанмын. Сақина. Сақина болғанда қандай, алтын сақина. Бір күні әдейілеп барып сол жерді қазабасам ба, бәлем» деп Сайлау бар сырын ақтарып салды. Рас, сақина кішкентай болғанмен көздің жауын алады. Жалтырап тұр. Әсіресе жақұт тастары керемет көрінеді. Қызықтым. Ақыры Сайлау екеуіміз қорғанды бірге қазатын болдық. Әңгіме сонымен тоқтаған. Ол кезде небәрі алтыншы класта оқимын. Ойын баласымын. Қорғанды қазу мәселесі бірте-бірте ұмтылып қалған. Тағы бірде Сайлау алтын сақинаны жоғалтып алғанын айтқан. Сонымен сақина мәселесі тәмам болған-ды.

Аңыз не дейді?

Содан бері арада талай жыл зулап өте шықты. Ер жеттік, есейдік. Туған жердің әрбір тасына өзгеше көзбен қарайтын болдық. Тарихқа деген қызғушылық артты. Содан болар, сол мәселені қозғайтын кітап-журналды жинауды әдетке айналдырып алдым. Бірде көне тарихтан сыр тартатын кітапты ақтарып отырып, бір қызықты жайтқа тап болдым. «Ерте заманда өте көп қала тұрғызған елдер – ғұндар мен қаңлылар. Ғұндар Ортос, Шан-Шань (Лобнор), теріскей Алатау, Турфан, Жоңғария сахарасы, Алтай, Тарбағатай өлкелерінде көптеген қала тұрғызған. Ғұндардың үлкен қалаларын өз бетімен басқаратын жеке ханы, билері болды. Тек қана Тарбағатай тауының қойын-қоншысында ғұндардың ондаған қаласы бой көтерген. Сол өлкедегі мықты қала Аңшы (Анышы) деп аталады. Өз тұсында ол шаһар керемет дәуірлеп тұрды» деп жазылған әлгі кітапта. Бұдан ары сол қалаға байланысты бір аңыз өріліпті. «Аңшы қаласын басқарған ханның жалғыз ұлы болыпты. Әкеге қарағанда ханзада әлдеқайда мейірімді, халыққа жақын болса керек-ті. Ғұндар әлсін-әлсін көрші жатқан қытай еліне жиі жорыққа шығып, олжалы қайтып жүреді. Бір жолы ғұндардың олжасы бір топ қыз-келіншек болады. Орталарындағы қыпша бел, қиғаш қас, көрікті қытай қызына ханзада ғашық болып қалған көрінеді. Содан Ханзада шеберлерге қызға арнап асыл тастармен көмкерілген керемет жүзік соқтыртыпты. Әрине әке рұқсат берсе үйленбек ойда жоқ емес. Қыз да жігітке кет әрі болмаса керек.



Бірақ қатыгез әке қызды ұлына кимай, өзі алмақ болыпты. Мұндай қорлыққа шыдамаған бала әкеге қарсы келе алмасын біліп, өзін жарып өлтіріпті. Ал сүйгенінің осындай халге душар болғанын көрген қыз ханға «Сүйгеніммен бірге көміңіз» деп өтініш жасап, өз-өзін өлтірген. Қатыгез хан «Жалғыз ұлым ғой, күнде көріп тәу етіп жүрейін» деп, өзі басқарып отырған қаланың бір алаңқайына ұлын қызбен бірге жерлепті. Қыздың қолындағы керемет алтын жүзікке де тиіспепті» деседі, әдірәм қалғыр ескі заманның ескі аңызы. Бұл бір деп қойыңыз.

Екінші бір аңызды әкем айтып отырушы еді. «Кезінде Тарбағатай өңіріне аты шыққан атақты Мамытжан деген сал-сері өтіпті. Найманның Сыбан руынан. Ел аралап, ән айтып, палуан күрестіріп дүрілдеп жүрген сері бірде Тарбағатайдың бір белесін қоныстап отырған Болатшы руының бір қызына ғашық болыпты. Бұлаң өскен байдың қызының да серіге көңілі кетсе керек. Екеуі сөз байласады. Бірақ қызды кішкене кезінде өзгеге атастырып қойса керек. Сол бар, әрі қызын «ұшарын сай, қонарын жел» білетін жалғыз атты серіге беруге бай келіспейді. Сыбанның сері жігіті бар жиған-тергенін сатып, Аякөз жақтағы атақты бір шеберге алтын жүзік соқтырып, қызға тарту жасайды. Ақыры әке рұқсатын бермесін білген қос ғашық елден қашып кетуге бел буса керек-ті. Бірақ тағдыр олардың бір болуын жазбаған екен. Қос жүйрік мінген қос ғашықты байдың шаш ал десе, бас алатын шабармандары Ащыөзек жотасының етегінде қуып жетіп, айқасыпты. Жалғыз атты көпке қалай шамасы келсін. Қатты тиген шоқпардан сол жерде жігіт мерт болыпты. Мұны көрген қызда «жаным сүйгеніммен бірге» деп өзін кездікпен жарыпты жіберіпті. Бай өзіне сөз келмес үшін, жұртқа «сері жігітпен қызым бізге жеткізбей қашып кетті» деп алдаусырата әңгіме айтып, махаббат жолында шаһид болған қос ғашықты Ащыөзектің етегіндегі ел бармайтын көне қорған ішіне жерлепті. Баяғының шалдары ол қорғанды, қос мұңдық Мамытжан (сері жігіт) мен Ақшарқат (қыз) жатқан қорған деп айтып отырушы еді. Қазір жұрт ол аңызды да ұмытты ғой» деп әкем әңгімесін аяқтайтын. Сосын «Мамытжан серінің сүйгеніне арнаған әні» деп үілдеп бір мұңды әнді айтып отыратын. Сол кезде, әнді қағазға түсіріп алу ойға келмепті. Қазір бәрі ұмтылып қалған. Сұрай қоятын әке де өмірден озып кеткен. Бірақ екі оқиғаның өзегінде бір ақиқат жатыр. Ол Ащыөзек

жотасының етегіндегі қорған. Бәлкім Сайлау тауып алған алтын жүзік сол аңыздардағы сақина болар-ау. Бәлкім ғұндардың Аңшы деп атаған шаһары осы шығар. Әйтеуір ғажайып жүзікте бір сырдың жатқаны белгілі.

Бір қызығы, сол Сайлау 90-шы жылдардың басында жоғалып кетті. Әлі күнге хабар жоқ. «Аруақтарды мазалаған адам оңбайды. Солардың қарғысына қалды ол» деп жұрт айтады. Кім білсін. Жергілікті жұрт ол қорғанды Жамбыл дейді. Кейбірі Найманқала деп атайды. Әлі ешкім зерттемеген. Тарихы тым тереңде. Тамды өзенінің бойында, «Ащыөзек» деген жотаның етігінде жатыр. Кезінде биік дуалдармен қоршалған, жан-жағына ор қазылып сумен толтырылған, төрт қақпалы үлкен қамал болғаны көрініп тұр.

Тарихқа үнілсек, Құлжа сапарында қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлиханов осы жерде болып, қамал жайында жазып, картаға түсіріп әкетіпті. 1918 жылы Үржарға келген сапарында Алаштың арда ұлдары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов елден естіп, арнайы осы қорғанды келіп көріпті. 1934 жылы Үржарда сегіз ай тұрған Сәкен Сейфуллин де Найманқаламен танысқан екен. Қытайдың Шәуешек қаласына келіп қайтып бара жатқанда ұлы ақынымыз Абай да сол Найманқалаға соғыпты» деген ел арасында әңгіме де бар. Демек қазақтың бір туар ұлдары қызыққан қала жай ғана қорған болмаса керек-ті.

Рас, шаһардың қай ғасырға жататынын ешкім тап басып айта алмайды. «Біздің қасқабас ғалымдарымыз бен жер қазғыштармыз (археологтар дегені) айналып келіп Отырар мен Сауранды қаза береді. Зерттей береді. Бұл Тарбағатай маңына аттап басқандарын көрмеппін. Бүкіл түркі тарихы осы жерде тұнып жатқан жоқ па? Әрі-беріден соң адамзаттың өркениетті осы Алтай мен Тарбағатайда өркендеген жоқ па?» деп кейде шай үстінде әкем күңкілдеп отыратын. Содан бері қанша уақыт өтті. Шындығы сол, әлі күнге Найманқаланы біреу келіп зерттепті дегенді мен де естіген жоқпын. Ащыөзек жотасының етегінде сағымға көміліп көне қорған жатыр. Сар даланың аңзақ желімен қорғанды басып қалған ши біткен ән салады. Ызындап сонау көне заманнан сыр шертеді...

«Айқын».
Желтоқсан. 2012



ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН ЕЛЕС...

Әңгіменің әлқисасын бастамай тұрып, бала кезімде болған бір оқиғаны еске ала кеткенді жөн көріп отырмын. Төменде жайтқа мұның да қатысы болуы мүмкін. Әлі есімде, 1983 жылдың тамыз айының соңы. Малшылар жайлаудан түсіп жатқан уақыт. Әкем колхоздың қойын бағатын болғандықтан жайлауға барып, таудан қойды айдасып түсу керек болды. Қой Тарбағатай тауының Шөпшібай деген жайлауында болатын. Таудың иір-қиыр жолымен қойды етекке айдап түсу кем дегенде бір күнді алатын шаруа. Әкем оның көмекшісі және мен таңсәріден қойды жая айдап, ымырт үйіріле етекке түстік.

Түнемелікке тоқтаған жеріміз Алмалы сай деп аталады. Қойды иіріп сонда қондық. Тау салқын. Киізді жартылай жамылып, ұйықтап кеткенбіз. Таң алдында дүңкілдеп атылған мылтық дауысын естігендей болдым. «Аң-құстан малды қорып, мылтық атып жүрген әкем болар» деп ұйқылы-оюу жатырмын. Мылтықтың дауысы үдей түсті. Жүздеген адам бірінен кейін бірі атып жатқан сын-ды. Тіпті өзгешелеу тарсылдап атылған пулеметтің де дауысын естігендеймін. Айналамызда қым-қуыт атыс болып жатқандай. Ұрандаған дауыстар да естіліп қалды. Түсім болар деп ойлағанмын. Жоқ. Көзімді аштым. Таң бозымық-танып атып келе жатыр екен. Киізді сыпырып тастап басымды көтеріп жан-жағыма қарағанмын. Әкем де, көмекшісі де ұйықтап жатыр. Қой орнында. Мылтықтың дауысы қайдан шықты деп жан-жағыма көз тастағанмын...

Кенет, иә кенет кеше кешкісін қой айдап түскен соқпақпен он-он бес аттылы тауға өрлеп барады... Кейбірі мылтықтарын асынған, кейбіреуі қолдарына ұстаған, арттарына жалтақ-жалтақ қарайды. Сондарынан біреу қуып келе жатқандай үркеді. Араларында жаралары да бар сияқты. Атқа отырыстарынан-ақ көрініп тұр. Бәзбірінің бас киімін Буденовкаға ұқсаттым. Қыпқызыл жұлдыз көрініп тұр. «Қызыл әскерлер-ау» деймін ішімнен. Арып-ашқан топ көз алдымда тауға өрлеп барады. Менің бұл тұрысымды әкемнің дауысы бөліп жіберді. Сол-ақ екен, әлгі аттылы топ, көз алдымда сағымша ертіп, жоғалып жүре берді. «Балам не болды» деді әкем, кешегі өзіміз қой айдап түскен



соқпаққа қарап, танданысымды баса алмай тұрған маған. «Естіген жоқсыз ба, түнімен атыс болды. осы маңда. Ана жаққа бір топ қарулы адам өрлеп барады» дедім. Әкем маған бір, тау жолына бір қарады да, үндеген жоқ. Сосын темекісін тұтатты. «Саған да елес көрінген болар. Бұл сайға қонған адамдардың көбі сол бір елесті жиі көреді. Кезінде мен де көргенмін. Бұл сай қазір Алмалы сай атанғанымен кезінде «қанды өзек, ажал қақпасы» деп аталған. Сонау 1920 жылдары ақтың әскерлері, соның ішінде атаман Анненковтың қанішерлері осы жерді басып Қытайға өткен. Оларға қарсы «Таудың қызыл қырандары» деген партизан бөлімдері соғысқан. Партизандар осы тауды мекендеген. Оған әлі күнге осы таудың жар-жақпарларында жазылған жазулар, адам аттары куә. Осы біз қонған жерде анненковшылар партизандарға тосқауыл жасап қатты соғыс болыпты. Сол қырғында партизандардың жартысынан көбі қырылған екен. Содан бері осы жерде атыстың жаңғырығы, аттылы адамдардың елес-сұлбалары көзге шалынып қалады. Сенің көргенің сол болар. Бұл бір тылсым дүние ғой, біз біле бермейтін. Талай қыршын көктей солды. Солардың жан тапсырар алдындағы киналысы болар, жұртқа елес болып көрініп жүрген. Бұл да бір құдіреттің күші». Осыны айтқан әкем мосыны құрып, шай қайнатуға кірісті. Дәл сол уақытта әкемнің айтқанына сенген жоқпын. Іштей «көзіме көрінген жын-пері болар» дедім де қойдым. Кейін ауылға келген соң, осы жөнінде сұрастырғанмын. Кейін Алмалы сайға байланысты небір аңызға бергісіз әңгімелерді естідім. Осы Үржар өңірінде құрылған «Таудың Қызыл қырандары» деген партизан бөлімдері болғанын, олар осы Тарбағатай тауында тұрғанын, ақтың әскерлерімен қалай соғысқанын білдім. Бірақ осы Алмалы сайда болған қанды қырғынның араға уақыт салып, жұрттың көзіне елес болып шалынатынына соншалықты сене қоймағанмын. Бірақ елестің болатынына енді сене бастағандаймын. Сөйтсем, Алмалы сайда көрінген көрініске ұқсас дүниелер әлемнің талай түкіпірінде бар екен.

...Елес толы мекенге жататын жердің бірі, әлемдегі үлкендігі жағынан үшінші орын алатын һәм Индонезия, Малайзия және Бруней секілді үш елдің иелегіне жататын Борнео аралындағы жалғыз жол. Халық оны «Өлім жолы» деп атайды. Осы жолмен



Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде жапондар қолға түскен мыңдаған тұтқын ағылшын-австралия солдаттарын азаптап айдап өткен. Қалың джунглиді басып өтетін азап жолында жапондардың қорлық-зомбылығына шыдай алмай мыңдаған тұтқындар шейіт болған. Әбден азаптап өлтірілген солдаттардың денесі айлап жол бойында ит-құсқа, құрт-құмысқаға жем болып шашылып жатады екен.

Арада жетпіс жыл өткен соң кезінде тұтқын болып сол жолмен айдалған қазіргі уақытта отставкадағы майор Джон Таллох өткен күндерін есте қалдыру мақсатында сол жерге барып, «Өлім жолын» суретке түсірген екен. Бір таң қаларлық дүние, Джон Таллох бос жатқан жолды түсіргенімен, суретке азып-тозып, айдауда келе жатқан тұтқындардың сұлбасы шыққан. Бұл расында таң қалатын дүние еді. Джон мистикаға сенбейтін, реалист жан-тұғын. Бірақ суретке қарап, амалсыз өмірде сондай елестер болатынына шүбәлануға тура келген. Елес толы әскери жолдар әлемде жетерлік. Соның бірі, Ресейдің Иркутск облысымен Бурятия шектесетін жердегі Хамар-Дабан тауындағы Байкалск қаласына апаратын тау соқпағы. Жергілікті халық бұл жолды «өлім соқпағы», не болмаса «Шыңғысхан жолы» деп атайды. Азамат соғысы тұсында, яғни 1920 жылдары осы жолмен қызылдардан жеңілген ақтың генералы Каппеляның әскері кері шегінген. Қыстың қақаған суығында аштықтан және суықтан үсіп әскердің тең жартысы осы жолда қалыпты. Өлгендерді жерлеуге ешкімнің мүмкіндігі болмаса керек-ті. Кейіннен осы маңға келген туристердің көбі белгісіз елестерді жиі көретіндігін айтқан. Тіпті тау-тасты аралап жүргендер қару-жарақ, әскери орден-медальдар тауып алған. Тауып алғандарын жасырып, өздерімен бірге ала кеткен кейбір туристердің біразы түрлі бакытсыздықтарға тап болыпты...

Мұндай орындарды зерттей келе ғалымдар ондай жерлерді «әскери анамальды аймақ» деп атайтын болған. Мәселен Великий Новгород қаласының маңындағы Мясной Бор деп аталатын орманды аймақ та осындай әскери қорқынышты мекенге жатады. Бір айта кетер жайт, бұл жерде 1942 жылы қызыл әскерлермен неміс-фашистердің арасында жан беріп, жан алысқан қанды қырғын болған. Сол қанды қасапта екі жақтан 1 миллионға тақау

адам қаза болды. Орманды, батпақты жер болғандықтан қаза тапқандардың жартысынан астамы жерленбеген. Бәлкім сол кезде жүріп жатқан қан майданда солдаттарды жерлеуге мүмкіндік болмаған да шығар.

Қазіргі заманда еріктілерден құралған топтар сол соғыста қаза тауып, көмусіз қалғандардың шашылып қалған сүйектерін жиыстырып қайта жерлеу үстінде. Солардың айтқанына қарағанда, кейде түн ішінде қару асынған қызыл әскерлерді, ит жетектеп орман ішінде жүгірген неміс солдаттарының елестері жиі көрінеді екен. Тізе берсек, қанды қырғын болған аймақтарда елестердің жиі байқалатындығы анықталған. Бірақ оның сыры неде? Әзірге ғалымдар нақты ештеңе айта алмауда. Бәлкім 1983 жылы Алмалы сайда мен көрген елесте соның бірі болар-ау...

Жалпы бұл жұмбақ құбылысты парапсихологтар «хонтинг» деп атайды. Бұл термин «кейбір елестердің белгілі бір географиялық нүктеге байлануы» деген ұғымды білдіреді. Хонтингтер қанды шайқастар өткен жерлерде жиі байқалатыны да сан түрлі ойларға жетелейді...

«Айқын».
Қараша. 2012

ҚАЙДА ЕКЕН, ҚАЙДА, ДАРИҒА СОЛ ҚЫЗ...

Үнемі болмаса да ара-тұра күнделік жүргізетін әдетім бар. Сонау мектеп қабырғасынан қалған дағды. Өткенде он шақты қалың дәптерден тұратын күнделікті ақтарып отырып, сонау 1982 жылы жазылған бір дүниеге көзім түсті. 9 мамыр – Жеңіс күні қарасаңында жазылыпты. «Қарт жауынгердің қасіреті» деп тақырып қойып, майдангер ақсақалдың айтқандарын рет-ретімен күнделікке енгізіпін. Жазбаның соңына «майдангердің өмірі туралы көркем бір әңгіме қалай да жазу керек» деп түртіпін.

Одан бері 32 жыл өтіпті. Бірақ жазылған ештеңе жоқ. Тіпті күнделікте майдан даласында толарсақтан қан кешіп, сол кездің тілімен айтқанда Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан

ардагер жөнінде жазылған естелік барын да ұмытып кетіппін. Тек өткенде жазған-сызғандарды реттеп отырғанда ғана көзіме түсті. Оқып шықтым. Майдангер қарияның айтқандары жан-дүниемді езіп жібергендей болды.

Міне, тағыда 9 мамыр келіп қалды. Фашистік Германияны жеңгенімізге 69 жыл толмақ. «Ештен кеш жақсы» демекші, айтылған әңгімеге 32 жыл өтіп кетсе де газет бетіне ұсынуды жөн көрдім.

1982 жыл. 8 мамыр. Үржар. Аудандық мәдениет үйі.

Аудандық Мәдениет үйінде Ұлы Отан Соғысының ардагерлерімен кездесу сағат 11-де басталып, түскі 1,30-да бітті. Майдангерлер соғыста бастан кешкендерін айтты. Арты мерекелік концертке ұласты. Бұл жерге аудан мектептеріндегі үздік және қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан оқушыларды ғана әкелген. Біздің ауылдан мен және бірнеше оқушы бар. Алдыңғы қатардан орын тиді. Өңірі орден-медальге толы, бір қолы жоқ майдангер ақсақалдың жанына отырып қалыппын. Бір реті келгенде, «Ата соғыста бастан кешкендеріңізді айтып бересіз бе, мен аудандық газетке жазайын?» деп сыбырладым. Өйткені аудандық және республикалық балалар басылымдарына мақала-өлеңдерім жиі шығып тұратын. Несі бар, майдангердің өмірі туралы жазып, газет бетінде шығарып жатсам, артық болмас деп ойлағанмын. Бетіме бажырая қараған шал, басын изеді. Салтанатты жиынан кейін, келгендерді жақын маңдағы асханаға апарып тамақтандырды. Майдангер қарт сол жерде бар сырын ақтарып салған.

«Үржар – ол кезде кішкентай ғана ауыл еді. Мен он тоғыз жаста үйлендім. Арада үш күн өткен соң соғыс басталды» деп бастады майдангер әңгімесін. *Дәл осы жерде мен жақшаның ішінде, Мұқағалидың «Келіннің бетін ашқан-ды, иіліп байқұс жасқанды. Жасқанды тағы жас қалды, ертесін соғыс басталды. Алды да кетті жастарды»* деген өлеңінен бір шумақ келтіріп, Темірәлі ақсақалдың басындағы трагедияны Мұқағали ақын бір шумақпен келтіріпті-ау деп жазыптын. «Әке-шеше 1932 жылдың аштығы кезінде, жұртпен бірге арғы бетке (Қытайға) өтеміз деп көшкенде шекара маңында болған атыс кезінде оққа ұшты. Шекарашылар қашқан жұртты кері қайтарды. Содан Үржар маңындағы кішкентай

бір ауылға келіп тұрақтадық. Әке-шешеден екі ұл едік. Кішісі – мен. Ағам атқа орақ арбаны жегіп, колхоздың шөбін шауып жүріп, ат үріккен кезде байқаусыз ораққа түсіп қалып, бір аяқтан айрылып шойнақ болып қалды. Тұрағымыз ауылдың бір шетіндегі, жар басындағы жаман үй еді. Білім алдық. Сүйтіп 1941 жылдың маусым айының ортасында үйлендім. Бір жарлы-жақпайдың қызы еді. Амал қанша арада екі-үш күн өткен соң соғыс басталды. Жар қызығын дұрыс көре алмай соғысқа аттанғандардың алды болып кете бардым. Аякөзге әкеліп пойызға тиеді. Содан Новосібір деген қаланың түбіндегі Пашино деген елдімекенге әкеліп, соғысқа даярлады. Мылтық атамыз. Қара күзде Мәскеу түбіне тастады. 16 армияның құрамында соғыстым. Қатты қырғын болды. Мұндай қанды қасапты бірінші көруім. Қиын екен. Аңырап келіп төбеңнен құйылған бомбы мен снаряд. Қарша бораған оқ. Бас көтерудің өзі қиын. Кеше ғана бірге жүрген талай боздақ опат болды. Қол қалт еткен шақта, блиндажда отырып, ауылға, арта қалған жарға хат жазамын.

Маржаннан (әйелімнің аты) алғаш хат алғанда, көзіме жас келді. *«Ардақты Темірәлі хал-жағдайың қалай? Жауды жеңіп қашан қайтасыңдар? Мындағы таныстарың дін аман. Біз қыз-келіншектер орақты бітіріп, қазір орталыққа өзгіз арбамен астық тасып жатырмыз. Маған алаңдама. Өзіңе сақ бол» деп келетін хатың басы. «Аман есен елге орал. Баласы көп бақытты отбасы боламыз. Сол күнге тез жетейік. Өзіңді сағынушы алыстағы жарың Маржан»* деп бітетін хаты.

Желтоқсан айында қарсы шабуылға шығып, немістерді Мәскеу түбінен ығыстырып тастадық. Бұл үлкен қуаныш, үлкен жеңіс еді. Бірақ мен қуана алмадым. Өйткені соғысқа баруға жарамсыз болып ауылда қалған ағамнан хат алғанмын. Онда жарым Маржан және тағы бір келіншек астық тиіп орталыққа апарып, түн ішінде кері қайтқанда қасқыр қамап, талап жеп кеткен екен. Қақаған қыста оларды іздеп артынан ешкім шықпаған. Тек екі-үш күн өткен соң, жоғалғандарды іздеп шыққан халық, астық тиетін шананы, өгіздің шашылып қалған бас аяғын, екі келіншектің шашын ғана тауыпты. Өлгім келген. Бірақ жан қию оңай емес. «Осының бәріне кінәлі сенсің, зұлмыр неміс» деп оршелене соғыстым.



1942 жылы атақты Ржев маңындағы соғысқа қатыстым. Өте қиын болды. Өлген-тірілгенімізге қарамай алға ұмтылды. Қан озен болып ақты. Осы Ржев ендігіндегі соғыста мыңдап, жүз мыңдап сарбаздар қырылды. Бірақ қолбасшылар солдаттардың өлгеніне қарамады. Тек алға ұмтылуға бұйрық берді. Бұл бір ойластырылмаған шабуыл болды. Тек 1943 жылдың наурыз айында ғана Ржев қаласын азат ете алдық. Сол Ржев түбінде қатты жараландым. Есімді дала госпиталінде жидым. Сол жерде жаралыларды емдеп, зыр жүгіріп жүрген бір қазақ қызымен таныстым. Орта бойлы, талдырмаш денелі, аққұба қыз. Есімі – Жазира. Өзге ұлттардың ортасынан көзіме тым жылы ұшырады. Оған да солай болса керек. «Аға, қам жеменіз. Жараңыз қорқынышты емес. Тез тұрып кетесіз» деп жаныма жиі келіп тұратын. Ол да менің жерлесім Аякөздің маңынан екен. Новосібір қаласында соғысқа дейін дәрігерлік оқу оқып, соғыс басталған соң майданға өзі сұранып келіпті. Ағалы-қарындастай болдық. Бірде жылап отырып, ауылдағы қалған жарымның бастан кешкенін айттым. Ол да көзіне жас алған. Ржевтегі әскери госпитальде үш айдан артық жаттым. Жазираға үйреніп қалғаным сол, ол көрінбей қалса, «майданға сұранып кетіп қалған жоқ па екен?» деп алаңдайтын болдым. Бірде оған деген өзімнің сезімімді ақтардым. «Аға, соғысты бітіріп, елге қол ұстасып қайтатын боламыз» деп еркелеп, көзіне жас алып, басын иығыма сүйеген сәті әлі есімде. Еш уақытта ұмытқан емеспін». *Күнделіктің осы тұсына Қасым Аманжоловтың «Дарига сол қыз» деген өлеңінен бір шумақ келтіріпін. «Өңімде ме еді, түсімде ме еді, Көріп ем зой бір армандай қызды... Бір нәзік сәуле күлімдеп еді, Сұрапыл соғыс соқты да бұзды».* Жарам жазылған соң, қайтадан майданға сұрандым. «Еліңе барып демалып қайт» дегенге көнбедім. Соғысты Латвия жерінде – Курляндия шайқасымен аяқтадым. Ол жерде 10-гвардиялық армияның сапында болдым. Бұл аралықта Жазира екеуіміз хат жазысып тұрдық. Кешігіп болса да, майдан даласына хат келіп тұратын. Ол екеуіміз соғыс біткен соң елге бірге барып үйленетін болып келіскен едік.

1945 жылы 9 мамырда неміс-фашистер тізе бүккенмен, Курляндияда қанды шайқас жүріп жатты. 14 мамыр күні минаға түстім. Одан ары есімде жоқ». *Осы жерге келгенде тағы да Қасым ақын-*



ның өлеңінің бір шумағын келтіріпін: **«Барамын сөніп, Барамын сөніп. Жұтар ма мені мына сұм соғыс? Арманым бар ма, өлсем бір көріп, Қайда екен, қайда, дарига, сол қыз?!»** «15 күні Курляндияда немістердің «Сотүстік» деп аталатын тобының қалдығы тізе бүкті. Бұл кезде мен есімді білмейтін едім. Араға оншақты күн салып қана өзіме келдім. Сол қолым түбімен жоқ. Мина жұлып кеткен. Денем шүрк тесік. Әйтеуір көрер жарығым бар екен. Сол 1945 жылдың сарша тамызына дейін Лиепая қаласындағы әскери госпитальде жаттым. Жазирадан айрылып қалдым. Олай дейтінім, оның Ржев қаласындағы госпитальдағы адресі жараланған кезде жоғалған. Одан кейін ол майданға сұранғанын білемін. Естанды халде шілденің соңына дейін жаттым. Тек тамыздан бастап оңала бастадым. Сол айдың соңында жүруге жараған соң елге қайттым. Көңілім алай-дүлей. Жолай Ржев қласына соқтым.

Осы жерде күнделігіме тағы да Қасым ақынның өлеңін келтіріпін. «Жеңдік қой жауды, арман не, құрбым, Күркіреп күндей, өтті зой соғыс. Келемін қайтып, өлеңді айтып, Қайда екен, қайда, Дарига, сол қыз?!» «Жазира істеген госпитальді көп іздедім. Бірақ таба алмадым. Соғыс біткен соң өзге қалаға қоныс аударса керек. Жолшыбай Аякөзге де соқтым. Жазираның аты-жөнін айтып іздемеген жерім жоқ. Ең соңында әскери комиссариатқа соғып, сол жерде Жазираның 5-ші екпінді армияның сапында соғысып, Берлин түбінде Зеелов төбесін алу кезінде қаза тапқанын естідім.

Елге оралдым. Колхозда еңбек еттім. Бірақ қайтып үйленбедім. Өйткені жарым да, одан кейінгі сүйген қызым да сол қанды соғыстың құрбандары. Солардың аруағын сыйладым. Үнемі Ұлы Жеңіс күні солардың аруағына бағыштап Құран оқимын, есіме аламын. Балам, бұл мүмкін, жазуға тұрмайтында шығар. Бірақ менің басымнан өткен қасіретті жағдай осындай», – деді, майдангер қарт әңгімесіне аяқтап.

«– Ата, бұл мақаладан гөрі үлкен әңгіме жазуға болатын дүние екен. Бәлкім кейін үлкейтіп жазармын», – дедім. Темірәлі ақсақал менің айтқанымды естіді ме, жоқ па, білмеймін. Ойланып отырып қалған. Бәлкім қанды соғыс жылдары жоғалтқан сүйіктілерін есіне алды ма екен?». *Күнделік осы жерден бітіпті. Тек соңына «түбі осы майдангер айтқан әңгіменің желісімен көркем*



аңгіме жазамын» деп жазыптын. Бірақ күні бүгінге дейін ештеңе жазбаптын. Араға 32 жыл салып сол майдангердің айтқанын түсірген күнделіктегі жазбаны газетке ұсынып отырмын.

Осы жазда елге барсам, Темірәлі ақсақалды іздемекпін. Бәлкім әлі тірі болар...

*«Айқын».
Сәуір. 2014*

ТАЛДЫБЕЙІТ

Жылда туған жерге барған сайын, ауылдың шығысында көл-бей жатқан Көрпебай жотасына шығатын әдетім бар. Бәлкім бұл туған жерге деген сағыныш болар. Жота басында тұрып етегінде жатқан ауылға, бала күнімде табанымның ізі қалған сонау Қаңтарбай, Көкжайдақ, Бүкір, Аққу, Жиделі тоғайға көз тігемін. Әсіресе алыстан мұнартып көрінетін Жиделіге қараған сайын, көңілімді белгісіз бір сағыныш кернейді.

Иә, ол жерде балауса махаббатым бүр жарған. Алғаш рет сол Жиделінің түбінде өрімтал қызға ғашық болдым. Бірақ ол баянсыз махаббат еді. «Шын ғашықтар қосылмайды» деген сол болар. Одан кейін неше заман өтті ғой. Ол қызды көрмегелі биыл аттай отыз екі жыл болыпты. Бірақ жақсы көрудің не екенін ұқтырған сол бір нәркес көзді қара торы қыз мәңгілік жадымда қалғаны рас. Оны ұмыту мүмкін бе? Одан кейін көз ұшында бұлдырап күнгеі жақтан көрінетін Сарбұлақ, Сартерек, Ешенбай жаққа жанарым талғанша қараймын. Қараған сайын әлдебір оқиғалар есіме оралады. Бұлдыр-бұлдыр елестер көз алдыма келеді. Әкемнің айтқандары еске түседі. Әкем туған жердің әрбір шоқысына, қыратына байланысты ертеден қалған әңгімелерді мейлінше қанық білетін. Сол бала күнімде әкем осы өңірдегі жұрттың бірі білсе, бірі біле бермейтін Сартеректегі үлкен шұңқыр, Ешенбайдағы қос ғашықтың зираты жайында талай рет әңгімелеп берген. Сол көз ұшында бұлдырған Сартерек пен Ешенбай жаққа қараған сайын әкемнің айтқандары еске түседі. Құдай-ау қалай еді, қалай басталушы еді...

Күз еді, күзеуде едік...

Сол 1983 жылы мектеп бітіріп, Алматы келіп, КазГУ-дің журналистика факультетіне құжат тапсырдым. Арманым, қолына қалам ұстап, дәурдің тыныс-тіршілігін қағазға түсіретін журналист болу. Бірақ жолым болмады. Емтиханнан өтпедім. «Жарайды, оқудан құлаған бір мен емес қой. Амандық болса. Келесі жылы келіп тағы да бағымды сынап көремін деп, боқшамды көтеріп ауылға тартқанмын. Келе сала әкемнің жанына жұмысқа тұрдым. Әкей шопан еді. Жаз жайлауда – Тарбағатайда болып, су суи бастаған соң етекке түсіп, ауылдан кем дегенде отыз-қырық шақырым болатын жердегі Сартерекке келіп отырдық. Айдала. Жалғыз үйлі, жалғыз қашар. Әудем жерде бұратылып Үржар өзені ағып жатыр. Жағасы қалың жыныс тоғай. Бірде қойды қырға ұзатып салған әкем, «Жүр ұлым, болашақта жазғаныңа керек болып қалар. Мен саған бір жерді көрсетейін» деп қашардан біраз жердегі бір үлкен шұқырға алып келді. Үстінен түспесең, былай ешкім байқай бермейтін үйдің орнындай болатын үлкен шұңқыр. Қалың шөп басқан шұңқырдың жиегіне келіп тізе бүккен әкем, Құран оқыды. Бетін сипады. «Мұнысы несі?» деп таңқалып жанында отырған маған, «Е, балам-ай, бұл жерде осы маңда отырған талай қазақтың қаны төгілген. Бұл шұңқыр сол бір қасіретті кездің куәсі» деп әңгімесін бастаған. «Сонау ақ пен қызыл айқасқан 1918-19 жылдарда осы Сартеректе Болатшы руының ішінде Қырықмылтық деп аталатын бір атасы мекен етіпті. Ақ пен қызыл соғысқан заман. Үржар өзенінің жағасында отырған ауылды ақтар келіп бір тонап, қызыл келіп бір тонап отырған. Осы маңда атаман Аненковшылардың қатты қарсылығына тап болған, қызылдар «жергілікті жердегі қазақтар көмектесті» деп, қазақ ауылдарын аяусыз қырып салғаны бар. Әсіресе осы жерде отырған Қырықмылтық деп аталатын ауылға жасаған қатігездігі тым ауыр еді. Осы ауылдың өңкей жастарын жинап алып, осы шұқырға алып келіп қырып тастапты. Бұл шұқыр сол бір қанды оқиғаның куәсі. «Қызыл әскер бізге бақыт сыйлады, керемет заман әперді» деп айтамыз. Бұл дұрыс та шығар. Бірақ олар да қазақ ауылдарын қырғанда жаудан бетер болған. Бірақ қазіргі жұрт бұл ауылды қырған қызылдар деп айтпайды. «Аненковтың бандысы» дейді. Бұл – қате пікір. Бұл таза қызыл қырғын еді» деп еді әкем.



«Бұл әңгімені маған марқұм көршіміз Мамырбек ақсақал айтып еді. Осы жерді бір реті келгенде көрсеткен де сол» деді әкем. Сол Сартеректе біраз отырдық. Бір реті келгенде әкем екеуміз өзен жағасынан тал шауып әкеліп, шұңқырды қоршап қойдық. Сол қой соңында жүрген әкем айтқан бұл бір әңгіме.

Тағы бір жылы Ешенбай деген жерде отырдық. Ол да ауылдан алыс. Өзен жағасындағы жалғыз үйлі, жалғыз қашар. Іш пысқан кезде өзенге суға түсіп, бүлдіргенін теріп жеп, сол жердің ойқырын кезіп жүргенмін. Бірде өзеннің бір иінінде қалың талдың ішінде тұрған төрт құлақты молаға тап болдым. Ортасында зәулім кара тал өсіп тұр. Мола өте көне екен. Балшықтан көтерілген қабырғалары қаусап құлай бастаған. Бір реті келгенде әкемнен сол мола жөнінде сұрағанмын. «Ә, балам, оны байқаған екенсің ғой. Бұрынғылар оны Талдыбейіт деп атайтын. Кейбіреулер «қыз Назым мен ер Мамытжанның бейіті» дейді екен. Балам, бұл бірін-бірі сүйген қос ғашықтың бейіті. Баяғыда ауылдың көне көз қарттары жырдай қылып айтып отырушы еді. Қазір өмірден олар озғалы бұл бейітті ешкім сөз қылмайды. Тіпті ондай бейіт барын да жұрт ұмытқалы қашан...

Бір жазғаныңа керек болар деп әкем сол Талдыбейіт жөнінде әңгімесін бастаған. «Мұны да сол осы кішкентай ауылдың қырсырын жетік білетін Мамырбек ақсақал айтып еді. Бұл әңгіме ескі заманның сарқыты сынды дүние ғой деп бастайтын сөзін Мамырбек ақсақал. Бұл сол үлкен төңкеріске дейін болған оқиға ғой.

Осы Тарбағатайдың күнгейінде Қаныбек деген атақты бай өткен. Сол байдың көп ұлдың ішінде өскен жалғыз қызы болыпты. Қолаң шашты, ай маңдайлы, қарақат көзді нағыз сұлу болса керек-ті. Оған ғашық болмаған, сөз салмаған еркек аз екен. Бірақ байдың қызы ешкімді керек етпепті. Тек босағасында жүрген жылқышы жігіт Мамытжанға көңілі ауса керек. Бірақ арқырған әке талшыбықтай майысқан сұлу, жалғыз қызын сіңірі шыққан кедейге бере қоймасы белгілі. Тіпті қызға сөз сала келген анау-мынау байлардың өзін үйінен менсінбей қуып шығыпты деседі. Ал олардың жанында малшы жігіт кім болсын?

Бір айлы түні оңаша кездесіп, сөз байласқан қыз бен жігіт реті келген бір күні елден қашып кетуді ұйғарыпты. Алла жазып қос



ғашық бір күні қашып шығып, зым-зия жоғалып кетіпті. Дәт деп қалған қыз әкесі ұлдары мен жандайшаптарын айналаға шаптырып қанша іздесе де қыз бен жігітті таппапты. Арада жылжып ай, табаны күректей жыл өтеді. Әбден қызынан үмігі үзілген әке іздеуді қояды. Бірақ көңілін үзбесе керек-ті. Бірде жылқышылар Үржар өзенінің төмен ағысы жағында қос ғашықты көргенін біреулерге сыбырлап айтыпты. «Отыз екі тістен шыққан сөз отыз екі руға тарайды» дегендей, бұл қаңқу әңгіме байдың да құлағына жетсе керек. Ашуға булыққан әке сол күні-ақ ұлдарымен қоса, ауылдың қарулы жігіттерін аттандырады. Жалғыз қарындастарының сiңiрi шыққан кедеймен бiрге қашып кеткенiне ыза мен намысқа булығып жүрген қыздың ағалары екеуін тапса өлтірмей қайтпайтындарын ант етісіп аттаныпты.

Жылқышылардың көргені рас еді. Мамытжан мен Назым елден жырақ кетіп, сол маңды мекендеп жүріпті. Дүниеге маңдайы торсықтай бір ұл әкеліпті. Оңаша тыныш өмірлерін қуғыншылар бұзса керек-ті. Намысқа тырысқан қыздың ағалары өзен бойында қара қоста тұрып жатқан бұлардың үстінен түсіп, ойнақ салады. Бітімге шақырған қарындастарын атпен қағып, Мамытжанды сол жерде сойылдап өлтіріпті. Мұны көрген Назым өзіне-өзі пышақ ұрса керек. Сүйтіп қос ғашық айдалада, қара қостың түбінде ажал құшыпты. Екпіндері басылған қыз ағалары ет қызуымен қос бірдей ғашықты өлтіріп тындырғанына өкінеді. Тек қара қоста шырылдап жатқан сәбиді қойындарына тығып, қос ғашықтың денесін атқа артып елге оралыпты. Өз ісіне өкінген әке қос ғашықты сол қаза тапқан жеріне әкеп бiрге жерлеп, мола тұрғызыпты. Сол мола осы. Ал қос ғашықтың артында қалған ұл кейін ер жетіпті. 32-нің аштығында елмен бiрге Қытайға өткен екен. Одан арғы тарихын ешкім білмейді. Кейіннен біреулер моланың ішіне діні қатты, оңайшылықпен сынбайтын қара ағаш өсіріпті. Содан кейін бұл мола Талдыбейіт атанып кеткен. Қазір жұрт бұл моланы біле бермейді» деп әкем әңгімесін аяқтаған.

Одан бері де талай жыл өтті. Заманнан заман озды. Дүние өзгерді. Туған жердің қыр-сырын айтатын әкеде өмірден озғанына көп болды. Ауылға барғанда қырға ертіп шығып әңгіме айтатын көкірегі дария қарттар да жоқ. Тек ауылға барған сайын Көрпебайдың төбесіне көтеріліп, жан-жаққа қарауды әлі қойма-


ған мен ғана. Қайсы бір жылы ауылға барғанда сол Талдыбейітке арнайы барып қайттым. Бірақ орынан таппадым. Соңғы жылдары қар көп жауып, өзен қатты тасып, жар жиегіне тақау тұрған моланы да құлатып, ағызып кетіпті. Тек көкейде әкем айтқан қос ғашыққа байланысты әңгіме ғана қалды. Әкем «бір керегіңе жаратып, қағазға түсіресің» деп еді. Сол қарыз болып қалып қоймасын деп, айтқандарын қағазға түсірдім.

«Айқын».
Қыркүйек. 2013



4 - БӨЛІМ

ОН СЕГІЗ МЫҢ ҒАЛАМ



ЖЕТИ ҚАТ КӨКТЕН ЖЕТКЕН ЖҰМБАҚ ДАБЫЛДАР...

Саналы тіршілік иесі жаралғалы бері, жеті қат көк аспан, жеті қат қара жердің астында «тіршілік бар ма?» деген оймен келеді? Бірақ нақты дәлел келтірген ешкім жоқ. Тек бір ыңғай болжам, қисын айту ғана бар. Расын да, әлі адамзатқа толықтай сырын аша қоймаған он сегіз мың ғаламның біз үшін жұмбағы көп-ау. Бірақ қалай айтсақ та, адам баласы жеті қат көктің ар жағына «тіршілік бар ма?» деген сауалға үнемі жауап іздеуін тоқтатар емес. Алайда нақты «бар» деген дәлел-дәйекті ешкім айта алмауда. Дегенмен ғарышты зерттеп жүрген ғалымдардың жазбаларына қарап отырып, «мүмкін бар-ау» деген екі-ұштылау жауап айтуға болатын сияқты. Себебі кейбір келтірілген деректердің бір ұшы соған жетелейтіндей... Өйткені жеті қат көкті тесіп өтіп жерге келіп жатқан белгісіз белгілер соның бір шешіміндей. Мәселен...

Ең алғашқы ғарыштан келген белгі 1889 жылы теркелген. Өзінің жеке зертханасында жұмыс істеп отырған американдық Никола Тесла білгісіз, жұмбақ дабылдарды қабылдаған. Бірақ оны шешудің сәгі түспеді. Өйткені онда ондай мүмкіндіктер жоқ еді. «Бұл көктегі тіршілік иелерінің маған жіберген белгілері болар-ау» деп қоя салған. 1921 жылы ғарыштан жеткен кезекті белгіні Гильельмо Маркони қабылдады. 1924 жылы дәл осындай белгіні доктор Дэвид Тодо тіркеді. Бірақ жұмбақ белгілердің сырын ашуға ешкімнің деңгейі жетпеді. Жалпы одан кейін ғарыштан жер бетіне 1927, 1928 және 1964 жылдары жұмбақ дабылдар келген. Бірақ ол дабылдарды оқып, танысуға ғылымның күдіреті жете алмады. 1928 жылы баспасөз көктен радио белгілер жерге келіп, кері қайтқаны жайында аңызға бергісіз мәліметтер жариялады. Тіпті кейбірі «адамзат өзге галактикадағы саналы тіршілік иелерімен қатынасқа түсті. Екі өркениет иелері жыныстық қарым-қатынаста болып, будандастырылған, аса қабілетті нәрестелер дүниеге келуде» деп те асыра сілтеп жазып жіберді. Бірақ сол жылы ғарыштан

жұмбақ радио дабылдар келгені рас-ты. Ағылшын астрономы Д. Льюэнн ғарыштан келген белгілерді бір бағытқа, ал олардың жаңғырықтарын екінші бағытқа топтастырып шықты. Сосын өзі, таң қалмасқа шарасы қалмады. Өйткені оның алдында солтүстік жарты шардағы жұлдыздардың орналасу картасы жатқан болатын. Өлгі дыбыс белгілер соны меңзеп тұр. Бұл не сонда? Ол ғарыштық дыбысты таратушы белгісіз өркениеттің планета аралық кемесі деген болжам жасады. Сондай-ақ астроном «біз сияқты ақылды тіршілік иелері өзге галактикада өмір сүреді. Жермен олар өмір сүретін Эпсилон жұлдызының ара қашықты 104 жарық жылдамдығы жылымен есептеледі екен. Оларда бір емес, екі күн бар көрінеді» деді өзінің жазбаларында. Кім білсін? Болжамның бәрі шындық емес қой. 1959 жылы НАСА мамандары ғарыштан келген белгісіз дабылдарды тіркеді. Сол жылдан бастап ғарыштан келетін белгілерді тіркеу, тыңдау, сәті түссе белгілерді оқу орталықтары жұмыс істей бастады. 1961 жылы Дрейк бастаған топ Күнге жақын тұрған Тау Сити жұлдыздар тобын зертеуді қолға алды. Апаттың қосылғаны сол еді, санаулы минуттардан кейін өте жойқын белгілерді тіркей бастады. Мамандардың бәрі таң қалды. Өйткені тіркелген белгілер ешқандай жердегі қондырғылар бере алатын белгіге ұқсамаған. Өзгеше. Бәріде белгісіз өркениет иелерімен ақпарат алмасып жатырмыз деп мәз болысты. Бірақ дабылдар кенет басталып, шорт үзіліп қалды. Қайтып қайталанбады. Оқиға АҚШ билігіне хабарланды. Жедел жеткен Пентагон өкілдері «бұл ешқандай ғарыштан келген емес, өте құпия әскери дабылдар» деп жағдайды құпия ұстауға шақырды... тағы бір қызық мәлімет мынадай. Осы жылы АҚШ әскери базасы өздерінің Жер серігі арқылы жұмбақ белгілерді тіркеді. Оны шешу, оқу мүмкін емес-ті. Белгілер тіркелмеген толқында болған. Әрі арасына тура бір ай салып беріліп тұрған. Бұл белгілер бұрынғы жұмбақ дабылдардан бөлек секілді. Беліглерді шешетін ешқандай код оны анықтай алмаған көрінеді... Амалсыз американдықтар Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды. Өйткені белгі Мұзды мұхиттың Ресейге қарайтын аймағынан беріліп отырған. Ресей әскерилері бұған еш қатысы жоқ екенін хабарлап, жұмбақ дыбысты зерттеуге кірісіп кеткен көрінеді. Солтүстік мұзды мұхиттың астын зерттейтін батискафты суға түсіріп, олар жарты ай дабыстың қайталануын күткен. Белгі тура бір айда қайталанып, батискафта отырғандар



оның қай жерден берілгенін де анықтай алған. Дабыл берілген жерге келіп, арнайы аппарат суға түсірілді. Су астындағы жартасқа соғылған белгісіз ғарыш кемесі табылды. Кеме сигарға ұқсаған. Ешқандай есік-тесігі жоқ. Жалпы көлемі 60 метрдің ар жақ, бер жағы. Кеме құрамы белгісіз темірден жасалған. Онда ешқандай сырылған із жоқ. Өте тегіс, жылтырып тұр. Бір жерін тесіп көру үшін арнайы бұрғылар пайдаланылғанымен, ешқайсы өтпеген. Тіпті кесіп алуға да аралардың жүзі шыдамады. Әлгі жұмбақ аппараттан шыққан белгілерді аңдып, тіркеп тұрған АҚШ әскери жер серігі жердегілерге «сендерді белгісіз тіршілік иелері сырттан бақылап отыр» дегенді айтқан. Бірақ бір шақырым көлемінде қоршалып, тірі жан иесі кіре алмайтын манда «ондай болуы мүмкін емес» деп жердегілер сенбеген екен. Ақыры белгісіз ғарыш кемесіне түк істей алмаған зертеушілер, амалсыз нысана соқытығысқан жартасты, айналасындағы балдыр, өсімдіктерді зертеуге көшкен. Бәлкім сол арқылы кеменің қай кезде құлағанын анықтауға мүмкіндік алмақ болды ма, екен. Кім білсін. Сүйтсе, зерттеу әлгі жұмбақ нысанның мұнда тұрғанына кем дегенде 8-10 мың жыл болғанын көрсеткен. Мүмкін емес. Бірақ нақты дәлел! Осынша ма уақыт су астында болғанымен темір ешқандай шірімеген, бүлінбеген. Ғалымдар «бұл қандай темір» деп таң қалысқан. Зерттеу барасында кеменің ыстық қысымнан жартақ балқып, шегедей тасқа айналған. Ғалымдардың айтысына қарағанда егер осы ғарыш кемесін жасаған темірдің құрамын анықтай алса, әлем үлкен жетістікке жетпек. Өйткені алмас бұрғы өтпейтін, алмас ара кеспейтін қатты темір әлі күнге жер бетінде жасалмаған екен. Сондай-ақ жартасты балқытып тұрып қадалып қалған жұмбақ кемені су астынан алып шығу үшін қазіргі техниканың шамасы жетпейті. Сондықтан оны алып шығу алдағы уақыттың еншісіне қалдырылған. Ал жұмбақ нысан көкке белгі беруді әлі тоқтатпаған көрінеді. Әрине көкті зерттеу, онда тіршілік иелері бар екенін анықтау ешқашан тоқталмақ емес. Мәселен, КСРО 1962 жылы өзге өркениетке белгі беру үшін «Бейбітшілік. Ленин. СССР» деген үш сөзді ғарышқа жөнелтті. 1974 жылы АҚШ-та көк зеңгірге белгі жіберді. Бірақ бүгінгі күнге дейін жеті қат көк аспаннан хабар жоқ. Ғалымдар «бізге ең жақын жұлдызға жету үшін жарық бес жыл жүреді, ал өзге жұлдыздарға кем деген де 60 жыл керек. Егер саналы тіршілік иесі бар өркениет бізден 100 жарық жылдамдығы жылындай алыста



болса, («Жарық жылы» дегеніміз жарықтың таралу жылдамдығын 300 000 км/с есебімен санағанда бір жыл ішінде өтетін қашықтық (9,46-1012 км немесе 10000 млрд. км) ол жақтан хабар келу үшін 200 жыл қажет» дейді. Ұзақ мерзім. Қалай айтсақ та адамзаттың өзге өркениетті іздеуіне ештеңе бөгет бола алмасы хақ. Біз өмір сүретін Галактикада 150 миллиард жұлдыз бар. Ал оның қайсында тіршілік бары, бір құдайға ғана аян.

*Айқын,
Шілде. 2012*

«ТОҒЫЗ БЕЛГІСІЗ». ОЛ КІМ?

Он сегіз мың ғалам жаралғалы бері оның құпия-сырлары толық ашылған жоқ. Әсіресе адамзаттың даму тарихына байланысты жұмбақ дүниелер жеткілікті. Мәселен әлемнің даму бағыт-бағдарына үлкен ықпал жасап отырған масондар, тамплиерлер, розенкрейцерлер жөнінде аңызға бергісіз әңгімелер көп болғанымен, нақты, ресми деректерге сүйеніп айтар дым жоқ. Тек жорамал, болжамдар ғана. Қалай десек те, саналы адам қолымен құрылған бұл көзге көрінбес жұмбақ одақтар туралы жиі айтылады, жиі жазылады. Бірақ адамзаттың қарыштап дамуына, кездейсоқ апаттардан сақтануына, жойқын соғыстардың алдын алуға себепкер болған «Тоғыз белгісіз» деген құпия ұйым жайында әңгіме сирек. Бәлкім қажетті деректердің аздығы болар, бәлкім бұл ұйым өте құпия түрде өмір сүріп жатқандығынан болар. Әйтеуір, деректер там-тұм ғана. Дегенмен біз өз тарапымыздан адамзаттың дамуына үлкен үлес қосқан «Тоғыз белгісіз» атты ұйым жөнінде тілге тиек етіп көрелік. Масондар, тамплиерлерге қарағанда бұл ұйым жөнінде өте аз айтылады, аз зерттелген. Бірақ ғалымдар мұндай ұйым жер бетінде бар деген жорамал айтуда.

«Тоғыз белгісіз» қоғамы біздің дәуірімізден бұрынғы Ш ғасырда жұртқа белгілі болған. Мұндай одақты құрған үнді билеушісі Ашок деп айтылады.

Үндістанның керегесін кеңейтіп, тұтас мемлекет құру үшін ол үнемі қанды жорықтарға шығып отырды. Соның арқасында әу баста алақандай ғана үнді жері миллиондаған, тіпті миллиард халық



еркін өмір сүретін алып аймаққа айналды. Ол үшін талай ірілі-ұсақты елдерді жаулап алуға тура келді. Әрине жеке-жеке тайпарулар бір шаңырақтың астына біріккісі келмеді, баяғыша жеке-жеке өмір сүргенді артық көрді. Сол үшін «тұтас Үнді жұрты» деп ұран салып, біріктіруге шыққан Ашок билеушіге қарсы тұрды. Қан суша ақты. Қақатығыста қаза болғандар ондаған, жүздеген мыңға жетіп жатты. Бірде осындай қанды қасаптың ортасында болған Ашок бостан бос адамды қыра берудің қажеті шамалы екенін ұқты. Өйткені бүгін қарудың күшімен жаулап алған ел, ертесінде қайтадан қарсылық білдіріп жататын. Оқ пен от пен қорқытып жаулап алғанан гөрі адамдардың сана-сезімін бейбіт түрде жаулап алудың жолын қарастырды. Және оны тапты да. Ол адамдардың сана-сезіміне әсер ету еді. Сана уланған адам айтқанан шықпайтынын білді. Түсінді. Сосын көкірек көзі ояу, данышпан ғалымдарды, абыздарды, астрологтарды, философтарды, өнер тапқыштарды жанына тартты. Арнайы ұйым құрды. Олар соғысқа, зорлық-зомбылыққа қарсы тұрды. Кікілжіңнің бәрін бейбіт жолмен шешуге тырысты. Сондай-ақ адамзаттың дамуына әсер ету үшін түрлі жаңалықтар ашуға тырысты. Осылайша «Тоғыз белгісіз» ұйымы дүниеге келді. Олар ықылым заманан келе жатқан адамзаттың ақыл-ойын, даналық ілімдерін қағазға түсірді. Ашқан жаңалықтарын жұрттан құпия ұстауға тырысты. Өйткені онда адамзат үшін игі жаңалықтар да, қасірет әкелетін дүниелерде жеткілікті еді. Көп ұзамай ұйымға ақыл ойдың кеменгерлері көптеп ене бастады. Бірақ билеушінің алдына тек солардың сегіз адамы ғана кіруге құқылы болды. Өзімен тоғыз адам. «Тоғыздықтың» атауы осылай дүниеге келді. Көп ұзамай Ашок қол астындағыларды Тибет, Қытай, Жапон және Араб елдеріне аттандырды. Олар сол жақтағы аты шыққан ғалымдар, оқымыстыларды өздеріне тартты. Олардың білгендерін шағын ортада безбенге салды. Саралады. Сосын адамзаттың игілігіне жұмсауға тырысып бақты. Бірақ бәрі сырт көзден құпия сақталды. Уақыт өтіп жатты. Тоғыз ғұламаның орнын олар өлген соң, өзгелер басып отырды. Әрине қанша тырыссада олардың қолынан түрлі қақтығыстарды, қасіретті оқиғаларды тоқтату келмеді. Бәлкім ондай жағдайлардың болғанын сәл азайтқанда болар. Бірақ жұмыр жер бетінде толыққанды билік жүргізу ешкімнің қолынан



келе бермесі хақ. Қазірде өмір сүріп отырған бұл «Белгісіз тоғыздықтың» құрамында кімдер бар, кімдер болды деген заңды сұрақ туары хақ. Бірақ дөп басып «мынау болды, мынау қазір сол ұйымның мүшесі» деп ешкімді көрсете алмайсын. Себебі ұйымның құпиясы сонда. Әр кездері бұл қоғамның құрамында Рим папасы Сильвестер II, Үнді жұртын билеген моголдардың падишахы Әкбар болыпты деген жазбалар бар. Содан болар бұлардың қай-қайсы да халыққа жақын болған, олардың қамын жеген. Өздері билеген мемлекетте өлім жазасын тоқтатқан. Адамдар арасында мейрімділік, бауырмалдық дәнегін сепкен. Ұйымға мүше болып атақты суретші Леонардо да Винчи, Роджера Бэкон, Парацелса сияқты ғұламалар енген. Дегенмен құпия ұйымның адамзаттан жасырған ілімдері кейде жел ауыз мүшелерінің арқасында сыртқа тарап кетіп отырған. Солардың айтқанына қарағанда бүгінгі күні адамзаттың иглігіне жарап жатқан көптеген дүниелер сол ықылым заманда-ақ, ойластырылып, алыс болашақта жүзеге асады деп жобаланып қойған секілді. Мәселен, ХІІІ ғасырда сол ұйымның белсенді мүшесі болған ағылшын монах – философы Роджер Бэкон көп ұзамай дүниеге ғарыш әлемін зерттейтін телескоп, ұшақ, автомобиль және телефон келетінін айтып кеткен. Неге ол құпияны ашты? Ол жағы жұртқа белгісіз. Бәлкім адамдар болашаққа сенсін, үлкен үмітпен өмір сүрсін деді ме екен? Ал Леонардо да Винчи тік ұшақ, сүңгуір қайық, шынжыр табанды және дөңгелекпен зымырап жүретін көлктер адамдарға қызмет ететінін жазып қалдырған. Тіпті сұлбасында сызып беріп кеткен. Бұған не дейсіз? 1636 жылы ұйым мүшесі Швентер деген данышпан телеграф дүниеге келетінін, адамдар бір-бірімен сымсыз құралдармен сөйлесетінін жұртқа жайып жіберген. Ал тағы бір ғұлама түрлі түсті суреттерді қалай шығаруға болатынын айтып, сурет шығарудың процесіне дейін жазып қалдырған. Тіпті олар көктегі ғаламшарлардың орналасуын да, оған баруға мүмкіндік туатынын да білген. Нақты деректер бар. Демек «Тоғыз белгісіз» ұйымы бүгінгі күннің технологиясы енді ғана мүмкіндігі жетіп жатқан дүниелердің сырын баяғыда-ақ біліп қойған секілді. Осыдан-ақ ол ұйымға өте мықты оқымысты-ғалымдар, өнер тапқыштар енгенін байқауға болады. ХІХ ғасырда Наполеонның Калькут қаласындағы елшісі Луи Жаколио ұйымның көптеген құпия құжаттарымен танысқан.



Кейінен «Әлемді жалмайтын оттар» деген керемет құнды кітап жазып шыққан. Кітап қолдан қолға өткен. Онда «Тоғыз белгісіз» ұйымының тірлігі, олардың ашқан жаңалықтары жөнінде сөз болады. 1927 жылы Үнді полициясында 25 жыл қызмет еткен ағылшындық Талбот Мэнди жартылай зертеуден тұратын романын жариялады. Оның жазуынша «Тоғыз белгісіздер» ұйымы ешқандай аңыз қауесет емес, шындық екенін, әлі күнге тірлік етіп жатқанын нақты деректермен келтірген. Кітапта адамзаттың ақыл ойының биік шыңы болып саналатын тоғыз кітап барын, оны тоғыз адам сақтап, иелік ететінін жазған. Бірінші кітап, адамға психологиялық әсер етудің жолдары туралы жазылған. «Ең қауіпті ғылым ол – адамдардың сана-сезімін жаулап алу, сол арқылы бағыттау. Адамдардың миын апиынша улап алған соң, әлемді басқару қиын емес» деп жазады Мэнди. Екінші кітап адамның жүрек-жүйкесіне байланысты. Онда түртіп қалып адамды өлтіру не болмаса тірілтіп жіберудің жолы көрсетілген. Көптеген шығыс жекпе-жегі осы кітаптан алынған деседі. Үшінші кітап, микро және макробиология жөнінде. Төртіншісі химияға байланысты. Мұнда кенді игере отырып, асыл темірлерді дүниеге әкелудің егжей-тегжейін жазылған. Демек ерте заман ғалымдары тастарды үгітіп, одан темірді қалай қорытуды және қандай қоспалар қоса отырып, берік дүниелерді әкелудің жолын бес саусағындай меңгерген. Бесінші кітап жер және ғарышпен байланыс жолын көрсеткен. Алтыншы кітап физика мен математикаға арналған. Жетінші құпия кітаптың негізгі тақырыбы күн және электр сәулелерін қалай меңгерудің жолдары қарастырылған. Сегізінші ғарышқа байланысты. Ал тоғызыншы кітапта қоғамның эволюциялық дамуының сатылары көрсетілген. Бұл тоғыз кітап өте құпия сақталуда. Онда бүгінгі сізбен біз өмір сүріп отырған ғаламның бүгіні мен ертеңі толық жазылған. Тіпті болашақта бізді не күтіп тұр. Ол да сонда жазылған көрінеді. Адамзаттың дамуына үлкен септік тигізіп отырған «Тоғыз белгісіздердің» мақсаты массондар секілді ақшамен әлемді қалай басқару емес, керісінше адамзатты оқыс жағдайлардан сақтандыра отырып, оның өркениетке қарай қадам басуына демеу жасау сияқты.

*Айқын,
шілде. 2012*

«ҒАСЫР ӨЛІМІ»

немесе қазасы жұмбақ тұлғалар...

«Ғасыр өлімі немесе ғасыр қазасы» деген атау ең алғаш Француздың атақты императоры, ұлы қолбасшысы Наполеон Бонапарт қасиетті Елена аралында айдауда жүріп, қайтыс болған 1821 жылдың 5 мамырында айтылған еді. Ол не бәрі 50 жыл өмір сүріпті. Наполеонның қазасы «ғасыр өлімі немесе ғасырдың жұмбақ қазасы» деп аталды. Өйткені жұрт ресми деректерде айтылатындай геатиттен не болмаса рактан емес, атақты императорды улап өлтірді дегенге көп сенеді. Бірақ дәлел жоқ. Содан болар халық оның өлімін «Ғасырдың құпия өлімі» десті. Алайда өткен ғасырдың соңында императордың шашына зертеу жүргізген мамандар расында оны улап өлтірген деген болжамға келіп отыр. Оған қастандық жасаған кім? Ол шешілмеген құпия. Демек көпшіліктің оның өлімін «ғасыр құпиясы» деп атауы дұрыс-ақ. Осы Наполеонның өлімінен кейін «ғасыр өлімі, ғасырдың жұмбақ қазасы» деген атау жиі айтыла бастады. Қастандықтан немесе жұмбақ жағдайда көз жұмған әлемге аты мәшһүр тұлғаларға осы сөзді қосып айту сәнге айналды деуге болады. Мысалға... иә мысал келтірер болсақ «ғасыр қазасы» я болмаса «ғасырдың құпия өлімі» деген атауға ие болған жандар көп. Тізе беруге болады. Әсіресе ХХ ғасырда болған ондай оқиғаларды санауға он саусақ аздық етеді. Мәселен «ғасыр өлімі» деген атқа ие болған алғашқылардың бірі Адольф Гитлер. 1945 жылдың мамыр 4-і күні кеңес әскерінің арнайы барлау тобы өртелген бір әйел (Ева Браун) және еркектің (Адольф Гитлер) денесін бомбыдан жасырынатын бункердің жанындағы бақтан тауып алады. Қолға түскен фюрердің жақын адамы вице-адмирал Ганс Фосс өртелген адамдар Гитлер мен оның нақсүйері Ева екенін мойындаған. Барлау тобының басшысы подполковник Клименко сол жерде «Ах, мен кімді көріп тұрмын неге куә болып тұрмын. Ғасыр өлімі деген осы» деп жерді бір тепкен көрінеді. Ресми дерек солай дейді. Бірақ Гитлер жөніндегі әңгіме сонымен бітпеген. Оның өлімі де «ғасыр құпиясы» болып қалғаны белгілі. Өйткені көптеген ресми, би ресми деректер Гитлер соғыста аман қалды, өзге жерде яғни Латын Америкасының Аргентина, Перу, Чили секілді елдердің бірінде 1971 жылға (кей деректер 1982 жыл) дейін жасырын өмір сүріп, өз ажалынан өлгенін айғақтайды.



Ал кейбір деректер Гитлердің Латын Америкасына қашпағаны, керісінше ешкімнің шырақ алып соңына түсе алмайтын Антарктидаға қоныс аударғаны жөнінде айтады. Қалай десекте басқыншының өлімі ХХ ғасырдың шешілмеген жұмбағы болып қала берді. Ал АҚШ-тың 35 президенті болған Джон Кенедидің өлімі де ХХ ғасырдың басты құпиясына айналғаны белгілі. Әлемді дүрліктірген оқиға 1963 жылы 22 қарашада Техас штаты Далласта болды. АҚШ үшін әлі күнге Джон Кенедидің өлімі тарихтың ашылмаған ақтандағы болып қалуда. Содан болар түрлі болжамдар, қисындар бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Соның бірі КСРО (СССР) арнайы қызмет бөлімінің құпия операциясы деген болжам. Әрине оны атқан Ли Харви Освальд сол жерде тұтқындалды. Алайда ол да екі күн өткен соң жұмбақ жағдайда қаза болды. Қалай айтсақ та, Джон Кенеди осындай трагедиялық оқиғаға душар болмағанда оның аты әлемге әйгілі болмас еді. Бір қызығы Кенеди өзіне қастандық жасалатынын алдын ала сезген секілді. Әйтпесе, сол 22-ші қараша күні таңертен ол әйелі Жаклинге «Егерде кімде кім Америка Құрама Штатының президентін құртқысы келсе, опонай. Биік ғимаратқа шығып, дәлдеп ататын құралы бар мылтықтың ұңғысын президентке бұрып, шүріппені басып қалса болғаны. Одан кейін президентті ешкім де, ештеңе де қорғай алмасы хақ» депті. Өзі айтқандай дәл сол күні оқиға шындыққа айналып, қырық алты жастағы Кенеди өмірмен қош айтысты. Халық оның қазасын «ғасыр өлімі һәм ғасырдың жұмбақ қазасы» деп атады. Ғасыр құпиясына жататын өлімдердің бірі, КСРО көсемдерінің бірегейі Сталиннің өлімі. Оның о дүниеге аттануына байланысты болжамдар өте көп. Бірақ «мынау нақты» деп ешкім қадап айта алған жоқ. Бәрі «солай болған» деген сияқты қисын. Дегенмен шындыққа жақын болжамдар да жоқ емес. Нақтылайтын болсақ, мұртты көсемге жасалған қастандық. Мәселен, Сталинге тікелей бағанатын қарсы барлау бөлімінің басшысы Александр Джуго 1952 жылы мемлекет басшысына оны тақтан тайдыруға тырысатын топтың тізімін көрсеткен. Олардың ішінде Молотов, Хрущев, Маленков, Булганин, Берия, Микоян, Каганович, Игнатъев, Ворошилов және өзгеде мемлекет қайраткерлері болған. Тізіммен танысып шығып, басын шайқаған жез мұртты көсем оларға қарсы қандай да бір шара қолданудан бас тартқан. Бәлкім барлау бөлімінің басшысына сенбеді ме, әлде ойында басқа нәрсе тұрды

ма, тек бас шайқаған да қойған. Ақыры сол түбіне жетті. Кейін бір сөзінде Молотов; «Сталин өз ажалынан өлген жоқ. Оны қаскөйлер улады. Дұрысы Берия – Маленков – Хрущев. Солардың ішінде Берия 1953 жылы 1 мамыр күні «Оны (Сталинді) құртқан мен» деп айтып қалды» деген дейді. Бәлкім солай да шығар. Талайдың түбіне жеткен Бериядан ондай қаскөйлікті күтуге әбден болатын. Бірақ Сталинның өлімі «мынадан» деп ресми құжатталмаған соң, КСРО көсемінің қазасы да жұмбақ болып қалды. Сол секілді КСРО-ның басшылары болған Брежневтің, Черненконың, Андроповтың қазаларыда құпия. Оларға жасалған қастандықтар әлі де беті бүркеулі. Ал, әскери шеру өтіп жатқан тұста, жұрттың көзінше атып өлтірілген президенттердің бірі ол – Мысыр мемлекет басшысы Әнуар Садат. 1981 жылы 6 қазанда Каирде әскери шеру өтті. Жарқ-жұрқ еткен әскери техникалар, аяқтарын бір келкі сарт-сұрт басқан сарбаздар көз тойдырғандай еді. Сол күні неге екені қайдам, Мысыр президенті сыртқа шықса киімінің ішінен киіп жүретін оқ өткізбейтін күртешесін кимеген-тұғын. Әйелі де шеруге барудан бас тартты... Әскери техникалар тізбегі өтіп жатты. Кенет зеңбірек сүйреткен әскери машина тоқтай қалып, ішінен автомат асынған ек-үш сарбаз секіріп түсіп, мінберде тұрған президентке қарай оқ жаудырып тұра ұмтылды. Сауатсыз тұрған мемлекет басшысы бірден қанға боялды. Мінберге көтерілген бас кесерлер президенттің айналасында тұрғандарды да атып салды. Неге екені қайдам, сол жерде тұрған вице-президент Хүсни Мүбәракка олар тимеді. Тек: «ары кет сен бізге керек емессің» деп дауыстаған. Бары сол. Жарадан өлгелі жатқан преидентті бірден ауруханаға емес, президент әйелінің айтқаны бойынша резиденцияға жеткізген. Неге? Бұғанда ешкім жауап бере алмайды. Әйелі неге бұлай істеді? Жұмбақ. Бәлкім ауруханаға дер кезінде жеткізілгенде тірі қалар ма еді? Әрине шабуыл жасағандар ұсталды. Қамалды, атылды. Бірақ президентті өлтіруге бұйрық бергендер тасада қалды. Олар кімдер? Әнуар Садат АҚШ пен де, КСРО мен де, Израильмен де, Араб әлімімен де жақсы болуға тырысты. Сонда кім? Мысыр президентінің бұл қазасы да журналистердің жазуына қарағанда XX ғасырдың жұмбағы болып қалған. Мысалға кетіргендеріміздің бәрі мемлекет басшылары. Ал өлімдері ғасыр жұмбағына лайық өзгеде саланың төрткүл дүниеге танымал азаматтары жеткілікті. Олардың бәрін мысалға келтіру мүмкін емес. Тек үстіміздегі яғни



XXI ғасырда «ғасыр қазасы» деген ат алған бір өлімді айта кетуге тиіспіз. Ол поп музыканың королі атанған Майкл Джексонның кенеттен дүние салуы. Атақты әншінің ажалы туралы да түрлі болжам көп. Ең бастысы оның өлімі «ғасыр өлімі һәм ғасырдың жұмбақ қазасы» деген ат алуында.

*Айқын,
Тамыз. 2012*

АЙДА ТІРШЛІК БАР МА?

Өткен ғасыр қым-қиғаш оқиғаларға толы ғасыр болғаны белгілі. Дүниені дүр сілкіндірген төңкерістер де, ондаған миллион адамның басын жұтқан Дүниежүзілік соғыстар да сол ғасырдың еншісінде. Адамзаттың қиял-ғажайып ертегі-аңыздарда айтыла беретін жетістіктерге қол жеткізуі, мұхит асына сүңгіп, жеті қат көкке самғауы – бәрі-бәрі XX ғасыр жетістігі. Оны ешкім жоққа шығар алмасы хақ. Дегенмен, сол өткен ғасырда «ғасыр өтірігі де» айтылып қалды. Онда да жай адам не болмаса елеусіз мемлекет тарапынан емес, аты-шулы АҚШ-тың аузымен айтылды. Әлем халқы сенді. Өйткені сенбеске болмайтын еді. Десек те «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демекші, уақыт өте келе, АҚШ-тарапынан айтылған ғасыр өтірігін «өтірік» деп қолдан келгенше дерек-дәйектермен түсіндіргендер көп. Иә, XX ғасырдың өтірігі ол не, неге айтылды? Енді соған келелік. Ол – АҚШ ғарышкерлерінің айға қонуы болатын. Арада қанша уақыт өтсе де, оны жоққа шығаратындар саны кеміген емес. Қайта түрлі деректерді алға тартып, «Американдықтар айға ұшқаны рас. Ғарышты зерттеуге арналған «Аполлон» бағдарламасы болғаны да рас. Бірақ Армстронг бастаған ғарышкерлер 1969 жылдың 20 шілдесінде айға қона алған жоқ. Дүние-жаһанға тараған суреттермен, телеарнада берілген оқиғалар тізбегі Айда емес, жерде де, онда Голивудта жасалған» деген дәйекті алға тартады. Неге? 1969 жылы 20 шілде де «Аполлон-1» ғарыш кемесі айға қонды. Адамзаттың тарихында ерекше орын алатын ұлы оқиғаны әлемнің жарты миллиард халқы теледидар алдында отырып көрді. Кеме сатысы арқылы төмен түсіп, айдың бетіне алғаш қадам басқан ғарышкер Нил Олден Армстронг еді. Ондан кейін айдың бетіне қадам

басқан, экипаждың екінші мүшесі Эдвин Альдрин. Ал үшінші ғарышкер Майкл Коллинз кемеді қалды. Айдың бетіне АҚШ туын қадап, лунаходпен шарлап, 22 келі топырақ алған олар кері оралды.... Дәл осы көріністер кейінен кейбір ғалым-оқымыстылар тарапынан сынға ұшырады. «Мұның бәрі жерде жасалған, жалған» десті. Әрине нақты деректерді алға тартты... НАСА-ның өтірігін айғақтауға ұмтылған жандардың бірі һәм бірегейі үлкен интелекті иесі, білікті инженер Ральф Рене. «Айға қону болған емес. Барлық суреттер мен фильмдер жерде, арнайы жабдыкталған павильонда жасалды» дейді инженер. Оған Британдық зертеушілер Дэвид Перси және Мэри Беннет те қосылады. Олар мынадай айғақтарды алға тартады.

1. Фильмда айға тігілген ту желмен сәл қозғалып тұр. Ақиқатын айтар болсақ, ол жерде атмосфера жоқ. Онда тудың желбіреуіне жол болсын.

2. Ғарышкерлер лунаходпен жүргенде, дөңгелектерден тас ұшып жатыр. Тура жердегідей. Ғарышта тартылыс күші жердегіден 6 есе кем. Сонда тас неге ұшады?

3. Айда түсірілген суреттердің бәрінде жұлдыздар көрінбейді. Ал керісінше айда жұлдыздар жерден гөрі көбірек, әрі қаттырақ жарқырауы тиіс емес пе? Павильон ішінде жұлдызды аспанды құрастыру өте қымбатқа түседі. Сондықтан «жұлдыздарды» алып тастауға тура келген...

4. Көлеңкелер бір жаққа ғана түсуі тиіс емес пе? Суреттерде көлеңкелер жан-жаққа шашырап, түсіп жатыр. Әр түрлі жарық беретін аппарат жан-жақтан жарық бергенде ғана солай болуы тиіс. Мұнда дәл сол. Демек суреттер айда емес, жер де, павильонда түсірілгенін нақтылай түсуде.

5. Суреттерді, фильмдерді түсірген аппараттардың сенімсіздігі. Ол тұста бәрін бір қолмен түсіру мүмкін емес. Технология ондай дәрежеге жете қойған жоқ. Демек үлкен ауқымды аппараттармен кең де жарық бөлмеде түсірілген. Иә, бұл зерттеушілер келтірген дәйектердің аз ғана бөлігі. Бұдан да өзге бұлтартпас дәйектер жеткілікті. Осындай сындар айтыла бастаған соң, АҚШ ғарыш орталығы кейбір суреттерді жұртқа білдірмей «жөндеген» көрінді. Мәселен кейбір сын туғызған «көлеңкелерді» алып тастаған. Реттеген т.б. Дегенмен жүздеген миллион қаржы құйылған, мыңдаған адам еңбек еткен, ғасырдың үлкен жобасы бола тұрып,



неге Американдықтар өтірік айтуға жол берді деген сауал туындауы мүмкін. Сөйтсек оған да жауап бар екен. Егер олардың айға ұшуы өтірік болатын болса, КСРО барлау орындары оны бірден ашар еді. Өйткені сол тұста ғарышты игеруде екі алып елдің арасында үлкен бәсеке, дүбірлі дода туындап тұрған. Бірін-бірі аңдулы еді. Екіншіден американ ғарышкерлері ай бетінен алып келген топырақтың кеңес елінің ұшу аппараттары әкелген топырақпен құрамы бірдей. Демек олар айға қонған. Сонда «Ғарышкерлер айға қонған жоқ» деген дау қайдан туып отыр. Оныңда жөні бар көрінеді. АҚШ ғарышкерлері айды айнала ұшқан. Қонған. Үлкен сенсациялық жаңалықты да ашқан. Елсіз мекен дейтін айда тіршілік бар екенін анықтаған. Содан болар айдың бетін тұңғыш таптаған ғарышкер «біз сіздерге жердегі адамзат атынан бейбіт мақсатта келдік» деген тақтаны тастамас еді. Тіршіліксіз мекенге не үшін ондай жазуы бар тақта қалдырады? Демек айдың «қожайыны» болғаны ғой. Бұған дейінде ғарышты зерттеушілер айдың бетінен белгісіз үлкен нысандарды байқағанын айтқан. Белгісіз ұшатын табақшалар талай мәрте «Аполлон» ғарыш кемесін аңдығаны, қалмай ұшып отырғаны жөнінде деректер жеткілікті. Демек белгісіз тіршілік иелері АҚШ ғарышкерлері айға қонғанымен ешқандай суретке түсіруге мүмкіндік бермегенге ұқсайды. Сондықтан реті келіп айда түсірілген суреттер өте құпия сақталып, амалсыз, жер де ғарышкерлердің айдың үстінде емін-еркін, қауіпсіз жүргені жөнінде суреттер түсіріліп, фильмдер жасалып халыққа ұсынылуы әбден мүмкін. Демек айды зерттеуге арналған АҚШ-тың «Аполлон» бағдарламасы толықтай өзін ақтамаған. Амалсыз желге ұшқан қаржыны жабу үшін, хәм әлем халқы алдында масқара болмас үшін әлігдей қадамдарға баруға тура келген. Ғасыр өтірігі осылай айтылған. Ал өтіріктің сыры жұртқа мәлім болып қалмас үшін, бір жылдың ішінде «Аполлон» бағдарламасымен айналысқан 11 адам белгісіз себептермен көз жұмған. Демек бұл жерде бір құпия жатуы әбден мүмкін. Шет ел зертеушілерінің келтірген дәйектеріне қарасақ, айды зерттеу барысында АҚШ ғарышкерлері 140-150 мың түрлі құпия суреттер түсірген. Бірақ олар өте құпия сақтаулы көрінеді. Мәселен НАСА-ның құпия суреттерін көруге мүмкіндік алған Джордж Леонард өз жазбаларында айда белгісіз тіршілік иелері бар екенін келтірген. «Түрлі құрылыстар, нысандар салынууда.

Пирамидаға ұқсас ғимараттар, мұнаралар бар. Белгісіз тіршілік иелері айдағы пайдалы қазбаларға зертеулер жүргізіп жатқан секілді» дейді Джордж Леонард. Өйткені суреттердегі көріністер соны бейнелейтін секілді. Ол осындай тұжырымда. Американ уфологы Фред Стеклинг өзінің кітабында: «Бұған дейін бізге айдың бетінде тіршілік жоқ деп түсіндіріп келді. Ал шын мәнісінде басқаша. Ол жерде технологиялық дамуда адамзатты артқа тастап кеткен өркениет иелері бар» дейді. Және нақты деректерді алға тартады. Тіпті 1970 жылы телескоп арқылы ұзындығы 22 шақырым, көлденеңі 5 шақырым болатын ситарға ұқсаған белгісіз үш нысанды көрген. Олар ай бетінде бірнеше сағат болып, белгісіз киырга ұшып кеткен. Ол аз десең жапон астрономы телескоп арқылы айдың бетінен ұзындығы 20 шақырым болатын ұшатын нысандарды байқаған... Демек біздің Күн жүйесін белгісіз тіршілік иелері өз пайдаларына жаратуға ұмтылып жатқанға ұқсайды... Қалай айтсақ та, әлі күнге ресми түрде айда тіршілік бар не жоқ екенін айтқан ешкім жоқ. Бар боса да халық арасында әбигер тудырмас үшін жасырын ұстап отыруы да мүмкін- ау...

*Айқын,
Тамыз. 2012*

АДАМЗАТТЫҢ АЖАЛЫ АЙДАН БОЛМАСЫН!

Қазақ халқы Айдың тылсым сырын ерте кезде-ақ білген. Содан болар, аспан денесіне байланысты түрлі наным-сенім, ырым көп. Неге өзге ғаламшарға байланысты емес? Себеп көп сияқты. Сүйтсек, Айдың біз білмейтін құпиясы жеткілікті екен...

Қазақта «ай көрдім, аман көрдім» деген сөз бар. Айға сәлем беру ғұрпы туралы Ш.Уәлиханов еңбегінде: «Ертеде қазақтар жаңа туған Айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінәжат етеді. Жаздыгүні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды», – деп жазды.

Ғұрыптың мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-жаладан аман болайық дегенді білдіреді. Сондай-ақ, айға қарап тілек тілеп, бет сипайды: «Ай көрдім, аман көрдім, Бұрынғыдай заман көрдім, Жаңа Айда жарылқа, Ескі Айда есірке! Тірілерге жиған бер, Өлілерге иман бер, Аллаһу акбар!» немесе: «Аман



көрдім, Ай көрдім, Жұлдызым жоғары болсын!»), – деп Айға қарап, арман-аңсарының орындалуын тілейді. Жаңа ай туғанда: «Туған айдай қылып жарылқа, Шыққан күндей қылып жарылқа. Басты аман, бауырды бүтін қыл, Отыңа оралтпа, суыңа сүрінтпе», – деп жатады.

Ежелгі түсінік бойынша, ай фазаларының өзгерісі тіршілік дүниесіне әсер еткен. Айталық, толған Айдың сәулесі басы ауыратын, сақинасы бар адамдарға әсер етеді деп сенген. «Ай толған кезде адамға қауіпті әсері болады» деген наным-сенімге байланысты көптеген ырым қалыптасты: жалаңбас далаға шығуға, сыртта ұйықтауға, Айға ұзақ қарауға, жас нәрестенің бетіне Ай сәулесін түсіруге, айға қарап саусақ шошайтуға, айға қарап дәрет сыдыруға болмайды деген сияқты. Кейде қазақ сұлу қыздарды ай дидарлы, айдай толықсыған деп жатады.

Жалпы қазақта ғана емес, әлем халықтарында айға байланысты айтылатын әңгіме жеткілікті. Неге? Ай – жерге ең жақын жатқан ғаламшар. Екіншіден, айда тіршілік жоқ, бос жатқан айтақыр әлем десек те, айдың жерге әсері өзге ғаламшарларға қарағанда өте үлкен екен. Халық соны білсек керек-ті. Рас, Жерден 384 мың шақырымда орналасқан Айдың біз білмейтін құпиясы тым көп. Енді шамамыз келгенше соны таратып айтып көрелік. Ай – Жердің айнымас серігі һәм Күн жүйесіне енетін аспан денелеріндегі адам табаны тиген жалғыз ғаламшар. Ай аспан әлемін зертеген ғалымдардың үнемі назарында. Тіпті жер серіктері арқылы да оны зерттеу жылдан жылға артып келеді. Бірақ соңғы елу жылда айға байланысты білгеніміз біршама артқанымен, білмейтініміз одан көп, қайта айдың құпиясы тым көбейіп кеткен секілді. Сонау «Аполлон» жобасы іске асып, ай бетіне адам барып қайтқан соң, неге екені қайдам, ол жаққа екінші мәрте адам қадам баспады. Не себеп? Белгісіз. Әлде бір нәрсе бөгет болды ма? Көк төсін сүзіп, қарайған ноқатқа дейін анықтап, зерттеп отырған АҚШ-тың НАСА орталығы да үнсіз. Неге? Айға байланысты қойылар сұрақ көп. Соның бірнешеуі мынадай:

1. Неге Ай өз осін айналғанда үнемі жерге бір қырымен ғана көрінеді?

2. Ай неге жылына Жерден 4 см. алыстайды?

3. Егер Ай суық дене болатын болса, онда оның бетінде ірі лава көлі қалай пайда болған?

4. Неге «ай көлдерінің» 80 пайызы айдың көрінбейтін бетіне орналасқан?

5. Ай бетінде жиі болып тұратын жарқыл, көлеңке, бұлыңғырлық немесе ғажайып шұғыла неден пайда болуда?

6. Жер серіктері суретке түсіріп алған, Айдың жоғарғы бетіндегі қолдан тұрғызылған секілді ғимараттарды, мұнаралар мен күмбездерді сондай-ақ пирамидаларды кім қалаған?

7. АҚШ ғарышкерлері айдың бетіндегі магниттік белдікті зерттесін деп тастап кеткен аппарат неге ұзақ жыл жұмыс істеп тұрды. Апараттағы ток беру тетігінің мүмкіндігі 1 жылға ғана есептелген емес пе еді? Ұзақ уақыт энергияны қайдан алды?

8. Неге айдан қоңырау үніне ұқсас дыбыс шығып тұрады?

9. Ай бетіне тұңғыш рет қадам басқан АҚШ ғарышкері Нил Армстронг өзге өркенеттің ғарыш кемесін көргенін неге НАСА осы уақытқа шейін құпия сақтап отыр?

10. НАСА суртке түсірген айдың бетінде жатқан сигра секілді сопақ белгісіз ұшу нысаны қайда кетті?

11. Неге ерте заман жылнамаларында немесе карталарында өзге ғаламшарлар белгіленсе де, Ай көрсетілмеген?

12. Неге ықылым заманнан жеткен аңыздарда 13 мың жыл бұрын болған топан судан кейін ғана Ай пайда болды деген айтылады? Иә, Айға байланысты сұрақ көп. Бірақ нақты жауап аз. Осыдан-ақ біз айды жетік зерттей алмағанымыз көрініп қалады. НАСА көкке аттандырған «Клементина» атты ғарышты зерттеуші зонд жерге керемет сурет жіберді. Таң қалғаннан ғалымдар шалқасынан түсе жаздады. Не дейсіз ғой, Ай бетіндегі кратерлердің түбінде қатып қалған су, тоң мұз жатыр! Бұл қайдан пайда болған?

Айдағы тәулік Жерге қарағанда 28 есе ұзағырақ. Оның үстіне үнемі күннің өтінде тұрады. Ай бетінің ыстығы 122 градусқа дейін жетеді. Сонда су қайдан келді? Ғалымдардың басы қатуда. Бұл ғалымдар таба алмай отырған бір ғана жұмбақ, бұдан өзгелері қанша ма? Басқа ғаламшарларға қарағанда айдың жерге әсері орасан зор. Бұны қалай түсінуге болады? Бір сәт көз алдыңызға елестетіп көріңізші, қатты дауылдан қираған үй, құлаған тал-терек, қаңбақша ұшқан адамдар әйтеуір астан-кестен болып, сапырылысқан дүние. Қорқынышты ма? Әрине. Мұндай табиғи апаттан ешкім қорған бола алмасы хақ. Осындай апаттар жер бетінде болып тұра ма, иә. Оның ошағы не? Білмейсіз ғой. Ол –



Ай. Көк жүзінде бейкүнә, пәк қалпында жүзіп жүрген Айдан адамзатқа төнер қауіп зор көрінеді. Тіпті адамзаттың болашағына да осы ай, күндердің күндері нүкте қоюы мүмкін екен. Сенбейсіз бе?

Айдың жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне, соның ішінде адам баласына әсері керемет. Бұл әмбеге аян. Бірақ сонда да біз көк жүзінде қалқыған кішкентай, иесіз ғаламшарды Жерді құр айналғаннан басқа бітірер шаруасы жоқ деп ұғамыз. Бірақ бәрі керісінше емес пе? Бізге үлкен қауіп сол жақтан екенін әлі сезіне де, ұғына да қойған жоқпыз.

Ай жерден 384 шақырым қашықта. Жерден көлемі төрт есе кіші. Бірақ тартылыс күші жермен бірдей. Демек ол бізді, біз оны айналып жүрміз деуге болады. Содан болар, Жер бетіндегі мұхит суларының шалқуы мен қайтуы айдың тартылысына байланысты. Жалпы су емес айдың тартылыс күші жердегі барлық дүниеге үлкен әсер етеді. Сондай-ақ, Ай жердің айналысын тежеуге де «күш» салады екен. Ғалымдардың есебінше жер күніне 0,00164 секундқа Айдың әсерінен өз қозғалысын баяулатады. Бұл үдеріс миллиондаған жылдардан бері созылып келеді. Егер де Ай Жердің өз осін айналуына байланысты «тежегішін» басып қалса, ақырзаман орнады дей беріңіз.

Тағы да көз алдыңызға елестетіп көріңізші, адам лық толы автобус қатты келе жатып, оқыстан жүргізуші тежегішті басып қалса, іштегі адамдарға не болады? Бірінің үстіне бірі құлаған адамдар, айқай-шу, жарақат алғандар... Жерде сондай күйге ұшырамақ. Бүкіл дүние төңкеріліп түспек. Мұхит суы, топан суға айналып жер шарын шайып кетер еді...

Ай сондай-ақ үлкен тылсым күшке ие. Барлық көріпкелдер, емшілер өздерінің ем-домдарын, болжағыш қасиеттерін айға байланыстырып айтып жатады. Біз керемет жырға қосып, түрлі теңеу айтып жүрген Ай сәулесі керемет «вампиірлік» күшке ие. Адамның барлық күш қуатын сорып алуға тырысатын көрінеді. Содан болар, өзге жұртты қайдам, қазақ халқы ұйықтағанда «бетіңе Ай сәулесі түсіп қалмасын, Ай жарығында көп жүрме» деп жатады. Мұның астарында үлкен мән жатыр. Айдың сәулесі сау адамды ауру жанға айналдыруға, тіпті өлтіріп жіберуге де күші жетеді екен. Үлкендердің Ай толған түнде далада көп жүруге болмайды деп жататыны сондықтан. Көптеген эзотериялық бағыттағы ғалымдар Күн жүйесіндегі тіршілік иесі пайда бола-

тын екінші ғаламшар ретінде айды санайды. Сол себепті ай бойына керекті энергияны көптеп жинап жатыр-мыс.

Айдың адамдарға тағы бір кері әсері ол – сомнамбулизм, яғни Ай кезбелік ауруы. Мұның сырын әлі ғылым шеше алған жоқ. Адамдардың көбі толған Ай кезінде өзін жаман сезінеді, көңіл-күй бұзылады, сәл нәрсеге тырысып жатады. Неге? Мұхиттардың көтерілуі мен қайтуын айға қарап білдік. Адам организмінің 80 пайызы судан тұрады деп есептесек, онда айдың әсері болатынын арнайы зерттеусіз-ақ білуге болатындай.

Ай құпияға толы ғаламшар. Бұдан біраз бұрын, ай бетінде көне өркениет болғаны жөнінде НАСА түсіріп алған суреттер әлемді шулатқан. Онда Ай бетінде өте қатты дамыған өркениет қалдырған нысандар, қалалардың орны, тас камалдардың қалдығы секілді көріністер бейнеленген. Бірақ НАСА тағы да бар құпияны жасырып, үнсіздік танытуда. Қалай айтсақ та, қалай зерттесек те, ай адам баласы үшін әлі де жұмбақ болып қалуда.

*Айқын,
Қазан. 2012*

АПАЧТАРДЫҢ АЛТЫНЫ ҚАЙДА?

Американың байырғы тұрғындары үндістер жөнінде қазіргі жас өркеннен гөрі, аға буын жетік біледі. Онда да кино арқылы. Өйткені дәл сол буын кеңес заманында бұрынғы Кеңес елімен ГДР бірігіп түсірген үндістер жайлы ерлікке толы фильмдерді көріп өсті. Әсіресе сол тұста үндістер туралы киноларда басты рөлде ойнаған Гойка Митичтің сомдауындағы «Апачтардың алтыны», «Улзана», «Текумзе», «Инчу-Чуна ұлы Винетту» немесе «Маккененың алтыны» деген фильмдердің орны ерекше болды. Ол фильмдердің бәрінде үндістер сырттан келген басқыншы ақ адамдармен атамекені үшін күресті. Сол жолда мерт болды. Әрине бұл – кино. Ал тарих қалай болып еді?

Қазіргі тарихшылар «Еуропадан Америкаға алтын іздеп немесе сонда қоныстануға барғандар 100 миллионға тарта үндістерді қырып салды» деп жазады. Әсіресе АҚШ тарихшысы Дэвид Станнард осындай пікірде. Бұған аузы кере қарыс тарихшы, зерттеушілер де осындай пікірде. Тіпті мұны «Американдық



холокостпен» теңеп жүргендер де жеткілікті. Ал бәз бір деректер Христофор Колумб Американы ашқан уақыт 1500 жылдан 1900 жыл дейін 15 миллион үндістен 237 мың адам қалған деген дәйекті алға тартады. Жалпы үндістердің тарихын зерттеушілердің көбі ақ адамдардың Американың байырғы тұрғындарына қарсы қолданған зорлық зомбылықты яғни қырып-жою, жерін тартып алып, құлдықта ұстау, тауар ретінде сатуын т.т «геноцид» деп атайды. Мәселен Америкаға жасаған алғашқы сапарында яғни 1492 жылы 12 қазанда Багам аралдарына келіп тоқтаған Христофор Колумб өз күнделігіне мынадай жолдар жазған: «Бұл адамдар өздерін өте еркін ұстайтын, өте мейірімді, бейбітшілік сүйгіш, еңбекқор жандар екен. Балық аулау немесе өсімдік өсіру, аңға шығу секілді істерімен ғана айналысады. Тұратын қос-шатырларының өзі ерекше және оны өте таза ұстайды. Олардың бос уақыты көп. Сол кезде доп ойнап, билеп, ән айтумен күндерін өткізеді. Тек ұятты жерлерін жапқаны болмаса, бәрі жалаңаш-жалпы жүреді. Мұндай ақ көңіл, сенгіш, аңғал жандарды өз дінімізге тарту қиынға соқпайтын сияқты. Сондай-ақ олардан жақсы күтушілер шығады». Арада тағы екі күн өткен соң, 14 қазан күні Колумб: «Бұларды айдауға салуға, айтқанымызды істетуге, көнуге мәжбүрлеуге не бәрі 50 солдат жеткілікті. Әзірге олар біздің сұрағанымызды беріп, айтқанымызға көнуде» деп өзінің басқыншылық ниеті бар екенін де күнделікке түрте кеткен.

1493 жылы Колумбы Америкаға екінші рет аттанды. Бұл жолы оның экспедициясы 17 кемеден, 1500 адамнан тұрды. Осы жолы ол қандай адам екенін танытты. Үндістерді ұстап құл ретінде сатты және олардан алтын жинады. Берсе қолынан алды, бермесе жолынан алды. Атты, асты, тонады. Өлген бір испандықтың кегі ретінде жүз үндіс өлтірілді. Кейде бас терілерін тірідей сыпырды. Иттерін үндістердің өлігімен тамақтандырды. Мәселен сол кезден қалған бір испандықтың хаты былай жазылған: «...Картахеннен оралған бойда мен Рохе Мартин деген португалды кездестіріп қалдым. Оның үйінің алдында жартылай шабылған үндістің денесі ілулі тұрды. Өлі үндісті шауып, итін тамақтандырады екен...». Бұған не айтуға болады. Әрине біздің айтпағымыз бұл емес. Айтқымыз, жазғымыз келгені үндістердің алтыны жөнінде. Рас, алтын үндістер үшін Колумбы келіп Американы ашқанға дейін жай ғана сары темір еді. Тек еуропадан алтын іздеп келген келім-

сектерден кейін бұл сары темірдің құны тым жоғары екенін бағамдаған үндістер оның нарқын қымбатқа бұлғады, тіпті ата-бабадан қалған дүние деп, ақ адамдарға оны бермеуге, кен орындарын көрсетпеуге тырысты. Сол үшін айқасты, жан алып, жан берісті. Жалпы тарихта инктердің алтыны, апачтардың алтыны және де өзгеде үндіс тайпаларының алтындары жөнінде не бір алыпқашпа әңгімелер көп. XVI ғасырда испан конкистадорлары (қазына іздеушілер) инктердің 120 тонна алтын мен күмісін Испанияға тасып әкеткен. Әлі күнге үндістердің жасырған алтындарын іздестірушілер көп. Ендігі әңгіме сол жөнінде болмақ.

...2010 жылдың шілдесінде Аризона штатында жоғалған ер адамның туыстары полицияға хабарласқан. Айтқандары әлгі жоғалған адам таудан алтын іздеуге кеткен, содан оралмапты. Тек тау етегіндегі машина табылғанмен, иелері із-түссіз жоғалған. Тек 2011 жылы қаңтарда ғана із кесушілер жоғалған үш еркектің өлі қаңқасын таудан тапқан. Бұл өлкеден шындығы қайсы, өтірігі қайсы белгісіз адамның үрейін алатын аңыз әңгімелер көп. Олардың дені «үндістердің алтынын іздеп шыққандар тірі қайтпайды, алтынды үндістердің ата-баба аруағы күзетеді. Ал тыныштықты бұзып, алтын алуға келгендерді сол елестер қуып жүріп қинап өлтіреді екен» деген қауесет. Содан болар жергілікті тұрғындардың көбі тәуекел етуге дәті шыдамайды. Ал үндістердің апач тайпасының алтындары жасырылған қазыналы тау Суевер Аризона штатына қарасты жерде.

Міне, ғасырдан – ғасыр алмасып жатыр, бірақ «аяқ асты байып кетсем» деген оймен осы таулы алқапқа жол тартқан алтын іздеушілер толастар емес. Бірақ солардың аман-сау, олжамен үйлеріне қайтқаны некен-саяқ. Көбі із-түссіз кетеді, не болмаса араға жылдар салып қаңқалары табылып жатады. Осы тұста «алтынды үндістердің арауақтары күзетеді екен» деген әңгіменің жаны бардай... Тарихшылардың зерттеуіне қарасақ, бұл аймақта адамдардың өмір сүріп жатқанына 12 мың жыл болыпты. Осы жерді қазып, ежелгі үндіс мәдениетімен танысып жатқан археологтарда осындай пікірде. Еуропалық саяхатшы Фрай Маркос де Низа деген біреу 1539 жылы осы өлкеге алғаш аяқ басып, осындағы үндістердің апач тайпасымен кездескен. Апачтар оған алтынан тұрғызған жеті шаһары бар ғажайып өлке Сибола жайлы айтады... Сондай-ақ алтын теріп алатын бұлақ-тұмаларды, құйма алтындар



кездесетін каньондарды көрсетеді. Бүгінгі алтын іздеушілер сол Фрай Маркос де Ниса жазып кеткен күнделіктегі жазбаларды бетке ұстап, Аризона штатын әлі күнге кезіп жүр. Әрине олжалы болғандар да жоқ емес... Испандықтар апачтар көрсеткен кен орындарынан тонналап алтын жинаған. Оны кемелерге тиеп Испан корольдігіне жіберіп отырған. Дегенмен 1700 жылы сол жерде алтынмен айналысып жүрген испандар жағдайда кетуге мәжбүр болады. Кетерінде үндістерге, «алтын кендерін, бұлақтарды ешкім айтпауларыңды сұраймыз. Егер де өзгелерге сыр шаша қалсаңдар, құдайлар ренжіп, сендерді қаһарына алады» деп қорқытады. Содан бері ол алқаптағы алтындарды ешкімнің жолы болып таппаған. Әрине, бұл – аңыз. Бірақ астарында шындық бар. Өйткені осы таулы аймаққа алтын іздеп барғандардың ешқайсы тірі қайтпаған. Біренсаран аман қалғандары өздері белгісіз жын-елестер қуалағанын айтады. Әрине мол олжа тапқандарда кездеседі. 1848 жылы бір мексикандық отбасы алтын бастауын тауып, сол жерден 10 келі алтын өндірген. Алайда таудан төмен түсіп келе жатқан оларды белгісіз үндістер қоршап алып қырып салған. Тек отбасының бір мүшесі ғана аман қалып, үйіне аман-есен оралып, жиналған жұртқа тауда болған оқиғаны айтып берген көрінеді. 1860 жылы үндістерге көп көмегі тиген жергілікті бір дәрігерге сый-сияпат жасау үшін, үндіс көсемі оны атқа мінгізіп, көзін таңып тау ішіне алып барып, қалың жыныстың ішіне барған соң, көзіндегісін шешіп, «қанша алтын керек, сонша ал» деп рұқсат берген. Дәрігер керегін алған. Артынан сол маңға талай мәрте үндістерден тығылып барып, алтын іздегенмен қалың жыныс тоғайды қайтып кездестірмеген. Бұл да сол дәрігердің күнделігіндегі жазбалар. 1870 жылы Якоб Вальтц және Якоб Уэйзер деген біреулер қайдан тапқаны белгісіз алтын бұлақтар белгіленген көне карта тауып алған. Сол бойынша жүріп отырып, таулы аймақтан құны 7 миллион тонна болатын алтын өндірген. Бұл енді жолы болғандар. Дегенмен солардың бірі Якоб Уэйзер аяқ астынан жынданып, таулы аймақта қаңғып жүріп өлген. Өкінішке қарай, содан бері сол маңдағы апачтардың қазынасына ешкімнің қолы жетпеген. Тығулы алтындар тығулы қалған. Тек сол өлкеге алтын іздеп барғандардың көбі белгісіз жағдайда қайғылы оқиғаға душар болып отырған.

Археологтардың ашқан бір жаңалығы, үндістерде қайтыс болған көсемдерін, басшыларын бүкіл байлығымен яғни алтын-

күмістерге бөлеп жерлейді екен. Демек қаншама алтын әлі күнге жер астында жатыр десеңші. Бір ақиқат дүние, бүгінде аңызға айналған Эльдорадоны ешкім кездестірмеген сияқты, жет алтын қаладан тұратын апач тайпасының аңызға айналған қазыналы өлкесі Сиболаныда әлі ешкім тапқан жоқ.

*«Айқын» газеті,
Қыркүйек. 2011жыл*

«ПЕРҒАУЫНДАР ҚАРҒЫСЫ» ақиқат па, әлде аңыз ба?

Жақында ғана Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданының аумағынан Сақ ханшайымының мүрдесі табылғанын жұртшылық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы естіді. Әрине, исі қазақ жері тарихқа бай екені, талай өркениеттің куәсі болғаны қуантады. Санап жіберетін болсақ, Үржардан табылған сақ ханшайымы еліміздегі төртінші Алтын адам екені белгілі. Ғалымдар Үржар ханшайымын – «сақ-ғұн дәуірінде өмір сүрген болуы керек» деген болжам жасап отыр. Мұның бәрін осы салада жүрген ғалымдар есептеп, сақ қызы қай дәуірге жататынын алдағы уақытта айта жатар. Біз әңгіме қылғалы отырған жайт, басқа. Бір қызығы, экспедиция мүшелерінің айтуынша, сақ қызының мүрдесін қазу кезінде ерекше оқиға орын алған көрінеді. Түн сайын сақ сұлуы әркімнің түсіне еніп, үрейін алыпты. Тіпті экспедицияның бір мүшесі тастан жасалған саркафакка түсіп көрмек болған кезде Үржар ауданында кенеттен ауа-райы өзгеріп, шаңдатып қатты дауыл тұрған. «Мұның бәрі тегін емес. Ханшайым тылсым күшке ие» деседі археологтар. Ақиқатын айтар болсақ, жұрт арасында «аруақтардың тынышын алсаң, қарғысына қаласың» деген сөз бар. Негізі, осы тәмсілдің өзегінде бір шындық бұғып жатқаны ақиқат. Мысал керек болса, жетеді. Өйткені көр қазып, қарғыс арқалап, жазымға тап болғандар, мүрде ақтарылған жерде аяқ асты табиғатты түлен түртіп, зілзалалар, дауылдар көтерілгені жөнінде алып-қашпа әңгіме көп. Енді төменде сондай тосын оқиғалар жөнінде әңгімеміздің тиегін ағыталық. Мәселен, Алтай ханшайымы. Айта кетейік, Алтай ханшайымын новосібірлік археологтар 1993 жылы Укок шоқысындағы Ак-Алах-3 қорғанын қазу барысында тапқан.



Мумияның жасы 2,5 мың жылды құрайтын көрінеді. Мүрдені жатқан жерінен қазып алған соң, сол маңда қатты зілзала болды. Дауылдар мен борандар соқты. Талай дүние қирады. Жұрты бар, бақсы-балгері бар бәрі, «бұл – Алтай ханшайымының қаһары. Тыныш жатқан жерінен бекер қозғадық» десті. Бұл – кеше ғана болған оқиға. Теледидардан көрдік, газеттен оқыдық дегендей. Бұған дейін «перғауындар қарғысы» дегенді талай жерден оқыдық. Естідік. Енді соны да сөз ете отыралық. Жалпы, қарғыс – жақсы нәрсе емес. Қарғысқа ұшыраған адамның оңғаны жоқ. Түбі бір зауалға ұшырағы хақ. Бұл жерде қарғысқа байланысты түсінік берейік деп отырғанмыз жоқ. Бірақ әңгіме сол жайында. Онда да өткен ғасырдың жуан ортасында «перғауындар қарғысы» деген атаудың дүниеге келуіне байланысты. Перғауындар қарғысы, бұл не өзі? Сәл арғы тарихқа көз жіберер болсақ, Пирамида тасын қалап, оның ішіне перғауынның үлде мен бүлдеге оранған табытын қояр кезде, біраз амалдар қарастырылғаны белгілі. Өйткені жер-дүние патшаларының мүрдесі тоналмас үшін, көр қазушылар түрлі қулық жасаған. Мәселен, табытқа апаратын жолдарға тосқауыл қою, адастыру, өзге бағытқа бұрып, алдап жіберетін жерасты жолдарын қазу, жалған табыт қою секілді. Ал перғауынның мүрдесі жатқан шын табыт мұқият жасырылған. Тіпті оны көр ақтарып, қазына іздегендер таба қалғанның өзінде, олардың бірден сілесін қатыру үшін табытқа мыңдаған жыл қуатын жоймайтын у жағылған. Жын-шайтанмен тілдескен бақсылар түрлі қарғыстарын айтып қалдырған...

Перғауынның көрін ақтарып, қарғысқа ұшыраған жан тірі қалмаған...Оған тарих куә. Мыңдаған жыл бұрын қабір қабырғаларына жазылған қарғыстың қаһарына ұшыраған жанның аман қалғаны жоқ-ау, сірә... Жерлеушілер перғауынның мүрдесін өзгелер қазып, денесін қорлап, лақтырып тастамас үшін, бірге көмілген қазына-байлықты тонаудан аман сақтау үшін осындай амалдарға барды. Тіпті «пирамиданы рухтар қорғайды» деген де аңыз жеткілікті. Қалай айтсақ та, пирамидаларды, ондағы жасырылған перғауындардың мүрдесін белгісіз бір тылсым күштің қорғап тұрғаны шығар күннің көзіндей шындық. Оны жоққа шығаруға болмайды. Мысалға, ағылшынның атақты саяхатшысы Джеймс Бруктың күнделіктерін ақтарып отырып, мынадай жайтты оқуға болады.



1768 жылдың жазында ол патшалар жерленген алқапқа барған. Түнде шатырда ұйықтап жатқан оны белгісіз бір нәрсе түргіп оятқандай болады. Көзін ашқаны сол еді, денесін белгісіз бір үрей билеп, беталды тұра қашқан. Бірақ соңынан қуған ешкім жоқ. Сонда да бойын белгісіз қорқыныш қысқан ол қанша жүргіргені белгісіз ағып жатқан Ніл өзенінің жағалауына барып, жиекке құлай кеткен. Салқын су ма, әлде өзге нәрсе әсер етті ме, әйтеуір есін сол жерде жиған. Шатыры, дүние-мүлкі қалған жаққа аттап басуға қорыққан ол, таң сарғайып атқанша жағалауда отырады да қояды. Ақыл-есінен айыра қорқытқан не? Белгісіз... Шындығында көне мысырлықтар табыттарға түрлі қарғыс жазып, бірге көміп отырған. Кім қабірді ашып, мүрдені қозғаса, сол қарғысқа ұшырайтын болған. Перғауынның табытын ашу өмірмен қоштасу екені, өткен жүз жылдықтың ортасында ғана белгілі болды. Өзгесін былай қойғанда, атақты Тутанхамон табытын тауып, ашқандардың не болғанын еске алсақ та жетеді. Мәселен, көр қазушылардың басшысы болған лорд Карнарвон кенеттен өмірмен қоштасады. Одан кейін оның бауыры, достары, қызметтестері дегендей. Тутанхамонның табытын ашуға атсалысқан 21 адамның бірі де қалмады. Барлығы белгісіз жағдайда о дүниеге аттанды. Бұл әлемдік деңгейде үлкен әңгіме туғызды. «Перғауындар қарғысы» деген атау сол кезе, пайда болды. Пирамидаларды зерттеп жүргендер дүрлігісіп қалды. Ешкім де тектен-тек жан қиғысы келмейтіні белгілі. Біраз уақыт пирамидалар зерттелмей, тоқтап қалған. Алайда көнеден қалған нысандарды ақтарып-төңкеруге деген құмарлық ажалға да қаратпады, перғауындардың мүрделерін іздестіру қайта жалғасын тапқан... 1950 жылдың соңында ғалымдар жорамал жасап, «Тутанхамонның көрін қазғандар белгісіз вирустан қайтыс болды» десті. Ол не қылған вирус, оны нақты ешкім айта алмады. Өйткені мыңдаған жыл табытта сақталған ондай жойқын ауру тудыршы жұқпалы вирусты табу сол кездегі ғылымның деңгейі жетпесе керек-ті.

Перғауындардың қарғысына ұшырағандар оған дейін де болған. Мәселен, 1805 жылы Ост-Индс компаниясының дәрігері Б. Гендерсон деген екі мумияны ұрлап, зытып бара жатқан кезінде жынданып кеткен. Ал, Мысырды армансыз шарлап, пирамидалардан табылған көне жәдігерлерді жинастырумен айналысқан шведтік Лидман да сондай ауруға душар болған. Ақыл-

естерінен айырылған олар қайтып адамдық қалыпқа келе алмаса керек. Бұған не айтуға болады? Кедейсоқтық па, әлде...

Қалай десек те, перғауындардың мүрдесін белгісіз бір тылсым күш күзетіп тұр дегенге сенуге болатындай...

Дәл осындай қарғыс атқан өлкеге Жәбел-Әбу-Сиром үстүрті жатады. Ол жерде көне заманнан қалған бес мыңнан астам адамның мәйіті жатыр. Бұл жер ғалымдар үшін де, көмбе іздеушілер үшін де Эльдорадоға айналғаны белгілі. Өйткені ғалымдар ықылым заманды зерттеу үшін, амалсыз көне бейіттерді қазуға мәжбүр. Ал, «байысам» деген мақсатта жүргендер – «адамдармен бірге көмілген қазына-мүлікке тап болам ба?» деген алдамшы-үмітті жалау еткендер. Бірақ осы көне молаларды қазып жүрген ғалымдардың да, тонаушылардың да аман-сау қалғаны некен-саяқ. Көбі бұл жерден алысқа ұзамай-ақ, о дүниеге аттанып, не болмаса кемтар, мүгедек болып қалатын көрінеді. Содан болар, ол өлкедегі көрді ақтаруға бара жатқандарға «Сақтан, алда құдіретті Жәбел бар. Тірі қайтпайсың!» деген сақтандыру әңгімелері айтылады. Бірақ «байлыққа белшеден батсам» дегендерді бұл сөз тоқтата алмайтыны хақ.

«Өлер бала молаға жүгіреді» деген осы-ау. 1957 жылы бір перғауынның табытындағы: «Табытты бүлдірмеңдер! Тиіспеңдер! Тиіспеңдер! Әйтпесе, менің қарғысым сендерді оңдырмайды!» деп шекіп жазылған таңбаларды ғалымдар оқыған. Өкініштісі, соны оқыған ғалымдар да қарғысқа ұшыраған көрінеді... Бұл Мысыр пирамидаларында болған тосын оқиғалар дейтін болсақ, Америкадағы үндістердің пирамидаларын ақтарып-төңкеріп, қазына іздеген тонаушылар да, сырын білсек деген ғалым зерттеушілер де белгісіз зауалдарға тап болыпты. Кездейсоқтық па, әлде не? Пирамидалардың сыртқы ұқсастығы өз алдына, ондағы болып жатқан мистикалық жағдайлардың ұқсастығы да жағанды ұстатады.

Мәселен, 1841 жылы экспедиция ұйымдастырып Юкатан штатындағы үндістердің көне пирамидасын алғаш зерттеген ғалымдар Джон Ллойд Стивен, Самуэль Кэббот және ағылшын суретшісі Фредерик Казервуд жазылмас дертке ұшыраған. Экспедицияға қатысқандардың да сау қалғаны шамалы. Жол бастап барған тайпа үндістері бірінен соң бірі белгісіз жағдайда көз жұмып жатқанын көрген, үндіс көсемі ғалымдардан «Пирами-

дадан қазып алынған мүрделерді кері қайырындар» деп зар қакқан екен. Ондағысы мұражайға қойылу үшін әкеткен мүрделер кері қайтарылып, көмілсе, рухтар тыныштық береді деген игі ойдан туса керек. Қара бастарының амандығын ойлаған ғалымдар, көне дүниелерді кері қайтарғанымен, тосыннан жабысқан аурудан құтыла алмапты... Жалпы, пирамида дегенде көз алдымызға, ұшын күн сүйген үш бұрышты ғимарат елестейтіні белгілі. Ал оның ар жағына үңілсең, небір үрейлі әңгімелерді естуге болады. Біз әңгіме қылған жайт, соның бірі ғана. Сол пирамидаларда орын алған мистикалық жағдайлар, енді қазақ даласындағы және Алтайдағы көне қорғандарда орын ала бастады. Бұл не? Ұқсастық па, әлде, тамыры бір дүние ме?

*«Айқын»,
маусым. 2013жыл*

ҚАЙДАСЫҢ, АТЛАНТИДА?!

Біздің дәуірімізден ондаған мың жыл бұрын өмір сүрген, ғажайып өркениетке қол жеткізген Атлант жұрты жайлы қауесет әлі күнге тоқтаған жоқ. Тіпті толықтай сыры ашылмай ол тақырыпқа нүкте қойылуы да мүмкін емес. Ғылым мен білімнің, мәдениеттің ордасы – алтын бесігі болған, медицина саласында адам айтса нағыз жетістектерге қол жеткізген Атлант елі қайдан шықты? Қайда кетті? Жер жұтты ма, әлде көкке ұшып кетті ме? Әңгімені арғы дүниеден қозғайтын болсақ, Атлантида жөнінде ең бірінші айтқан, біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда өмір сүрген грек философы Платон еді. Кім білсін, ол данышпанда «жер бетінде сондай ғұламалыққа қол жеткізген ел өмір сүрді» дегенді ойдан шығарды ма екен? Әлде «Адамзат сондай дәрежеге қол жеткізсе» деген арманынан туды ма? Әйтеуір белгісіз.

Міне, содан бері қанша ғасыр өтті. Атлант жұртын іздеп, дүние кезгендер, ескі қолжазбаларды ақтарғандар қанша ма? Тіпті «ғажайып ел қай жерде өмір сүрді, қайда кетті?» деген мәселемен алпауыт мемлекеттер де айналысты, арнайы экспедициялар шығарды. Сырын білмекке, құпиясын ашпаққа ұмтылды. Бірақ «жұмбақ дүниенің саңылауына көз салдық, ұшын таптық» деген ешкім жоқ. Әдемі, қияли әңгіме сол аңыз түрінде қалды. Деген-



мен «Атлант жұрты Атлант мұхитының орнында болған. Кейінен табиғаттың апатынан мұхит түбіне кеткен» деген жорамал да көп. «Атлантида Бермуд ұштағанының астында» дейтіндер де бар. Олар осыған байланысты түрлі уәжді алға тартады. «Колумб Американы ашты. Оның қолында осы Жаңа Әлемге баратын жолдың картасы болды. Картада жер шарын соңғы рет топан су басқанға дейінгі құрлықтардың орналасқаны кескінделген еді. Колумб картаны қайдан алды?» десе, бәз бірі «Б.д. 1700 жылы Түркияда өте ескі заманнан қалған карта табылды. Ол карта түрік адмиралы Пири Рейске тиселі болған. Ең қызығы, картада жердің кіндігі белгіленген. Бірақ онда әлі Антарктида мен Греландияны толықтай мұз қабаты баспағаны анық көрсетілген. Тіпті осы аймақтар арқылы өтетін теңіз жолдары да сызылған. Ерекше назар аударатын нәрсе, сол картаның бүгінгі күні жердің жасанды серігі арқылы түсірілген суретке өте ұқсауы. Сонда ол кездегі өркениет көкке ұшуға қол жеткізген бе?» дейді. Осыны айта келе ғалымдар «бұл жер бетінің карталарын жасағандар кезінде аса жоғары өркениетке қол жеткізген халық. Ол – Атлантида елі болуы мүмкін» дегенді келтіреді. Кім білсін? Атлантида жайлы аңыз көп. Оның бәрін тәмпіштеп айту мүмкін емес. Дегенмен, біз соңғы кезде ғылым жасаған жорамалдардың бір-екеуін оқырманға ұсына кеткенді жөн көрдік. Соның бірі – Антарктиданың Атлантидамен байланысы. Рас, «Атлантида Атлант мұхитының бір аралдарында болған өркениет» дейтіндердің айтар уәжі басым. Олардың көзір ретінде ұстап отырғаны, – Атлант мұхитының атауы мен Атлантиданың ұқсастығы. Бірақ бұл 100 пайыздық кепіл бере алмасы хақ. Бірақ соңғы уақытта зерттеушілер Атлантида Антарктиданың орнында болған дегенді жиі айта бастады. Себеп? Себеп бар. Мәселен, атақты географ Меркатор Оронций Финней адмирал Рейспен бірге жер шарының хәм теңіз жолдарының картасын жасаған. Шындығында, олар 15 мың жыл бұрын жасалып, кездейсоқ табылып, қолдарына түскен көне картадағы сызбаларға қарай отырып, тек оны жаңартып шыққан еді. Картаға сенсек, Антарктида ол кезде мұз жамылып жатпаған. Ол жерде адамдар тіршілік жасап жатқанға ұқсайды. Тіпті АҚШ ғарышты зерттеу орталығы аспаннан түсірген сурттерінде сол жерден ежелгі елдімекен орындары, қолдан қазылған шұңқырлар бейнеленген. Осының өзі-ақ Антарктида кезінде тіршіліктің



қайнап жатқан ордасы болғанын айқындап беріп тұрғандай. Бұл жөнінде әлемдік деңгейдегі палеоклиматологтар Борисенков пен Пасецкийде осындай жорамалды алға тартады. Бұдан 13 мың жыл бұрын әлемдік жылымық кезінде Антарктида қоңыржай өлке болған. Ол жерде тіршіліктің оты маздап, адамзат өсіп-өніп, аң-құс мекен еткен. Саналы тіршілік иелері үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, мейманасы тасқан білімді де іргелі елге айналған. Алайда 12 мың жыл бұрын алып метеорит құлап, әлемдік апат орын алыпты. Содан кейін-ақ жұмыр жердің ауа-райы өзгеріп сала берген. Баяғы қоңыржай өлке Антарктиданы мұз басып, ондағы тіршілік атаулы жойылып кеткен. Яғни Атлантида мұзға көміліп қалған. Ал аман қалған аз ғана топ, жылы өлкелерге жол тартып, жүрген жерлерінде жойылып кеткен ғажайып өркениет жайында әңгіме таратқан.

Ғалымдардың есебінше Атлантиданың жер аумағы қазіргі Антарктидамен бірдей көрінеді. Тағы бір мысал, Сібірде жүргізілген қазбаларда мамонттардың топтаса өлген қаңқалары кезіккен. Зерттей келе ол жануарлар кенеттен болған суықта қатып қалған көрінеді. Сол секілді Аляскиде де жылы аймақтарда өмір сүретін аң-құстардың қаңқалары көптеп кездескен екен. Бүгінгі күнгі заманауи технологияның көмегімен қаңқаларды зерттегенде, олар кем дегенде 12 мың жыл бұрын өлгендері белгілі болған. Осының бәрі ғалымдарды «бұл аймақтар кезінде жылы ауа ағысында жатқан, қоңыржай өлке болды» деп тұжырым жасауына себепші болған. Кім біледі ғалымдар жорамал жасағандай расында Атлантида Антарктиданың орнында болуы да мүмкін-ау.

Жалпы Антарктида қандай өлке? Осынау мұз жамылған аймақ қойнына қандай құпия жасырып жатыр? Жер шарындағы алтыншы құрлық болып есептелетін бұл өлкені 1820 Беллинсгаузен экспедициясы ашқан. Оның орналасқан жері де ерекше. Атлант, Тынық, Үнді мұхиттарында да шығу жолдары бар. Бұл жерде уақыттың барлық белдеуі бар. Әлемдегі ең суық мекен. Үнемі қатты жел мен боранның отаны. Құрылықтың 90 пайызын қалыңдығы 5 шақырым болатын мұз-тоң басып жатыр. Өзге құрлықтардай бұл өлкеде ешқандай жергілікті халық өмір сүрмейді. Ал осы қатігез мекенге байланысты түрлі аңыз көп. Соның бірі – жоғарыда айтқан Атлантидамен байланысты әңгіме. Екінші бір аңыз Гитлердің КСРО-дан жеңілген соң, өмірінің соңына яғни 1972 жылға дейін



Антарктида да өмір сүргені туралы. Көптеген бұлтартпас нақты деректер Гитлер 1945 жылы сәуірдің соңында өзін және нақ сүйері Ева өлтірмегені, ретін тауып өзге жаққа қашып кеткені жайында айтады.

Деректерді сөйлетсек: 1938-39 жылдары Үшінші Рейх Антарктиданы жедел зерттеуді қолға алған. Антарктидадағы Мод Корольдігі ауданында немістер құпия база тұрғызған. Бір ерекшелігі, 1938 жылдан бастап неміс әскери теңіз флотының кемелері Антарктидағы жиі экспедиция жасаған. Соның арқасында мәңгілік мұз басып жатқан аймақта жерастын жолын тапқан. Ол жердің кереметтігі сол, оны немістер «жұмак» деп атапты. Жылы ауа ағысы бар, алып үңгірлердің асты адам өмір сүруіне қолайлы болғандығы сонша, Гитлер онда құпия базалар тұрғызуға бұйрық берген. 1942 жылдан бастап сол базаларға сол жердің болашақ тұрғындары болатын ғалымдар, әр саланың мықты мамандары, ұлтшыл партияның жетекшілері мен мемлекет басшылары жеткізіле бастады. Базада мыңдаған соғыс тұтқындары жұмыс істеді. Оны соңғы үлгідегі қарумен жабдықталған сүңгур қайықтар, ұшақтар күзетті. Жұмыс өте құпия түрде жүргізілді. Ол жерде ядролық заряд алып ұшуға мүмкіндігі бар «Фау-5» сияқты (АҚШ пен КСРО ядролық заряд алып ұшатын баллистикалық зымырандарды соның үлігісінде жасағаны анық) зымырандар, табақ пішіндес ғажайып ұшақтар жасау қолға алынды. Жалпы, бұл өлкеге немістер неге қызықты? Ғалымдардың басын ауыртқан осы мәселе.

Оқымыстылардың жорамалынша Үшінші Рейх Антарктиданың астында ондаған, жүздеген шақырымға созылатын аумағы өте кең жерасты үңгірлері бар екенін, Тибет монахтарынан естіген. Өйткені дәл сол уақытта неміс билігі жер кіндігі Шамбаланы іздеп, Тибеткеде барғаны белгілі. Ал әлгі үңгірлердегі үнемі жылы ауа ағысы адам өмір сүруіне аса қолайлы болған. Тіпті жерасты әлемі деуге тұрарлық мекен. Ғалымдар немістердің Атлантида өркениеті осы Антарктиданың астында қалғанынан хабардар болып, сол мекенге қол жеткізуге асыққан дейді. Кім білсін? Немістердің керемет қарулар, ұшатын табақша, баллистикалық зымырандар жасауы, сол өркениеттің жұртынан табылған жазба-сызбалар арқылы жүзеге асуы да мүмкін-ау. Қалай айтсақ та, Антарктида жайлы аңыз көп, мұзды өлкенің құпиясы мол. Осы өңірге сапар

жасаған әртүрлі елдің көптеген экспедициялары неше түрлі жұмбақ құбылыстарға тап болып, толығымен жойылып кеткендері де, жартысы жұмбақ жағдайда қаза тауып, арып-ашқан азғана топ еліне әрең оралғандары да бар. Бұл енді ешқандай коспасыз шындық.

1999 жылы ғылыми-зерттеу экспедициясы Антарктидадан өзгеше бір вирус тапқан. Қауіпті вирус мұз тондардың астында жатқан көрінеді. Егер де сол мұздар еритін болса, аса қатерлі вирус жылумен бірге жер бетіне тарайтын көрінеді. «Егер де ғалам жылынып, мұз ертіп кетсе, адамзатты керемет қатерлі эпидемия күтіп тұр» дейді ғалымдар.

Кім білсін, кезіндегі өркениет иесі атланттықтар да осы эпидемиядан жойылып кетуі де мүмкін-ау.

*«Айқын»,
қазан. 2010 жыл*

БАРСАКЕЛМЕС ҚҰПИЯСЫ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

Барсакелмес ежелден құпия сыры мол арал. Ол жөнінде небір аңыз әңгімелер жеткілікті. Соның бірі былайша өрбиді. Баяғыда осы маңайда тұратын тайпалар арасында жаугершілікке тыйым болмай бара жатқаннан кейін Ләтпай деген кісі бастаған ру адамдары құлақ естіп, көз көрмеген алыс жаққа кетіп қалуға қам жасайды. Сонда бұларға теңіздің қақ ортасындағы суы тұщы, шалғыны шүйгін, балығы мол, алуан түрлі аң-құсы бар, сексеуілі қалың ғажайып аралға өтіп кетуді ұсынушылар табылады. Бұлар мұз қатқанда күзер жасап, соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады. Сол мақсатта Изенді ондағы табиғатты ақ жартас түбін паналап, шолпанның тууын күтіп отырғанда, олар жаққан оттың маңайына жыртық шапанды, тесік тымақты бір ақсақал келіп, Ләтпайға қарап: «Ол аралдан қорықпаңдар, онда зұлымдық жоқ, қасқыр жоқ, адамдар жоқ. Аралда табиғатты сақтасаңдар, бақытты да ұзақ өмір сүресіңдер. Ұрпақтарың ештеңеден зәрулік көрмейді. Мыңғырған мал болады. Аң-құсты өлтірмеңдер. Ақ-қуларға тимеңдер», – дейді. Осыны айтқан қария заматында қараңғылық қойнауына сүңгіп жоқ болады. Ләтпай оның Қыдыр екенін іштей сезеді. Ал, төбеден шолпан көрінген сәтте тайпа түгел



орнынан қозғалып, мұзды көпір – күзердің үстімен тізбектеліп жүріп өтіп, аралдың қойнауына барып түседі. Қысты осы аралда жақсы өткізген Ләтпайдың жұрты көктемге қарай тойына бастайды. Қыдыр атаның айтқандары айдай келіп, көп ұзамай олар байи бастайды. Осы ұзақ аңыздың ақыры аралдағы ағайынның жылдардың жылы баяғы қарияның өсиетін естерінен тарс шығарып, сексеуілді отап, аң-құсты қырып, аққуға ауыз сала бастауы салдарынан бір түнде маңайды түгел ордалы жыланның жалмауымен аяқталады. Аралдың аты содан бері «Барсакелмес» аталыпты. Әрине аңыздың аты аңыз. Бірақ аралдың Барсакелмес атауында үлкен мән жатқаны анық. Осы қорық жөніндегі нақты деректерге сүйенсек, Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы Арал теңізінің ортасындағы осы аттас жерде алғаш 1929 жылы қорғалым ретінде пайда болса, 1939 жылдың 10 желтоқсанынан бері өзіне лайық мәртебеге ие. Оның ең биік бөлігі теңіз деңгейінен 100 метрге дейін баратын... Барсакелмеске ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеу ХІХ ғасырдың орта тұсына қарай басталды. Алғаш 1831 жылы орыс ғалымы Р. Левшин Арал теңізінде осындай аралдың бар екенін анықтап, картаға сызбасын түсіреді. Патша үкіметі 1848 жылы Арал теңізінің аумағын зерттеуге бірінші экспедиция шығарып, оған басшы етіп әскери теңізші Алексей Бутаковты тағайындайды. Сол жылғы мамырдың ортасында Ор бекінісінен шыққан керуен айдан аса мерзімде Арал теңізінің жағасына жетеді. Жаз ортасында теңізге бет қойған саяхатшылар әуелі Көкаралға аялдап, содан соң оның арғы жағындағы Барсакелмеске жүзіп барады. Осыдан кейін бұл жерге зерттеуші Л.Бергтің табаны тиеді. Міне, Барсакелместің ашылу тарихы осындай. Айдынды арал зерттеушілерді өзінің керемет табиғатымен таңғалдырады. Оның табанын түгел жасыл желек жапқан. Тұщы суы бар көлдер көп. Мұндағы өсімдіктердің көпшілігі басқа жерде мүлдем кездеспейді. Экспедиция жетекшісі аралда құстардың 200 түрі бар екенін жазады. Жыландар мен кесірткелер, шаяндар мен бүйілер өріп жүрген. Сексеуілді паналаған жайрандар мен ақбөкендер тіпті адамнан үрікпейтін болған. Қорықта бүгінде өсімдіктің 165 түрі өседі. Олардың арасында бұйырғын, жусан, адыраспан, рауғаш, итсигек, сексеуіл секілді сортаң шөптер бар. Жануарлар әлемінен құлан, ақбөкен, қарақұйрық, ор қоян сынды арал табиғатына бейім хайуанаттар түрлері кездеседі. Заманында

еліміздің жазық даласында зыр қағып жүрген «қазақ құланы» деп аталған аң да болыпты. Оның ең соңғы тұяғы 1936 жылы оспадар оқтың құрбаны болғанға ұқсайды. Сосын 1953 жылдың қысында Түркіменстанның Бадхыз мемлекеттік қорығынан 14 құлан жеткізілді. Әкелінген жануарлар жаңа мекенді бірден жерсініп, ұрпақ жая бастады. Қорықта ұлы көш басталған 1982 жылға дейін олардың саны 300-ге жеткен екен. Өкінішке қарай, 1997-1999 жылдары Барсакелместің арал болудан қалып, тұщы су көздерінің жоғалуы бұл жануарлардың жарамдыларын түгел басқа жақтарға жөнелтуге мәжбүр етті. Сол уақыттан бастап бұл жерден ұзын-саны 250 қаралы құлан көшіріліп әкетіліп, негізгі бөлігі Алматы маңындағы Алтынмел ұлттық паркіне жіберілсе, тағы бір тобы Маңғыстау маңындағы Үстірт жоталарына аттандырылды. Ал қорықтың өз басында алыс жолға шығуға жарамайтын, кәрі-құртаң елу шақты құлан алып қалынған еді. Барсакелмес жайлы нақты деректер осылай сыр шертеді. Әрине біздің айтпақ болғанымыз бұл емес. Бірақ осы аралға байланысты. Егерде жақында ғаламторда пайда болған сенсациялық мына бір жайды оқымағанда Барсакелмес жайында сөз қозғамаста едік. Сонымен жақында бөгде планеталардан саналы тіршілік иесін іздеумен айналысып жүрген АҚШ-тың Search for Extraterrestrial Intelligence ұйымы сенсациялық мәлімдеме жасады. «Жерге қарай жұрттықтардың өте ірі жат үш ғарыш кемесі ұшып келе жатыр. Бірінің үлкендігі шамамен 240 шақырым. Қалған екеуі бұған қарағанда шағын. Екеуі тарелке секілді дөңгелек болса, бірі цилиндрге ұқсас, сопақ. Бұл кемелер Күн жүйесінің шетіне жақындағанда анықталды. Қазір жерге қарай жылжып келе жатқан ғарыш кемелері Плутон планетасының маңайында. Жерге қарай өте тез жылдамдықпен келе жатқан бұлар бізге жасылық әкеле ме, әлде...» деседі ғарышқа көз тігіп отырған ғалымдар. Бұл жөнінде АҚШ үкіметіне де хабарланған көрінеді. Өлгі кемелерді Аляскада орналасқан ғарышты зерттейтін құрылғылар байқап қалса керек-ті. Бөгде жұрттықтардың алып кемелері құдай қаласа, 2012 жылдың желтоқсан айында жерге жетпекші. Ары қарай не болады, бір құдайға аян. Бұны неге айтып отырмыз. Өйткені дәл осыны 1949 жылы Барсакелмес аралында Әбдіразақ деген қазақ болжап айтып қойған... Сонымен өткенге оралар болсақ... 1949 жылы Барсакелмес аралы маңында қатты дауыл болып, қайықтары қираған екі



балықшы аралға келіп жан сақтайды. Толқыннан ары барып паналау үшін әлгі екеуі аралдың ішіне бойлай еніп кете берген. Содан кейін оларды ешкім көрмеген... Кейіннен бақытсыздыққа тап болған жолдастарын іздеп барған балықшылар аралдан өте үлкен шар секілді бір құбылысты байқаған. Шарға ұқсап дөңгеленген тұманның кеспірі ерекше еді. Бұл жөнінде балықшылар жағаға оралған соң, жақын жерде орналасқан әскерилерге хабарлаған. Таңғажайып құбылысты көкпен зерттеу үшін Ли-2 әскери барлау ұшағы келеді. Ерекше тұманға жақындап қалғанда ұшақтың моторы өшіп, істен шығады. Алайда ұшқыш тәжірибелі болса керек, жағалауға аман-есен қонады. Әскерилер таңғажайып тұман домаланып тұрған маңды бірден қоршауға алып, ол жерге иісшіл иттерді жіберіп көреді. Бір қызығы, тұманға жақындап барып, шәуілдеп үріп, тап берген иттер тұманға кірісімен көзден ғайып болып, кері қайтпаған. Кейіннен бұл жерге Мәскеуден физик ғалымдар келіп зерттеу жүргізген. Олардың қорытындысы бойынша шарға ұқсас тұман дегеніміз мыңдаған тонналық айрықша су болып шыққан. Егерде лабораториялық жағдайда жүздеген тонна судан миллиграм ғана айрықша су бөлініп алынады екен. Ал бұл жерде мыңдаған тонна ерекше су дайын тұр! Демек оның құбылысы да сұмдық болмақ! Бірде шар-тұманның ішіне қалайда кіріп байқау үшін, аралға баржамен танк жеткізілген. Танктің артына трос байланды. Әлдеқандай жағдай бола қалса, кері тарту үшін. Бронды көліктің ішінде отырған танкистерге үнемі байланыста болып, көргендерін баяндап отыру міндеттелді. Алға жылжыған танк тұман-шарға жақындап қалғанда танкистердің сөздері үзіліп кеткен. Алыстан бақылап тұрған әскери басшылар «жедел кері қайт» деген бұйрығына танкистің «қайтудың қажеті қанша, мында тамаша екен!» деген сөзі естілгенде, үзіліп кеткен. Танкті трос арқылы кері тартып, алғашқы орнына әкеліп, қақпақты ашқанмен ішінде танкистердің бірі де болмаған. Адам отырмағандай, жым-жылас. Ғалымдар «қайтудың қажеті қанша, мында тамаша екен!» деген танкистің сөзін жүздеген мәрте қайта тыңдап, саралап, зерттегенмен дауыстан ешқандай толқудың, үркүдің нышанын байқамаған. Жұмбақ сол құпия күйінде қалған. Кейіннен аралға әскерилер келіп тұрады. Әскерилерге жақын жерде, ішінде бір ғана адам тұратын киіз үй болған. Киіз үйдегі қазақты жақындары «қасиеттімін, жынмен де тілге келе

аламын» деп аласұрған соң аралға әкеліп тастаған көрінеді. Ныспысы Әбдіразақ деген әлгі қазақ аралдағы тылсымы мол тұман жөнінде әскерилерге көптеген мәліметтер беріп, оны зерттеуге жәрдем бергенге ұқсайды. Бірде әскерилер шарды алыстан бақылау үшін екі мұнара тұрғызып, біріне өздері шығып, екіншісіне Әбдіразақ пен оның айтқандарын аударып тұру үшін аудармашы беріп шығарады. Ғажайып тұманға қарап сөйлеп кеткен қазақтың сөздерінің ішінен әскерилер екі нәрсені ғана айқын жазып алған көрінеді. Бірі мыжырайған қазақ Әбдіразақтың бөркін аспанға атып, «мен 1961 жылдың 12 сәуірі күні адамзаттың ғарышқа ұшқанына куә болып тұрмын» деген қуанышты дауысы да, екіншісі мұнараның жақтаушасын ұстап бүк түсіп отыра кетіп, еңкілдеп жылап «Ұрпағыма қиын болатын болды-ау, 2012 жылы ғарыштан түскен алып кеме қасірет әкелмек» деп айтқаны. Басқа не айтты? Белгісіз. Тек әскерилер әлгі екі сөзді ерекше қаттап Мәскеуге жөнелткен екен. Расында араға ондаған жыл салып, адам баласы ғарышқа аттанды. Бұл 1961 жылдың 12 сәуірі. Тылсымы мол тұманға қарап тұрып, Әбдіразақ соны көрген. «Ұрпағыма қиын болатын болды-ау, 2012 жылы ғарыштан түскен алып кеме қасірет әкелмек» деп өксіп тұрып тұман шардың ішінен нені көрді екен? Енді бір аттасақ, 2012 жылға табан тірейміз. Бүгінде сүйегі қурап қалған Әбдіразақтың 1949 жылы айтқаны шындыққа айналып келе жатқандай. Неге десен, АҚШ ғарышты зерттеу мекемелерінің бірі «жат жұрттықтардың алып үш кемесі жерге қарай жақындап келе жатыр» деп хабарлау үстінде. Адамзатты не күтіп тұр? «Ұрпағыма қиын болады-ау» деп Әбдіразақ неге жылады? Расында, қасірет көктен келмек пе? Мұхиттың ар жағында күн кешкен, бүгінде құрып кеткен үндістердің май тайпасының күнтізбесі де 2012 жылдың желтоқсан айымен тәмәмдалушы еді. Ары қарай тірлік жоқ, ақырзаман дескен еді, үндістер...

Кім білсін. Ал Барсакелмес аралындағы жұмбақ шар тұманға келетін болсақ, кейіннен оны зерттеу мүлде тоқтаған. Өйткені сол кездегі ғылым мен техника ондай тылсымы мол құбылыстарды зерттеуге қабілетсіз еді. Жұмбақ сол күйінде ше-шілмей қалған. Дегенмен осыдан жиырма жыл бұрын жер серігі Арал теңізінің табанынан адамзатқа белгісіз таңбаларды суретке түсіріп алған көрінеді. Сурттте өте ірі сыры белгісіз таңбалар айшықталған.



Зерттеушілер бұл таңбаларды ешқандай адам ба-ласы жасамаған, не болмаса табиғаттың өзінен болған емес, өзге бір өркениет иелерінің қолтаңбасы деген тұжырымға келген. Демек Барса-келмес әлі талай құпияны бауырына басып жатқанға ұқсайды...

*«Айқын»,
наурыз. 2011 жыл*

ӘЛЕМДІ ӘЛЕККЕ ТҮСІРГЕН БАСТАР

Соңғы уақытта халық арасында кеңінен сөз болып, пікір-таласқа айналған үлкен тақырып – биыл болуы мүмкін ақырзаман жөніндегі әңгіме.

Рас, әлімсақтан бері адам баласы, «көктен құбыжық түседі, жерді топан су басады, не болмаса жер отқа оранады, қалыңдығы бес елі мұз басып, бүкіл тіршілік жойылады» деген үрейлі әңгімені айтумен келеді. Тіпті мыңдаған жылдық тарихы хатқа шекіп жазылған қытай мен үнді жылнамаларында да осы тақылеттес әңгіме жеткілікті. Бұдан қала берсе, барлық діни кітаптарда да түбі бір түнектің болатыны айтылған. Бірақ қашан? Әсіресе жұмыр жер бетіндегі саналы тіршілік иелері, ақырзаман жөнінде сөз еткенде міндетті түрде ертеде өмір сүрген үндіс мая тайпасының күнтізбесін тілге тиек етеді. Ал ол күнтізбеге үңілер болсақ, жердегі барлық тіршілік атаулыға қойылар соңғы нүкте 2012 жылдың 21 желтоқсаны. Бұдан ары жер бетінде тіршілік бола ма, жоқ па? Белгісіз. Дегенмен соңғы уақытта ғаламтор бетінде «ақырзаман бұдан мың жыл бұрын жасалған ерекше құдіретке ие бас сүйектен болуы мүмкін» деген алыпқашпа әңгіме тарады. Бір қарасаң дақпырт, қауесетке ұқсағанымен, мұнда бір шындық жатқандай. Өйткені тылсым күшке ие бас сүйек өзге емес, атақты Тибет өлкесіндегі Қайлас тауынан табылып отыр. Тибет – құпиясы мол өлке. Адамзат ХХІ ғасырға қадам басса да, ғажап аймақ сырын толық ашқан жоқ. Әсіресе Қайлас тауы нағыз шым-шытырық әлемнің ордасы. Бұл төңіректе ертегіге бергісіз аңыз көп. Соның барлығы «Қайлас-әлемдік уақыттың кілті» дегенді айтады. Сенбейін десең, осы өлкеге ат арытып барып, зерттеп қайтқан белгілі ғалымдардың дерек-дәйегінен кейін иланбасқа амалың қалмайды.

Кайлас – әлемдегі ең көп әрі ең ірі пирамидалар орналасқан өлке. Бұған Мысыр не болмаса Оңтүстік Америкадағы атакты пирамидалардың өзі тең келе қоймайды. Мәселен бүгінге дейін жалпақ жаһандағы ең биік, алып пирамида Мысырдағы Хеопс деп саналып келді. Оның биіктігі – 146 метр. Ал Кайлас тауындағы пирамидалардың кейбірінің биіктігі – 100 метрден 1800 метрге дейін жетеді. Енді салыстыра беріңіз... Бар құпия осы таудағы пирамидалармен сонау Пасхы аралындағы тас белгілер, Мысыр мен Оңтүстік Америкадағы пирамидалардың бір ендікте жатуында. Бүгінгі ғылым бұлардың бірыңғай орналасуы жөнінде түрлі болжамдар айтуда. Соның барлығы бұл пирамидалар ұштаған ендікте орналасып, ғарышпен байланысқа түсетін нүктелер деседі. Бұл алып құрылыстар бізге дейін – топан су қаптап барлық тіршілік иесі жойылғанға дейін, ғылымы мен білімі қарқынды дамыған, өркендеудің биік тұғырына көтерілген саналы тіршілік иелері салған дегенді айтады.

Пирамидалардың кейбіріндегі тас қабырғаларда адамға ұқсас тіршілік иелерінің суреттері қашалған. Тіпті бір қабырғада төрт адам тектес тіршілік иесі және олардың жанында белгісіз табақшаға ұқсас ұшатын заттың кескіні бар. Бұл не? Әзірге ғылым бұл жөнінде «мынадай» деп болжам жасай алған жоқ. Тағы бір қызық жайт, Тибеттегі биік құздардың бірінде биіктігі 16 қабатты зәулім үймен бірдей адам төмен қарап отыр. Әрине тірі емес, тас адам. Ол Будда секілді малдас құрып отыр. Төмен қараған күйі әлденені оқып отырғандай. Мұны кім тұрғызған? Жұмбақ. Жалпы Тибет адамзат үшін әлі өз құпиясын аша қоймаған өлке. Соның бірі ол жерден табылған бас сүйек болып тұр. Кезінде осы өлкеге сапар шеккен немістің бір экспедициясы жанартау жарылысынан пайда болған шұқырдан адамның бас сүйегін тауып алған. Ол ерекше тастан жасалған көрінеді. Кейінен ол бас сүйек Гиммлердің қолына түскен. Одан кейін ол тұтқындалған ағылшын солдатаның қолына өтеді. Кейіннен әлгі жәдігер атакты тарихшы Томас Риттерге жеткен. Ол бас сүйекті арнайы зертханада зерттейді. Алайда кезекті бір суретке түсіру кезінде бас сүйек жерге құлап, жақтың бір шеті сынып қалады. Содан кейін-ақ бас сүйек тұрған зертханада адам айтқысыз жұмбақ оқиғалар орын ала бастаған. Зертхана қызметкерлері «бас сүйектің сынуы құдайлардың ашу-ызасын тудырып жатыр, енді ақырзаман орнауы мүмкін» деседі. Өйткені зертханада болып жатқан оқыс оқиғалар қызметкерлерді



осындай үрейге жетелеген. Өйткені бұған дейін де «жер бетіндегі он үш бас сүйек адамзаттың түбіне жетеді» деген үрейлі әңгіме жиі айтылатын. Сонымен он үш бас сүйек ол не? Әлемде мая тайпасының он үш хрусталді бас сүйегі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Бұлар өте сапалы таудың хрусталінен ойып тұрып жасалғандар. Жастары 500 жылдың ар жақ, бер жағы. Оны жасағандар аса дамыған өркениетке қол жеткізген үндістердің мая, эстек немесе ольмек тайпалары деседі. Бұлардың ішіндегі ең атақтысы 1927 жылы америкалық археолог Митчелл Хеджесо ертедегі мая қаласы Лубаантунның орнын қазып жүріп тауып алған. Бас сүйек күні-түні ерекше жарқырап сәуле шашып тұратын көрінеді. Зерттеу барысында оның жасалған уақыты ондаған мың жыл екен. Ең үрейлісі, осы бас сүйекті тауып алысымен археологтардың көз алдына жын-перілер, неше түлі жайттар елес беріп, өзгеше күйге енген. Ал бас сүйекті зерттеуге ұмтылғандар тосынан ажалға тап болып отырған. Америкалық атақты зерттеуші «бұл бас сүйек жерде емес, өзге беймәлім өркениет иелері жасаған. Өте керемет құдіретке ие. Бас сүйек қажет десең иісті сезеді... шуды естиді...» дейді. Кім білсін? Оның айтқанын өзге зертеушілер де қолдауда. Бас сүйек ерекше тылсым күшке ие... Америка үндістерінің айтуынша, мая тайпасында осындай он үш бас сүйек болған. Егер де бәрін бір жерге жиып ұстасаң, бүкіл әлемге иелік етуге болады екен... Қазір осы он үш бас сүйектің біразы жеке адамдардың коллекциясында. Үшеуі Вашингтондағы ұлттық мұражайда сақтаулы. Сондай-ақ Париж және Британ мұражайларында орын тепкен. Алайда соңғы екеуі он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың басында Еуропада қолдан жасалған екен. Олар ешқандай құдіретке ие емес. Ал шын мәнісінде мая тайпасының қолынан шыққан бұл он үш бас сүйек әлемді өзгертуге күші жете ме? Ол жағы белгісіз. Аңыз болуы да мүмкін. Тағы бір еске сала кетер жайт, жақында археологтар мая тайпасының ескі жұрты Шультунды қазған кезінде тағы бір жазбалардың үстінен шыққан. Ғажайып астрономиялық таңбаларда айдың, күннің және планетаарлық жолдардың орны белгіленген. Есеп алдағы жеті мың жылға есептелген көрінеді. Осыған қарап ғалымдар бүгін-ертең ақырзаман бола қоймайды деп мәлімдеме жасау үстінде.

*«Айқын»,
шілде. 2012 жыл*



ҚЫЗЫЛ ҒАЛАМ ҚЫЗЫҚТЫРЫП ТҮР

Адамзаттың көк зеңгір аспанға қызығуы ешуақытта толастаған емес. Жеті қат көктің ар жағында не жатыр? Күнді қоршаған планеталардың қайсысында тіршілік бар? Егер де жер шарында үлкен апат бола қалса, саналы тіршілік иелері қай планетаға қоныс аудару мүмкін? Адамзатты толғандырған дүние көп. Бірақ шетсіз-шексіз әлемнің құпиясын ашып, «мына жерде тіршілік бар, өмір сүруге қолайлы» деп ешкім әлі айта алған жоқ. Дегенмен түрлі жорамал көп. Жақында ағылшын ғалымдары жерден жарық жылдамдығымен есептегенде 40 жыл жүретін жаңа планета тауып, оны GJ1214b деп белгіледі. Бір қызығы аспан әлемін зерттеп жүргендер онда су бар деп болжап отыр. Тіпті су болғанда жердегіден де көп деседі. Демек су болған жер де өмір бар деген ұғым өз-өзінен түсінікті. Бірақ ол қаншалықты шындық? Дегенмен адамдардың ең көп қызығушылығын тудырған күн жүйесіндегі ғалам ол – Марс.

Міне, жарты ғасырдан астам уақыттан бері геолог, астроном т.б. саланың оқымыстылары, ғалымдары осы қызыл планетаға деген құмары басылар емес. Неге десең, осы бір қызыл жалқын түске боялған планетадан көзге түсіп, ғалымдардың есін алып отырған жұмбақ жайттар өте көп. Соның бірі «Марс беті» деген атқа ие болған, ұзындығы 2,5 шақырым, көлденеңі 2 шақырым болатын адамның алып басына ұқсас сурет. Ол Марстың батыс бөлігінде жатыр. Алғашында ғалымдар жарық пен көлеңкенің әсерінен туындаған дүние деп қабылдады. Алайда өзге бір қырынан түсірілген сурттерге сараптама жасай келе, ол ешқандай жарық пен көлеңкеден пайда болған кеспір емес, таза адамның бейнесіне келетін жұмбақ бедер деген шешімге келді. Ол неден пайда болды? Сыры не? Әзірге дөп басып ешкім айта алмауда. Марстың тағы бір құпиясы Мысыр пирамидаларына ұқсас үш бұрышты өркештердің әр қиырда шашыла орналасуы.

Ғалымдар Мысыр пирамидалары мен Марстағы сыры беймәлім нысандар арасында үндестік, байланыс бар деп отыр. Сонда оны көкке апарып кім салды екен? Әлде бұл ғаламшарлар арасын көктей ұшып жүрген өзгемір өркениет иелерінің туындылары ма? Бұдан қалса, ғалымдар планета бетінде көптеген өзен-көлдердің құрғап қалған сұлбасын тауып отыр. Су қайда? Тағы бір мәселе,



ғалымдар Марстың 1,5 миллион шаршы шақырымын мұз құрсап жатуы ықтимал дегенді де айтуда. Сондай-ақ, әр кезде Марс бетінен белгісіз жарқыл байқалап отырады екен. Ең керемет жарқыл 1937 жылы 4 маусымда болыпты. Ұзақтығы 5 минутқа созылған. Бұл құбылыста қызыл планетаның шешілмеген бір жұмбағы.

Астрономдар Марс бетінен жердегі Суэц, Панама, Кильск секілді адам қолымен тұрғызылған алып каналдар секілді аса ірі жыралардың барлығын байқаған. Адам қолымен қазылғандай керемет! Бұған не дейсіз? Көптеген уфолгтар жеті қат көктің бір қиырында тіршілік бар, онда қатты дамуға қол жеткізген саналы тіршілік иелері тұрарды деседі. Ал жер бетінде, я болмаса өзге планеталарда болып жатқан тосын құбылыстардың авторы солар деген көзқараста. Тіпті ұшатын белгісіз табақшалар солардың ғарыш кемелері дейді олар. Бәрі мүмкін.

Кейбір оғаш жайттар жайлы нақты деректерге көз салсаң, сенбеске амалың қалмайды. Бұған дейін бөгде тіршілік иелері яғни гуманоидтар жайында ақпарат беттерінде талай ғажайып жайттар айтылып, жазылып келгені белгілі. Олар жөнінде уфолгтардың да пікірі көп. Дегенмен гуманоидтармен тікілей байланысқа түскен ғарышкерлер әлі күнге өз ойларын жасырып келді. Бұған халықтың арасында үрей, түрлі көзқарастар туып кетпес үшін АҚШ аэроновтика және ғарышты зерттеу ұлттық орталығы (НАСА) тосқауыл қойып келгені белгілі. Сол секілді кешегі кеңестік империя да бөгде жұрттықтар жөніндегі мәселелерді өте құпия ұстауға тырысты. Дегенмен бүгінгі күні арнайы орындар жат планеталықтар жөніндегі деректерді қанша жасырғанымен, ептеп сыры ашылып жатқан дәйектер баршылық. Енді соған кезек берелік.

АҚШ-тың айға қонған 6-шы ғарышкері Эдгар Митчел ұзақ жылдар жұрттан жасырып келген сырын, соңғы уақтта жайып салды. Ақпарат құралдарының біріне берген сұхбатында, ол НАСА соңғы 60 жыл бойы жасырып келген, яғни жат жұрттықтар мен жер тұрғындарының бірнеше мәрте байланысқа түскені жөнінде әңгіме қозғалған. Оның айтуынша, бөгде тіршілік иелері қазір түсіріліп, көрсетіліп жүрген фантастикалық фильмдердегі жатпланеталықтардың кейпінен аумады. Олардың бастары үлкен, көздері алақандай, денелері шағын. Бірақ техниканы меңгергені сонша, олардан адамзат жүздеген, мыңдаған жыл кейін қалған

көрінеді. Олар мінген ғарыш кемелерінің өзі керемет дүниелерден жасалып, жылдамдығы таңқалдырарлық. «Олармен жауласуға болмайды. Егер екі ортада түсініспеушілік бола қалса, онда адамзат құрып кетуі әбден мүмкін» дейді Митчел. «1947 жылы Розуэоом маңында жатжұрттықтардың ғарыш кемесі апатқа ұшырағаны шындық. Ондай жағдайлар бүгінге дейін жер шарының көптеген нүктесінде орын алды. Бірақ мұның бәрін арнаулы орындар «табиғаттың түрлі құбылыстары» деп, адамдардан жасырып келді. Бірақ үнемі олай жасырып ұстау мүмкін емес» дейді ол.

Ал НАСА-ның бұрынғы қызметкерлерінің бірі Ричард Хоглед «Жалпы «Аполлон» жобасы айда адамзат өркениеті болғанын дәлелдеп берді. Әрине біз бұл жөнінде өте аз білеміз. Қолдағы бар мәлімет такыл-тұқыл. Бірақ соның өзі Күн жүйесіндегі барлық планеталарда тіршілік болғанын айғақтайды. Бірақ олар қазір қайда кетті? Мәселе сонда» десе, ағылшын физигі Линдон Мередит: «жерасты қабаттарын зерттейтін болсақ, бұдан миллиондаған жыл бұрын жерде керемет өркениет болғанын бағамдаймыз. Ол тіршілік иелері дамығаны сондай, кейінен ғарышқа шыққан. Марсқа дейін барған. Алайда осыдан 30 миллион жыл бұрын ядролық жанжал орын алып, құрып кеткен» деген болжам айтады.

Сонымен Күн жүйесінде тіршілік болды ма? Бұл жөнінде НАСА-ның бұрынғы қызметкерлері Ричард Хогленд пен Кен Джонстон әлемде ерекше қызығушылық тудырған «НАСА-ның құпия тарихы» деген кітабында кеңінен тоқталған. Осы кітапта «Аполлон» айға қонған кезінде түсірген суреттерде, айдың кейбір тұсынан түрлі нысандардың орындары көрініс тапқан. Тіпті күмбез секілді салынған ғимараттың кескіні суреттерде ерекше көрінеді. Бірақ бұлардың бәрі қиранды болса керек. Осы суреттерге қарап-ақ кітап авторлары «бір замандарда айда тіршілік иелері болған» деген болжам жасайды. Алайда сол түсірілген суреттер қасақаны жойылған. Неге? Белгісіз. Дегенмен кітап авторларының бірі, НАСА-ның бұрынғы қызметкері Кен Джонстон осы суреттерді зерттеумен айналысқанын айтқан. Алайда басшылық ондаған мың суреттерді жойып жіберу жөнінде жарлық берген. Бірақ Джонстон суреттердің біразын құртпай өзіне сақтап қалып, кейіннен Оклахом университетіне тапсырған. Осы суреттерден шындығында айдың бетінде бір замандарда тіршілік иелері өмірі сүргенін айшықтайтын белгілерді анық көруге болады. Мұның

бәрі қаншалықты шындыққа жақын екені белгісіз. Бірақ қолда бар деректер осылай дейді.

«Айқын»,
наурыз. 2012 жыл

КӨНЕ ЖАЗБАЛАР ТАРИХЫ

Әлемде адам таң қалатын жағдай көп. Содан болар, оларды *ғалам ғажайыптары не болмаса, әлемнің кереметтері деп жа-тады. Сол керемет дүниелердің біріне ықылым заманда тас-қа бәдізделген таңбалар, шекіп жазылған жазулар кіреді.* Сақ даласына байланысты алғашқы тасқа қашап жазылған дерек – Бехистун жазбасы. «Патшалардың патшасы» атанған, жарты әл-емді билеген сақ ханшайымы һәм қолбасшысы Тұмар (Еуропа атауында Томирис) ханым басын кесіп, күбіге салған Кир патшаның досы, кеңесшісі Гистапстың ұлы Дари (біздің зама-нымызға дейінгі 522-486 жылдар) патша сақ даласына аттанып бара жатқанда Бехистун жартасына тоқтап, кейіннен әлемге «Бехистун жазбасы» деген атпен танылған жазбасын қалдырған. Сол тұста парсы патшасы Кирдің басын кесіп, әскерін масқара етіп жеңген сақтардан Дари кек алу үшін 700 мың әскер жиып Ұлы далаға аттанды. Жолай Бехистун құзының маңына ат шалдырып, жартасқа Ахманидтер әулетінің жай-күйі, жаулап алған жерлері, жеңістері жөнінде ұсталарға тасқа қашатып жаздырды. Тұтқынға түскен патшалардың да суреттерін тасқа бәдіздетті.

Бір айта кетер жайт, Бехистун жартасы қазіргі Иран жерінде, Хамадан шаһарына жақын жерде орналасқан. Жартас жерден 152 метр биіктікте тұр. Жазу үш тілде көне парсы, элам және вавилон тілінде шекітілген. Жазу бес тізбеден, 414 сөйлемнен тұрады. Жартасқа салынған суретте парсы патшасы Даридің алдында аяқ-қолы байланған, мойындарына тұзақ салынған 9 патша және тайпа көсемдері тұр. Сонымен сақ даласына жер қайысқан 700 мың (кей деректер 300 мың) әскермен аттанған Дари жеңіске жетті. Жолында тұрғанның бәрін жапырып өтті. Бірақ Ұлы далаға ішкерлеп енгуге қорықты. Өйткені желден жүйрік сәйгүлік мінген сақтарды ұстау мүмкін емес еді. Түбі Кирдің кебінін киіп қалармын деп сескенген ол, сақтардың жеңілген тайпасының көсемін байлап-матап, өзімен бірге алып кері шегінді. Кейіннен әлгі Бехистун жартасына өзінен

жеңілген оныншы патша ретінде сақ көсемі Сқунханың суретін салды. Бұл жазбалар шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 522-519 жылдары тасқа қашалған.

Осы Бехистун жазбаларынан әлдеқайда артық, әрі көркем тілмен жазылған тағы бір жазба ескерткіш – Орхон-Енисей жазулары. Онда Көк түріктің тарихы тасқа ойылып жазылды. Көне түркі жазуларын ғалымдар, Енисей ескерткіштері, Талас ескерткіштері, Орхон ескерткіштері деп үш топқа бөліп қарайды. Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмашылық жоқ. Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің Батыс Сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның жазылған жылдары 5-7 ғасыр аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей. «Талас ескерткіштері» деп аталатын атқа ие жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарында. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты. Орхон ескерткіштеріне Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Мұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің орны ерекше. Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын. Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған.

Қазақ даласында тасқа қашалған тағы бір жәдігер жазба Ұлы жиһангер, атақты Ақсақ Темірдің атымен байланысты. Ол 1391 жылы Алтын орда ханы Тоқтамыспен соғысуға бара жатып Ұлытауға тоқтап, әскерін демалдырды. Сол жерде өзінің осы маңда



болғаны жөнінде шағатай тілінде тасқа қашап жазба қалдырды. Жалпы, Әмір Темірдің Ұлытау бойына келгендігі туралы жазба дерек те, тарихи ескерткіште сақталған. Темірдің сарай шежірешісі Шараф ад-дин Әли Ниязи «Даңқ кітабында» былайша келтіреді: «Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен сеңгір тауларға ұзақты күнге тесіле қараумен болды. Сонан соң әскерін жинап, сол жерде үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берді. Бармағы майысқан шеберлер осынау сәтті оқиғаның күнін тасқа қашап жазды» делінген. Таста: «Мен Тұранның бегі Темір-бек хиржаның 769 қой жылы Ара айының 21 күні Алтын Орда ханы Токтамысқа қарсы жорыққа шығып, ұрпаққа белгі қалдырдым. Алла ісімізге жар болсын!» деген жазу бар.

Бұл тасты 1935 жылы Қаныш Сәтпаев тауып Санкт-Петербургке жіберген. Қазір сол Эрмитажда тұр. Бұл жазуды 1940 жылы ажыратып алғаш оқыған адам профессор И. Пеппе мен қазақтың көрнекті ғалымы, академик Әлікей Марұлан болатын.

Аралдағы жұмбақ сызбалар

Арал теңізі табанының не бір жұмбақ сызбаларға толы болуы да жұртты таңғалдырып отыр. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында Қазақ ғылыми-зерттеу институтының ауайын бақылау орталығы қызметкерлері Аралды ұшақпен суретке түсіру кезінде күтпеген жайға тап болған. Суы тартылған теңіз табанында кем дегенде 500 шаршы метр алаңда бір бағытқа тартылған ондаған ірі сызбаларды суретке түсірген. Кей жерлерде сызбалардың ені 2 метрден 50 метрге дейін жеткен. Сызбалар бір-біріне қатты ұқсайды. Мамандар бұл жұмбақ таңбаларды қаншама зерттегенімен, оның неден пайда болғанын таба алмады. Кеңес заманында аралға орналасып, бактериялық қаруды сынаған әскерилер де, қайраңға батқан балықшы кемелері де, теңіздегі қатулы толқын, құйындар да, не болмаса табиғаттың өзге де тосын мінезі, өзгерістері де теңіз түбінде мұндай керемет сызба-таңбалар қалдыра алмасы хақ. Сонда бұл не? Әлде адамзаттан тыс тағы бір әлем болып, солардың жазғандары ма? Тіпті тартылған теңіз түбіндегі жұмбақ сызықтар шын мәнінде бізге белгісіз ақпараттық алаң болып табылуы әбден-ақ мүмкін. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, осы сызықтардың көмегімен кеңістікті ажыратуға,

планетаның магниттік өрісін, меридиандар, параллельдер, оңтүстік пен солтүстікті, өзге де маңызды мағлұматтарды білуге болады екен. Тартылған теңіз түбіндегі жұмбақ жерге келген ғалымдар нақты бедерленген стрелканың тілі іспеттес суретті анықтаған. Бұл символдың әзірге қай тұсты меңзеп тұрғаны белгісіз. Жұмбақ символдардың сыры неде, кілтін қалай табамыз?

Кентаврлар кімдер?

Әлемнің әр қиырында, жақпар тастарға, үңгір қабырғаларына ес білмес ескі заманда салынған суреттер жиі кездеседі. Бұл не сонда? Ұяттыв жерін жапырақпен жауып жүрген ежелгі жандар керемет суретші болған ба? Әлде бұл өзге өркениеттің қолтаңбасы ма? Дегенмен ғалымдардың соңғы кездегі айтқандары осыған келіңкірейтіндей.

Бір қызығы, зерттеушілер мына бір нәрсеге көбірек көңіл аударған. Америка, Австралия, Қытай және Араб елдеріндегі үңгір жартастарға ойылған тіпті Қазақстандағы «Тамғалы» тастағы жартасқа шекіп салынған суреттердің көбінде басы адам, денесі жануар (кентавр), я болмаса басы бұқа, дене тұрқы адам болып келетін сызбалардың орасан көп. «Бұл не баяғы адамдардың қиялының ұшқырлығы ма, әлде басқа ма? Жер шарының әр түкіпіріндегі ертеде салынған суреттердің бір-біріне ұқсастығы кездейсоқтық па, әлде...?». Ғалымдардың басын қатырып отырған мәселе осы.

Мәселен, Австарлияның құмды шөлдерінен табылған үңгір қабырғаларындағы суреттерде кентаврлар бейнеленген. Бір қызығы, нақты дерекке сүйенсек, бұл тас ғасырында қашалған сызбалар кезінде Австралияда ат болмаған. Сонда ол жердің тұрғындары аттың суретін қалай ойлап тапқан? 1960 жылы Қырымда жол салып жүргендер, трактормен жерді қазып келе жатып, жұмбақ жәшікке тап болған. Жұмысшылар саркофакты ашпас бұрын сол маңда жұмыс істеп жатқан археологтарды шақырған. Саркофак ашылған кезде жапырлап тұрғандар таң қалысты. Себебі, табыттағы скелеттің басы малдыкі, денесі адамдікі еді... Мұндай «кереметтер» Қытай жерінен де көптеп кездескен. Әсіресе Перу және Африкадағы ежелгі заманда салынған суреттерде мүйіз басты адамдар көп-ақ. Соңғы кезде ғалымдар осының бәрін зерттеп, өздерінше болжам жасады. Олардың пікірінше,



«бұл көктен түскен жатжұрттық өркениет иелерінің жердегі тұрғындардың ұрығына жасаған түрлі тәжірибелерінің жемісі» екен. Бұған сену, сенбеу өз еркіміз.

Балшық тақта бүккен сыр

Бүгінгі жұртқа «құдай көктен түсті, жәй түскен жоқ, оқтан жылдам ұшатын зымыранмен түсті» десең, «ақымақсың ба, не деп тұрсың?» деп, өзінді мазақ етіп күлуі мүмкін. Бірақ адамзаттың арғы тарихын қазып жіберсең, әлгі сөз шындыққа жанасады. Осыдан 5 мың жыл бұрын қазіргі Ирак жеріндегі қос өзеннің (Ніл мен Ефрат) жағалауында өмір сүрген шумерлердің жылнамалары солай дейді. Тіпті «шумер» деген сөздің аудармасы «зымыран әміршілерінің елі» деп аталады. Шындығы осы. Бір сөзбен айтқанда, шумер тайпалары ғарыштан түскен жатжұрттық өкілдермен бірге жұмыс істеген. Бірге тұрған. Керемет мүмкіндіктерге қол жеткізген. Сенбеуіңізде мүмкін. Онда көнеден қалған азды көпті жазбаларға назар аударалық. Өткен ХХ ғасырдың басында жүргізілген археологиялық қазбалар, зерттеулер және оның қорытындысы әлем жұршылығын таң қалдырды. Ирактағы қос өзеннің жағалауына жүргізілген археологтардың қазба жұмыстары қасиетті кітап «Інжілде» айтылатын аңыз қаланың орнын тапқан. Бұл қала Ура деп аталса керек. Мәселе қаланың табылуында емес, мәселе сол жерден қазып алынған адамзат үшін өте құнды дүние-балшық тақтаға жазылған жылнамада болса керек. Тақтаға шекілген таңбалардың құпиясын шешу барысында ғалам дүр сілкінді. Өйткені тақта жазбаларда шумерлердің көп қырлы, аса керемет мүмкіндіктерге қол жеткізгені келтірілген. Мәселен, шумерлер математикада, металлургияда, архитектура, химия мен астрономияда, медицинада бас айналатын үлкен табыстарға жеткен. Он сегіз мың ғаламның тілін тапқан. Меңгерген. Игілігіне пайдаланған. Жер бетінде шумерлер жеткен жетістікке ешкім тең келе алмаған. Олар жердің домалақ екенін, Күн жүйесіндегі барлық планеталарды, жұлдыздарды тіпті олардың орналасу жүйесін жетік зерттеген. Білген. Тасты қорыта отырып, түрлі-түсті темірлер құйған. Шумер өркениетін зерттеген аса ірі маман Сэмюель Крамер өзінің «Тарих Шумерден басталады» деген атакты кітабында шумерлер ашқан 39 дүниені атап кеткен. Әлгі тақтадағы жазбаларда, шумерлер мұндай аса керемет өркениетке қалай қол жеткізгенін былай баяндайды. «Біз – дейді олар, – жұмбақ планета Нибиру



жұртымен байланысқа түскен соң, осындай ғаламат ғажайыптарға қол жеткізе алдық. Нибиру планетасы 3600 жылда бір рет жерге жақындайды. Онда тек құдайлар өмір сүреді. Олар адамдарға өте ұқсас. Солардың арқасында біз озық технологияны игердік» делінген. Тақта жылнама солай дейді. Шумерлердің тұрған, өмір сүрген өлкесін қазып, зерттеген археологиялық жұмыстар, шумер деген халықтың өмірде болғанын растайтын көптеген айғақтар тапқан. Жер астындағы көне шахталар, аспан әлемін зерттейтін заттар, тіпті медицинада ота жасау үшін қолданатын құралдар т.б. шумерлердің білімді, мәдениетті дамыған ел болғанын қуаттай түседі.

*«Айқын»,
маусым. 2013 жыл*

ҒАРЫШКЕРЛЕР КӨКТЕ КӨРГЕНІН НЕГЕ ЖАСЫРАДЫ?

Көк көз тіккен ғалымдар: «Жердің ғаламдағы айнымас серігі Айда керемет дамыған өркениет болған» дейді. Жәй айтып қана қоймайды, нақты дерек-дәйекті алға тартады. Бірақ оны толыққанды жариялауға әлі ерте. Яғни әзірге ол құпия. Неге? Ол жағы бізге беймәлім. Бәлкім көпшіліктен құпия ұстайтын бірдеңе болғаны да.

Тіпті 1960 жылы-ақ АҚШ-тағы белгілі сараптама орталығы болып саналатын Брукингс институты: «Адамзаттың ғарышты игерудегі соңғы жетістіктері» деген баяндама даярлаған. Онда көптеген құпия деректер алға тартылып, NASA-ның (АҚШ ғарышты зерттеу орталығы) өзге ғаламнан саналы тіршілік иесін тапқаны келтірілген. Бірақ баяндамада оның бәрі белгілі бір уақытқа дейін құпия ұстау керектігі жөнінде айтылған... Неге? Белгісіз. Мәселен Ришард Хоглендтің «Миссияның көлеңке тұсы немесе NASA-ның құпия тарихы» деген атакты кітабында баяғыда ай бетінде дамыған өркениет болғанын жазады. Ол өркениет жөнінде айтқанда, оқиғаны қиялынан алып отырған жоқ. Нақты деректі алға тартты. Яғни, алғашқы автоматтандырылған ғаламаралық станса ай бетін зерттеу кезінде өркениеттің ошағын тапқан. Онда өмір сүрген саналы тіршілік иелерінің дамығаны сонша, бүкіл Күн жүйесіндегі ғаламшарларға өз дәнегін, яғни ұрығын сепкен...

Алғашқы «Аполлон» ғарыш кемесі ай бетіне қонып, қайтып оралғанда NASA ғарышкерлер Айда көргендерін жұртқа жайып жібермес үшін, барлық мүмкіндіктерін сарп еткенге ұқсайды. Әйтеуір құпияны халыққа таратпау мақсатында. 1980 жылы Ричард Хогленд «Аполлон» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде сонда жұмыс істеген доктормен кездейсоқ танысады. Әңгіме ғарышқа байланысты жалғасқанда, доктор: «Аполлонның» көктен оралған әрбір экипажын арнайы гипноздық сенестен өткізіліп отырылғанын айтқан. «Не үшін?» деген ғарышкерлердің сұрағына, дәрігерлер «айда көргенін толық еске түсіру үшін қажет» деп жауап беріп отырған. Бірақ шындық басқа еді.

Ең бастысы, гипноз ғарышкерлердің көк төсінде көргендерін жадынан шығарып тастау үшін қолданылған. Себебі Айда көргендерін халық арасына таратпау, «бізден де өзге өркениет бар екен, ертең олар бізге соғыс ашып жүрмей ме?» деген тәрізді үрейді елдің есіне түсірмеу. Мақсат осы еді», – дейді доктор Хогленднің сауалына.

Бәлкім оның айтқандары шындық болуы да мүмкін. Себебі ай бетіне тұңғыш табан тіреген Нил Армстронг ұзақ жылдар халық алдына шықпай саяқ жүрді. Ғарыш жайлы әңгіме айтылған жерден қашты... Неге? Бәлкім сол гипноздың әсері де болуы мүмкін. Табаны айдың топырағын иіскеген екінші адам Эдвин Олдрин де осындай жағдайды бастан өткерген. Тіпті ол өзінің естеліктерінде ешқандай бүкпесіз барлық жайды жайып салған. Талай кездесуге барғанда «Көкте не көрдіңіз? Айдың бетінде есте қалатындай қандай оқиға болды? Өзіңізді қалай сезіндіңіз?» деген көпшіліктің сұрағына өнебойы қалтырап, ештеңе айта айылмай қалады екен. «Айға ұшқанға дейін бойымда мұндай жағдай болмап еді, көктен келгелі бері осыған душар болдым. Ғарыш жайлы әңгіме айтылған жерден тұра қашқым келіп тұрады. Өзімді өзім түсінбеймін» дейді ол естеліктерінде.

Бұған гипноз қатты әсер еткен болуы керек. Қалай десең де, Айдың бетінде өркениет болғанын өз көзімен, саналы тіршілік иелері соққан ғажап ғимараттарды аралап көрген тірі куәгерлердің бірі ғой... Осы ғарыш кемесінің командирі, ғарышкерлердің үшіншісі болып Айдың бетінде адымдап жүріп көрген Чарльз Конрадта гипноздан қашып құтылмаған. Ол да көпшіліктің алдында ештеңені дұрыстап есіне түсіре алмай дал болады екен. Себебі

белгілі. Жадыдағы көргендер өшірілген, яғни жады «сүртілген». Ал екінші бір ғарыш кемесі «Аполлон – 14»-тың ұшқышы Эдгар Митчелл ұзақ жылдар бойы аспан төсінде көргендерін еске түсіру үшін жанталасып талай жерге барған. Яғни талай психологтармен сикыршылардың есігін тоздырған. Бірақ ешқандай емдеу, еске түсіру сеанстары әсер етпеген. Демек өте қатты жүргізілген гипноз арада ондаған жыл өткен соң да баяғыда болған оқиғаны еске түсіруге кедергі болған. Дәл осы Эдгар кара-көкшіл күмбезді ай бетіндегі жұмбақ құрылыстың жанында тұрып суретке түскенінде ұмытып қалыпты. Осы құпия суретті NASA-ның мұрағатыннан көргенде «мұның қай жер екенін біле алмадым» деп жауап беретін көрінеді. 1962 жылы 20 ақпанда ғарыш кемесімен жер бетін айналып ұшқан ғарышкер Джон Гленн мындай бір әңгіме айтқан. «Көкте мен өзімді өте жайсыз сезіндім. Иә, көп нәрсені көрдік. Бірақ айтуға болмайды. Айтқым келмейді. Еске де алғым жоқ. Қазір жұрт көріп жүрген «Әлемдер соғысы» деген фильмдер бар. Бәлкім дәл сондай жағдай көп ұзамай жерде де орын алуы мүмкін. Ғаламаралық соғысты айтып отырмын. Жағжұрттықтар түбі бір жерге шабуыл жасауы мүмкін. Олардың дамуы бізден жоғары. Жеңілетін біз болмақпыз...» – ғарышкер солай дейді.

Кім білсін? «Жоқ олай емес» деп те айта алмайсың. Өйткені көктен келгендердің барлығы бір құпияны жасырады. Айтқысы келеді, бірақ айта алмайды. Өйткені айтқызбайды. Халық арасында үрей туғызбау үшін бе, әлде өзге де себебі бар ма? Ал адамзат ғаламаралық соғысқа даяр ма? Әлде құл бола ма?..

*«Айқын»,
қараша. 2012 жыл*

ГЕНЕРАЛ КОРНИЛОВ ҚАЗАҚ ЖИЕНІ

Бүгінде Ресей өз тарихын саралау үстінде. Безбенге сала отырып, Ресей үшін ерен еңбек еткен, бірақ тағдырдың салғанына көніп, қайсы бір тұстарда қадамдарын шалыс басқан, айтулы тұлғаларын кеңес заманы тұсындағы даттау мен қаралаудан аршып алып, елдің тұтқасы болған «батыр өрендері» ретінде қайта тануда. Солардың бірі – Ресей үшін, дұрысы патшалық Ресей үшін үлкен тұлға ретінде танылған қолбасшы, генерал Лавр Корнилов.



«Егер де ол жеңіске жеткенде, Ресей басқа жолмен жүрер еді. Онда Азамат соғысы да, миллиондардың басын жұтқан қызыл террор да, ақ сүйек болып қырылып қалған аштық та болмас па еді? Корнилов Ресейге басқа тағдыр, басқа жол сыйлар еді, бірақ...» деседі бүгінгі тарихшылар. Сонда мемлекет доңғалағын өзге арнаға бұрып жіберетіндей Корнилов кім еді? Тарих тереңіне үңілер болсақ, Ресей үшін өтпелі кезең болып танылған өткен ғасырдың басында, яғни 1916-1917 жылдары мемлекет тізгінін ұстаған Корнилов қазақ топырағынан жаралған жан екенін айтпай кетуге болмас. Оның тек қазақ топырағында туғаны ғана емес, тамырында қазақтың қаны тулап жатқанын айта кеткен жөн. Жатыры мықты қазақ қызы ғана үлкен дарын иесін, әскери қолбасыны дүниеге әкеле алса керек-ті. Өңгімеміздің әлқисасында оның ұшқан жері жөнінде азды-көпті тоқтала кеткен дұрыс шығар. Корнилов 1870 жылы тамыздың 18 жұлдызы күні Бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының орталығы – Өскеменде орыс-қазақ отбасында дүниеге келген. Шешесі – қазақ қызы. Бұл – ащы шындық. Корниловтың суретіне қарап-ақ, оның таза қазақы келбетін көруге болады. Демек, анасының қаны мықты болғанын осыдан-ақ байқауға болатындай. Бір ғана мысал келтірейік, Кеңес елінің маршалы Б.М.Шапошников 1903 жылы Ташкентте 1 Түркістан атқыштар батальонда қызмет еткен. Сол кез жайлы өзінің мемуарында жазған ол, Корнилов жөнінде де айта кеткен: «Мен атақты генерал Лавр Корниловтың інісі Петр Корниловпен бірге болдым. Інісінің айтуынша, олардың әке-шешесі Батыс Сібірде тұрған. Әкесі орыс, шешесі қарапайым қазақ қызы» деп жазады. Осының өзі-ақ таптырмас айғақ екені анық. Лавр кішкене кезінен-ақ талапты болып өскен. Әкесінің Қытайға жақын орналасқан Зайсан қаласындағы әскери гарнизонда тілмаш болып қызмет етуі, бала Лаврдың әскери болуға деген арманын оятты. Өсе келе ол, Омск шаһарындағы Сібір Кадет корпусына түсті. Оның әскери өсу жолы осы жерден басталды деуге болады. Генерал шенін алып, Уақытша Үкіметтің бас қолбасшылық дәрежесіне жеткенге дейінгі кезең ішінде ол қанша бұралаңы көп жолдан өтті. Бірақ аласа бойлы болса да шақар болып өскен Лавр өз дегеніне жеткен. Сібір Кадет корпусын жақсы бітірген ол, сол кезде өте «модный» саналатын Петербургтегі Михайловский атындағы артиллериялық училишеге түскен. Әкесі қаржылай көмек бере алмаған соң, дарынды жас офицер математикадан дәріс

беріп, зоогеография жөнінде мақалалар жаза бастады. Мұның өзі оған ақша мәселесін шешуге үлкен көмек болған. 1892 жылы ол оқу орнын бітіріп, подпоручик деген шен алды. Өзге аймақты таңдамай, өзінің байырғы отаны болып саналатын Түркістан әскери округін таңдады. Ол шығыс тілін, соның ішінде қазақ тілін жақсы білетін еді. Мұның өзі оған көмек болды. Тіпті оның қазақы, яғни азияттық кескіні де қажетке жарады. Ақ адамдар баруға болмайтын жау тылында ол қарапайым түркіменше киініп, парсы, ауған жерлеріне барды. Тыңшылық әрекеттер жасады. Дегенмен, дарынды офицер мұнымен шектеліп қалмағаны белгілі. 1895 жылы Бас Штаб Академиясына түсті. Осында жүріп үйлі-баранды болды. Оны бітірісімен Петербургта қалудың орнына, тағы да Түркістан әскери округіне сұранды. Осында қызмет ете жүріп ол, Ауғанстан, Парсы және Шығыс Түркістан (Қашқария) жерлеріне қарапайым жергілікті тұрғын ретінде сапарлар жасады. Осы сапар барысының нәтижесінде «Қашқария немесе Шығыс Түркістан» деген географиялық, этнографиялық, әскери және геосаяси мәні үлкен кітап жазды. Бұл кітап оған үлкен табыс әкелді. Өйткені бұл кітапта келтірілген фактілер Орта Азияны отарлауды қолға алған Ресей үшін таптырмас құнды деректер еді. Оның Шығыс Түркістанға жасаған экспедициясы атаусыз қалмады, Қасиетті Станислав орденіне ұсынылды. Корнилов бірнеше тілді жетік білді. Атап айтар болсақ, француз, ағылшын, парсы, қазақ және урду тілі. Сол себепті ол 1903-1904 жылдары «халықтардың дәстүр және тілдерін зерттеу үшін» деген сылтаумен Үндістанға сапар шекті. Ондағы мақсат осы елді отар ретінде ұстап отырған Англияның аймақтағы әскери қауқарын біліп қайту еді. Шындығы керек, бұл сапарлар Корниловтың барлаушылық және зерттеушілік қасиетін ашты. 1904 жылы подполковник шенін алған Корнилов Петербургке шақырылып алынды. Артынша Қиыр Шығыста жүріп жатқан орыс-жапон соғысына аттанды. Осы соғыста ол дарынды қолбасшы екенін таныта білді. 1909-1911 жылдары арнайы тапсырмамен Қытайға келген ол, осы ел жайлы кітап жазам деп қытай тілін үйрене жүріп, тыңшылық қызмет атқарды. Оның жіберген деректері Ресейге өте қажет еді. Ал 1914 жылы басталған Бірінші Дүниежүзілік соғысы кезінде Корнилов №48, кейінен ерен ерліктері хәм жанқиярлық әрекеттерімен «Құрыш» деп аталып кеткен дивизияның қолбасшысы болып тағайындалды.



Бірақ 1915 жылы Карпат тауындағы болған қанды қырғында қатты жараланған ол, австриялықтардың қолына тұтқынға түсті. Екі мәрте қашып шыққанмен жолы болмады. Үшінші мәрте тұтқыннан қашқан ол, он бес күн жаяу-жалпылап, жол жүріп, арып-аршып өз әскеріне қосылды. Осы ерлігін жоғары бағалаған Николай – II патша 3-ші дәрежелі Қасиетті Георгий орденімен марапаттады. Жалпы, Корниловтың Петербург әскери округына қолбасшы етіп тағайындау Николай II император тұсында шешіліп қойған. Бірақ арадағы тарихи оқиғалар бөгет болып, ол тек 1917 жылы наурыздың 2 күні Уақытша Үкімет басшысы Керенскийдің нұсқауымен әлгі орынға келді. Қолбасшы ретінде алғашқы ісін ол патшайым мен оның отбасын тұтқынға алу жөніндегі жарлықпен бастады. Шілде айында Корнилов Уақытша Үкіметтің Бас қолбасшысы болып тағайындалды. Ол орынға отыра салысымен Корнилов күйреп қалған Ресейді қалпына келтіруге тырысты. Оның айтқандарымен Керенскийдің өзі санаса бастады. Ол елде әскери диктатура орната отырып, анархиядан құтылуды, бірінші Дүниежүзілік соғыстан қалжыраған Ресейді қалпына келтіруді, жалпы орыс халқын күйреуден сақтап қалу үшін барын салатынын байқатты. Оның жолдарын көрсетті. Сондай-ақ, Ресейде бір армия емес, үш армия болу керек деп шешті. Сонымен бірге олардың атқаратын қызметтерін айқындап берді. Елдегі большевиктердің мекендерін талқандау һәм басшы топтарын, көсемдерін қамауға алу жоспарын жасады. Бұл жөнінде Керенскийге хабарлады. Ол келісім берді. Жоспар сол жылы 27 тамызда жүзеге асырылатын болды. (Егер де Корниловтың жоспары жүзеге асқанда Ресейде қазан төңкерісі болмас еді). Әрине, Корниловтың айтқаны болатын болса, Керенский өз билігінен айрылып қалатынын, Ресейдегі билікті Корнилов қолға алатынын білді. Содан ба, сөз жүзінде келіскенімен, бәрін керісінше жасауға ұмтылды. Ақыры «Корнилов төңкеріс жасамақ болды» деген сылтаумен оны бас қолбасшылық қызметтен айырды. Өзі тұтқынға алынды. Корнилов қамаудан қазан төңкерісі кезінде қашып шығып, Донға келді. Сол жерде Еріктілер армиясын құрды. Бірақ Екатеринодар қаласында қаза тапты. Кездейсоқ па, әлде қызылдар әдейілеп атты ма, ол тұрған штабқа зеңбірек оғы дөп тиді. Бір таңқаларлық жайт, тек генерал Корнилов ғана қаза тапты. Оның өлі денесін тауып алған қызылдар аяусыз кескіледі, кейіннен өртеп жіберді. Міне,

қазақ топырағында дүниеге келіп, бойында қазақы қан тулаған Корнилов Ресей билігін қолға алам деген жолда осылай опат болған. Бұл – оның жүріп өткен өмір жолы. Бүгінгі тарихшылар һәм оның өмірін зерттеушілер «Егер де Керенский оған сатқындық жасамағанда, Корнилов билікті қолға алса, Ресейге байланысты тарих доңғалағы басқаша доңғалар ма еді? Онда бүгінгі әлсіз Ресей емес, әлемге айбат танытқан Ұлы орыс мемлекеті салтанат құрар ма еді? Корнилов орыс елін құтқаруға тырысты. Сол жолда құрбан болды» деседі. Бұған біздің еш қосарымыз жоқ. Тек Корниловтың шешесі қазақ екенін, тағы бір еске салып қою ғана.

*«Айқын»,
тамыз. 2010 жыл*

ГИТЛЕРДІҢ СОҢҒЫ МЕКЕНІ АНТАРКТИДА МА?

Дүниеде әр ғасырдың белгілі тұлғалары жөнінде ертегіге бергісіз аңыз әңгімелер көп. Соның бірі – XX ғасырдағы Екінші дүниежүзілік соғыстың шығуына себепкер, миллиондаған адамның басын жұтқан Адольф Гитлер. Гитлердің қолын қанға малған қанішерлігі ғана емес, өзге де қыры жөнінде сан қиылы алып-қашпа әңгіме көп. Біздің айтпағымыз, тіпті басқа... Мәселе, «өлді» деген Гитлердің бертінге дейін дүниені жалпағынан басып тірі жүруі жөнінде. Сонымен...

1945 жылдың 30 сәуірінде Адольф Гитлер мен оның нақсүйері Ева Браун расында өз-өзін атып, әлде у ішіп өлді ме, бұл жағы мүлде белгісіз. Кеңес заманындағы деректер «өлді» дейді. Мамандар «өртелген дене мен оқ тиген бас сүйегі зерттеуден өтті, бұл Гитлер мен Еваның нақты өлгенін дәлелдейді» деген айғақты зерттеулерді алға тартады. Бірақ соңғы ашылған деректер Гитлердің Берлин құрсауынан аман-есен сытылып шығып, өзге жерде – Латын Америкасының Аргентина, Перу, Чили секілді елдердің бірінде 1971 жылға (кей деректер 1982 жыл) дейін жасырын өмір сүріп, өз ажалынан өлгенін айғақтайды. Ал кейбір деректер Гитлердің Латын Америкасына қашпағаны, керісінше ешкімнің шырақ алып соңына түсе алмайтын мекенге қоныс аударғаны жөнінде айтады. Бұдан шығатын қорытынды, Қызыл империя «Гитлердің түбіне жеттік» дегені аңыз болып шықты деуге болатындай. Енді

Гитлер Берлиндегі қандықасаптан қалай құтылып кетті, қай жаққа жасырынды дегенге келейік...

«Шлюз» операциясы

1944 жылы тамыз айында гестапо мен СС басшылары Старсбургтегі «Мезонруж» қонақ үйіне құпия жиын өткізді. Ондағы мәселе, Германияның соғыста тізе бүгетіні белгілі болғандықтан, қалай да басшылықты өзгелер тұтқынға алмас үшін, оларды Еуропадан алып кетіп, жалған құжаттар жасау арқылы шет жақтарда өмір сүруіне жағдай туғызу мәселесі қаралды. Құпия жиында басшылықты соғыстан алыс, мамыражай тірлік кешіп жатқан Оңтүстік Америкаға жіберу мәселесі шешілді. Бұл операция «Шлюз» деп аталды. Бұған Германияның әлемнің түпкір-түпкіріндегі құпия агенттері атсалысты. Осы операцияның арқасында Үшінші Рейхтің көптеген басшылары кеңес әскерінің не болмаса одақтастардың, яғни коалициялық әскердің қақпанына түспей құтылып кетті. Құрсаудан сытылған ұлтшыл фашистер әлемнің әр қиырында жүріп-ақ 1951 жылы «Қара интернационал» одағын құрды. Дегенмен бұл одақтың жай-күйі АҚШ-тың Орталық барлау басқармасына (ОББ) белгілі еді. Өйткені ОББ 1939 жылы немістердің СС тобына өз адамдарын, яғни шпиондарын енгізіп қойған болатын. Солар арқылы соғыс кезінде Фюрерден «қандай жоспары бар, не істемек?» деген сияқты мәліметтері алып отырған. Шпиондар неміс басшылары Мюллер, Гимлер тағы да басқалары шет елге қашу үшін жалған құжат жасатып жатқанынан дер кезінде хабарлап жатты. Мәселен рейхсмаршал Гимлер жалған құжатта сержант Генрих Гитцингер деп көрсетілген. Басқалары да сол сияқты бөгде есімдер иемденген. Осының арқасында Фашистік Германияның көптеген жоғарғы шенді әскери басшылары шет елге өгіп кетуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ Кеңес елінің барлау қызметі де өз шпиондары арқылы Үшінші Рейхтің кейбір әрекеттерінен хабардар болып отырды. Соның бірі – Мартин Борман жүргізген «Рейнгольд» (Рейн алтыны) операция. Борман басқарған бұл операцияның негізгі мақсаты – СС пен ұлтшыл партияның Еуропадағы құнды заттарын яғни алтын, брилант тағы да басқа құны жоғары тұратын заттарды жаудың қолына тастамай шетке алып кету еді. Бұл операцияны Гитлердің өзі тікелей бақылауға алған. Осының арқасында құны жүздеген миллион тұратын заттар құпия түрде шетке тасылды. Бұл капитал әлі күнге



«Қара интернационал» одағына жұмыс істеуде. Әрине тығылған мүлікті іздеп табуға АҚШ пен КСРО-ның барлау агенттіктері қанша тырысса да, нақты нәтижеге қол жеткізе алмаған. Дегенмен «Рейнгольд» операциясының кейбір деректері кейінен белгілі болды. Ол деректер құнды дүниелер сүңгуір қайықтарға тиеліп, құпия түрде Аргентина, Бразилия және Антарктидаға жеткізіліп, сол жерлерде жасырылған. Ал олардың қызығын қырғыннан аман-есен құтылып кеткен Мартин Борман, Отто Скорцени секілділер көрген. Тіпті фашистік Германияның бірегей тұлғасы болып саналатын бұл екеуі Аргентина мен Бразилияда 1973 жылға дейін дүниенің жалпағынан басып, ғұмырларының соңына дейін беймарал тірлік кешкен. Әрине бұлардың осы жерде жүргендігі АҚШ пен КСРО-ға белгілі еді. Бірақ оларға тиіспеді, тұтқындамады. Себебі осылар арқылы жүздеген миллион тұратын капиталдың қайда жасырылғанын білуге тырысты. Тіпті негізгі мәселе ол да емес еді. Басты мақсат, осылар арқылы Адольф Гитлердің қайда тығылғанын табу болатын. Демек Гитлердің де аман-есен жер шарының бір қиырында жүргенін екі алып ел білген сияқты...

Оқ тескен бас сүйек немесе құпиясы мол Антарктида

1945 жылы 1 мамыр күні Берлинді бір шетінен қоршап тұрған 52-ші гвардиялық атқыштар дивизиясын немістердің танк колоннасы бұзып өтіп, өте асығыс түрде солтүстік-батысқа бет алған. Танктердің қоршауында «майбах» және «хорьх» секілді бірнеше қуатты жүк машиналары болған. 2 мамыр күні неміс танктері толығымен талқандалды. Алайда жүк машиналарының қайда кеткені әлі күнге белгісіз... Кейбір деректер немістердің аз ғана тобының қоршаудан шығып кетуіне кейбір кеңес және поляк әскери басшыларының келісімі болған деген де болжам бар... Бар мәселе осы із-түссіз кеткен жүк машиналарына тіреліп тұр. Олар қайда кетті және ішінде кім болды? Бұл әлі күнге жұмбағы шешілмеген тек болжамдар айтуға тұрарлық оқиға. Сонымен...5 мамыр күні Рейхканцеляр маңындағы шұқырдан тауып алынған, өртенген екі денені кеңес сарапшы-дәрігерлері Гитлер мен Ева Браунның қаңқасы деп тапты және бүкіл әлемге солай тарады. Бірақ КСРО-ның жез мұртты көсемі Сталин бұл дәлелге нақты сене қоймаған. Бәлкім жүрегі Гитлердің бұларды алдап-соққанын сезді ме екен? Гитлер мен Еваның мүрдесі толық тексеруден өт-

кізілген соң, Лейпцик маңындағы бір жерге құпия түрде жерленді. Бірақ 1972 жылы Андроповтың бұйрығымен кері қазылып алынып, өртеліп, лақтырылып тасталды. Неге? Жауап жоқ? Әлде сол кездегі КГБ бастығы «бірденені» сезді ме екен? Бәлкім сол кездің өзінде ғылым генге сараптама жасауға мүмкіндігі бар еді. Егер де қанқа қайта тексеріле қалса, Гитлердің сүйегі болмай шығып, «Гитлерді құртқан біз» деп келген КСРО-ны адамзат алында ұятқа қалдырмас үшін сондай қадамға барды ма? Сұрақ көп. Жауап жоқ. Бұл бөлек әңгіме. Қырқыншы жылдардың соңында АҚШ барлау қызметі Сталинге Гитлердің әлі тірі екенін, ол Антарктидадағы Мод Корольдігі ауданында немістер тұрғызған құпия базада тұрып жатқаны жөнінде құпия ақпарат берген...

Бір ерекшелігі, 1938 жылдан бастап неміс әскери теңіз флотының кемелері Антарктидадағы жиі экспедиция жасаған. Соның арқасында мәңгілік мұз басып жатқан аймақта жерастын жолын тапқан. Ол жердің кереметтігі сол, оны немістер «жұмақ» деп атапты. Жылы ауа ағысы бар, алып үңгірлердің асты адам өмір сүруіне қолайлы болғандығы сонша, Гитлер онда құпия базалар тұрғызуға бұйрық берген. 1942 жылдан бастап сол базаларға сол жердің болашақ тұрғындары болатын ғалымдар, әр саланың мықты мамандары, ұлтшыл партияның жетекшілері мен мемлекет басшылары жеткізіле бастады. Базада мыңдаған соғыс тұтқындары жұмыс істеді. Әрине базаны соңғы үлгідегі қарумен жабдықталған сүңгур қайықтар, ұшақтар күзетті. Жұмыс өте құпия түрде жүргізілді. Ол жерде ядролық заряд алып ұшуға мүмкіндігі бар «Фау-5» сияқты (АҚШ пен КСРО ядролық заряд алып ұшатын баллистикалық зымырандарды соның үлігісінде жасағаны анық) зымырандар, тарелкі пішіндес ғажайып ұшақтар жасау қолға алынды. Әрине мұның бәрі АҚШ-қа белгілі еді. Алғашында олар бір қуыстағы базаға соқтыққысы келмеген, бірақ ол жерде керемет қарулардың жасалып жатқанын, ол қару бірде болмаса бірде ұлтшылдардың қолына түсіп, адамзатқа қауіп төндіретінін ойлап, базаны жойып жіберуге екі мәрте ұмтылыс жасады.

1947 жылы АҚШ ондаған кеме, ұшақ, тік ұшақпен қаруланған үлкен бір топты Антарктидаға аттандырды. Бірақ Швабеленд базасы берілмеді. Көк мұз үстіндегі қақтығыста америкалықтар шығынға ұшырады, біраз кемесі суға кетті, ұшақтары қирады. Ақыры шегінуге душар болды. Заманауи қарумен жарақтанған

немістер дес бермеді. Ал 1949 жылы АҚШ екінші мәрте Антарктидаға басып кіруге ұмтылды. Бұл жолы немістер радио арқылы ядролық қару қолданатынын ескертті. Америкалықтар амалсыз кері қайтты. Антарктида да болған соғыс өте құпия сақталды және бүгінге дейін жұрттан жасырылып келді...

АҚШ та, КСРО да Гитлердің осы жерде тығылғанынан хабардар еді. Бірақ оны сырт көзден құпия ұстады... Жалғыз АҚШ емес, Антарктидаға КСРО-да «мұзды аймақты зерттеу» үшін деп жиі экспедициялар жіберіп тұрды. Олардың қызметі немістердің базасы бар Мод Корольдігі жерін алыстан бақылау болатын. Бірақ жақын барып көрген ешкім жоқ. Болса да ол әлі құпия түрінде қалуда. Осы базада неміс ғалымдары көптеген қарудың түрін ойлап тапты. Соғыстың соңына қарай олар лазерді, сағатына 20 мың шақырымдық жылдамдықпен ұшатын, жанар-жағармайы 55 сағатқа жететін, ғажайып «ұшатын тарелканы» жасады. Бірақ соғыс бітіп, оларды пайдалануға мүмкіндіктер болмай қалды. Соңғы бір деректер Гитлер Антарктида да 1971 жылы (кейбір деректер бойынша 1982 жыл) қайтыс болған. Дегенмен мұзды аймаққа жасырынған Гитлер бір рет қана «Үлкен жерге» аяқ басқан. 1953 жылы Каирде Гитлер Мартин Борманмен кездескен. Құпия деректер осылай дейді...

Ал 1945 жылы 2 мамыр күні неміс танктерінің қалқалауымен кеңес әскерінің қоршауынан сытылып шыққан жүк машиналарында Гитлер болып еді. Ол Балтық теңізінің жағасында орналасқан Гамбург қаласына жетіп, сол жерде күтіп тұрған сүңгуір қайықтарға отырып, Антарктидаға аттанған деген дерек бар. Бұл оқиға аңыз ба, әлде ақиқат па, әзірше оны ешкім нақты айта алмайды. Бірақ әлі талай жорамалдар жасалып, деректер анықтала жатар.

*«Айқын»,
қазан. 2010 жыл*

БҰЛ ШЫНДЫҚ ПА, ӘЛДЕ ЕЛЕС ПЕ?

Жер бетінде түрлі құбылыстар қайталанып тұратын анамольды нүктелер жеткілікті. Бірақ ондай жерлерде болатын тылсым құбылыстардың құпиясын ғылым әлі толыққанды шеше



алған жоқ. Жалпы, бұл жұмбақ құбылысты парапсихологтар «хонтинг» деп атайды. Бұл термин «кейбір елестердің белгілі бір географиялық нүктеге байлануы» деген ұғымды білдіреді. Кейде мұндай орындарда бір мезгілде бірнеше жүздеген елестер пайда болады. Хонтинтер қанды шайқастар өткен жерлерде жиі байқалатынын да сан түрлі ойларға жетелейді...

Осындай орындардың бірі Франциядағы Эджиллдің маңында 1943 жылы ханзада Руперт пен Оливер Кромбельдің отрядтары өліспей беріспейтіндей шайқасқа түскен жерде бар. Шайқастан кейін ұрыс болған жерде 5000-нан астам адамның жансыз денесі шашылып қалған. Бір ай өткен соң жергілікті бақташылар бұрын болмаған кереметті көрді. Аспанда олардың көз алдарында король мен парламенттің армиялары жан алысып, жан берісті. Тағы да барабандар қағылып, қарулардың сарт-сұрт дыбысы естіліп, қанды қырғын басталды...

Содан бері бұл аймақтағылар осы шайқастың елесін мезгіл-мезгіл байқап келеді. Осыған ұқсас жайлар кейде Ресей аспанында да пайда болады. Мәселен, әдеттен тыс құбылыстарды зерттеумен айналысатын «Феномен» комиссиясына Кемерово облысындағы Прокопьевск қаласының тұрғыны Александра Васильевна Ушаковадан мынадай хат келген:

«Отан соғысы басталар алдында бала кезімде мен «аспандағы шайқасты» көрдім. Кешкілік сағат 10-дар шамасында әпкем екеуіміз моншадан шықтық. Мен аспанға қарап, қорыққанымнан шыңғырып жібердім. Онда алып салт аттылар бірін-бірі қылышпен шауып, қан-жоса қылып жатты. Адамның жанын түршіктіретін шайқас киноға түсіріп жатқан сәттегідей толық тыныштықта өтті...

Әпкем аспанға жалтақтай қарап, менің қолымды қыса ұстап жүрісін жылдамдата түсті. Сол күні түні бойы көз ілмей шықтық. Біраздан кейін есіктің алдына шыққанымда, аспаннан жанағы құбылысты көре алмадым. Бұрын-соңды мұндай құбылысты көрген емеспін. Көп кітаптарды парақтап, көрген жұмбағыма жауап іздедім. Бірақ мардымды жауап таба алмадым. Бәлкім, сол шайқасты менен басқа біреулер де көрген болар. Хабар күтемін».

Иә, «елес армиялар» мен «елес шайқастардың» аспанда пайда болуы жұмбағы баяғыдан бар және біздің ойымызша, осы күнге дейін оны ешкім толық шеше алған жоқ. Дегенмен, әуелі тарихқа қайтадан көз жүгіртіп көрелік.

...1785 жыл. Силезияда генерал фон Козельді Уйест деген жерге жерледі. Табытты жерге түсіре бастаған сәтте аспанда сап түзеп келе жатқан солдаттар пайда болды...

...1848 жыл. Венаға жақын Дофинэде 20-ға жуық адам аспаннан сап түзеп келе жатқан армияны көрген...

...1888 жыл. Хорватияның Варастин деген жерінде аспанда бірнеше сағат бойы қолында жаркылдаған қылышы бар офицер бастап бара жатқан атты әскерлер отряды жүріп өткен...

Бұл таңқаларлық оқиғалар сол кезеңнің газеттерінде жан-жақты қамтылып жазылған. Ертедегі жылнамаларда Ресей аумағындағы «аспандағы шайқастардың» байқалу жайлары да тәптіштеліп жазылған.

...1242 жылы тевтондықтармен Чуд көліндегі мұз үстіндегі шайқас кезінде князь Александр Невскийдің әскері қатарында көптеген новгородтықтар аяқ астынан аспанда орыстарды құтқару үшін «құдайдың жіберген полкының» пайда болғанын көрген...

Адамдардың аспаннан шынымен бірдеңені көргені ешбір ешбір күдік туғызбайды. «Аспандағы шайқастар» туралы хабарлар тым көп, оларды көрген куәлар да жетіп-артылады. Кейбір ғалымдар мұндай құбылысты атмосфераның қалың қабатында жарықтың бөлшектеніп, сынуынан пайда болатын сағымға теліп түсіндіреді. Дегенмен кейбір таңқаларлық құбылыстар бұл болжамның аясына сыймайды. Айталық, Бельгиядағы Вервье қалашығының тұрғындары аспандағы қантөгіс шайқастың куәсі болған және бұл Ватерлоодағы шайқастан кейін бір аптадан соң болған жай. Сонда бұл не, уақыттан жаңылысқан сағым ба?

1956 жылдың қарашасында ағылшындар Петер Зиновьев пен Патрик Скипуит Куиллин тауына жорыққа шығады. Түнгі сағат 3-терде шулаған дауыстарды естіп оянған олар палатканың етегін түріп, аспаннан «көрінбейтін жауларына» оқ жаудырып бара жатқан ондаған шотланд атқыштарын көреді... таңертең достарды аспаннан шыққан дыбыстар тағы оятады. Бұл жолы олар «көрінбейтін тастарға сүрініп жығылып, шегініп келе жатқан шала-жансар күйдегі сол шотландықтарды» тағы да көреді.

Слайгачане қалашығына қайтып оралған Петер мен Патрик көргендерін мейманхана басшысына айтады. Ол бұл құбылысты бұлар ғана емес, талай адамың байқағанын айтып, жауап береді. Бұл 1745 жылы болған шайқастың бір үзік көрінісі болса керек-ті.

«Аспандағы шайқастар» туралы көптеген зерттеу еңбектер жазылып, түрлі пайымдаулар айтылды. Бұл жұмбақты бәлкім көп ұзамай Воронеждегі әдеттен әдеттен тыс құбылыстарды зерттеу комитетінің мамандары шешіп беретін шығар. Олар таяуда «Воронежгеология» кәсіпорынының қызметкерлерімен бірлесіп, Новохоперск аймағында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сол жерден «Жер энергиясының шығу жолдарын» тапты және суретке түсіріп алды. Суреттен жарық шашқан шарлар мен аймақтың үстіндегі бұлт айқын көрініп тұр. Сонымен қатар экспедиция жетекшілерінің бірі Генрих Силановтың мәлімдеуінше, оларға көп уақыт бұрын осы жерде болған оқиғаны суретке түсіріп алудың сәті түскен.

Арнаулы аппаратураның көмегімен Хопер өзенінің жағалауынан түсірілген суретте палаткалар, каска киген адамдар көрініс тапқан. Суретке тартар кезде бұл жерде ондай ештеңе болмаған. Әдеттен тыс құбылыстарды зерттеумен айналысатын воронеждік мамандар пленкаға энергетикалық «есте сақтау өрісінде» сақталып қалған көп жыл бұрын, яғни Ұлы Отан соғысы жылдары болған оқиғалар көрініс тапқанын айтады. Тіпті, воронеждік ғалымдардың «есте сақтау өрісі» болатыны туралы пайымдаулары расқа шыққанның өзінде «аспандағы шайқастарға» байланысты жұмбақтар толық шешіле қоймады. Айталық, кейбір деректер елес шайқастар кезінде нақты заттардың болатынын хабарлайды...

...1686 жылы Ұлыбританияда қару асынған солдаттардың аспандағы шеруі байқалған. Бұл кезде жерге мылтық, қылыш, шлемдер құлап түскен.

...1880 жылы Килькенни деген жерде байқалған «аспандағы шайқастан» кейін жерден сынған ағаштар, шөпке тамған қан тамшылары табылған. 1982 жылы Кеңес елінің әскери ұшқыштары Украина аспанында кетіп бара жатып, кенеттен «уақыт ойығына» тап болған. Сонда олардың көргені... төменде қызыл жұлдызы бар кеңес елінің ауыр бомбылаушы ұшағын немістің ұшқыр истребительдері қуалап атқылап жүр. Одан төменде яғни жерде қым-қиғаш соғыс жүріп жатыр. Жарылып жатқан снаряд, бомбы, атойлап бір-біріне қарсы ұмтылған әскер, қаптаған танк... Бұл әрине санаулы секундтер ішінде ұшқыштарға көрінген көрініс еді. Іле таң-тамаша соғыс көзден ғайып болған. Осы жерге қайта айналып келген ұшқыштар қайтіп әлгі майданды көре алмаған...

Шамасы бұл «уақыт ойығында» сақталып қалған Ұлы Отан соғысының бірі көрінісі болса керек...

Мұндай жұмбақ құбылыстардың тізбегі осымен шектеліп қалмайды. әзірге оларға толыққанды түсінік берілген жоқ. Қазіргі заманғы ғалымдардың пайымдауларынша, «елесті шайқастардың» мистикаға ешбір қатысы жоқ және көп ұзамай, олар бізге жұмбақ болудан қалатыны белгілі.

Жас кезінде Иоганн Вольфганг Гете университетті бітіріп туған қаласы Страсбургке қайтып келе жатқан жолда бір жұмбақ жағдайға тап болыпты. Бұл жөнінде ұлы ақын кейінен күнделігіне мынадай жолдар жазып қалдырыпты. «Маған қарсы атқа мінген бір адам келе жатты. Ол – мен едім. Үстіне қорғасын түстес сұр камзол киген, онысы алтынмен жиектелген. Алғашында үрейім ұшып, әрі таңдана тұрып қалған мен тезарада есімді жиып, атымды тебініп қалдым. Сол-ақ екен қарсы алдымда тұрған бейне – өзім лезде ауада еріп жоқ болдым... Сегіз жыл өткен соң құдай айдап, баяғы жолмен келе жатқанда үстіне қорғасынға ұқсас камзол киген өз бейнем тағы да қарсы жолықты...»

*«Айқын»
шілде. 2011 жыл*

ҒҮН ӘТИЛЬДІҢ АЛТЫНЫ...

«Жер бетіне тығылған қазыналарды ақтарып-төңкеріп, бағасын шотқа салып есептеп жіберсең, соның өзі-ақ әлем халқын елу жыл асырауға жетеді» деген пікір бар. Кім білсін? Бірақ әлгі айтылғанның сөздің астарына байыптап қарасаң, өзегінде бір шындық жатқанын байқауға болатындай.

Қазына... талайлардың түнде ұйқысын, күндіз күлкісін ұрлаған сиқырлы дүние... Ежелгі перғауындардың, бергісі Шыңғысханның қазынасын іздеп, дүниені шиырлап, сүлдесі құрығандар қанша ма? Сол бір көкжиекте сағымдай бұлдыраған сиқырлы мекенді іздеп, сол жолда барын да, жанын да бергендер жүздеп емес, мыңдап саналады. Әсіресе, атакты шапқыншы, қолбасылар Александр Македонский, Аттила, Шыңғысхан, оның немересі



Батухандардың қазыналарын іздеушілердің орны бөлек. Бүгінде Македонский, Аттила, Батухандардың азды-көпті қазыналары табылғанымен, Шыңғысханның байлығы тұрмақ, өзінің жатқан жері әлі белгісіз. Әрине қазына дегенде кез келген адамның көзіне жат-жұлт еткен алтын елестері хақ. Шындығы сол барлық дүниенің нарқы алтынмен есептеленетіні тағы бар. Әзірге жерден қазып алынған алтын әлем бойынша 160 000 тонна деп есептеледі. Ал әлі игерілмей жатқаны қанша...

Ежелгі заманда Мысыр елінің байлығы 3500 тонна алтыннан тұрған. Ассирия арасында болған соғыста бұл байлық ассириялықтардың қолына өтсе, кейіннен парсылар жеңген соң, парсы патшасының қазынасын толтырған. Атақты македондық қолбасшы Александр Македонскийдің парсы патшасы Дари-III-ке қарсы осы алтын үшін аттанған. Барды. Жеңді. Алтынды алып еліне қайтты. Жалпы Македонский жорықта жүріп өзге елден өз жеріне 10 000 тонна алтын жиған. Гректердің билігі аяқталған тұста ол елдегі бар байлық-қазына Ежелгі Римнің қолына көшті. Әрине, қай ел бай, сол ел әлем қожасы. Содан кейін Римнің дәуірі басталғаны белгілі...

Атақты қолбасшы Александрдың өмірі тым қысқа болды. Көктей жұлынды. Оның өлімі жөнінде түрлі аңыз көп. Бірақ біздің айтпағымыз ол емес, оның артына қалдырған қазынасы жөнінде. Былтыр Болгариядан сол қолбасшыға тиесілі деген біраз қазына алтын-күміс, гауһар тастар табылды. Ғалымдар зерттей келе қазына Александрдың әулетіне жататынын анықтап шықты. Бірақ македондық ұлы қолбасшыдан бұдан басқа байлық қалды деп айта қою қиын сияқты. Өйткені ол елдің бүкіл байлығы кезінде римдіктердің қолына өтіп кеткен-ді. Дегенмен тарихта Аттиланың, Батуханның қазынасы жөнінде әңгіме көп. Біздің тілге тиек еткелі отырған тақырыбымыз атақты Аттиланың қазынасы жөнінде болмақ. Ұлы ғұн қолбасшысының қазынасы қайда жасырылған? Табылды ма? Табылса қай маңнан? Әңгіменің өзегі осы болмақ.

Ай тұтылған түнде Соғыс құдайының жеңіс семсерін тауып алған Аттила тұтас Еуропа тарихына өзгеріс жасады. Жолындағысын тас-талқан еткен ұлы қолбасшы Римге бір емес бірнеше рет қанды жорық ұйымдастырды. Ал ол тұста Рим мұқым Еуропаның қожасы еді. Кәрі құрлықтағы барлық тайпа-ұлыстар Рим императорларының ашса алақанында, жұмса жұдырығында

болды. Ал Аттила сол құлдық бұғауда отырған Еуропаны Римнен азат етті. Содан болар батыс Аттиланан азат етуші батыр ретінде таниды. Қаншама эпостық жыр, шығармалар, өлеңдер арналды. Кейіннен ондаған көркем және деректі фильм түсірілді.

Иә, Аттилланың тарихтағы орны осындай. Ал оның жаугершілік заманда, өзге мемлекеттерден тартып алып, өзінің өлерінен біраз бұрын жасырып кеткен қазынасы жөнідегі аңыз өте көп. Аттилланың қазынасы қайда? Және оның қазынасы өзінен кейінгі ұлы жиһангер Шыңғысханның қазынасынан еш кем болмағаны белгілі. Тарихшылар солай дейді. Өйткені Қара теңізден Римге дейін аралықта жатқан елдерді шапқаннан жинаған қазынасы аз болмауы тиіс. Оның баға жетпес байлық өзінің соңғы тоқтаған жері әрі резиденциясы болған Бибионе қаласында деген болжам айтылады. Бұл қала Адриатика теңізінің жағасында орналасқан. Бірақ бұл қаланы кейінен теңіз суы көтеріле келе басып қалғанға ұқсайды. Ол қаланың орнын табу бүгінгі археолог-сүнгүірлердің арманы екені белгілі. Өйткені мол байлықтың үстінен түсу бар да, атақты Аттилланың қазынасын тапқан адам ретінде тарихта ену тағы бар. Профессор һәм археолог Фонтани ол қаланың орны қайда ораласқанын нақты анықтай білген жан. Ол гүндардың Батысқа жасаған жорық жолдарын зерттей отырып, тарих үшін аса қажет олжаның үстінен түскен. Ұлы қолбасшының сарбаздарының жүріп өткен жолдарының бірі Венеция шығанағына барып тірелген. Сұрастыра келе профессор жағалаудағы шағын елдімекен халқы үй салу үшін, қажетті құралдарды алыстан іздемейтініне көз жеткізген. Өйткені елдімекен халқы теңіз түбіне сүңгіп, әр түрлі пішіндегі тас кірпіштерді алып, шығып баспананы тұрғыза беретін болса керек. Ал балықшылар профессорға талай мәрте ауға түрлі монеттер, әшекей заттар ілінгенін жырғып айтқан. Фонтани балықшылар берген жәдігерлерді зерттей келе ол біздің жыл санауымыздағы төртінші- бесінші ғасырға жататынын анықтаған. Бұл сол Аттила шапқыншылығы кезбен тұспа-тұс. Фонтани аквалангистер тобын шақырып, теңіз түбін кең түрде барлаған. Олар қираған қала орнын тапқан. Су астынан өткеннен сыр шертетін қанша ма, жәдігерлер, құрал-заттар, бұйымдар тапқан. Тіпті арасында көшпелілер пайдаланылған заттарда кедескен көрінеді. Осының бәрін зерттей келе профессор бұл қала Аттилланың резиденциясы болған Бибион болуы мүмкін деген болжам айтқан. Бірақ нақты



емес. Сол-ақ екен көмбе іздеушілер Аттиланың баға жетпес қазынасын іздеу үшін осы маңға лап қойған көрінеді. Бірақ осы күнге дейін Ұлы гүн қолбасшысының қазынасын таптық деген жан болған емес. Соған қарағанда қазына ол жер емес, бас маңда болуы мүмкін. Аттиланың қазынасын іздеуден орыстарда қалыс қалар емес. Өйткені ұлы қолбасшы Қара теңіз жағлауынан аттанғаны тарихтан белгілі. Тіпті жаулап алудан қолы босаған кезде осы теңіз жағалауына шатырын тігіп, жылдап демалып, алдағы жорықтарын жоспарлар жататыны тағы бар. Осы мәселе орыс зерттеушілерін Аттиланың тарихын, қазынасын іздеуге басты себепші болуда. Рас, орыс жерінде көне тайпа көсемдерінің жерленген молалары жетерлік. Солардың зерттелгені жиырма шақты. Молалардан ескі заман бұйымдарымен бірге шіруден аман қалған адам сүйектірде табылған. Кейбірінің табыты алтын-күміспен апталған. Қару-жарағы да асыл темірден жасалған. Бірақ әзірге «мынау Аттиланың денесі, мынау оның қазынасы» деп жаһанға жария болған ештеңе жоқ. Тек жалпақ дүниені гүндардың Батысқа жасаған жорықтарда қолға түсіріп не болмаса тартып алған мол қазынасы жөніндегі аңыз тыныш таптырар емес. Тағы бір қазына ол атақты Шыңғысханның немересі, Жошының ұлы Батуханның байлығы жөніндегі қаңқу сөз. Ол басқарған империяның шығысы Ертіс өзенінен басталып, батысы Дунай дариясына дейінгі аралықты алып жатты. Бату әкесінен гөрі, атасы Шыңғысхандай қаһарлы еді. Халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады. Ол 1243 жылы Еділ сағасынан Сарай қаласын салдырды, бұл қалада алтынмен аптап, күміспен күптелген сән-салтанатты хан сарайы, төңіректің төрт бұрышынан келген саудагерлер жиналатын сауда алаңы болды. Азия тарихшылары «Батудың қазынасының көптігі сол, ол өзі салдырған шаһарды алтынмен аптады, күміспен күптеді. Жаулап алған жерлерден шеберлер алдырып, қаланың сән-салтанатын арттыратын сарайлар салдыртты. Сол заманда Сарай-Батудан көркем һәм бай қала еш маңда жоқ еді» деп жазады. Кім не десе де ұлы Шыңғыс қағанның немересі, атақты қолбасшы Жошының ұлы Батухан әлемді тігіреткен аса қаһарлы хан болғаны анық. Оның жаугершілігі өз алдына. Біздің айтпағымыз, сол Бату ханның әлемге аңыз болып тараған екі алтыннан құйылған арғымағы жөнінде болмақ. Аңызға сүйенетін болсақ, Бату басып алған елдерден жиналған алтыннан екі сәйгүлік құйдырған. Аттың

көздеріне жақұт тастар орнатылған. Сом алтынан жасалған бұл екі пырақ Сарай-Бату шаһарына кіре беріс қақпаға қойлып, қаланың сәнін кіргізіп тұрған көрінеді. Батухан дүниеден өткен соң оның орнын басқан Береке хан алтын аттарды өзі орда тіккен Сарай қаласына көшірген. Ол қазіргі Ресейдің Волгоград облысындағы Царев селесының маңы. Бұл алтын аттар кейінен билік тізгінін қолына алған атышулы хан Мамайдың кезінде жоғалып кеткен. Өйткені Мамай Күлік шайқасында жеңіліп, кейін шешінген кезде алтын аттарды алып жүруге мұршасы болмай қалған көрінеді-мыс. Кейбір аңыз-әңгімелерде алтыннан құйылған аттар Мамаймен бірге көмілген дегенді келтіреді. Кім білсін?

*«Айқын»,
маусым. 2013 жыл*

ЖАПОНИЯДА ЖЕР СІЛКІНДІ МЕ ӘЛДЕ..

Үстіміздегі жылы 11 наурызда Жапон елінде 10 балл көлемінде болған зілзала жалпақ дүниені дүр сілкіндіргені белгілі. Күшті дүмпу салдарынан теңіз су көтерілді. Яғни мұхит толқындары 10-15 метрге дейін шарықтап, цунами пайда болды. Ол теңіз жағасындағы ондаған қалашықты, ірі кәсіпорындарды, зауыт-фабрикаларды шайып кетті. «Фукусима-1» деп аталатын атом стансасына үлкен залал келтірді. Жапон елі орасан-зор шығынға ұшырады. Өлгені бар, із-түзсіз жоғалғаны бар, 30 мыңға тарта адам опат болды. Экономика кері кетті. Атом стансасынан бөлінген улы радиациядан тіршілік біткен зардап шекті.

Зілзала залалы жапон елі үшін тым зор. Үкіметтің алғашқы есебі бойынша шығын 300 миллиард доллардың көлемінде. Ал «Фукусима-1» атом стансасының келтірген зияны 133 миллиард доллар шамасында. Ал тәуелсіз сарапшылар ортақ шығынның көлемі кем дегенде 1 триллионның көлеміне жетіп жығылады деседі. Әзірге Жапон Үкіметі зілзала әкелген шығынмен күресу үшін 50 миллиард доллар бөлді. Аз қаржы емес. Бұл өз алдына жеке әңгіме. Біздің айтпағымыз ол емес, басқа. Кем дегенде бір жарым айдай әлемнің жетекші ақпарат құралдарының бірінші беттерінен түспеген Жапон еліндегі зұлмат соңғы кезде ғана сәл тыншығандай болды. Бірақ басылым беттерінде осы зілзалаға байланысты



алабеттен ойға толы мақалалар, зерттеулер шыға бастады. Бір қызығы, солардың негізі «Жапон еліндегі жер сілкінісі қолдан жасалды. Жапон Үкіметі жасырын түрде теңіз түбінде ядролық қару сынады. Алайда белгілі бір қателіктерге жол беріліп, жарылыс болды. Ол өз кезегінде толқынның пайда болуына септігін тигізді. Ауада улы қалдықтардың яғни радиацияның пайда болғанын білген билік амалсыз, Фукусима атом стансасында кішігірім ақаулар жасап, зілзала стансаға әсер етті деген лақап таратты» деседі. Ал енді бірі: «Ғарыштан түсірілген суреттерге қарасаңыз, зілзала кезінде теңізде үлкен қазан шұқыр пайда болды. Сілкініс кезінде суда ондай аса үлкен шұңқыр пайда болуы мүмкін емес. Тек жарылыс болған жерде ғана шұңқыр пайда болады. Демек жапондар белгісіз бір нәрсе сынаған» деседі. Бірақ ешкім «дәл солай еді» деген нақты дәйек айтпайды. Тек болжам. Ал Japan Times Weekly-дің бұрынғы редакторы, жазушы-эколог Йочи Шимацу бұдан да зор пікір білдірген. Егер де оның айтқандарына сенер болсақ, бейбіт мақсаттағы атом стансасының бір бөлігінде ядролық бомбы жасау жұмысы жүргізілген. Сондай-ақ Йочи Шимацу қолынан келгенше бұл айтқандарын дәлелдеуге тырысқан. Жазушы-экологтың пікірінше, «Фукусима-1»-дегі төртінші энергоблоктағы өрттің қалай шыққаны да жұмбақ. Бұл өрт бассейні сарқылып, суытатын суы таусылған уран стерженьдерінің қызып кетуінен шықты дейді. Бірақ ресми деректер мен құжаттарға сәйкес, апат болған күні бұл блок жұмыс істемей тұрған. Сонда 4-ші блоктың реакторы электр қуатын шығару үшін пайдаланылмаса, онда ол не үшін жұмыс істеп тұрған? Шимацудың пайымдауынша, бұл сұрақтың жалғыз ғана жауабы болуы тиіс: 4-ші энергоблокта уран байыту процесі жүріп жатқан. Бұл процесс ураннан қару ретінде қолданылатын материал алудың бірінші кезеңі болып табылады. Яғни жапондар осы стансада жасырын түрде атом қаруын жасауға тырысқан. Бірақ сәтсіздікке ұшыраған. Йочи Шимацу осындай пікірде. Бұл болжам да қаншалықты шындыққа жақын, оны уақыт көрсете жатар. Дәл осы жерде, мына бір пікірлерді еске ала кетсек артық болмайды.

2009 жылы 25 мамырда Солтүстік Корея ядролық қару сынаған соң-ақ жапондар жедел түрде атом қаруына қол жеткізу керек деген пікірге келгендей еді. Мәселен, Жапон әуе күштерінің бұрынғы қолбасшысы Тосио Тамогами: «Солтүстік Корея АҚШ-қа жете

алатын ядролық зымыран жасауға аса құлшыныс жасап отыр. Бұл өз кезегінде Жапонияға да үлкен қауіп-қатер әкеледі. Сондықтан біз де ядролық қаруға қол жеткізуіміз керек» деген мәлімдеме жасаған. Оның бұл айтқандарына Жапон қорғаныс министрінің бұрынғы орынбасары Синго Насимуро да қолдайды. «Жапонияның қорғаныс стратегиясы АҚШ-тың ядролық шатырының астына тығылатындай емес, өзгеше болуы керек» дейді ол.

Міне, осыдан-ақ Жапон билігінің өз алдына ядролық қару жасауға ұмтылысын байқауға болады. Өйткені Жапон үшін қауіпті тек Солтүстік Корея ғана емес, әскери күш-қуаты жылдан-жылға артып бара жатқан Қытай да қатердің көзі болып саналады. Демек оларды сабасына түсіріп отыратын Жапон еліне ядролық гүрзі керек болған. Осындай себептер Йочи Шимацу айтқандай жапондарды ядролық қару жасауға итермелеген. Алайда мұның бәрі қаншалықты ақиқат, ол жағы бізге белгісіз. Жапон елінде расында зілзала болды ма, әлде ядролық қару сыналды ма? Оның ақ-қарасына алдағы уақытта көз жеткізе жатармыз. Енді бір ел өзге елді үркіту үшін, екінші бір ел өзіне қалқан етуі үшін қызығып жүрген атом қаруын адамзат қай кезде жасады дегенге келейік.

Бір еске сала кететін жайт, 1949 жылы 29 тамыз күні КСРО алғашқы атом бомбысын Семей полигонында сынаған болатын. «АҚШ пен КСРО арасындағы атом бәсекесі қалай басталды?» дегенге келетін болсақ, дүние жүзінде алғашқы атом бомбасы 1944 жылы америкалықтар «Манхэттен жобасы» деген құпия жоспардың аясында жасап шығарды. Алғашқы үш атом бомбысының біріншісі АҚШ өз жерінде – 1945 жылдың 16 шілдесі күні сынақтан өткізсе, екінші және үшіншісін адамзатқа қарсы қолданды. Нақтылап айтсақ, Жапонияның Нагасаки және Хиросима қалаларына тастады. Осылайша АҚШ бүкіл әлемді үркітіп, ұсында ұстағысы келгені белгілі. Бірақ арада санаулы жыл өтпей-ақ, КСРО Семей жерінде алғашқы атом бомбысын сынақтан өткізді. Осылайша екі ел арасындағы бәсеке басталып кетті. Бір қызығы, америкалықтар соғыстан қалжырап шыққан Кеңес елі атом бомбысын жасауға қауқарсыз деп ойлағаны белгілі. Алайда Кеңес еліне тым биікте ұшып, еркін кіріп, барлау жүргізіп жүрген АҚШ-тың Б-52 шпион ұшағы Семей аспанынан ұшып бара жатып, атом радиациясын тапқан. Бұған АҚШ саясаткерлері де, әскерилері де әрі таң қалды, әрі үрейленді. Арада көп



уақыт өтпей КСРО алғашқы сынақты бастап жіберді. Содан бергі уақытта 1945-1992 жылдар аралығында АҚШ 1056 рет ядролық сынақ жасаған. Оның тек 27-і ғана бейбіт мақсатқа арналған. Ал 1949-1990 жылдар арасында КСРО 715 сынақ жасаса, оның 156 бейбіт мақсатқа арналыпты. Ресей (КСРО) 1990 жылы ядролық сынақ жасауды тоқтатты және сынақ алаңдарын жойды. АҚШ одан 1992 жылы бас тартты. Бірақ сынақ алаңдарын сақтап қалды. Ал Қытай мен Франция әлі күнге ядролық сынақты жалғастыруда. Тағы бір еске сала кететін жайт, әлемдегі «ядролық клубқа» бүгінгі күні сегіз мемлекет кіреді: АҚШ (1945 ж), Ресей (КСРО, 1949 ж), Ұлыбритания (1952 ж), Франция (1960 ж), Қытай (1964 ж), Үндістан (1974 ж), Пәкстан (1998 ж) және Солтүстік Корея (2006 ж). Сондай-ақ ядролық қару өздері мойындамаса да кейбір сарапшылар Израильде 200 заряд бар деп есептейді. Бұған қоса Оңтүстік Африка республикасы өз күшімен 6 ядролық заряд жасап, бірақ оны кейін өздері жойып жібергені белгілі. Ал әлем бойынша ядролық арсеналы төртінші орында тұрған Қазақстан өз еркімен атом қаруынан бас тартқаны белгілі. Өзгеге үлгі көрсетті. Алайда, әлемде әлі де ядролық қақтығыстың қауіп-қатері сақталуда. Олай дейтініміз, Латын Америкасындағы бір қатар елдер, Парсы шығанағында жатқан Иран қандай жолмен болсын ядролық шокпарға ие болуға ұмтылуда. Сонымен қатар, 2006 жылы ресми түрде ядролық қаруын сынақтан өткізген Солтүстік Корея әлсін-әлсін әлемді атом қаруымен үркіту үстінде. Жоғарыда келтірілген деректерге көз салсақ, енді атом қаруына жапондарда иек артқысы бар.

*«Айқын»,
Сәуір. 2011 жыл*

ҮШ АЙҒА КЕШІККЕН ЖЕҢІС...

Биыл КСРО халқы Ұлы Отан соғысы деп ат берген неміс-кеңес соғысының аяқталғанына 65 жыл толды. Санаулы күндерден кейін Ұлы жеңістің негізгі иегері Мәскеуде үлкен әскери шеру өтпек. Оған 50 миллионға тақау адамды жалмаған қанды қасапқа қатысқан елдердің ардагерлері мен әскерилері қатыспақ. Әрине, онда да жеңімпаз елдердің. 65 жыл аз уақыт емес. Дегенмен

сол соғыстың кейбір шындықтары енді ашылып жатыр. Тіпті әлі күнге құпиялығы сақталған құжаттар бар. Бірақ, бір ақиқат дүние, соғыстың күтпеген жерден басталғанының өтірік екені. Шындығында, КСРО соғысқа даяр тұрды. Тіпті соғысты Үшінші Рейх емес, Кеңестік ел бастауға ұмтылғаны жөнінде нақты деректер жеткілікті. Сол деректерге үңілетін болсақ, немістер ағылшындармен (бұған дейін Гитлер жарты Еуропаны өзіне қаратып үлгерген еді) басы қатып жатқанда, Мәскеу Гитлерлік германияны киратудың амалын қарастырып, сұңғыла жоспар құрып үлгерді. Оны Ресей (ҚМ) мұрағатында 1941 жылғы қорғаныс халық комиссары С.Тимошенко мен Бас штаб басшысы Г.Жуков және А.Васильевскийдің бірігіп Сталинге осындай жобамен шыққанын растайтын хат әлі сақтаулы. Онда «Алдағы міндет – мамыр айында Вермахтың алдын алып, (немістер 22 маусымда соғыс ашқаны белгілі) неміс әскерлерін Польша жерінде, Висла өзені мен Краков маңында талқандау керек» деп көрсетіледі. Мұндағы КСРО-ның ойы ағылшындармен алысып жатқан Германияның бір бүйірінен тап беріп, бүріп тастау еді. Қызыл әскер бұған біршама жақсы даярлықтар жүргізді. Шабуыл жасау үшін Батыс шекараға ірі әскери техника мен жүздеген дивизияны шоғырландырды. Тіпті Германияға шабуыл жасау 12 маусымға белгіленді (бірақ бұл алдын ала соққы беру жоспары Сталиннің табансыздығының арқасында іске аспай қалды). 13 маусым күні Батыста шоғырланған барлық әскери бөлімдерге «Кез келген уақытта Еуропаны азат етуге даяр тұрындар!» деген бұйрық та беріліп үлгерді. Бұл ащы шындыққа ешкім қарсы дау айта қоймас. Тіпті Германияны басып алу үшін ірі әскери құрамдар мен техниканы да батыс шекараға топтастырды. 1941 жылдың 22 маусымында Қызыл әскердің қолында 25 мың танк болды. Оның 14 мыңы Батыс шекарада тұрды. Ал әскери жағдайға кірісіп кетуге дайын тұрған 19 мың әскери ұшақтың 11 мыңы сол Батыста еді. Ал немістер КСРО-ға қарсы небәрі 4 846 ұшақ пайдаланды. Қызыл әскерде 60 мың миномет пен өзге де зеңбіректер болса, немістерде ол құралдардың саны 43 мыңды ғана құрады. Батыс шекарада тұрған Кеңес әскерінің саны 2 миллион 719 мың болса, Вермах әскері 2,5 миллион еді. Ал 22 маусымға қарсы Кеңес елі тағы да 77 дивизияны Батыс шекараға жақындатты. Қысқасы, соғыс басталар күннің қарсаңында Батыс аймақта тұрған Қызыл әскердің қолы 4,3 миллион, сонымен қатар

59 787 зеңбірек және 15 687 танкпен жарактанды. Бұл кезде Вермах әскерінің Шығыс майданында 3650 танк бар еді. Тіпті оған 86 фин, 60 румын және 160 венгр танксіз қосқанның өзінде немістер Кеңес әскерінің санына да, техникасына да жете алмады. Қысқасы, 166 неміс дивизиясына 190 кеңестік дивизия қарсы тұрды. Сонымен қатар, 800 мың резерв әскерге шақырылып, Батыстағы шекара дивизияларын толықтыруға жіберілді. Шындығында, КСРО үлкен соғысқа сақадай-сай тұрған болатын. Бірақ Кеңес елінің басшылары ұзақ жылдар бойы халықты алдап, «немістер тұтқиылдан тап берді, ес жиып үлгергенше Мәскеуге тақады. Сол жерде ғана біз немістерді тойтарып, қарсы сокқыға шықтық» деп алдап келді. Бірақ бүгінгі бүркемесіз шындық жағдайдың өзгеше болғанын көрсетеді. Рас, қызыл армияның немістерден сан жағынан да, техника жағанынан да басым бола тұра, масқара болып, Мәскеудің түбіне дейін шегінуінің бірнеше себептері бар. Ең басты салдары, ол – Сталиндік режимнің 1936-37 жылдары 50 мыңға жуық қызыл командирлерді, соның ішінде соғыс ісіне әбден шыңдалған, тәжірибелі бас қолбасшыларды «халық жауы» деген желеумен топтап атып жіберуі. Осыдан келіп, соғыс басталған кезде әскерді басқаратын командирлер құрамы жетіспеді. Мұның ақыры қызыл әскерлердің жаппай кейін шегінуіне, тұтқынға түсуіне, майдан алаңын тастап – безіп кетуіне ұрындырды. Екінші бір мәселе, қару-жарактың, техниканың ескілігі һәм жетіспеушілігі үлкен рөл атқарды. Кеңестік әскери ұшақтар, танктер өзге де атыс құралдары немістердің жаңа үлгідегі қаруына қарсы тұра алмады.

1941-45-жылдары кеңестік ресми дерек бойынша, «Ұрыс даласында және жарақаттан 9 миллион жауынгер (кейбір деректерде 11 миллион 300 мың адам) қаза тапты» деп көрсетілген. Жалпы, КСРО сол жылдары 42-43 миллионға (бұл нақты цифр емес, әлі күнге әр түрлі мәліметтер келтірілуде. Кей жерлерде 26 млн делінген) жуық адамынан айырылды. Келесі бір дерекке жол берер болсақ, алдымызға мынадай цифрларды жайып салады. Соғыс жылдары қызыл армия немістердің 507 дивизиясын, оның одақтастарының 100 дивизиясын жойған. Соғыстағы неміс халқы 13 миллионға тақау адам жоғалтса, оның 7-8 миллионға жуығы жауынгерлер. Соғыс жылдары қызыл армия немістердің 70 мың ұшағын, 50 мың танісін, 167 мың артиллериялық қондырғыларын,

2,5 мың әскери және тасымал кемелерін жойды. Бірақ қызыл армияның шығыны олардан екі-үш есе артып түседі.

Соңғы кезде тағы бір ашылған шындық, ол – Ұлы Жеңістің үш айға кешігіп келуі. Егер де Берлин мамыр айында емес, ақпанда алынғанда қаншама боздақ аман қалар ма еді? Кім білген? Осы мәселеге байланысты жаңа деректер былайша сайрайды. 1944 жылдың соңында тұтқынға түскен неміс генералдары басы фон Куров болып, Сталинге Берлинді қалай алу жөніндегі жобамен шыққан. Олардың есебінше, қызыл әскерлер Берлинді 1945 жылдың ақпан айында басып алуға мүмкіндігі болған. Өйткені Висла-Ордер бағытындағы қарсы шабуылда қызылдар 20 күнде 500 шақырымға дейін алға жылжыған. Ар жағында Берлин тиіп тұр, небәрі 60-80 шақырым жер ғана. Бірақ, неге екені белгісіз, 1-Беларус майданының қолбасшысы Жуков пен 1-Украин майданының қолбасшысы Конев соғысты тынымсыз жалғастыра беруге қарсы болды. Олардың Сталинге айтқан уәжі – «Әскер шаршады. Артта қалған резервтегі күштерді алдыңғы шепке жеткізу. Әскерді жаңаша топтастыру. Берлинді алу алдында сәл де болса, қарулы күштерге тыным беру». Қазіргі сарапшылар Жуков пен Конев Берлиннің түбіне келіп қалған әскерді ірікпегенде неміс астанасы сол ақпан айында тізе бүгер еді, ал аз да болса қызыл армия шабуылының саябырсығанын байқаған Гитлер тың күштерді даярлап үлгерді. Бұл өз кезегінде жүздеген мың кеңес әскерлерінің қаза табуына душар етті. Егер де рухы көтерілген қызыл армияны тоқтатпағанда немістер Берлинді қорғауға үлкен күшті біріктіріп үлгермес еді. Шығын да аз, қаланың күйреуі де кем болар еді. Осылайша Жеңіс Кеңес еліне үш айға кешігіп келді» деседі. Мұнда бір шындықтың өзегі жатқандай. Өйткені армия генералы В.И.Чуйков өз естеліктерінде «Ақпан айында жіберіп алған мүмкіндіктерге кінәлі – Жуков» дегенді айтады. Ал тұтқындағы неміс генералы Куровтың хаты Сталинге жетті ме, жетпеді ме белгісіз. Дегенмен ол өз хатында «Берлинге шабуылды Қызыл армия одақтастарының әскерін күтпей-ақ, жедел жалғастыра бергені жөн. Егерде әскер тыныс алып, іріклетін болса, Гитлер осыны пайдаланып, әскерін топтап үлгереді. Бұның арты үлкен қырғынға алып келмек. Сондай-ақ, күн жылып кетсе, өзендер арнасынан шығып, шабуылдап келе жатқан әскерге бөгет болмақ. Сондықтан Берлинге қарсы операцияны ақпан айында жүргізген



қолайлы» делінген. Сонымен қатар, әскердің Берлинге үш бағытта соққы беру керектігін көрсеткен. Бірақ Қызыл армия Берлинге шабуылды тек сәуір айында бастады. Бұл кезде Берлин тас қамалға айналып, әрбір үй үлкен күшпен, қан төгіспен алынғаны белгілі. Немістер соңғы рет тұяқ серпіп қалуға тырысты... Осылайша ондаған мың боздақ Ұлы Жеңіске санаулы күн қалғанда қаза тапты. Ақпан айында аз ғана шығынмен келетін жеңіс мамыр айында талайдың басын жұтып барып, әрең дегенде кеңес еліне қуаныш сыйлады. Бұл да бір өткен соғыстың бүгінге дейін бүркемеленіп келген ащы шындығы.

*«Айқын»,
маусым. 2010 жыл*

ҚАЙДА ЕКЕН, СОЛ – ЖҰМАҚ ЖЕР?

Неге екені қайдам, бұл өңірде құстар жылы аймақ – оңтүстікке емес, мәңгілік мұз басып жатқан солтүстікке қарай бет түзеді. Неге? Бұл жер-дүниенің қыртысын зерттеп жүрген ғалымнан жәй адамға дейін ойланатын жайт... Қаңқылдаған қаз да, тыраулаған тырна да, сұңқылдаған аққу да көк зеңгірде шеру құрып, солтүстікке қарай қалқып бара жатады. Мәңгілік тоң, көк мұз арасында оларды не күтіп тұр? Әлде, мұзтаулардың ортасында күннің нұры төгілген, суы жылы, жасыл-желегі мол, жанға-жайлы жұмақ өлке бар ма? Жыл құстарының солай қарай ағылуы соны меңзейтіндей ме, қалай?... Осы жұмақ жер – жұмбақ жерді іздеп, жүздеген адам солтүстікке аттанды. Кімде болса, алдымен жұрттың аузында жүрген жұмбақ аралды табу еді. Көбі ақ қар, көк мұзға қамалып, суықтан қатып шейіт болды. Тіпті, Ақ патшаның генералы Колчак та ұмтылыс жасаған... Жалпы, мұз құрсаңған Артика мен Антарктиданың бір қиырында жұмақ жер барын баяғының фантас жазушылары да жазып кеткен. Мәселен, Жюль Верн, Говард Лавкрафт, Джек Лондон, Артур Конан Дойл. Бұлардың қай-қайсысы да өздерінің шығармаларында ақ қар, көк мұз жастанған солтүстік өлкеде әйтеуір бір жұмақ жер бар дегенді келтіріп отырған. Тіпті миллиондаған жыл бұрын ғажайып өркениет болғанын да қолдарынан келгенше түрлі дерек-дәйекті алға тарта отырып айтқан. Бәлкім, олар адамзатқа таныс антлант-

тықтар, не болмаса шумерлер болуы да мүмкін-ау дегенді меңзеді де. Кім білсін? Бәрі де ұғымға сыяды. Неге десең, солтүстіктегі мұз басып жатқан құрлыққа сапар шеккен көптеген экспедициялар бүгінгі күні түрлі сенсациялық жаңалықтар ашуда. Мұз тондардың астынан мамонттардың, жылы өңірді ғана мекендейтін құстардың қатып қалған қалдықтарын, белгісіз көне жұрттан қалған әркілы жәдігерлер тауып, «бұл өлке кезінде күні шуақты, жасыл-желекке оранған аймақ болған» деген тұжырымдар жасауда. Бірақ түпкілікті шешім жоқ. Әзірге болжам ғана. Дегенмен, чех жазушысы Карл Глоухтың «Дуаланған өлке» деген романы Гренландияның бір қиырында жасыл желекке оранған, аң-құсы жыртылып айрылған, суында балығы мол жұмақ жерді суреттеген. Әлгі жерде тас ғасырының адамдарының деңгейіндегі саналы тіршілік иелері мекен еткені туралы жазған. Жазушы романын жазбас бұрын, сол жерде тұратын жұртпен кездесіп, көне жұрт жөнінде елдің есінде қалғандарын қағазға түсіріп алып, бәрін қорытып барып жазғанын айтады. Жергілікті халық баяғыда сондай өлке болғанын, кейінен жойылып кеткенін әлі күнге жыр қылып айтып жүрсе керек... Дәл сондай жұмақ өлке барын геолог, жазушы Владимир Обручев XX ғасырдың басында жер қыртыстарын зерттеуге Саха еліне барған экспедицияда жүргенде жергілікті жұрттан Мұзды мұхиттың бір түпкірінде сыры беймәлім жұмбақ жер барын естиді. Олар жыл сайын құстар уақыты келгенде сол жылы аймаққа барып, ұя басып, көбейетінін, ол жерде сахаларға туыс болып келетін «онкилондар» деген тайпа тұратынын да айтады. Бұл жазушыға қанат бітіріп, жұрттан естігенін, көрген-білгенін шығарма етіп жазып шыққан. «Санников жері» деген қызғылықты кітап, өткен ғасырдың 70 жылдары киноға айналып, халық қызыға көретін картинаға айналып үлгерді. Сонымен, «Санников жері» деген атау алған жұмақ өлке бар ма, жоқ па? Ол «жұмақ жерді» ең алдымен солтүстік атырапта ақ түлкі аулап жүрген орыс кәсіпкері Яков Санников 1811 жылы көрген екен. Түлкі қуып, шошақ мұздың үстіне шыққан ол, көкжиектен көкке өрілген шыңдары бар ғажап аралды байқап қалады. Бұрын-соңды бұл маңда осындай арал барын ешкімнен естімеген аңшы жұмбақ аралға ұзақ қарайды. Алайда белгісіз аралды көп ұзамай, қалың тұман басып, көзден ғайып еткен... Неге екені қайдам, аңшы ертесінде де, одан кейінде көзіне елес болып көрінген аралды таппай қалған. Дегенмен, көргенін жұртқа



айтты. Содан кейін, ел елес аралды «Санников жері» деп атап кеткен. 1886 жылы полярлық геолог барон Эдуард Толь Котельный аралының жағасында айналаға дүрбі салып тұрып, көкжиектен көзге көрінер-көрінбес болып тұрған таулардың сұлбасын байқап қалады. Өз күнделігіне ол: «Көкжиек ашық еді. Солтүстік-шығыс беткейге дүрбі салған мен, кенеттен көкке шаншылған шындардың сұлбасын көрдім. Ол таулар шығысында құрғақ жермен ұштасып жатты... Демек, Санниковтың айтқандары жалған емес, шындық болды. Біз ол жерді картаға түсіріп, «Санников жері» деп ат қойдық...» деп жазды. Бұл ешқандай елес емес екеніне көзі жеткен Толль бірден сол маңға баруға мүмкіндігі болмайды. Дегенмен, араға он алты жыл салып, жанына үш серігін ертіп, баяғыда көрген жұмбақ өлкеге аттанады. Бірақ мұз құрсауында қалған олар қаза тапты. «Санников жерін» іздеуге талпыныс жасаған алғашқы экспедицияның сапары осылай қайғымен аяқталды. 1893 жылы Фритъоф Нансен деген саяхатшы «Фарм» деген кемеге мініп, Жаңасібір аралдарының маңын түгелімен қалдырмай шарлап шықты. Бірақ аталмыш жұмбақ аралды еш жерден таппады. Өзінің екі томдық шығармасында ол: «1893 жылдың 20 қыркүйегінде біз Толль айтқан өлкеге бет түзедік. Өкінішке қарай, аталмыш жерді кездестірмедік. Бәлкім, Тооль де, Санников та қателескен болар. Егер де олар айтқан арал рас болса, біз енді соның үстінде тұрар едік қой» дегенді келтірген. Сәл берірек келер болсақ, 1930 жылы ұшақ мініп, мұзды аймақты зерттеп жүрген Иван Черевич және Валентин Аккуратов кенеттен кездейсоқ аралға тап болады. Бірнеше мәрте суретке тартқан олар, жанар-жағармай аз болған соң, амалсыз кері қайтқан. Бірақ содан кейін ол аймаққа ұшуға реті келмей, көрген аралдары тек әңгіме және сурет қалпында қалған. 1937 жылы кеңестік «Садко» мұзжарғышы «Санников жерін» іздеуге тапсырма алып, аталмыш аймаққа бет алған. Алайда талай айға созылған бұл экспедицияда түк таппай кері қайтқан еді. Әрине, одан бері де Санников пен Толль айтқан аралды іздеп, талай экспедиция мұзды мұхитты шарлады, бірақ әңгімеге арқау болған аралды кездестірмеген. Дегенмен, соңғы кезде ғалымдар: «Санников пен Толль көрген аралдар шындығында арал емес, толқын айдап, келген айсбергтер болуы мүмкін. Олар кейде суы таяздау жерге шөгіп қалып, кейінен мұзы еріп, су болып ағып кетеді. Бәлкім, әлгі азаматтардың көргендері сондай айсбергтер болуы



мүмкін» дегенді айтады. Ал бұған қарама-қарсы пікір айтатындар да көп. Олар, «Жанартаудардың атқылауынан жаңа аралдар пайда болуы ықтимал. Тіпті, ол жерлерде Санников өз кітабында жазғандай ыстық бұлақтар ағып, жасыл-желекке оранған алқап-ормандар, таулар пайда болуы физикалық заңдылық. Құстардың да сонда ағылуы белгілі жайт. Бірақ жанартаулар қайта оянып атқылаған кезде, жұмақ өлке қайтадан мұзды аймаққа айналуы да мүмкін жайт» деседі. Бұл да көкейге қонады. Дегенмен, әлі күнге құстардың солтүстікке ұшуы тоқталған жоқ... Демек, әлі адам баласы таппаған бір жұмақ өлке мұз аймақта болуы мүмкін-ау. Кезінде Гитлер де Антарктидаға барып жасырынды. Тіпті, 1972 жылға дейін сонда өмір сүрді. Егер де адам өмір сүруіне сондай бір қолайлы жер болмаса, Гитлер көк мұздың арасында не іздеп жүр? Бұл аңыз делік, бірақ күн суытқанда оңтүстікке аттануы тиіс құстар, неге солтүстікке жол тартады... Неге?

«Айқын»,
ақпан. 2012 жыл

ІЗ-ТҮССІЗ ЖОҒАЛҒАҢДАР... ҚАЙДА?

Адамдардың айдың-күннің аманында із-түссіз жоғалып кетуі – жер бетінде жиі болып тұратын құбылыс. Ғалымдар солай дейді. Тіпті, топ-тобымен, тайпасымен жоғалғандар да жеткілікті. Осы жөнінде нақты дерек-дәйектерді көптеп келтіруге болады. Бір жағынан бұл жай әңгіме, аңыз-ертегі секілді бірдеңе болып көрінуі мүмкін. Алайда жер бетінде адамдардың әлсін-әлсін жоғала беруі осы саланы зерттеуге ғалымдарды да итермелеген көрінеді.

Бір қызығы, көз алдында тұрған жарың не болмаса балаң кенеттен ауаға сіңіп, буалдыр тұманға айналып бара жатса қайтер едіңіз?.. Үрейіңіз ұшары хақ. Бірақ қолыңыздан келер дәрмен бар ма? Әрине, жоқ. Әзірге ғылым мұндай жайттар неден болатынын нақты айта алмауда. Тек түрлі болжамдарға ғана баруда. Сонымен, жұмыр жердің әр тұсында тобымен, тайпасымен жоғалғандар жөнінде сыр шертелік.

Адамдардың тайпасымен жоғалуы алғаш рет Солтүстік Америкада тіркеліпті. Оқиға 1587 жылы болса керек-ті. Роанок



колониясына қарасты кішкентай елдімекенің адамдары тал түсте ауаға сіңіп кетіпті. Олардың жалпы саны отыздан астам. Арасында еркегі-ұрғашысы, баласы бар. Елдімекен шағын көлдің жағасына орналасқан екен. Жұртың айтуынша, көлде ерекше бір тылсым күш бар көрінеді. «Адамдарды жұтқан осы көл» деседі жергілікті үндістер.

Бұл-бұл ма, ғажайып оқиға өткен ғасырдың алғашқы жартысында Канада да болыпты. 1930 жылдың қараша айында осы өңірдегі белгілі аңшы Лабелль Анжикуни көлінің жағасындағы орманға қоныс тепкен эскимостардың мекеніне ат басын тірейді. Бір қызығы, өткен аптада соққанда тіршілік қызып жатқан елдімекен қаңырап қалыпты. Өлі тыныштық. Тірі жан жоқ. Хижинаның ар жақ, бер жағына шыққан аңшы ешкімді кездестірмеген соң, көңіліне күдік кірді. Бір жаққа қоныс аударып көшіп кетті дейін десең, тұрғындардың бүкіл заты орнында. Пісіріліп, үстелге қойылған еттерін де жемеген. Екі мыңның үстінде адамы бар тайпа із-түссіз жоқ. Қайда кетті? Аңшының басы қатты. Хижинадан шығып, сапарлап кеткен із де жоқ. Көңілін белгісіз қорқыныш билеген Лабелль дереу телеграф орналасқан қосқа жүгірді. Сол арқылы жақын маңдағы елдімекенде орналасқан полиция бөлімен хабарласып, болған жайды жеткізеді. Тосын оқиғаға алаңдаған полиция оқиға болған жерге арнайы экспедиция аттандырыпты. Алайда олар да ештеңе таппады. Көлді жағалай қарағанмен, қаңтарылған қайықтардан басқа ештеңе көздеріне шалынбады. Тек қана байлаулы қалпы, қар астында аштан қатып қалған шанаға жегетін иттердің қаңқасы кездесті. Екінші бір жайт, тайпаның адамдары жерленген молалар қазылып, ондағы мүрделер із-түссіз жоғалған. Осының бәрі із кесушілерді қайран қалдырды. Тығырыққа тірелген олар, «жергілікті тұрғындардың қайда кетуі мүмкін» деген сауалға жауап таппады. Егер де хижинаны тұрғындар амалсыз тастап, өзге жаққа кетті дейін десе, ең құрмағанда байлаулы иттерді босатып қоя беріп, не болмаса ала кетер еді. Екінші бір жұмбақ жайт, эскимостардың дәстүрінде жерлеген ата-баба мәйітін қайта қазып алу жоқ. Тіпті, сондай жағдай туа қалғанның өзінде мұз сірне басып жатқан жерді арнайы техника болмаса, темір күрекпен қопару мүмкін емес-ті. Бір тайпаның адамдары тұтасымен жоғалуы сол өңір тұрмақ, бүкіл Канада үшін жұмбақ болып қалды. Қанша экспедиция келіп

тексергенмен, күмәнді ештеңе таба алмаған. Тек осы маңға жақын тұратын жұрттың айтуынша, бар зұлмат көлден келген. Анжикуни көлі жергілікті үндістердің тілінде обыр көл, қарғыс атқан аруақтар мекендеген көл деген атауға ие. Кім білсін?

Міне, адамзат ХХІ ғасырға қадам басты, бірақ өткен ғасырдың алғашқы жартысында болған осы оқиғаның ақи-тақиын әлі шеше алған жоқ. Осындай тұтас ауылдарымен жоғалғандар жер шарында көп болмаса да кездесіп қалады.

Соның тағы бірі Кениядағы Энвайттент аралының тұрғындары жөнінде. Осы аталмыш аралда тұратын тайпа балық аулап, соны сагумен күнелтеді екен. Бірде аралдан балық тиелген салқайықтар жағалауға келмей қалады. Бір күн өтеді, екі-үш күн өтеді. Балықсыз қалған екінші елдімекен адамдары «біліп келіндер, не болды екен?» деп бірнеше адамды қайыққа мінгізіп, аралға аттандырады. Аралға келген олар өз көздеріне өздері сенбепті. Өйткені елдімекен бос, қаңырап қалған. Жан баласы жоқ. Бірақ бүкіл заты, үйдің мүлкі бәрі орнында. Қозғалмаған. Алайда тұтас балықшы ауылының тұрғындары жер жұтқандай ізім-қайым. Тұтас тайпа қайда кетті? Жат румен соғысып, қырылып қалды дейтін қисынға тағы келмейді. Атыс-шабыстың ізі жоқ. Сонда қайда? Бұл да ХХ ғасырдың бір құпиясы болып қалған.

Дәл осындай жағдайлар көрші жатқан Ресей жерінде де әлсін-әлсін көрініс беріп қалған. Мәселен, қарғыс атқан Плещеева көлі жөнінде қорқынышты әңгіме көп. Баяғыда осы көлдің жағасында Клещин деген шағын қала орын теуіпті. Бірде қала тұрғындары айдың-күннің аманында шаһарды тастап, жоғалып кеткен. Қайда? Белгісіз. Осы көлдің екінші бетінде тұратын халық, «кейде көл бетінде домалақ шарға ұқсаған үрейлі тұман пайда болады, соған байқамай тап болғандар тұманнан қайтып шықпайды, параллельді әлемге кіріп кетеді» деседі. Бәрі мүмкін.

Мұндай екінші әлемнің барын ғалымдар да жоққа шығармайды. Мәселен, Иркутск облысындағы Нижнеилимск ауданындағы Өлі көл жөнінде де аңызға бергісіз әңгіме көп. Көл жағасына барған адамдар кейде топ-тобымен із-түссіз кететін көрінеді. Бұл жай лақап дейін десек, 1992 жылы осы көлді жағалап өтетін темір жолда тұтас бір пойыз құрамы, адамдарымен бірге тал түсте жоғалған. Бүкіл Ресей іздеп, шабылып қалды. Бірақ пойыз құрамы еш-жерден табылмады. Көк жұтты ма, жер жұтты ма, белгісіз.



Мұндай із-түссіз жоғалғанға байланысты оқиғаларды тізе беруге болады. Көп-ақ.

Мынадай да оқиғалар тіркеліпті. 2001 жылы Қытайдың атақты үнгірлері көп Гуйлин қаласында туристерге үнгірді аралатып жүрген гид, бір қуыстан екінші қуысқа өткен сайын жанындағы адамдарды санап отырады екен. Оның мәнісі – сансыз қуыстардан туристер адасып қалуы да мүмкін. Кенет туристер өздерінің тобына белгісіз бір адам қосылғанын байқайды. «Кімсің?» деген сұраққа ол «шаршаған соң, бір қуысқа отырып, сәл-пәл демалып едім» деп жауап беріпті. Сөйтсе ол адам, 1998 жылы бір топпен үнгірге кірген екен, содан шаршағаннан ыңғайлы бір жерге отырып, демалса керек. Алайда ол жерде «уақыт иірімі» болды ма, сәл демалып алдым дегені 4 жылға созылса керек. Ал әлгі адам осынша уақыт өтіп кеткенін аңғармаған. Мұндай «уақыт иірімі» жөнінде де әңгіме көп.

1621 жылы патша Михайл аңға шығып, сол жерде Гирей ханның жасағын қолға түсіреді. Тұтқындардан сұрастыра келсе, олар 1571 жылы татар әскерлерімен бірге Мәскеуге шабуыл жасапты. Сол қанды қырғын жорық кезінде әлгі жасақ кенеттен белгісіз қалың тұманға тап болып, сіңіп кетеді. Арада 50 жыл өткен соң әлгі соғыс болған орынға қайта тап болып, патша күзетінің қолына түскен. Арада сонша уақыт өткенін естігенде, әлгілер алғашында сенбейді. Артынан барып иланған. Бұл не сонда?

Ғалымдардың айтуынша, кез келген нәрсенің ғайыптан жоқ боп кетуін табиғатта уақытша «қара құрдымдардың» болуымен түсіндіруге болады, «құрдымға» түскен адам параллельді өмірге еніп кетуі мүмкін, бірақ одан кері қайтып келуі – ілуде бір болмаса, мүмкін емес. Уақыттағы мұндай «кетіктер» геофизикалық ауытқушылықтардың салдарынан туындайды деседі.

*«Айқын»,
қаңтар. 2012 жыл*

СЕНЕСІЗ БЕ, СЕНБЕЙСІЗ БЕ...

Дөңгеленген дүниенің кез келген бұрышында жақындап келе жатқан сұмдық апатты, зауалды нәрсені алдын ала сезетін адамдар аз емес. Олар адамзатқа төнетін қасіреттің қайдан және қашан

болатынын ішкі түйсіктері арқылы біліп отырған. Жасырары жоқ, солардың ішінде әлемге кеңінен танымал болған, атышулы Нострадаумс пен Ванга кемпірдің айтқандары бір төбе. Рас, бүгінде «Ностардаумс айтты» дейтін шын-өтірігі аралас болжамдар жетерлік. Соның бірі – атакты көріпкелдің Екінші Дүниежүзілік соғыстың қай жылы, қай күні басталатынын дәл айтуы және оны кім бастайтынын дөп болжауы.

Нострадаумс Гитлердің есімін атағанда тек бір әріптен ғана жаңылысса керек-ті. «Гитлер» деудің орнына ол, «Гиплер» депті деседі... Кім білсін?... «Нострадаумс айтыпты» деген әңгіме көп... Онсыз әңгіменің әрі кірмейтіні белгілі. Жүздеген диссертациялар қорғалды, ондаған кинолар түсірілді, оның айтқандарына құрылған шым-шытырық оқиғаларға толы талай кітаптар жарық көрді. Төрткіл дүниеге аса танымал ғалымдар, саясаткерлер өз сөздерін қуаттау үшін, көріпкелдің айтқандарынан цитаталар келтіріп лепірді... Бір қарасаң, әлемде Ностардаумстан асқан ғұлама, көріпкел жоқ. Оның атағын әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары тіпті дуылдатып жібергені анық. Жұмыр жердің бір түкпірінде елді елең еткізер оғаш бір оқиға болса болды, «оны баяғыда Нострадаумс айтып қойған» деп жарыса жазды. Бір ғана мысал, өткен жылдың 21 желтоқсан күні жұрт ақырзаман болады деп күткені белгілі. Өйткені майя тайпасының күнделігі сол күні бітетін. Бұған ғалымдардың «Дәл сол күні ғаламшарлар шеруі басталады. Ол 26000 жылда бір рет болатын оқиға. Мұндай сәттерде табиғатта түрлі апаттар орын алуы мүмкін» деген болжамы қосылды. Дәл осы сәтті пайдаланып кейбір пысақайлар «Ностардаумс 2012 жылы 21 желтоқсанда ақырзаман болады деп баяғыда айтып қойған. Сол қасірет күні таяу» деп жалпақ жаһанды әбігер еткені белгілі. Ақырзаман болған жоқ. Пысықайлардың көріпкелді алға тарта айтқандары босқа кетті. Ал ғалымдардың «түрлі апаттар орын алуы мүмкін» деген тұжырымдары шындыққа айналды. Әлемнің әр қиырында болып жатқан тосын оқиғалар, зілзала, қалың нөсер, нөпір қар жаууы, өрттің қаптауы, мемлекеттер арасындағы жанжалдардың өршуі – бүгінгі күннің ақиқаты. Бұл ғаламшарлардың бір тізбекпен бірін-бірі қуып жылжуы кезінде табиғатқа һәм адам санасына әсер ететін бір тылсым күші деп қабылдаған жөн. Расында, «Ностардаумс кім, жұрт басын шұлғи беретіндей дана, көріпкел ме?» деген сауалға, «Жоқ» дейді



көпшілік. «Ол бар болғаны жарнамасы шектен тыс қатты жүрген адам. Оның асып бара жатқан көріпкелдігі жоқ. Бір жерде болып кеткен оқиғаны «Ностардаумс болжаған екен» деген ғана әңгіме айтылады. Әйтпесе, оның алдын ала белгілі бір кезеңге, жылға сілтеме жасалып айтқан қандай бір көріпкелдігін, болжамын айта аламыз? Ондай жоқ қой. Ол кім, момақан ғана тірлігі бар еврей әйелден туылған бала. Асқан білімі де жоқ. Дұрыстап қаріп те танымаған. Ортанқол ғана көріпкел. Тіпті, алаяқтығы, плагиаторлығымен аты шыққан жан. Өзінен бұрын өткен Плутарх, Ливия секілді абыздардың айтқандарын «мен айттым» деп, орта ғасырлық суретші Жан Фроссардың еңбектерін «өзімдікі» деп жұртқа жария еткен пенде» деседі көпшілік. Кім білсін, солай да шығар. Тіпті, кеше ғана дүниеден өткен Ванга жайында да сондай алып-қашпа әңгіме көп. «Ванга ешқашан дәл мына жылы, мына күні мынадай оқиға болады» деп нақты айтпаған. «Әйтеуір алдағы күндері мынадай жайт орын алуы мүмкін» деген екі-ұштылау бірдеңені долбарлайтын. Оны кім айтпайды?» деседі көпшілік. Бәлкім, жұрттың айтқандарында да жан бар шығар. Бірақ, кім не десе де, әлем Ностардаумс, Ванга, Эдгар Кейсиді мойындап қойған. Өзге көріпкел, жұлдызшы, сәуегейлерден бұлар әлдеқайда танымал. Бұлардың айтқандарымен санасатыны да белгілі.

Егер де, Нострадаумстың атақты «Пайғамбарлық» атты кітабына көз жүгіртер болсаң, талай таңқаларлық дүниені оқып, бас шайқауға тура келеді. Өйткені оқиғалардың дәл келуі таңғалдырмай тұрмайды. Мәселен, Варфоломеевтік түн, XVI Людовиктің қазасы, Ұлы француз төңкерісі, 1666 жылғы Лондондағы атышулы өрт, АҚШ-тың Хиросима және Нагасакиге атом бомбасын тастауы, сондай-ақ Чернобыль атом электр стансасындағы апат, т.б. Бір қызығы, Нострадаумс барлық болжамдарын төрт жолдық шумақпен жазып отырған. Бүгінгі ғалымдар оның осы бір шумақтарының астарына жасырылған құпияны табу үшін ондаған жылдарын жұмсауда. Орыс ғалымдары ұлы көріпкелдің Ресейге байланысты айтқандарын жылдап отырып зерттеп, ақыры XVIII ғасырда Ресейде патша-реформатор Петр-I таққа отыратыны, XIX ғасырда Мәскеудің өртенетіні (1812 жылы), сол орыстың бас қаласының түбінде Наполеонның талқандалатыны, XX ғасырдың басында орыс патшасы Николайдың атылатыны, 1917 жылы қазан төңкерісі болатындығы туралы жазғандарын анықтап, оның

соншалықты дәлдігін көріп, қайран қалысқан. Шындығы сол, XVI ғасырда өмір сүрген француз көріпкелі XX ғасырдың ортасында Еуропа төрінде тұтанатын Екінші Дүние жүзілік соғысты да дәл болжай білген. Гитлерлік Германияны ол Антихриста десе, кеңестік Ресейді – «Жаңа Вавилон» деп атап, «бұл темір тормен шырмалған, зұлымдықтың ордасы болған елдің өмір сүруі не бәрі 73 жыл 7 айға созылады» деп қадап айтқан. Ностардаумстың әулиелігі дәл келді. 1991 жылы желтоқсанда КСРО күйреді. Коммунистер билікте 73 жыл 144 күн ғана отыра алды. Осы жерде XIX ғасырда өмірге келіп, XX ғасырдың ортасында бақилыққа аттанған, о дүниеге кетіп бара жатып, «бүгінгі әлем құдайға аса зәру» деген данышпандық сөз айтып кеткен, АҚШ көріпкелі Эдгар Кейсиді айтпай кету мүмкін емес. Әрі көріпкел, әрі дәрігер Эдгар болашаққа байланысты 26 мың болжам жасаған. Оның айтқандарының жартысынан көбі өмірде шындыққа сай келгенге ұқсайды. Мәселен, 1929 жылы АҚШ-тағы атакты дағдарыс, биржалардағы апатты оқиғалар, дағдарыстың 1933 жылға дейін жалғасып, одан әрі АҚШ экономикасы аса қатты қарқынмен дамуы, Екінші Дүниежүзілік соғыста Курск доғасындағы немістердің талқандалуы, фашизмнің құрдымға кетіп, КСРО-ның жеңісін, т.б. өте дәлдікпен айтқан. Эдгар Кейси 1945 жылы қаңтарда дүниеден өтті. Бірақ өлеріне бірер күн қалғанда Қызыл Армия немістерді қуалап, Еуропа жеріне табан тірегенін білген ол, «КСРО одақ ретінде ұзақ өмір сүрмейді, бөлшектеніп кетеді» дегенді айтып үлгерген. Қысқасы, оның күнделігіндегі жазбаларды дәлмедәл аударатын болсақ, «XX ғасыр аяқталмай-ақ жатып коммунизм құрдымға кетеді. Коммунистер биліктен тайып, демократтар тізгінді алады» депті. Шындық па, шындық. Айтқаны дәл келді ме, келді. Ол өзінің 26 мыңдық болжамының бірінде «Бурыл аю мемлекеті (Ресей деп ұғыңыз) 2010 жылдан кейін баяғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қайта құруды қолға алады. Оған картошка елі (Белоруссия) бірінші болып енбек. Одан кейін Ресей өз қолтығына Армения, Қырғызстан, Шығыс Украина және Қазақстанды алмақ. Бұл Одаққа араға уақыт салып Грузияда кіреді» депті. Бұған не дейсіз? Бұл болжам сонау өткен ғасырдың бас кезінде айтылған. Қазіргі қалыптасқан жағдайға зер сала қарасаң, Эдгар Кейсидің айтқаны шындыққа айнала бастағандай. Өйткені ТМД кеңістігінде құрылып жатқан Кедендік одақты еске



алсақ та жетеді. Демек, болжам шындыққа айнала бастағандай. Алайда ол баяғы қаһарлы КСРО-дай мызғымас одаққа айнала ала ма, жоқ па? Ол жағын көріпкел айтпаған. Кейси әлемдегі ірі табиғи апаттарды да санап берген. Оның айтқандары қазір шындыққа айналууда. Парацель деген атпен тарихта қалған тағы бір көріпкел Ресеймен бірге Қазақстанды өз болжамына арқау еткен. Жалпы, Парацель шын аты – Филипп Ауреол Теофраст Бомбаст фон Гогенхайм (1493-1541 ж.ж) швейцарлық дәрігер, алхимик. Осы көріпкел «Оракул» атты пайғамбарлық кітабында Сібір жері, орыс елі жөнінде өз ойын айта келе, «Мен өлген соң 500 жылдан кейін осы ел әлемдегі ең мықты мемлекетке айналады. Оның жалпақ бет, кара көзді, өмір бойы ат жалында ойнап өскен, көшпенді көршісі (қазақ деп біліңіз) одан кем қалмайды. Осы екі мемлекет әлемдік деңгейдегі ірі ойыншыға айналады» дейді-мыс. Есепке салып жіберсек, Парацель 1541 жылы дүниеден өткен. Одан кейінгі 500 жылды тағы есептесек, ол 2041 жылға дөп келмек. Демек, Қазақстан (Парацель ат жалында ойнап өскен көшпенді деп отыр. Демек, бұл – қазақтар) қазіргі бағыттан таймаса, әлемдегі ең өркениетті, дамыған алдыңғы қатарлы елдің бірі болмақ. XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген Парацель осылай деген. Оның айтқаны қаншалықты дәл келеді, тірі болсақ оны да көрерміз. Жалпы, әлем тарихына көз салар болсақ, алдағы уақыттан озып, көріпкелдік жасап, болжам айтқан данышпандар өте көп. Олардың арасында қараны көбейткен сәуегейлер де, нағыз көріпкелдер де бар. Бірақ олар «солай деген екен» деп сене беруге де болмайды-ау... Өйткені өмір заңы сәл өзгешелеу.

*«Айқын»,
қаңтар. 2013 жыл*

ӘЛЕМДІ БАСҚАРУДЫҢ КІЛТІ немесе Шамбала туралы шындық

Жақында Германия, Ұлыбритания және АҚШ кезіндегі үшінші Рейхқа байланысты кейбір құпия құжаттардың сырын ашуды кейінге қалдырды. Дұрысы 2044 жылға дейін... Неге? Тіпті кейбір құжаттардың құпиясын ашу ол мерзімнен де кейінге шегерілді. Соның ішінде негізгісі, СС бөлімінің бес офицерінің, яғни обер-

штурмфюрер Генрих Харрер бастаған топтың Тибетке құпия сапары. Гимлердің арнайы тапсырмасымен келген олар Тибеттегі кез келгеннің табаны тие бермейтін, шытырман оқиғасы мол, ғажайып тау, Қайлаштан жер «кіндігін» тауып қайту еді. Жер «кіндігін» табу, бүкіл әлемге жеке дара қожалық ету деген сөз. Жер «кіндігін» табу, уақытты кері айналдыра отырып, өзіне ұнаған жолмен жүру деген сөз. Сондықтан Үшінші Рейх қалайда құдіретті тылсым күшіне ие Шамбаланы іздестіруді алға мақсат етті. Себеп... әрине көп. Соның біріншісі, кез келген саналы тіршілік иесі «мәңгілік өмір» іздейтіні белгілі. Ол үшін адамға жайлы жұмақ өлке қажет-ақ. Ол қайда? Үшінші Рейх басшыларының алдында осындай «жұмақта» өмір сүрсек деген қияли арман тұрды. Екінші бір себеп, дәл сол тұста, яғни 1942 жылы Сталинград түбінде неміс әскерлері қоршауға алынды, оның үстіне Африка жерінде тұрған армиясы талқандалды. Осының бәрін безбенге салған Гимлер Гитлермен жедел кездесіп, оңаша алты сағат сөйлесті. Гимлердің қолында 2000 беттік құпия құжаттар (бұл құжаттардың кейбірі 1990 жылы кездейсоқ ашылды) болды. Фашистік Германияның Ішкі істер басқармасының және СС арнаулы жасақтың басшысы Гимлер Гитлермен алты сағат не жөнінде сөйлесті? Қазір басы ашылып, белгілі болған кейбір құжаттардағы деректерге назар аударсақ, әңгіменің ауаны жедел түрде Тибетке ғалымдар мен альпинистерден тұратын экспедиция аттандыру жөнінде болған. Олардың міндеті құпия үңгір Шамбаланы іздестіру еді. Гимлердің бұл жерде алға қойған мақсаты Шамбаланы, яғни жер «кіндігін» таба отырып, уақытты артқа бұрап, Германия үшін ең қолайлы 1939 жылға кері қайту болатын. Осы жылдан 1942 жылға дейін жіберген қателіктерді түзетіп, соғыста қалайда жеңіп шығудың жолын қарастыру еді. Құпия деректер осылай дейді... Тибетке сапар жасау жобасы үшін құпия сызбалары мол, арнайы карта да даяр тұрған. Оны да осы Үшінші Рейхтың 1938 жылы Тибетке сапарлап барып қайтқан құпия экспедициясы жасап келген еді. Осы жерде бір айта кетер жайт, сол экспедицияның Тибетке жасаған сапары жөнінде түсірілген өте құпия деректі фильмдер Берлинді Кеңес әскері басып алған кезде қолға түскен. Өкінішке қарай, осы фильмдермен бірге Шамбалаға баратын жол, жер «кіндігінің» сызбалары барлығы снаряд түсіп талқандалып, өртеніп кеткен-мыс... Әрине «неміс-

тердің айдаладағы Тибетте несі бар, мұның бәрі кейіннен ойлап-табылған қиял-ғажайып әңгіме емес пе», деген заңды сұрақ тууы да мүмкін. Бір қызығы, 1945 жылы жартылай бомба түсіп бұзылған рейхкенсесінің жертөлесінен НКВД-ның офицерлері өліп жатқан тибет ламасының денесін кездестірген. Осының өзі-ақ Үшінші Рейхтың Тибетке сапар жасау мәселесі шындық екенін танытары хақ. Сонымен немістердің Тибетке жасаған сапарына келейік. 1943 жылдың қаңтарында австралиялық кәсіпқой альпинис Генрих Харрер және Гимлердің сенімді өкілі Петер Ауфшнайтер бастаған бес адам өте құпия түрде Тибетке аттанды... Бұл жөнінде Үшінші Рейхтың санаулы басшылары ғана хабардар еді. Алайда мамыр айында Үндістанды отарлап отырған британдықтар оларды сол жерде ұстап, қамауға алды. Дегенмен кім көмектескені белгісіз, бұл бесеу түрмеден қашып шығып, жер кіндігі Шамбаланы іздеуге ит тұмсығы өтпес жыныс орманды көктей өтіп, адам шығуы мүмкін емес қия беткей, шың-құздарды басып өтіп Шамбалаға бет алды. Бұдан ары сапардың барысы қалай болды, әлі күнге белгісіз. Олар жеті жыл Шамбаланы іздеп адасып жүрді. Әр түрлі жағдайда бірге жүрген серіктері өліп, тек Генрих пен Петер ғана аман қалған. Бұлар адасып жүріп бір үнділікке кез болады. Содан соғыстың біткенін, немістердің жеңіліс тапқанын естиді. Тибетте жеті жыл тентіреген немістер Шамбаланы тапты ма, жоқ па? Осы экспедицияның өмірін зерттеген кейбір тарихшылар «олар Шамбаланы тапты. Бірақ жер «кіндігін» қалай бұраудың жолын білмеді» деген дау айтады. Кім білсін? Тибеттік ламалардың сөзіне сенсек, Шамбаланы тапқан жан әлемдік уақытты басқарғанымен қатар, ерекше тылсым күшке де ие болатын көрінеді. Ғажайып күйге енген адамның бойына өлмейтін күш дарымақ. Осының бәрін тибет ламаларынан естіп-білген Гимлер Шабала табыла қалған жағдайда сол жерге мыңдаған арнаулы жасақ аттандырып, «өлмейтіндердің» легионын жасақтамақ болған... Егерде солай бола қалған жағдайда Екінші Дүние жүзілік соғыстың қорытындысы өзгеше болып, тарих басқа бағытқа бет алар ма еді?.. Сонымен 1943 жылы Тибетке аттанған топтың соңғы тұяғы Харрер ұзақ уақыт Далай ламаның сарайында оның баласын ағылшын тіліне үйретіп, тек 1951 жылы еліне-Австрияға оралды. Жай оралған жоқ, «мәңгілік жұмақ» мекен, Шамбала жөнінде көптеген деректер ала келді. Бірақ ол деректерді бірден британдықтар тәркілеп алып, құпия мұрағатқа аттандыр-



ды. Дегенмен араға біраз уақыт салып альпинист «Жеті жыл Тибетте» деген мемуар кітабын жарыққа шығарды. Кейіннен осы кітаптағы оқиғаны бетке ала отырып Голливуд керемет кино түсірді. Осы аралықта Гимлердің Тибетке экспедиция жіберуі жөніндегі кейбір деректердің беті ашылды. Бірақ ол кезде Харрер бұл дүниелік емес еді. Сол Харрерден тартып алынған деректер мен фильмдерді Британ үкіметі әлі құпия сақтауда. Онда Шамбалаға баратын жолдың сызбалары бар көрінеді... Осы тұста айта кететін тағы бір жайт, 1920 және 1924 жылдары Британ Үкіметі де Тибеттен Шамбаланы іздеу үшін екі экспедиция аттандырған еді. Ол сапарды сол кездегі атақты профессорлар Лаффтер мен Кенсингтон басқарып барды. Бірақ осы екі топтың да тағдыры белгісіз. Қайтып елге оралмаған. 1997 жылы Непалдағы буддистердің Капан монастырының Бас ламасы Би-би-си арнасына берген сұхбатында: «Әрине жолы болған жан, Шамбалаға барып, жер кіндігін көруіне болады. Бірақ ол жерден кері оралатындар өте сирек» дегенді айтқан. Жалпы «Үшінші Рейх Шамбаланы қайдан білді» дегенге келсек, Гитлердің жақын досы Рудольф Гесс Мюнхен университетінің профессоры Карла Хаусхофердің шәкірті болған. Ал Хаусхофер XX ғасырдың басында Германияның жапон еліндегі әскери аттасасы болған еді. Сонда жүріп Карл Хаусхофер Шығыстың «Жасыл айдаһар» атты ең құпия ұйымының мүшесі болып кірген. Тибет орталығы Лхасадағы монастрда арнайы дайындықтан өтеді. Бірінші Дүниежүзілік соғыста Хаусхофер өзін жақсы қырынан көрсетіп, вермахтың генералы деңгейіне дейін өскен. Оның маңайындағылар жас генералдың өте талантты, болжамы нақты шығатынына таң қалысқан. Ол мықты көріпкел еді. Артынан өзінің айтуы бойынша, бойындағы көріпкелдік, болжам жасаушылық қасиет монахтардың ортасында арнайы дайындықтан өткен соң пайда болған. Ал Үшінші рейх басшыларының Шығысқа деген қызығушылығына осы Хаусхофер үлкен әсер еткен. Оның Тибет жеріндегі керемет мекен жөніндегі әңгімесі Гимлер бастаған топты «жер кіндігін» іздеп табуға жұмылдырған. Шындығына келсек, фашистердің бүкіл мемлекеттік нышандары, соның ішіндегі свастикасы (мемлекеттік белгісі) Германияға Тибеттен келгені белгілі. Оны да әкелген – Хаусхофер. 1904-1912 жылдары көне қолжабаларды іздеп Лхасаға барған Хаусхофер болашақтағы неміс экспедицияларының бастамасы болғаны хақ. Жалпы Үшінші Рейх үшін тибеттіктердің



рөлі үлкен болған. Неге дегенге келсек, деректер әлемді басқарудың «кілті» тибет жерінде болған деген айғақты алға тартады. Ал әлем қожасы атануға тырысқан Гителер ол елдің тылсым күштерді игере алған құпия ұйымдарымен тығыз қатынас орнатқан. 1945 жылы Берлинге шабуыл кезінде кеңес әскерлері фашист өліктерінің арасынан мыңға тарта өлген үндігималай тұқымдас ұлттардың денелерін кездестірген. Олардың бәрі өз-өздерін өртеп шейіт болғандар. Күйіп кеткен олардың жанынан ешқандай құжат табылмаған. Осының өзі-ақ Гитлер және оның айналасының тибеттіктермен жақсы қарым-қатынаста болғанын, олар білетін тылсым күштерді игеруге күш салғандықтарын көрсетеді. Әлемді басқарудың «кілті» болатын Шамбала шындық па, әлде алып-қашпа әңгіме ме? Мұны «нақты» деп ешкім де айта алмайды, сол сұқылды «жоқ» деп те оны ешкім өтірікке шығара алмайды. Өтірік болса, Британия, Германия, кезіндегі КСРО миллиондаған қаржы бөліп, ондаған экспедицияларды құпия түрде Тибетке аттандырмас еді. Барлығы да құдіреті күшті тылсымды игеріп, әлемді билеп тұруға ұмтылғаны шындық. Немістердің свастикасы секілді, кеңес елінің бес жұлдызды нышаны да сол Тибет жерінен келген. Бұлардың бәрі тибет ламаларының құрал-рәсімдері еді. Жалпы Шамбаланы іздеп аттанған ондаған экспедициялар оны тапты ма, жоқ па, белгісіз. Бәрі бүгінгі күні құпия. Шынтуайтында Тибет әлемдегі ең жұмбағы ашылмаған мекенге жатады. Ондағы бар құпия тылсымды бойына сақтаған Нам-цо көлі, Ярлунг Цангпо өзені, Қайлаш тауы әлі сырын адамзатқа аша қойған жоқ. Тіпті Қайлаш тауынан жақында «тірі» және «өлі» су табылғаны жөніндегі сенсациялық дерек әлем баспасөзінің «нанына» айналғаныда белгілі. Тибет иогалары осы «өлі» суды ішіп, өздерін біраз уақыт, не болмаса ондаған жылдарға «өлтіріп» сосын «тірі» суды ішіп қайтадан тірілетіні де таңғаламасқа болмайтын жайт. Бұл сулардың қасиеті адамдардың ағзасын жасарта алатын құдіретке де ие. Рак секілді ғасыр обаларының да бірден бір емі көрінеді. Жалпы Қайлаш тауындағы құдіретті су жөніндегі әңгімемізді алдағы санда жалғастыратын боламыз. Сонымен әлемдік уақытты алға не кері жылжыта алатын жер «кіндігі» Шамбала бар ма, жоқ па? Мұның ақиқатын алдағы уақыт көрсете жатар.

*«Айқын»,
ақпан. 2011 жыл*

КӨКТЕГІ ҚҰПИЯ ҚҰБЫЛЫСТАР

Адамзат болып жаралғалы бері көк аспанға көз тігіп, сол жақта бір тылсым күштің барына сенді. Әлі де сеніп келеді. Кейде сол көк жүзінде болып жататын оғаш оқиғалар, жеті қат көктің ар жағында құдіретті бір күштің барын паш еткендей болып тұрады. Кейде ұшаққа отырған жолаушы, не болмаса ғарышқа көтерілген космонавт «мен құдайға бір табан болса да жақындадым» деп жатады... Демек адам баласы үшін көкте бір ғажайып дүние бар екені рас.

Бүгін тілге тиек етер әңгіmemіз де бір қарағанда көгілдір тартып момақан болып жататын көк аспанда кездесер оқыс оқиғалар жөнінде болмақ.

Ғылымда «ғаламның ақпараттық өзекшесі» деген тіркес бар. Былайша айтқанда біз өмір сүріп отырған ғаламдағы өткен-кеткен оқиғаның бәрі ақпарат өзекшесінде тіркеліп отырады. Бірақ оны көру – кез келген адамның маңдайына жазылмаған бақ. Бірақ сол ақпараттық ойыққа түсіп кетіп, сонау ескі заманға, не болмаса болашақта болар өмірге тап болып таң-тамаша болған адамда р да бар. «Уақыт ойықшасы» жердің белгілі бір нүктелерінде кездеседі. Адам байқамай әлгі жерге қадам басса, өзге бір әлемге кіріп жүре берері шығар күннің көзіндей шындық. Әсіресе «уақыт ойықшалары» жерден гөрі аспанда көп. Содан болар ұшқыштар, ғарышкерлер сыры жұмбақ әлемге жиі тап болып жағатыны.

Өкініштісі сондай, жағдайды бастан өткізген ұшқыштар сырды сыртқа көп жая бермейді. Бәлкім оның білгілі бір себептері де бар болар. Енді нақты мысалға көшелік. 1994 жылы бес -алты ай аспандағы «Мир» ғарыш стансасында жұмыс істеген Ресей космонавтары білгісіз бір жағдайға тап болыпты. Қос ғарышкер өз стансаларына жақын жерден бірде гуманоидтарға ұқсаған, бірде аңға ұқсаған белгісіз тіршілік иелерін көретін болған. Бір қызығы, олар ғарышкерлермен ешқандай байланысқа түспей сырттан бақылап қана жүрген. Алғашында ғарышкерлер «көзімізге жын көрінген болар» деп ойлаған. Бірақ дәл осындай жағдайды өзге де ғарышкерлер бастан өткергенін естіген соң, бұл ешқандай елес емес екендігіне көз жеткізген. Тіпті кейбір ғарышкерлер өмірден озған туыстарының сұлбасын да ғарыштан кездестірген. Бұл не сонда? «Адам өлген соң, жаны көкке ұшып кетеді» деген, рас болғаны



ма? Көптеген ұшқыштар ұшақ көкке көтерілген соң, белгісіз бір «қолдар» ұшақты ыңғайына қарай бұрып, әкетуге тырысатынын аңғарған. Ондай белгісіз күшке ырық берген ұшқыштардың ұшағы көбіне апатқа ұшырап жататын көрінеді. Американың кос ұшқыш Майкл Бэйре мен Джей Филлипс тапсырма бойынша Тынық мұхиттың үстімен ұшып келе жатқан. Кенет алдарына кішкентай кара бұлт шыға келіп, ұшақ бұлтты жарып өтпекші болған. Тосын оқиға ұшақ бұлтқа кірген кезде басталыпты. Ұшқыштар төмен көз салғанда мұхиттың үстімен емес, шақпақ-шақпақ тас төселген шөлді өлкенің үстімен ұшып келе жатқандары байқаған. Сәлден соң, Хиросима қаласына тасталған атом бомбысының жарылғанын, одан кейін Джорджтаундағы сектанттардың жаппай өз-өзін өлтіріп жатқандарын, сондай-ақ адам баласы басынан кешкен өзге де қасіреттерді көрген. «Тозаққа тап болдық» деп шошынған ұшқыштар орталықпен хабарласпақшы болған, бірақ байланыс құралдары жұмыс істемей қалыпты. Әбүйір болғанда, ұшақ бұлтты жарып өте шығыпты. Әлгі жайттарды ұшқыштар бар жоғы екі-үш минуттың ішінде көрген екен...

Төменге көз салған ұшқыштар ұшақ бұрынғыдай Тынық мұхитының үстімен қалқып келе жатқанын, аспан шайдай ашық екенін көрген. Әлгі тылсым күшке ие бұлтқа тап болып, бастан кешкен оқиғаны айтқанда қызметтестері сенбей қойыпты... Бірақ мұндай жайтты талай ұшқыш бастан кешірген... Сондықтан мұны қияли әңгіме деп қарауға болмайтын секілді. 1996 жылы Венесуэла астанасы Каркасқа ДС-4 жолаушылар ұшағы қонған. Алдымен ұшқыш диспетчерден қонуға рұқсат сұраған. Рұқсат берілген соң әуежайға 57 жолаушысы мен төрт экипажы бар өте ескі ұшақ қонған. Олар өздерін Майамиден 1955 жылы 2 шілдеде (ара қашықтық 1800 шақырым) ұшып шыққандарын, 9 сағат 55 минутта Каркасқа қону керектігін жеткізген. Диспетчер қазір 1996 жыл 21 мамыр екенін хабарлаған кезде, онсыз да әуежайдағы заманауи ұшақтарды көріп таңырқап отырған ұшқыш ұшағын оталдырып, қайтадан көкке көтеріліп көзден ғайып болыпты. Сөйтсе бұл ұшақ бүкіл жолаушысымен 1955 жылы Майамиден ұшқан бойда із-түссіз кеткен. Араға қырық жыл салып, Каркастың әуежайына қонған. Қырық жыл бойы қайда болды? Белгісіз. Тағы бір қызық жайт, 1996 жылы 20 қарашада Англияның Саунт – Фортленд ауданындағы бір алаңқайға әскери ұшақ қонған. Ұшқыш

түскен бойда жақын маңдағы үйден шығып, ұшаққа қарап тұрған қыздан «бұл қай жер?» деп сұраған көрінеді. Қыз мекен жайды айтып, ұшқыштың ауырып тұрғанын көріп, дәрігер шақырыпты. Ұшқыш өзін Джон Э. Уокер, АҚШ әуе күштерінің лейтенанты деп таныстырған. Айтуынша 1944 жылы 9 суәірде Бельгия аспанында неміс истребителі мұны атып түсірген. «Отқа оранған ұшақ жерге құлап келе жатқынын білем, ар жағы есімде жоқ» деп жауап берген ұшқыш. Тексере келгенде ұшақ расында Екінші Дүние жүзілік соғыста болған Р-40 (Кертис) атты ұшақ болып шыққан. Тіпті ұшаққа тиген жау оғының тесіктері де анық сақталған. Сол 1944 жылдан бері ұшақ қайда болған? Бұл да анықталмаған дүние.

Тағы бір мысал. 2002 жылдың қараша айында Бака-Ратон (Флорида штаты) әуежайына бір моторлы кішкентай ұшақ қонған. Бұл ұшақ «Рэдфорд-Роуз» деп аталағын өте ескі ұшақ болатын. Ұшақты бейтаныс кемпір басқарып келген. Ол өзін Бьюлой Хендерсон деп таныстырып... жасым 20-да деген көрінеді. «1923 жылы аспанға көтеріліп едім, бір қап-қара бұлтқа тап болып, қонар жерімнен адасып қалдым. Амалсыз бірінші кездескен әуежайға қонуды ұйғардым» деп жердегілерге ағынан жарылыпты...

Өкінішке қарай, ол 1923 жылдан кейін болған оқиғалардың ешқайсынан хабарсыз болып шыққан. Өзін әлі жиырмадағы қызбын деп сезінетінін мәлімдеген. 1923 жыл қайда, 2002 жыл қайда? Сонда қыз мінген ұшақ 79 жыл бойы қайда жүрген? Бұл да жұмбақ жайт? Тізе берсең, мысал көп. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, «уақыт ойығына» тап болған жандар әлгі кеңістікте небәрі санаулы минуттар болуы мүмкін. Бірақ ол минуттар жердегі уақытпен есептегенде ондаған жылдарға созылып кетуі мүмкін деседі. Иланбасқа тағы болмайды.

1923 жылы ұшақпен көкке көтерілген америкалық 20 жасар қыз Бьюлой Хендерсон тылсым күшке ие қара бұлттың ішінде бәлкім ондаған минут қана болуы әбден мүмкін. Бірақ жерге қонғанда 79 жыл арада зыр етіп өте шыққан. Санаулы минуттарда арса-арса кемпір болған Бьюлай өзін қалай сезінді екен, ә?

1982 жылы Кеңес елінің әскери ұшқыштары Украина аспанында кетіп бара жатып, кенеттен «уақыт ойығына» тап болған. Сонда олардың көргені... төменде қызыл жұлдызы бар кеңес елінің ауыр бомбылаушы ұшағын немістің ұшқыр истребительдері қуалап атқылап жүр. Одан төменде, яғни жерде қым-қиғаш соғыс жүріп

жатыр. Жарылып жатқан снаряд, бомбы, атойлап бір-біріне қарсы ұмтылған әскер, қаптаған танк... Бұл әрине санаулы секундтар ішінде ұшқыштарға көрінген көрініс еді. Іле таң-тамаша соғыс көзден ғайып болған. Осы жерге қайта айналып келген ұшқыштар қайтіп әлгі майданды көре алмаған... Шамасы бұл «уақыт ойығында» сақталып қалған Ұлы Отан соғысының бірі көрінісі болса керек...

Жалпы Жер бетінде түрлі құбылыстар қайталанып тұратын ғажайып нүктелер жеткілікті. Бірақ ондай жерлерде болатын тылсым құбылыстардың құпиясын ғылым әлі толыққанды шешкен жоқ.

*«Айқын»,
Маусым. 2013 жыл*

АЖАЛ ҰШТАҒАНЫ

Ең бір түсініксіз кеме апаттарының басым бөлігі әйгілі Бермуд үшбұрышының ауданында, анығырақ айтқанда Атлантиканың батыс бөлігіндегі Саргасс теңізінде болған қазір де ұшырасады.

Атлантикадағы жұмбақ «өлі теңіз» туралы ежелгі дүние аңыздары небір таңғажайып сырларды алға тартады. Орта ғасырлар дәуіріндегі араб жағрафияшылары Атлантиканы «Түнек теңізі» деп атаған, ал еуропалықтар ол теңізді «құбыжықтар өмір сүретін, ажал теңізі» деп атаған. Алайда Колумб мұхитты кесіп өтті. Ол Саргасс теңізінің суларымен жүзіп, Бермуд үшбұрышының ауданындағы Америка жағалауына жетеді. Колумбтың күнделігінен компастың ерекше құбылуы, мұхит ортасында балдырлардың ұйлығуы, сулардың ғажап сәулеленуі, теңіздің бетін жалаған «от-жалынның алапат тілі», мұхиттың ар жағындағы алғашқы жердің ашылуы қарсаңында көкжиекте пайда болған жұмбақ от туралы жазбалардан оқуға болады.

Бермуд үшбұрышы аумағында кемелердің жоғалуын бір кездері құйындарға, кездейсоқ апаттарға, теңіз қарақшыларының шабуылдарына әкеп тірейтін. Бірақ қарақшылық табыс көзі болудан қалғаннан кейінгі жылдарда да, тіпті ашық күннің өзінде кемелердің жоғалуы үзілмеді. Соңғы жылдары зерттеушілер Батыс Атлантиканың не аралдарында, не жағалауында кеме қаңқалары да, өлі адамдардың денесі де табылмайтынына жиі назар аудара

бастады. Жоғалған кемелердің көпшілігі АҚШ-тың және басқа елдердің әскери-теңіз күштеріне қарайтын.

Іс-түссіз кетудің тұтас сериясы 1800 жылы басталды. Сол кезде бортында 340 жолаушысы бар американдық «Инсурагент» кемесі жоғалған еді. Соңғы уақытта аса белгілісі құрамында 99 адамы бар американдық «Скорпион» сүңгуір қайығының жоғалуы болды. Дегенмен, Бермуд үшбұрышының ауданында хабарсыз кеткен кемелердің тізмі кәдімгідей қомақты-ақ. Оның ішінде 1906 жылы Гаити аралының солтүстігіне таман тұста жоғалған шведтік «Лотта», испандық «Виго» сауда кемесі, бортында 290 курсант пен офицер болған британдық «Атланта» кемесі бар. 1929 жылы Барбадос аралынан 20 мың тонна марганец кенін алып шыққан құрамында 309 адамы бар американдық «Циклон» кемесі барар жеріне жете алмады. Жапондық «Райфукумару» кемесінен эфирге жанұшыра көмек сұрап жіберген хабарынан басқа ештеңе қалмады.

Бермуд үшбұрышында кейде кемелердің өзі емес, олардың командалары ғана жоғалған. 1921 жылы бортында екі мысықтан басқа тірі жан жоқ «Кэрролл А.Дириг» атты алып жүк кемесі жағалаудан табылды. Ал ағылшынның «Аутек» кемесі бортында экипажы жоқ, бірақ құтқаратын қайығы бар, азығы, суы жеткілікті «Ла Дахама» яхтасын теңіз үстінде кезіктіреді. Кубалық «Рубикон» кемесі Флорида жағалуының төңірігінен табылады. Бір қызығы, сол күйі сақталған кеменің бортында экипаж мүлде болмағандай. Тек теңізшілердің жеке дүние-мүлкі ғана олардың болғанынан хабар береді. Жалғыз тіршілік иесі – ит қана аман қалыпты. Әйткенмен, басқа-басқа, теңіз оқиғаларының ішіндегі ең жұмбағы осы 1892 жылдың қараша айында Нью-Йорктен Генуяға сапарға шыққан, «Деи Грация» кемесінің капитаны Азор аралдары мен Португалия аралығындағы суда жүзіп келе жатып, матростарына жағдайды анықтауды бұйырады. Өйткені олардың алдарынан «Мери Селест» деген бағыт-бағдарсыз жүзіп жүрген кеме кездескен еді. Матростар «Мери Селесттің» бортына көтерілгенмен, тірі жанды таппайды. Олар Кают-компанияда кеме капитанының өлігін көріп, қатты шошиды. Үстелдің үстінде даяр тамақ пен ішілмей қалған кофенің қалдығына қарап, капитан үстел басынан шығып үлгермей өлген деп шамалауға болар. Бейшараның көзі шарасынан шығып, беті аузы қатты бұзылып кетіпті. Матростарды шошытқан осы кейпі вахта журналындағы жазудан кеменің 10 күн бұрын 500 миль



қашықтықта болғаны анықталады. Алайда мұндай қашықтықты ешбір кеме тез жүріп өте алмайды. Кеменің мүлкіне, алты айлық азығына ешкім тимеген. Оның үстіне құтқару қайығы да орнында қалыпты. «Мери Селестті» каптиан Морхауз Гибралтарға жеткізіп, соттасып жүріп, кеменің аман қалғаны үшін сыйақысын алады. Ал аталмыш кемеге не жағдай болғаны әлі күнге дейін жұмбақ. Кеме капитаны ұл жерде белгісіз бір тылсым күштің әрекеті болғанын топшылады. Бірақ ол не? Шешуін кеме капитаны тұрмақ, бүгінгі күннің жетілген ғылымы әлі таппай отыр. Бұл бұл ма, осы Бермуд ұштағанында із-түссіз жоғалғандардың қатарына АҚШ әскери теңіз күштерінің ұшақтарыда жатады. Мәселен осыдан 65 жыл бұрын яғни 1945 жылдың 5 желтоқсан күні Флорида жарты аралына орналасқан АҚШ әуебазасы Форт-Лодердейлден көтерілген үш орындық бес ұшақ торпеда тастап үйрену үшін, оқу-жаттығу қимылдарын өткізбек болып теңіз үстіне көтерілген. Сол кезде күн жарқырап шығып, ауа-райы өте жақсы болып тұрған еді. Мұндай күндері тапсырманы орындау қиынға соқпайтын. Ұшу 14.00 басталды. Ал 15.15-те ұшақ командирі Чарлз Тейлор жаттығу сәтті өткенін, енді базаға бет алғанын хабарлаған. Арада санаулы минуттар өтісімен базаға бөлім командирінің «Біз бағытымыздан жаңылдық. Өте қиын жағдай орын алды. Жер көрінбейді, енді қайтік. Теңіздің өзі біртүрлі көрінеді» деген үрейлі дауысы естілген. Содан кейін ұшақтар радардан жоғалып кеткен. Қайтіп командалық пункпен радиобайланыс болмаған. Жоғалған ұшақтарды іздеуге бортында 13 адамы бар, «Мартин Маринер» атты екі моторлы құтқарушы ұшақ аттандырылды. Бұл ұшақ сол кездің тілімен айтқанд ең соңғы электронды жабдықтармен жарақтанған еді. Алайда арада көп уақыт өтпей бұл ұшақта із-түссіз жоғалды. Осыдан кейін-ақ бұл жерде бір кілтипанның барын аңғарған, АҚШ әскери-теңіз күштерінің басшылары ұшақтардың қалдықтарын іздеуге, тірі қалған экипаж мүшелері болса соларды құтқаруға 18 әскери кеме, сүңгуір қайықтар жіберді. Әуеге 307 ұшақ көтерілді. Бұған сол маңдағы ағылшын әскери-теңіз күштерінің де кемелері мен ұшақтары қатысты. Сондай-ақ қайық мінген жеке адамдарда іздеуге араласты. Жалпы 380 шаршы шақырым аймақты қамтитын іздеу басталды. Өкініштісі, жоғалған ұшақтардың ешқандай қаңқасы да табылмады. Апаттың жұмбақтылығы күшейе түсті. Жалпы апатты зерттеу комиссиясы ұшақтардың із-түссіз жоғалып

кету мәселесімен қаншама айналыса да, оқиғаның неден болғанын таба алмады. Дегенмен осы мәселе өзін қатты қызықтырған соң, жоғалған ұшақтардан жеткен соңғы радиобайланысты тексерген америкалық журналист Арт Форд лейтенант Чарлз Тейлордың соңғы сөзін тапқан. Онда ол «Маған ермеңдер... Олар ғарыштан келгендерге ұқсайды...» деген үзік-үзік сөздерін анықтаған. Жұмбақ апат сол күйі шешілмей қалған.

Арада көп жылдар өткен соң, 1991 жылы Форд-Лодердейл маңында ерттеректе алтын тиеп келе жатып суға батып кеткен испан кемесін іздеп жүрген «Дип си» атты кеме мүшелері кенеттен су астынан 1945 жылы желтоқсанда жоғалған әлгі ұшақтарды тауып алған. 250 метр тереңдікте, еш жері бүлінбеген төрт ұшақ қатар-қатарымен жатқан. Тіпті бір ұшақтың нөміріде көрініп тұрған. Ол артынан анықталғанда команда командирі Тейлордың ұшағы болып шыққан. Қалған ұшақтар бұлдардан сәлі ары, жарты миль жерден табылған. Бір қызығы, ұшақтар бүлінбеген. Бірақ кабиналарда ұшқыштардың ешқандай денесі қалмаған. Мұның өзі тағы бір жұмбаққа жетелеп тұрғаны белгілі... Жалпы осы «Эвенджер» бөлімінің ұшақтары трагедияға ұшыраған жер кейінен ғалымдардың қызығушылығын оятып, арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл аймаққа Бермуд ұштағаны деген атқа ие болды. Зерттеу барысында бұл аумақта баяғыдан көптеген кемелер жоғалып кететіні белгілі болды.

Мәселен өткен жиырмасыншы ғасырда осы Бермуд ұштағаны аумағында 150 кеме мен ұшақ із-түссіз кеткен. Мыңнан астам адамдар жоғалған. Жалпы осы ұштаған жөнінде түрлі болжамдар айтылуда. Ғарыштан зерттеу барысында Бермуд ұштағаны аумағында ауа-райы жайлы болып тұрғанның өзінде кейде таудай-таудай толқындар, түпсіз ирімдеп, олардың төбесінде тұтасқан қара бұлттар пайда болатыны анықталған. Бұл тек жер серіктерінің ғана апаттарына түскен. Ал жердегі зерттеу кезінде мұндай тосын құбылыстар байқалмайтын көрінеді. Осы Атлант мұхитының үстінен ұшқан бүгінгі заманғы жолаушылар ұшақтарының өзі кей күндері 10-15 минутқа баратын жеріне кешігіп жететін көрінеді. Мұның сыры неде? Бірақ ғылым әзірге нақты жауап беруге мүмкіндігі болмай отыр.

Дәл осындай аймаққа әлемнің төрт жері жатады. Оларда да осындай із-түссіз жоғалғандар көп. Соның бірі – Гуам аралының



маңы, екіншісі – оңтүстік-шығыс Африка маңы, үшіншісі – Оңтүстік Америка жағалауының оңтүстік бағыты және Австралия мен Антарктида аралығы. Сондай-ақ теңіздегі қауіпті аймаққа Жапонияның Хонсю аралының маңы да жатады екен. Бұл маңда да жылына көптеген қайық-кемелер із-түссіз жоғалып тұрады... Жалпы ол жерлерде қандай тылсым күш жасырынып жатыр... Әзірге беймәлім... Ғылым оның жұмбағын ашуға әзірге қауқарсыз...

Бір қызығы, америкалық фантаст-жазушы, футуролог Артур Кларк «адамзат Бермуд ұштағанының жұмбағын тек 2040 жылдары ғана ашады... Сол кезде жер бетіндегі барлық анамальды аймақтардың жұмбағы жай әншейін дүние болып қалады дейді...» Кім білсін... Ал Әзірге Бермуд ұштағыны ажал апаны болып қалуда...

*«Айқын»,
қыркүйек. 2010 жыл*

ТИТАНИК ТРАГЕДИЯСЫ ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН БА?

Өткен ғасырдың басында орын алған аса ірі апаттың бірі, «Титаник» жолаушылар кемесінің суға батқанына биыл 99 жыл толады. Алайда «Титаник» трагедиясы әлі де жұмбақ қалпында. Әрине «суға батпайтын» алып кеменің алғашқы сапарда-ақ құрдымға кеткені жөнінде небір болжамдар айтылды, сараланды. Бірақ әлі күнге нақты дәйек жоқ. «Титаниктің» апаты қаншама кітапқа, көркем және деректі фильмге арқау болды. Біреулер алып кемені көркемдеп кино етіп шығарып, қырғын пайда көрді, миллиардтаған долларды қалтасына басты. Жалпы өз кезеңінде әлемді дүрліктірген «Титаник» трагедиясы жөнінде әлі де талай аңыздар, апатқа байланысты болжам, топшылаулар айтыла бермек. Соның бірі былайша өрбиді... Алдымен «Титаник» кемесі жөнінде қысқаша мағлұмат бере кетелік. «Титаник» расында алып кеме еді. Оның ұзындығы – 268,98 метр, ені – 28,2 метр. Төрт трубасы бар. Биіктігі 11 қабатты үймен тең, ұзындығы қаланың төрт кварталы болатындай еді. Елу мың аттың күші бар кеме сағатына 25 узел жылдамдықпен жүру мүмкіндігіне ие болатын. Лайнерде 762 каюта орналасқан. Сондай-ақ кеменің екі қабатты қорғанысы, 19

су өткізбейтін құдығы болды. Осының өзі-ақ алып кеме­нің «суға батпайтындығына» дәлелі еді. Бірақ...

Алып кеме алғашқы сапарда-ақ – сәуірдің 14-нен 15-не қараған түні Атлант мұхитының солтүстік аймағында айсбергке соғылып, апатқа ұшырады. Борттағы 2224 адамның 711 құтқарылып, қалған 1513 адам суға кетті. Бұл әлем жұртшылығын дүр сілкіндірді. Енді осыған байланысты аңыздарға келейік...

Аңыз көп. Дені ойдан шығарылған, шындыққа жанаспайтын­дары да жеткілікті. Бірақ кезінде көпшілік ескермеген дерек­дәйектерде соңғы кезде айтыла бастады. Бұл соның бірі. «Титаник» трагедиясынан көп бұрын Нью-Йорктегі «Арчибалд Уэлш и К°» баспасынан Морган Роберсон деген теңіз капитанының суға батқан кеме жөніндегі фантастикалық кітабы жарық көрді. Дәл сол кезе оған ешкім көп мән бере қоймады. Бірақ «Титаник» апатынан кейін ол кітап қолдан-қолға тимей оқылатын бестлерге айналып жүре берді. Баспа кітапты оқырмандардың сұрауы бойынша қайта-қайта басты. Баспагер мол қаржы тапты. Белгісіз капитанның сүйкей салған шатпағында не құпия бар еді? Қызығы кітаптағы суға батқан кеме «Титан» деп аталыпты. Тіпті барлық техникалық анықтамалары «Титаникпен» тең болған. Лайнердің ұзындығы, жолаушылардың, құртқаруға арналған қайықтардың саны сондай-ақ өзге де құрал-жабдықтар дегендей.

Кітаптағы «Титанда» айсберге соғылған. Бар керемет осында жатыр. Оқырман қауым кітаптағы оқиға көп жылдан соң, әлемдегі алып кемеде дәл сол-қалпы қайталанғанына таң қалған. Екі оқиғаны байланыстырып тұрған әлдебір тылсым күштің бар екеніне көз жеткізген. Бұл – жеке әңгіме.

Жалпы «Титаниктің» жарнамасы ХХ ғасырдың басындағы елді дүрліктірген керемет болды деуге негіз бар. Сол кездегі Батыс­тың барлық жетекші басылымдары ғажайып кеме жөнінде жарыса жазды, кеңінен жарнамалады. Кеме иесі жарнама үшін ақшаны аямады, суша шашты деуге болды. «ХХ ғасырдың ғажайып лайнері, керемет әспеттелген – 762 каютасы бар. Кемеге 44 тонна мал мен құс еті, 35 мың жұмыртқа, 40 тонна картоп, 27 мың шөлмек сыра, қымбат шараптар, 5 мың тонна қант, өзге де көптеген азық-түлік сиятын. Не ішем, не жеймін десең де еркінде. Сондай-ақ кемемен 10 ірі миллионер сапарға шығады. Олар сейфтерге салып жүздеген миллион доллар, қымбат заттар, алтындар ала шықпақ.

XX ғасырдың суға батпайтын ғажайып, жұмақ кемесімен сапар шегуге асығыңыздар» деген секілді жарнамалар газет беттерін алып кетті. Расында мұндай жарнаманы оқыған кісі «Титаникпен» сапар шегуге асықты. Шын мәнінде ажалына...

Сонымен... 1912 жылы 10 сәуір күні түс кезінде «Титаник» жолға шықты. Кемеде 2224 адам бар еді. Сапардың төртінші күні кеме радистері жол –жөнекей өтіп бара жатқан өзге кемелерден «жақын манда айсбергтер бар, сақ болыңыздар» деген белгі алған. Бұл кезде «Титаник» Ньюфаундленд аралынан 450 миль жерде еді. Айсбергтер жөніндегі хабар кеме капитаны Эдвард Джон Смитке жеткізілді. Алайда ол оған аса мән бермеді. Тек кемең алдында орналасқан жолға қараушыларға «сақ болыңдар» деп жай ғана ескерту жасады. Алайда оқиға басқаша өрбіді. Кеме айсбергке соғылды. Қаншама адам опат болды. Дәл осы тұста бірнеше түсініксіз жағдайды ескермесе болмайды.

Біріншісі, сондай алып лайнердің алдына жарық түсіріп отыратын мықты шамдары болмауы.

Екіншісі, жол қарап тұратын матростарда дүрбінің болмағаны. Сондай-ақ көңілге күдік ұялатын тағы бір мәселе, кеме айсбергке соғылып жатқанда капитанның «орташа жылдымдықпен алға жүріңдер» деуі. Мұның өзі «Титаникті» тезірек құрыдымға жіберу еді. Капитан **SOS** белгісін жіберудің орнына, байларға арналған каютаның біріне барып, Американың сол кездегі атақты байы Джон Асторға «тезірек құтқару қайығына барыңыз» деп өтінуі адам түсінбейтін жайт. Тағы бір таң қаларлық жағдай, алып кемеді бәр жоғы 20 құтқару қайығының болғаны. Оған не бәрі 1178 адам сиятын. Дәл сол кезде кемеді 1316 жолаушы және 885 кеме қызметкері болған. Лайнер 3300 адамға арналған еді. Демек біреу қаскөйлікпен құтқару қайығын аз тиеген...

1995 жылы Бағыс жазушылары Роберт Гардинер және Дан Вандердің «Титаниктің құпиясы» деген кітабы жарық көрді. Сол кітапқа үңіліп отырсаңыз, осы айтылған және көптеген өзге де деректер сөз болған. Мәселен, «Титаникпен» сапар шекпекші болған миллионер Пирсон Морганның (кеменің иесі де сол болатын) кеме жүрер кезінде «денсаулығым болмай тұр» деген сылтаумен жағада қалып қалуы. Бір қызығы, сол миллионер аталған трагедиядан екі күн өткенде түк болмағандай, ашынасымен Францияның бір курортында күнге күйіп, аунап-қунап

жатқанын көргендер бар. Тағы бір қызықты дәлел, кемеге тиелуі тиіс не бір қымбат картиналардың жағда қалып қоюы. Қазіргі күні сол картиналар Нью-Йорк өнер мұражайында тұр. Сондай-ақ кеме жүрерінен біреер сағат бұрын Морганның көптеген байшықеш серіктері (50 адам) сапардан аяқасты бас тартқан. Олардың ішінде неміс құрыш магнаты Генри Фрик, американың атақты миллионері Джордж Вандербильт те болған. Олар неге сапардан бас тартты? Бұл да күні бүгінге дейін шешілмеген жұмбақ?

Кітапта тағы бір қызықты дәлел алға тартылған. Ол – «Титаниктің» одан бір жыл бұрын жасалған «Олимпик» параходымен өте ұқсастығы. Сапар алдында «Олимпик» деген жазу алынып, оның орнына «Титаник» деп жазылған» дейді авторлар дерекдәйектерді алға тартып. Себебі «Олимпик» кемесі суда жүзуді өте сәтсіз бастаған. Бірнеше мәрте қайранға батып, бір рет ағылшын крейсерімен соқтығысып қалған. Кінәлі «Олимпик» еді. Сондықтан компания «Уайт стар лайн» ағылшын кемесіне 1 миллион доллар шығын төлеуге тиіс-ті. Бұл ақша сол кезбен салыстырғанда аса көп болатын.

Кітап авторларының болжамынша, осы оқиға қаскөй жоспар жасауға итермелеген. Сол себепті «Олимпик» параходы «Титаник» деген жалған атпен рейске аттандырылған. Сондай-ақ «Олимпиктің де» «Титаниктің де» капитаны бір адам – Эдвард Джон Смит. «Жолда айсберг бар» дегенге қарамай «бар жылдамдықпен алға жүр» деп бұйрық беруінің негізгі себебі, қалайда кемеңі құрту жоспары еді. Демек апат алдын ала жақсылап ойластырылған. Кітап авторлары осылай дейді. Осыдан төрт-бес жыл бұрын су астынан Титаниктің төрт мыңға жуық қосалқы бөлшектері, құралдары жағаға шығарылды. Бір қызығы, ешқайсынан «Титаник» деген белгі табылмаған... Кітап авторлары шын «Титаник» «Олимпик» деген атпен 20 жылдан астам компанияға қызмет етіп, 1935 жылы ескірді деп есептеп, бұзуға жіберген. «Титаникке» байланысты тағы бір аңыз былай дейді. «Титаниктің» иесі кемеңі өзінің жасалу бағасынан бірнеше есе қымбатқа сақтандыру келісімшартына отырған. Сондықтан кемеңі қолдан апатқа ұшыратып ақшаны алу әлдеқайда тиімді екенін білген алпауыт «Титаниктің» суға батуын әдейі жасады деседі...

Бұл айтылғандардың шындыққа қаншалықты жанасымды екенін ешкім дөп айтып бере алмайды. Оны енді ешкім дәлелдей

алмасы хақ. Тек жұршылықтың ойына «Титаник» дегенде режиссер Джеймс Камерон түсірген атақты «Титаник» фильмі оралары белгілі. Ал оқиға қалай болды, бұрысы мен дұрысы қайсы, оны анықтау, шындыққа көз жеткізу қазіргі күні көкейтесті мәселе емес.

«Айқын»,

Сәуір. 2011 жыл

СУ АСТЫНДА САНАЛЫ ТІРШІЛІК ИЕСІ БАР МА?

«Ғаламда жалғыз саналы тіршілік иесі біз ғана ма?» деген сауал адамзатты әлімсақтан бері толғандырып келеді. Мұның себебі де бар сияқты. Өйткені су астында ара-тұра кездесіп қалатын оқыс жағдайлар адамзатты түрлі ойға жетелейді. Бір қарағанда жұмыр жердің иесі біз ғана емес секілдіміз. Сонымен...

Тұңғық су астында да бізден он есе, жүзе есе қатты дамыған саналы өркениет бар екен... Әңгімені Джеймс Кэмероннан бастайық. Оны режиссер ретінде танымайтын адам әлемде жоқ та шығар. Себебі жұрттың бәрі ол түсірген атақты «Терминатор», «Титаник», «Аватар» т.б. керемет фильмдерді біледі. Көрді. Тамсанды. Қол соқты. Мойындады. Оның «Тұңғық» деген фильмін көргендер де бар. Дәл осы фильмде атақты режиссер сүңгуір кеме командасы мұхит астындағы жұмбақ өркениетпен кездесіп қалатынын көрсеткен. Әрине бұл – кино.

Дегенмен үстіміздегі жылдың наурыз айында Джеймс Кэмерон әлемдегі ең терең мұхит астындағы Мариан қазан шұқырына өзі арнайы жасатқан батискафпен түсіп көрді. 11 шақырым тереңдікте алты сағат болды. Рекорд жасады. Суасты әлемін бейнетаспаға түсірді. Тереңнен топырақ алып шықты. Әрине ғылым үшін, зерттеу үшін. Су бетіне көтерілген оған: «Не көрдіңіз?» деген алғашқы сұрақ қойылды.

Естанды болып шаршап тұрған ол әлденеге тамсана бас шайқады, сосын «Өркениет» деді басын шайқап, өркениет, біз далада қаламыз олардың жанында...» Басқа ештеңе айтпады. Оның не айтқысы келгені жұмбақ болып қалды. Тіпті оның 11 мың метр тереңдікте түсірген бейнетаспалары да құпия сақталуда. Арнайы орындар ұстап отыр. Бәлкім Кэмерон су астында нені көрді, кіммен

кездесіп қалды, соның егжей-тегжейін зерттеп жатқан болар-ау! Бәлкім уақыты келгенде Кэмерон су астында не көргенін халық алдына жайып салар...

Иә, су астында да тіршілік бар екен. Адам жер бетінің жалғыз иесі емес секілді. 1948 жылы белгілі ғалым-ихтиолог Петтерсон «су астындағы алты мың тереңдіктен кейін ешқандай тіршілік болуы мүмкін емес. Өйткені өте жоғары қысым ешқандай организмді шыдатпайды» деп мәлімдеген-ді. Алайда арада жыл өтпей жатып он шақырым тереңдікте түрлі жәндіктер өмір сүретіні анықталған. Ал ондай тереңдікке түскен бүгінгінің ең мықты деген сүнгуір құралдары су қысымына шыдамай қалбыр секілді жаншылып қалар еді. Бүгінгі таңда суастын зерттеп жүрген көптеген ғалымдар мұхит тереңінде бізге беймәлім өркениет бар дегенді айтады. Өр түрлі мысал келтіреді. Сенбеске амал жоқ...

Тіпті «мыңдаған жыл бұрын өмір сүрді» деген шумер жазбаларында су астында жартылай балық, жартылай адам тектес тіршілік иелері өмір сүреді деп келтірген... Шумер көсемі Оанка ара-тұра су астына сүңгіп кетіп, қайтып келген соң, ол жақтан үйренгендерін өз тайпаластарына айтып отырған. Окуды, жазуды үйреткен-мыс...

Жапондарда да осыған ұқсас аңыз ертеден бар. Бұл өткен заман аңызы. Бірақ ХХІ ғасырда – өзіміз өмір сүріп отырған бүгінгі күні суасты өркениеті барына куә болған адамдар да жоқ емес. Мәселен, Каспий теңізінде балық аулап жүрген Әзірбайжанның «Баку» кемесінің балықшылары өздерінен қалыспай жүзіп отырған белгісіз жануарды байқаған. Анықтап қарағанда, басы адамға ұқсаған, тіпті шашы бар белгісіз тіршілік иесінің қалған денесі балыққа ұқсап кеткен. Мұндай жағдайға талай мәрте Иран балықшылары да тап болыпты.

Ескі аңызға арқа сүйер болсақ, Каспий жағасында баяғыда өте дамыған өркениет болған екен. Кейіннен олар түрлі себеппен суастын жайлайтын болыпты... Жартылай адам, жартылай балық кейінде жүргендер солар деседі... Су астына кеткен атақты өркениет атланттықтар осылар дейтіндер де бар. Кім білсін? Мысал көп...

Қайсыбір жылы Атлант мұхитында «Атланта өркениеті осы жерде суға батып кеткен» деген аймақты зерттеп жүрген ғалымдар керемет жұмбақ дүниеге тап болған. Жүздеген метр тереңдіктен

олар суасты үңгіріне апаратын сатылар тапқан. Ат шаптырым болатын үңгір іші бір-бірімен көптеген бөлме, зал арқылы жалғасып жатқан... Сол маңның балықшылары кейде су астынан қызғылт сары шамдардың жаркылын байқайтынын зерттеушілерге ескерткен.

Ғалымдар олардың айтқандарына алғашында онша сеніңкіремеген. Алайда біраз күнен кейін су астыннан шыққан әр түрлі шамдардың сәулелерін өздері де байқаған. Бұл не сонда? ...

1963 жылы Америка Құрама Штаттары Пуэрто-Рико жағалауында әскери теңіз оқу-жаттығуын өткізіп жатты. Алайда кенеттен жаттығуды біраз уақытқа доғара тұруға тура келген. Себеп... Әскери қимылды басқару орталығына жиынға қатысып жатқан бір сүңгуір қайық белгісіз нысанның соңына түскенін хабарлаған. Бірақ, көп ұзамай сүңгуір кеменің капитаны әлгі жұмбақ құралдың жылдамдығы сағатына 150 узел болғандықтан көз жазып қалғанын жеткізген. Өйткені адамзат қолымен жасалған суасты кемелерінің жылдамдығы бар жоғы 45 узел еді. Ондай жағдайда өте жылдамдықпен қозғалып бара жатқан жұмбақ кемені қуып жету мүмкін емес-ті.

Сондай-ақ жұмбақ кеменің жылдамдығы өз алдына, онымен қоймай оңға-солға, жоғары-төмен бұрылууда көз ілеспес шапшаңдықпен қозғалатындығын көрсеткен. Су астындағы орасан зор қысымда ондай қимыл жасауға адамзат қолымен жасалған кемелер шыдамай, қақырап, тас-талқан болары белгілі. Демек, жұмбақ кеменің жасалуы да ерекше екенін осыдан көруге болады. Болған мән-жайды басқару орталығы дереу АҚШ әскери-теңіз күштері Бас штабына хабарлаған. Мұндағы ой, сол кездегі АҚШ-тың басты қарсыласы «КСРО-ның «ғажайып қаруы» емес пе?» деген болжам болса керек. Алайда жұмбақ кеме АҚШ әскерилерінің үрейін ұшырғанымен, ешқандай қауіп төндірмеген. Ұзақ жыл мұхит астын зерттеумен айналысқан америкалық ғалым Сандерсон су бетінде оқыс пайда болатын нысандарды Атлант мұхитында бірнеше рет көзімен көргенін жазады. «Біз мінген кеме мұхиттың солтүстік аймағында жүзіп жүрген. Кенеттен қалыңдығы үш метрлік мұзды жарып шыға келген күміс түстес белгісіз зат, көзді ашып-жұмғанша көкке сіңіп кете барды. Бұл көріністі мен және вахтадағы офицер сондай-ақ рөлде тұрған матрос байқап қалды. Әлгі жұмбақ кеме мұзды жарып шыққан жерде, мұздар жан-жаққа шашырап, су көпіршіп шыға келді. Су суық болса да кәдімгідей бу көтерілді».

Міне, бұл – ғалымның айтқаны. Мұндай мысал көп. Мәселен, аргентиналық «Навьеро» кемесінің вахталық журналында мынадай жазбалар бар: «1967 жыл, 20 шілде. Бразилия жағалауынан 120 миль жердеміз. Сағат күндізгі 6-дан 15 минут кетті. Офицер Хорхе Монтойя кемеге жақын жерде ғайыптан жұмбақ нысан пайда болғанын хабарлады. Палубаға жүгіріп шыққан капитан, оң жақ борт тұсында 50 қадақ жерде құбылмалы затқа көзі түсті. Ол сигар тәрізді, ұзындығы 105-110 фут (36 метр) боларлық сопақ зат. Жұмбақ құралдан көгілдір сәуле бөлініп тұрды. Одан ешқандай дыбыс шықпайды. Сопақша денесінде сүңгуір қайықтарда шығып тұратын дүрбі, мұнара ешнәрсе жоқ, жұп-жұмыр. Кемемен жарыса жарты сағаттай жүзген жұмбақ дүние әлден уақытта соңында көгілдір жалқын сәуле қалдырып, суға сүңгіп жоқ болды».

Сондай-ақ теңізшілер мен су түбін зерттеп жүрген ғалымдар теңіздер мен мұхиттарда дирмендей шыр айналып ерекше сәуле беретін құбылыстарды да жиі байқайтынын айтады. Тағы бір мысал: 1926 жылы 30 қыркүйек күні «Чиндва-ра» кемесімен теңіз түбін зерттеп жүрген ғалымдар таңғажайып көрініске тап болған. «Көз алдымызда мұхит суы сағат тілі бағытында шыр айналып сала берді. Керемет сәуле көрінді. Ол су астынан өте қуатты шам жағылғандай әсер етті. Көзіміз қарығып, айналаны көруден қалдық. Сәлден соң жарықтың соңында сүңгуір кемеге ұқсас кескіні байқалды. Алайда ол ғайыптан қалай пайда болса, солай жоғалды. Ол не? Біз ештеңенің байыбына бара алмай қалдық» деп жазады осы кемеде болған орыс ғалымы Н.Тарасов.

Суасты әлемін ұзақ жылдар зерттеген, сондай-ақ АҚШ әскери-теңіз күштерінің құпия деректерімен көптеп танысқан америкалық ғалым А. Сандерсон «өте дамыған өркениет тек ғарышта ғана емес, су астында да бар» деген болжам айтады. «Ұзақ жылдарғы тер төгіп зерттеуімнің қорытындысын айтар болсам, су астында да керемет өркениет бар. Олардың технологиясы бізден әлдеқайда жақсы дамыған. Ара-тұра көзге шалынып қалатын беймәлім кемелер сол өркениет иелерінікі. Олармен байланысуға біз әзірге қол жеткізе алған жоқпыз» дейді ғалым.

Жер шарының басым бөлігін су алып жатыр және суасты әлемінің қыр-сыры әлі толық ашылған жоқ. Адамзат ғылым дамыған ХХІ ғасырға аяқ баса да, су астындағы белгісіз тылсым күштерге келгенде күмілжіп қалады. Неге? Рас, қазір тіршілік иесі – біздер

судан гөрі ғарышты көбірек зерттедік, біршама жетік білеміз. Айға адам қонды, енді Марсқа ұмтылып жатырмыз. Көк жүзінде әлсін-әлсін қылаң беріп қалатын ұшатын белгісіз нысандар жайында да хабардармыз. Тіпті күн жүйесінің бір қиырында тіршілік иелері бар екені жөнінде де соңғы кезде нақты дерек-дәйектер айтыла бастады. Бірақ суасты әлемі жөнінде не білеміз? Бұған келгенде ауызды «ку шөппен» сүртуге тура келеді.

*«Айқын»,
желтоқсан. 2012 жыл*

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН Т-34 немесе немістердің күлін көкке ұшырған «Катюша»

Әлем халқы «Екінші Дүниежүзілік соғыс», ал Кеңестік елдің кеңістігінде өмір сүрген жұрт «Ұлы Отан соғысы» деп атаған қанды қырғынның аяқталғанына биыл 9 мамырда 65 жыл толады. Енді санаулы күндерден кейін Ресей астанасы Мәскеуде Ұлы Жеңіске арналған аса ірі әскери шеру өтпек. Оған кезінде КСРО құрамында болған республикалардан майдан ардагерлері, қарулы күштер және фашистік Германияны күйретуге атсалысқан одақтас елдердің жауынгерлері қатыспақшы.

65 жыл аз уақыт емес. Ел басына қауіп төнген шақта қолына қару алып, 17-18 жаста-ақ соғысқа барған, қылшылдаған жастардың тірі қалғандары бүгінде қаусаған шал. Көбі бақилық болған. Уақыт өткен сайын, соғыс жаңғырығы алыстап, көмескі тартқанмен ешкім де, еш нәрсе де ұмтылмақ емес. Өйткені сұрапыл соғыс 50 миллионға тарта адамның тағдырын жалмады. Сондықтан Жеңістің құны өлшеусіз. Жеңіс қолына қару алып, ел қорғаған ерлермен қатар, сол Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосқан, тылда еңбек еткен барлық жұртқа ортақ.

Бәрінен де қызығы, Жеңісті жақындатуға не себеп болғаны. Осы төңіректе әңгіме қозғағанда шаршамай-шалдықпей Берлинге дейін барған жуынгерлерден бұрын қарсыластардың қақпанын құлталқан етіп, үрейін ұшырған атыс қарулары еске түседі. Соның бірі және бірегейі немістің «Тигр» және «Пантера» сияқты танктеріне қарсы тұрған кеңестік Т-34 танкісі. Т-34 жөнінде қаншама кинолар түсірілді, әңгімелерге арқау етілді. Ал екінші бір қару

– «Катюша» деп қыз есімімен аталған, жаудың үрейін қашырған қозғалмалы БМ-13 минометтік қондырғысы еді. Кім қалай айтса да, бұл екі атыс құралы соғыс кезінде жауды жеңуге үлкен үлес қосқаны белгілі. Сондықтан да «Т-34 танксімен «Катюша» минометтік қондырғысы дүниеге қалай келді, кім жасады?» деген сұрақтар жұртты әлі күнге қызықтырады.

Биыл «XX ғасырдың ең үздік танксі» аталған Т-34-тің құрастырылғанына тура 70 жыл толды. Т-34 қаншама данққа бөленгенімен, оны құрастырушы атақты кеңес елінің инженері Михаил Ильич Кошкиннің аты-жөні тым елеусіз қалды. Неге? Себебі аты-шулы танк жобасын жасаушының бірбеткей мінезімен, әскери бюрократияның оны аяқтан шалуында жатыр. Студент бола жүріп-ақ Кошкин «Ленинградтағы машина жасау зауытында құрастырылып жатқан танктерді заманға сай етіп, жетілдіру керек» деп, өз ұсынысымен сол кездегі қаланың бірінші хатшысы С.М.Кировқа шығады. Киров Кошкинмен арнайы кездесіп, оның айтқандарын мақұл алады.

Бұл оқиға 1934 жылы болған еді. Бірақ арада екі-үш ай өтпестен Киров бакилық болды. Дегенмен Кошкин оған берген уәдесі бойынша мықты танк жасауға құлшынды және оны Кировпен кездескен 1934 жылды ұмытпас үшін «Т-34» деп атайтынын да белгілеп қояды. Зауытта инженер болып жұмыс істей жүріп, Т-29, Т-46-5, Т-III танктерін құрастыруға атсалысты. 1936 жылы қалың бранды Т-III танктін жасауға атсалысқаны үшін өзгелермен қатар «Қызыл Жұлдыз» орденмен марапатталды. Ал 1937 жылы Серго Орджоникидзенің ұсынысымен Харьков қаласындағы танк құрастыру зауытының бас конструкторы болып тағайындалды. Осында жүріп өзінің өлшеусіз еңбегін кеңестік танктердің мықты да тез һәм маневр жасауға ыңғайлы болуына арнады.

1939 жылы кейбір танктердің алғашқы жобасын сынақтан өткізер кезде Кошкин бір дана болса да Т-32 деген танкті құрастырып, комиссияға көрсетуге тырысты. Алайда жаңа танкті әскерилер қабыл алмады. Жөнсіз, түрлі сылтау айтылды. Бірақ Сталиннің көзқарасы өзгешелеу болды. Бәлкім КСРО басшысы жаңа танктің болашағына сенді ме, кім білсін, толық брондалған, барлық қару-жарағы сай екі дана танк құрастырып, сынақтан өткізу керек деп жарлық береді. Танк жасалды. Оған Т-34 деген ат берілді. Оны сынақтан өткізу 1940 жылдың наурыз айында Мәскеу түбінде белгіленді.

Кошкин танктің алыс қашықтыққа жүру мүмкіндіктерін тексеру үшін Харьковтен Мәскеуге дейін айдап баруға бел шешті және солай етті де. Бірақ көктемнің суығында темір «қорапта» бәленбай күн отырып сапар шегу Кошкинге оңайға соқпады. Өкпесіне суық тиді. 1940 жылдың 17 наурыз күні танк сынақтан өтті. Бірақ... «Танкті Сталинның атымен атайық» деп Ворошилов Кошкинді қанша үгіттегенімен, конструктор көнбейді. Кезінде Кировқа берген уәдесінде тұрып, жаңа танкті «Т-34» деп атады. Танк сынақтан «жақсы» деген баға алса да, танк пен оның конструкторына кері әсер берді. Билік «танк сынақтан тағы да өтуі керек» деген шешім шығарды. Бұл Кошкинге қиын тиді. Сынақ келесі көктемге қалуы мүмкін еді. Осының бәрін ескерген Кошкин танкті тағы да сынақтан өткізу үшін Харьковқа айдады. Алайда өкпесіне суық тиген ол Харьковқа жеткенде шала-жансар күйде еді. Ауруханаға жеткізілгенмен дәрігерлер ажалға араша тұра алмады. Өзі жасаған танқтың мықтылығын дәлелдеу үшін әскери бюрократиямен тайталасып жүріп Кошкин дүниеден өтті. Алайда көп ұзамай танкті сериялап шығаруға шешім қабылданды. Соғыс басталғанға дейін зауыттан 1225 танк шығып үлгерді. Т-34 әрі тез, әрі икемді еді. Танкистер оны ерекше жақсы көрді.

Немістердің аты-шулы «Тигр», «Пантера» секілді танктермен жекпе-жекке түсті, тез һәм икемділігінің арқасында жеңді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ең керемет, мықты танк деген атқа ие болды. Мәскеуден Берлинге дейінгі барлық майданға қатысты. Соғыс жылдары 35 895 Т-34 шығарылды. Одан кейінгі уақытта шығарылғандардың барлығын қосқанда 68 мың еді. Қысқасы ХХ ғасырда шығарылған танктің ең көп түрі – Т-34. Танк қаншама даңққа бөленгенімен, оны құрастырушы елеусіз, атаусыз қалды. Оған не себеп болғанын басында айттық. Соның кесірінен 1942 жылы Т-34-ті жасауда көмекші болған адамға Социалистік еңбек ері атағы берілді. Бірақ бас конструктор Кошкиннің есімі ұмыт қалды. Тіпті Кеңестік үлкен энциклопедияда да оның туған жері, жылы, айы, күні және еңбек жолдары ескерілмеді. Бұны қаскөйлік демей не деуге болады? Аты-шулы танкті құрастырушы өздерінің жерлестері екендігін тек 1982 жылы ғана білген Ярослав ауданының Переславль-Залеск елдімекенінің тұрғындары Жоғарғы Кеңеске «Кошкинге Кеңес Елінің батыры деген атақ беру керек» деген ұсыныспен шықты. Өйткені даңқты

танкті жасауға атсалысқандардың барлығы Социалистік Еңбек Ері және Кеңес Елінің батыры деген атақпен марапатталғанда, танктің бас конструкторы болған Кошкин ешқандай медаль де берілмеген. Әділетсіздіктің үлкені осы еді. Бірақ тағы да түрлі кедергілер алдынан шықты. Тек араға 50 жыл салып барып, Кеңес елі тарқардың алдында, яғни 1990 жылы Михаил Ильич Кошкинге Социалистік еңбек ері деген атақ берілді.

Жалпы түйдектете ататын көп ұғылы зеңбірек жасау өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан басталады. Бірақ 1936 жылға дейін қай ел болмасын түйдектете ататын мықты қару жасауды жолға қоя алмады. Әрине алты, не болмаса сегіз ұңғылы зеңбірек жасап, Азамат соғысы тұсында пайдаланғанымен, дәл тиюінде үлкен кінәрат бар еді. Оқ көздеген нысанға дәл түспей, ауып кетіп жатты.

Әйтсе де Кеңес елі бұған 1940 жылдары қол жеткізді. Жүк машинасының үстіне орналастырылған сегіз, сегізден екі қатар етіп қойылған он алты ұңғыдан атылған реактивті снарядтар түскен аумағын түгелімен өртеп жойып жіберетін құдіретті күшке ие болды. Егер де осындай үш машинаны қатар қойып жауға соқы берсе, ол 3 артполкті немесе 150 гаубицаны айырбастауға күші жететін.

Қысқасы, бір түйдектете атқанда 12 га жерді жандырып жіберер еді. Оған БМ-13 (Катюша) деген ат берілген. Кейіннен БМ-8, М-30, М-31 деген жетілдірілген, ататын снарядтары да қуатты, түйдектете ататын қондырғылар пайда болды. Бұған қарсы немістер 1937 жылы түйдектете ататын он бес ұңғылы миномет ойлап шығарды. 1941 жылдың 22 маусымында, яғни соғыстың алғашқы күні кеңес әскеріне осы қарумен соққы берді. Жарты сағат ішінде 2880 снаряд қызыл әскерлердің үстінен жаңбырша жауды. Тас-талқан етті. Кеңес әскерлері БМ-13 ті «Катюша» деп еркелетсе, немістердің минометін «Ванюша» деп атады.

Кеңес әскері алғаш рет 1941 жылдың 14 шілдесінде Орша стансасында «Катюшамен» немістерге соққы берді. Жаудың техника, қару-жарак, әскер тиелген эшоландарынан түк қалмады. Немістердің үрейі ұшты. Қандай қарудан оқ жаудырылып жатқанын да білмеді. Майдан алаңында Катюшаның пайда болуы, Герман басшылығын абыржытып тастады. Төрт жылға созылған соғыс бойы Катюшадан атылған снарядтардың өзгеше дыбыс шығарып, ысқырған дауысы немістердің зәрезап қылды. «БМ-

13 минометтік қондырғы неге «Катюша»?» деп аталды дегенге айтылар жорамал көп. Әркім әр түрлі айтады. Соның бірі, алғашқы БМ-13 дивизионының командирі машинаның сыртына өзінің сүйген қызы Катяның атын жазып қойған екен. Содан бастап БМ-13 «Катюша» деп аталып кетіпті-мыс.

Жалпы түйдектете ататын БМ-13 минометтік қондырғысы жөнінде түрлі әңгіме көп. Ал әлі күнге халық ұмытпай айтып келе жатқан әннің бірі – «Катюша» деп аталады. Осылайша біз тілге тиек еткен екі қару немістердің ту-талапайын шығарды.

*«Айқын»,
сәуір. 2010 жыл*

«ТӨРТІНШІ РЕЙХ»: аңыз ба, әлде ақиқат па?

Бұрынғы КСРО халқы фашизмді 1945 жылы жеңдік деп кеуде қағады. Сосын 9 мамыр күні салтанатты түрде әскери шеру ұйымдастырады. Әрине жеңістің құрметіне. Өйткені бұл ұлы жеңіс жайдан-жай келген жоқ. Миллиондаған адамның басын жұтты. Сол құрбандардың рухын жаңғыртып жылына бір еске алып қойғаны әрине артық емес. Ал, әлем халқы ол соғысты Екінші дүниежүзілік соғыс деп қабылдады. Дұрыс. Үшінші Рейхты құлату үшін КСРО-мен одақтас болған мемлекеттерде мамыр айын гитлерлік Германияның тізе бүкен кезі деп есептеп, еске алу рәсімін жасайды. Иә, 1945 жылдың 9 мамыр күні ресми түрде фашистік тобырдың апаны талқандалды. Гитлер өлді, оны қоршаған атжалмандардың біразы тұтқындалды, өлді, сотталды. Базбірі шет елге қашып өтіп, ұстатпай кетті. Ресми дерек осылай дейді. Бірақ бұл қаншалықты шындық? Әрине басында Гитлер тұрған Үшінші Рейхтың жеңілгені күннің көзіндей шындық. Ешкім дау айта алмас. Бірақ Гитлердің әлемді басып алып, табаныма салып таптаймын деген мақсатын жеңе алмағаны анық. Осы рас па? «Иә, рас» деседі үшінші Рейхтың тарихын зерттеп жүргендер. Өйткені қазір сол Гитлер айтып кеткен сөз шындыққа айналып, әлем кожасы атануға дайындалып жатқан топ бар. Тіпті оның алғы шарты да жасала бастады... Ол «Төртінші Рейх» деп аталады. Баяғы Гитлердің, ол құрған Үшінші Рейхтың тоқтап қалған идея-

мақсатын жалғастыру. Яғни әлемді тек «арийлер билеу» деген тұжырым. Төртінші Рейх жайындағы әңгіменің әлқиссасын өткенге шолудан бастайық. Жалпы неміс жерінде Рейхтардың құрылуы 962 жылдан бастау алады. Шығысфранк королі Оттон-І жойқын шабуылдар жасай отырып, Германияға Италияны, Бургундияны, Бельгияны, Швейцарияны, Чехияны, Нидерландты және сол кездегі Силезия, Лотарингия секілді мемлекеттерді басып алып, қосты. XV ғасыр басында империяның жоғарғы органы болып Рейхстаг есептелді. Дегенмен Бірінші Рейх 1806 жылы Наполеон басқарған француз әскерлерінен Аустерлицам түбінде тас-талқан болып жеңілген соң, өмір сүруін тоқтатты. Екінші Рейхтың тарихы 1871 жылы, яғни Бірінші Рейх құлағаннан 65 жыл өткен соң, Пруссия королі Вильгельм-І және канцлер Отто фон Бисмарк жаңа Герман империясын жариялаған кезден басталады. Екінші Рейх 1918 жылдың қарашасына дейін өмір сүрді. Оның күйреуіне себеп болған бірінші Дүниежүзілік соғыста немістердің жеңіліп қалуы. Наразы болған халық Вильгельмді тақтан тайдырып, герман империясы Веймар республикасы болып құрылды. 1934 жылы Германия тізгінін Адольф Гитлер қолына алған кезден бастап Үшінші Рейх дүниеге келді. Гитлер жер бетін бір-ақ нәсіл билеуі керек, ол – «арийлер, яғни біз»,– деді. Өзге жұрт солардың билеп-төстеуінде болуы тиіс деп санады. Жалпы Гитлердің мұндай амбициялық тәбетін ашқан дүние ол – 1922 жылы авторы Артур Меллер ван ден Бруктің «Үшінші Рейх» деген кітабы. Осы идея дәл сол тұста Германия үшін маңызды болды. Өйткені Бірінші Дүниежүзілік соғыстан жеңілген, қалжыраған, экономикасы күйреген елдің басын біріктірудің негізі болатын ілмек керек еді. Ол осы кітап болды. Ал кітаптағы идеяны жүзеге асырушы Гитлер еді. 1932 жылы Веймар республикасында өткен сайлауда Ұлттық социалистік жұмысшы партиясы жеңіске жетті. Әрине оның басында Гитлер тұрған-тұғын. Сол кезден бастау алған Үшінші Рейхтың өмірі 1945 жылы тоқтады. Басты себеп, Екінші Дүниежүзілік соғыста Германия тізе бүкті. Оның жері одақтастар арасында бөліске түсті. Яғни, Еуропада ФРГ және ГДР деген екі мемлекет пайда болды. Ресми дерек Гитлерде оны қоршаған жақтастары да сол соғыста қаза тапты делінген. Бірақ ақиқат басқаша еді. Гитлердің өлгеніне өзге түгілі, КСРО басшыларының өзі үлкен күмәнмен қарады. Мәселен, 1945 жылдың 9 маусымында

Георгий Жуков: «Жағдай өте жұмбақ. Табылған мүрделердің Гитлер мен оның наксүйері Ева екені күмән тудырады. Сондықтан Үшінші Рейх басшысының тағдыры жөнінде нақты ештеңе айта алмаймын. Ең соңғы минуттарда ол Берлиннен белгісіз жаққа қашып кеткен» дейді. Ал Сталиннің өзі 1945 жылдың 26 мамырында Америка президентінің өкілімен кездесуінде: «Борман, Геббельс, Гитлер, Кребс және өзгеде әскери қолбасшылары қолға түспей жасырынып қалды» дегенді айтқан. Нақты дерек Гитлер және оның идеяластары Латын Америкасына қашып өтіп кетті дегенді келтіреді. Гитлер Аргентинада 1964 жылға дейін өмір сүріп, одан кейін Парагвай мемлекетінде тұрған. Өйткені бірқатар жақтастары мен Борман да сонда еді. Үшінші рейх басшысы 1970 жылы дүниеден өткен деседі. Тағы бір дерек, осыдан бірер жыл бұрын, Ресейдің Федеративтік қауіпсіздік қызметінің мұрағатында құпия сақтаулы тұрған Гитлердің қаңқасына қайтадан зерттеу жүргізілгенде, оның еркектің емес, әйелдікі болып шығып, бүкіл әлемді селкі еткізгені бар. Демек Гитлердің соғыстан тірі шыққаны бұлтартпас шындық болғаны ғой.

Жарайды бұл тарих дейік, Ал Төртінші Рейх идеясы қашан көтерілді? Әрине, Гитлердің әлем қожасы атану мақсатын жалғастыруды қолға алғандар, соғыстан аман-есен құтылып кетіп, Латын Америкасында жасырынып жүрген баяғы Үшінші Рейхтың адамдары еді. Жасырын түрде Оңтүстік Америка жерінде Төртінші Рейх осылайша дүниеге келген. Бұл жөнінде әлем баспасөзі 1960 жылдары айта бастады. Ал Берлин қабырғасы құлап, екі неміс мемлекеті біріккен соң, 1990 жылы ағылшын премьері Маргарет Тетчер КСРО президенті Михаил Горбачевпен кездескенінде осы әңгімені қозғады. Әрине оның айтқанында үрей бар еді. Өйткені немістер біріккен соң, баяғы рух оянып кетіп, Төртінші Рейх дүниеге келмей ме, мұның арты Үшінші Дүниежүзілік соғысқа алып келе ме деген қорқыныш-тұғын. Жалпы Төртінші Рейх жөніндегі әңгімелер соңғы кезде қайта қозғала бастады. Оған әлемдегі болып жатқан қым-қуыт оқиғалар әсер етсе керекті. Бірқатар орыс баспасөзі былай деп жазады. «Төртінші Рейхты жандандырып отырған бұрынғы ұлтшыл немістер деп айта қою қиын. Дегенмен солардың алға қойған мақсатын жалғастыру үшін әлемнің ірі банкирлері, қаржыгерлері, атақты саясаткерлері осы идея маңына топталуда. Олардың да түпкі мақсаты – әлемді



бір уыста ұстау. Егер қажет болса, бағынбағандарды құрту, жою, соғыс ашу мәселесі күн тәртібінде. Демек, соңғы кезде дүниеде болып жатқан соғыс, төңкерістердің артында Төртінші Рейх тұр», – дейді. Және оған түрлі мысалдар келтіреді. Мәселен, Соңғы он-он бес жылдықта болған аса ірі оқиғалар, Югославия, Ирак, Ауғанстан, Ливия және Сирияда жүріп жатқан және жүріп өткен қанды қатығыстар, мемлекет басшыларының көзін жою оқиғалары тарихты қайтадан қалпына келтіру процесі жүріп жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ, айтқанға көнбейтін, айдауға жүрмейтін Беларусь, Иран, Венесуэла, Куба, Солтүстік Корея т.б. осындай азулы елдерді ауыздықтау мәселесі күн тәртібінде тұр. Мұның бәрі Төртінші Рейхтың әлемді аяқ астына салып таптау, дегеніне көндіру мақсатынан туған. Бұл елдер Төртінші Рейхтың алға қойған арман-мүддесіне бөгет болушы мемлекеттер. Егер де бұлар ауыздықталса, өзгелер ешқайда қашпайды-мыс. Тіпті әлемдік саясатта өз орны бар Қытайдың өзі бұлардың алдында адымын байқап ашады, Ресей осы топтардың жоғарғы мінберден (БҰҰ деп ұғыңыз) айтқан мәселелеріне амалсыз келісіп жүр. Өйткені қарсы келу, апат болумен бірдей» деп жазады Ресей басылымдары. Демек, ешкімге бас имеген Саддам Хүсейн, әлемде өзгеше мемлекеттік басқару жүйесін жасап, «күлде жатқан жұртын күн еткен, өзгелермен терезесін тең еткен» Каддафидің өлімінің артында Төртінші Рейх тұр деуге болатындай.

Триллиондаған долларды бір уысқа жинап, бет перде үшін демократияның ұрандарын көтеріп, адам құқықтарын алға тартып жүрген азғантай топтың (Төртінші Рейх) ойында не тұр? Әрине баяғы Гитерлер аңсап өткен идея. Ол әлем халқын өз дегенімен өргізіп, жусату. Жалпақ жаһанның қожасы болу.

Бірақ бұл аңыз ба, ақиқат па?

*«Айқын»,
қыркүйек. 2012 жыл*

ҚАРҒЫС АТҚАНДАР...

Қарғыс – жақсы нәрсе емес. Қарғысқа ұшыраған адамның оңғаны жоқ. Түбі бір зауалға ұшырары хақ. Бұл жерде қарғысқа байланысты түсінік берейік деп отырғанымыз жоқ. Бірақ әңгіме

сол жайында. Онда да өткен ғасырдың жуан ортасында «перғауындар қарғысы» деген атаудың дүниеге келуіне байланысты. Перғауындар қарғысы бұл не, өзі? Сәл арғы тарихқа көз жіберер болсақ, Пирамида тасын қалап, оның ішіне перғауынның үлде мен бүлдеге оранған табытын қояр кезде, біраз амалдар қарастырылғаны белгілі. Өйткені жер-дүниенің патшаларының мүрдесі тоналмас үшін, көр қазушылар түрлі қулық жасаған. Мәселен, табытқа апаратын жолдарға тосқауыл қою, адастыру, өзге бағытқа бұрып, алдап жіберетін жерасты жолдарын қазу, жалған табыт қою секілді. Ал перғауынның мүрдесі жатқан шын табыт мұқият жасырылған. Тіпті оны көр ақтарып, қазына іздегендер таба қалғанның өзінде, олардың бірден сілесін қатыру үшін табытқа мыңдаған жыл қуатын жоймайтын у жағылған. Жын-шайтанмен тілдескен бақсылар түрлі қарғыстарын айтып қалдырған...

Перғауынның көрін ақтарып, қарғысқа ұшыраған жан тірі қалмаған... Оған тарих куә. Мыңдаған жыл бұрын қабір қабырғаларына жазылған қарғыстың қаһарына ұшыраған жанның аман қалғаны жоқ-ау, сірә... Жерлеушілер перғауынның мүрдесін өзгелер қазып, денесін қорлап, лақтырып тастамас үшін, бірге көмілген қазына-байлықты тонаудан аман сақтау үшін осындай амалдарға барды. Тіпті «пирамиданы рухтар қорғайды» деген де аңыз жеткілікті. Қалай айтсақ та, пирамидаларды, ондағы жасырылған перғауындардың мүрдесін белгісіз бір тылсым күштің қорғап тұрғаны шығар күннің көзіндей шындық. Оны жоққа шығаруға болмайды. Мысалға, ағылшынның атақты саяхатшысы Джеймс Бруктың күнделіктерін ақтарып отырып, мынадай жайтты оқуға болады.

1768 жылдың жазында ол патшалар жерленген алқапқа барған. Түнде шатырда ұйықтап жатқаны оны белгісіз бір нәрсе түртіп оятқанады болады. Көзін ашқаны сол еді, денесін белгісіз бір үрей билеп, беталды тұра қашқан. Бірақ соңынан қуған ешкім жоқ. Сонда да бойын белгісіз қорқыныш қысқан ол қанша жүгіргені белгісіз ағып жатқан Ніл өзенінің жағалауына барып, жиекке құлай кеткен. Салқын су ма, әлде өзге нәрсе әсер етті ме, әйтеуір есін сол жерде жиған. Шатыры, дүние-мүлкі қалған жаққа аттап басуға қорыққан ол, таң сарғайып атқанша жағалауда отырады да қойды. Ақыл-есінен айыра қорқытқан не, оны өзі де, өзгелерге айтқан соң, олар да түсінбейді. «Бәлкім жын-шайтан болар, бәлкім

аруақтардың тынышын алған соң, солар қаһарланған шығар» десті де қойған. Шындығында көне мысырлықтар табыттарға түрлі қарғыс жазып бірге көміп отырған. Кім қабірді ашып, мүрдені қозғаса, сол қарғысқа ұшырайтын болған. Перғауынның табытын ашу өмірмен қоштасу екені, өткен жүз жылдықтың ортасында ғана белгілі болды. Өзгесін былай қойғанда атақты Тутанхамон табытын тауып, ашқандардың не болғанын еске алсақ та жетеді. Тутанхамонның мүрдесін қабірінен аршып алып, зерттеуге ниет еткен жандардың барлығы түрлі жағдайда қайтыс болған. Мәселен, көр қазушылардың басшысы болған лорд Карнарвон кенеттен өмірмен қоштасады. Одан кейін оның бауыры, достары, қызметтестері дегендей. Тутанхамонның табытын ашуға атсалысқан 21 адамның бірі де қалмады. Барлығы белгісіз жағдайда о дүниеге аттанды. Бұл әлемдік деңгейде үлкен әңгіме туғызды. «Перғауындар қарғысы» деген атау сол кезе пайда болды. Пирамидаларды зерттеп жүргендер дүрлігісіп қалды. Ешкім де тектен-тек жан қиғысы келмейтіні белгілі. Енді жан тәтті ғой, басы баяғыда құрап қалған қарғыс атқыр перғауындар үшін ешкім өзін құрбан еткісі келмесі хақ. Біраз уақыт пирамидалар зерттелмей тоқтап қалған. Алайда көнеден қалған нысандарды ақтарып-төңкеруге деген құмарлық ажалға да қаратпады, перғауындардың мүрделерін іздестіру қайта жалғасын тапқан... 1950 жылдың соңында ғалымдар жорамал жасап, Тутанхамонның көрін қазғандар белгісіз вирустан қайтыс болды десті. Ол не қылған вирус, оны нақты ешкім айта алмады. Өйткені мыңдаған жыл табытта сақталған ондай жойқын ауру тудыршы жұқпалы вирусты табу сол кездегі ғылымның деңгейі жетпесе керек-ті.

Перғауындардың қарғысына ұшырағандар оған дейін де болған. Мәселен, 1805 жылы Ост-Индс компаниясының дәрігері Б.Гендерсон деген екі мумияны ұрлап, зытып бара жатқан кезінде жынданып кеткен. Ал, Мысырды армансыз шарлап, пирамидалардан табылған көне жәдігерлерді жинастырумен айналысқан шведтік Лидман да сондай ауруға душар болған. Ақыл-естірінен айырылған олар қайтып адамдық қалыпқа келе алмаса керек. Бұған не айтуға болады? Кедейсоқтық па, әлде...

Бұл адамдар бұрын да сондай аурумен ауырған дейін десең, патшалар жерлегенген алқаптан қазына іздеп, байып кетсем дегенді мақсат етіп, көр қазып, тонап жүргендердің басым көп-

шілігі ақыл-есінен айырылып қалған. Бұл ешқандай кездейсоқтық емес. Демек, перғауындардың мүрдесін белгісіз бір тылсым күш күзетіп тұр дегенге сенуге болатындай...

Дәл осындай қарғыс атқан өлкеге Жәбел-Әбу-Сиром үстүрті жатады. Ол жерде көне заманнан қалған бес мыңнан астам адамның мәйіті жатыр. Бұл жер ғалымдар үшін де, көмбе іздеушілер үшін де Эльдорадоға айналғаны белгілі. Өйткені ғалымдар ықылым заманды зерттеу үшін, амалсыз көне бейіттерді қазуға мәжбүр. Ал, «байысам» деген мақсатта жүргендер «адамдармен бірге көмілген қазына-мүлікке тап болам ба?» деген алдамшы-үмітті жалау еткендер. Бірақ осы көне молаларды қазып жүрген ғалымдардың да, тонаушылардың да аман-сау қалғаны некен-саяқ. Көбі бұл жерден алысқа ұзамай-ақ, о дүниеге аттанып, не болмаса кемтар, мүгедек болып қалатын көрінеді. Содан болар, ол өлкедегі көрді ақтаруға бара жатқандарға «Сақтан, алда құдіретті Жәбел бар. Тірі қайтпайсың!» деген сақтандыру әңгімелері айтылады. Бірақ «байлыққа белшеден батсам» дегендерді бұл сөз тоқтата алмайтыны хақ.

«Өлер бала молаға жүгіреді» деген осы-ау. 1957 жылы бір перғауынның табытындағы: «Табытты бүлдірмендер! Тиіспеңдер! Тиіспеңдер! Әйтпесе менің қарғысым сендерді оңдырмайды!» деп шекіп жазылған таңбаларды ғалымдар оқыған. Өкініштісі соны оқыған ғалымдар да қарғысқа ұшыраған көрінеді... Бұл Мысыр пирамидаларында болған тосын оқиғалар дейтін болсақ, Америкадағы үндістердің пирамидаларын ақтарып-төңкеріп, қазына іздеген тонаушылар да, сырын білсек деген ғалым зерттеушілер де белгісіз зауалдарға тап болыпты. Кездейсоқтық па, әлде не? Пирамидалардың сыртқы ұқсастығы өз алдына, ондағы болып жатқан мистикалық жағдайлардың ұқсастығы да жағанды ұстатады.

Мәселен, 1841 жылы экспедиция ұйымдастырып Юкатан штатындағы үндістердің көне пирамидасын алғаш зерттеген ғалымдар Джон Ллойд Стивен, Самуэль Кэббот және ағылшын суретшісі Фредерик Казервуд жазылмас дертке ұшыраған. Экспедицияға қатысқандардың да сау қалғаны шамалы. Жол бастап барған тайпа үндістері бірінен соң бірі белгісіз жағдайда көз жұмып жатқанын көрген, үндіс көсемі ғалымдардан «Пирамидадан қазып алынған мүрделерді кері қайырындар» деп зар қаққан екен. Ондағысы

мұражайға қойылу үшін әкеткен мүрделер кері қайтарылып, көмілсе, рухтар тыныштық береді деген игі ойдан туса керек. Қара бастарының амандығын ойлаған ғалымдар, көне дүниелерді кері қайтарғанымен, тосыннан жабысқан аурудан құтыла алмапты... Жалпы, пирамида дегенде көз алдымызға, үшін күн сүйген үш бұрышты ғимарат елестейтіні белгілі. Ал оның ар жағына үңілсең, небір үрейлі әңгімелерді естуге болады. Біз әңгіме қылған жайт, соның бір ғана. Ал пирамидалар жөнінде айтылар әңгіменің шегі де, шеті де әзірге көрінер емес.

*«Айқын»,
тамыз. 2012 жыл*

47 ЖЫЛ КӨКТЕ БОЛҒАН ҒАРЫШКЕРЛЕР КІМДЕР?

Кеңес империясының қабырғасы қақырап, әні-міні құлайды деп тұрған 1990 жылы әлемді дүр сілкіндірген оқиға болды. Үш ғарышкер жерге оралды. Бұның несі қызық дерсің... Бірақ ол ғарышкерлер не АҚШ, не Ресей, не болмаса өзге мемлекеттердің азаматтарына ұқсамайды...

Баяғы Үшінші Рейхтың яғни фашистік свастикасы бар скафандар кигендер... Қызығы осында болып тұр. Атлант мұхитына қонғандарды АҚШ әскери кемелері қарсы алды. Бұлар кімдер? АҚШ болған оқиғаны «өте құпия» деген атау тағып, жауып тастады. Тек кейбір сыртқа шығып кеткен ақпарат көздерінде «1943 жылы Үшінші Рейхтың ғарышқа ұшырған ғарышкерлері екен...» деген там-тұм ғана дерек айтылды. Сонымен болды. Сонда олар 47 жыл бойы көкте не істеп жүрген? Әлде өзге ғаламшар иелерімен кездесіп, сол жақта «қонақта» болды ма екен? Дегенмен фашистік Германия 1943 жылы ұшырған ғарышкерлер жөніндегі деректер соңғы кезде ғана аздап құпиясын аша бастаған сияқты. Оған сол АҚШ басылымдарында пайда болған деректер куә.

...Әлем баспасөзінде Адольф Гитлер және оның жақын серіктерінің астрология ғылымына, көріпкелдерге, тылсым күшке ие жұмбақ мекендерге тым құмар болғаны, соларды іздеп, ғажайып қару жасауға ұмтылғаны, уақыт кілтін тауып, әлемді билеуге тырысқаны жөнінде көп жазылды. Әлі де жазыла берері

анық. Өйткені Үшінші Рейхтың адамзат дамуына қосқан үлесі орасан-зор. Олардың жеткен жетістігін бағалау да қажет. Екінші Дүниежүзілік соғыстың соңында неміс жеріне басып кірген одақтастар (негізі АҚШ және ағылшындар) әскері көптеген жұмбақ зауыт, фабрикаларды, зертханаларды, оларда жасалған құпия қаруларды басып қалды. Оның бәрін өз жеріне құпия түрде, жедел тасып әкеткені де белгілі. Құпия дүниелердің ішінде не жоқ дейсіз. Бүгінгі ядролық баллистикалық зымырандардың атасы Фау-1 қанатты зымыраны, Фау-2 баллистикалық зымыраны да бар еді. Фашистік Германия небір ғаламат қаруларды жасауға тырысқаны сол кезде белгілі болды. Тек соғыстағы сәтсіздіктер, жеңілуі бөгет болып, әлгі ғаламат қаруларды шығаруға мүмкіндік болмай қалды. Егер де Гитлер басында тұрған Үшінші Рейх ол қаруларды жасап үлгергенде, бүгінгі әлем басқаша болар еді... Фашистердің табанында жатар ма еді, кім білсін? Бүгінгі жұрт сенер, сенбес, бірақ Үшінші Рейх қарапайым атыс құралынан бастап, орасан зор қуатқа ие қаруларды, ядролық бомбыларды жасауға тырысты. Ол тұста жүздеген, мыңдаған шақырымға ұшатын зымырандарды жасау, қатарға қою мүмкін емес-ті. Бірақ фашистер оған қол жеткізе алды. Оған өздері емес, бөгде ғаламшар иелері көмектесті, Үшінші Рейх олармен байланыста болды дегенде сыбыс бар. Батыс зерттеушілері солай дейді.

Бәрі мүмкін. Өйткені соңғы үлгідегі технологиялық жетістікке жету хәм әлемді алақанында ұстау үшін немістер билікке Гитлер келгенге дейін де ұмтылыстар жасаған. Олар тылсым мекендерге, соның ішінде уақыт кілті бар деген Тибеттегі Шамбалаға құпия экспедиция жіберіп отырған. Сондай бір топ Тибетте апатқа ұшыраған бөгде ғаламшардың табақшаға ұқсас, ғарыш кемесін тауып алған. Олармен байланысқа түскен. Жұлдызаралық ғарыш кемесін жөндеуге қажетті құрал тауып берген. «Сыйға сый, сыраға бал» ретінде жатжұрттық кеме иелері немістерге жердегі жұрт әлі қол жеткізе алмаған білім мен технологияның жолын көрсеткен. Арты белгілі... Фашистердің ғылымда қол жеткізген ғажап жетістіктерінің артында бөгде ғаламшар иелері тұрғандығы белгілі... Мәселен, өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңында бар жоғы 57 сүңгуір қайығы бар Германия 4 жылға созылған соғыс кезінде супер мүмкіндіктерге ие, 1150 суасты кемесін жасап шыққан. Олардың бір кереметтігі жанар-жағар



майлары базадан ондаған мың шақырым алыс жерде жүруіне мүмкіндік жасаған. Сондай-ақ, ешқандай радарға түспейтіндей, шусыз жүрген. Алып жүретін қаруларының да саны мол болған. Бұған ешқандай ағылшын, америка, не болмаса кеңес сүнгүір қайықтары тең келе алмаған. Ғажаптығы осында.

Сонымен қатар американдық, ағылшын ұшқыштары өз күнделіктерінде неміс аспанында талай мәрте табақшаға ұқсас жұмбақ ұшақтарды көргенін жазып қалдырған. Мәселен 1943 жылы фашистер құпия зертханада жасалған табақша тектес ұшатын аппаратты сынақтан өткізген. Бұл жөнінде құпия деректер мұрағаттарда сақтаулы. Бірақ ол аппараттың тағдыры белгісіз. Бәлкім ағылшын, американдық ұшқыштары осы аппаратты көрген болар... Оны кеңестік ұшқыштар да көруі мүмкін. Бірақ ондай сыбыс таратуға Кеңес империясы қатаң қараған. Бас кететін болаған. Сондықтан айтылмады деуге негіз бар.

Енді басында айтып кеткен, фашистік ғарышкерлерге келейік. 1943 жылы Кеңес елімен соғыстың өзгеше бағыт алып, немістер жіңіліске ұшырай бастаған соң, Үшінші Рейх өзге ғаламшар иелерімен кездесіп, көмек сұрап, не болмаса кек қайтаратын ғаламшар қарудың жобасын алып келуге ғарышкерлер ұшырған. Араға 47 жыл салып солар жерге қайта оралып отыр... Ғарышкерлерді Гитлердің өзі таңдауға араласқан. Жерге оралғандарда «Сәттілік тілеген» Гитлердің қолы қойылған марапат қағаздары да болыпты. НАСА сарапшыларының зерттеуіне қарағанда, немістер ғарышқа көтерілу үшін үш сатылы зымыранды пайдаланған. Ол 1943 жылы Пенемюнде полигонынан ұшырылған. Бір таңқаларлық жайт, құпия зертханада жасалған ұшатын табақша секілді аппаратты сынаған жыл, күн мен ай дәл ғарышқа ұшырылған ғарышкерлердің уақытымен дөп келіп тұр.

Араға шамамен жарты ғасырдай уақыт салып жерге оралған ғарышкерлер дым өзгермеген... Сол жас қалыптарында.. Бәлкім олар «қонақта» болған ғаламшарда уақыт жылдамдығы өзгеше ме екен? Кім білсін? Әрине бір қарағанда айтылып отырған оқиға қиялға жайыпқа көбірек келгенмен, ақиқат еді. Ғарышкерлер тағдыры да, олардың көктен алып келген құпия деректері де «аса құпия» деген айдармен НАСА-ға тапсырылды. Сол Өткен ғасырдың 90-шы жылдары осы мәселеге байланысты хабар тартуға тырысып, НАСА-дан ақпарат беруді өтінген әлемнің көптеген журналистері

жарытымды ештеңе ала алмады. НАСА оқиғаны не өтірік, не шын деп айтпады. Еш нәрсе болмағандай үнсіз. Шындығында фашистік ғарышкерлер көктен керемет ақпарат алып келгені анық. Оны игілігіне жарату үшін, НАСА құпия сақтауда. Тіпті АҚШ-тың соңғы кезде ғылым һәм әскери қару жасауда адам таңғаларлық жетістікке жете бастауы, сол ғарышкерлер алып келген құжаттарға байланысты дегенде алып-қашпа әңгіме бар. Бәлкім бұл сыбыстың өзегінде шындық жатуы да даусыз.

Ең бастысы ғарышкерлерді ұшырған соң Гитлер «көп ұзамай қолымызға «ғажап қару» пайда болады. Біз онымен әлемді бағындырамыз» деп мәлімдеме жасауы тегін емес. Ол атом қаруы ма, әлде жат жұрттықтар әскери көмек береді деп үміттенді ме? Ол жағы бізге белгісіз. Десек те, қазіргі күні әлі көптеген зерттеу-шілер «фашистер бөгде ғаламшар иелерімен байланыста болған ба?» деген сауалды алға қойып, тыңғылықты зерттеу жүргізуде. Оның қортындысы бүгін болмаса да, болшақта белгілі болары анық.

Сонымен қатар 1943 жылы Гитлердің тікелей араласуымен көкке көтеріліп, араға 47 жыл салып кері оралған фашистік ғарышкерлердің тағдыры да анықталып қалар...

*«Айқын»,
мамыр. 2013 жыл*

БҰЛ МҮМКІН ЕМЕС, БІРАҚ...

Төрткіл дүниеге аты мәшһүр тұлғалардың өмірі жөнінде адам сенгісіз әңгіме көп. «Ұлы адам болған соң, сыртынан тон пішіп, жақсылы-жаманды айтыла беретін желбуаз сөз» ғой деп өзіңді сендіргің келгенмен, сол алып-қашпа сөздердің арғы жағында мысқалдай болса да шындық жатқанын сезінгендей боласың. Мәселен орыстың ұлы ақыны Пушкин жөнінде қолына қалам ұстағандардың тілге тиек етпегені жоқ. Ол өз алдына жеке әңгіме. Біздің қаламға ермек болған Пушкинге байланысты алып-қашпа зерттеулер. Өйткені «Пушкин дуэльде өлген жоқ. Ресей империясынның Франциядағы шпионы болыпты-мыс» деген сөздің түп-төркініне үңілу. Сонымен «Пушкин нағыз ақындық шабыты оянып, желпініп тұрған шағында Дантэстің атқан оғы-

нан емес, қартайып, ақ шашты, сары тісті болған кезінде қайтыс болыпты» деген қазіргі орыс зерттеушілерінің (Пушкиннің арғы бергі өмірін ақтарып, сенсация іздеп жүргендердің) жазбаларына кезек берелік.

Қазір Александр Пушкин мен француз Александр Дюманы бір адам деп жүргендер де көп. Олар екеуінің де түбі африкалық екенін, түрлерінің ұқсастығын, көк көзді, бұйра қара шашты еуропалықтарға ұқсамайтын кескінді екендіктерін, екеуінің Ресейге, Францияға, Кавказға және Наполенге қызығушылықтарын, сонымен қатар декабристер жөнінде жазғандарын алға тартады. Бұл аз десең, екеуі де қатынқұмар жүргіші еді деседі. Қарап тұрсаң, екі ұлы тұлғаның бір-біріне ұқсастығы өте көп. Иланбасқа болмайды. «Сол тұста бір-біріне дұшпан болған екі мемлекетте өмір сүрген екі тұлға қалайша бір адам» деген сауалға жауап ізделік. Ресей басылымдарында жарық көрген жазбалар былайша сыр шертеді. Әдебиеттегі екі алыптың арғы тегі – африкалық. Мәселен Пушкиннің арғы атасы, Дюманың апасы қара нәсілділер тұқымынан. Пушкин өз тұсында «Современник» журналын шығарса, Дюма «Мушкатер» атты журнал шығарып тұрған. Былайша айтқанда «Пушкин» деген. Мушкет – француздар ұстаған мылтықтың ескі атауы. Демек пушкінің (қазақша атауы зеңбірек) арғы атасы деуге болады. Екеуі де мемлекеттің тарихына көңіл бөлген, шығармаларының дені сол жайында. Александр Пушкин математикадан қақпаған. Білімі өте нашар. Өте жанжалқой, қызба мінезді, көрсеқызар, ойпыл-тойпыл жан болған. Тәртіп дегенге мойынсұнбаған, өз бетінше жүріп-тұрған. Рас, әдебиетке деген сүйіспеншілігі ерте ояңған. Сондай-ақ қатынқұмарлығында шек жоқ. Әйелі Наталияның әпкелерін де өзіне көңілдес жасап алған.. Ал Дюма жайында Андре Моруа былай дейді: «Дюма қызба қанды адам еді. Бойынан күш-қуат асып-төгіліп жататын. Мұны көпшілік тегі қара нәсіл болғандықтан деп жататын. Қыз-қырқынға бүйідей тиетін. Жүргіші еді. Таланты әйдік адам. Оның жазғандарымен Еуропаның «мен» дейтін жазушылары тең келе бермейтін. Бір қызығы, ол есепке шорқақ еді. Бірді бірге қосқанан гөрі, оған әйелдің жүрегін жаулап алу оңай болатын». Міне, ұқсастық бар ма, бар. Енді мынаған назар аударалық.

Пушкин Дантеспен жекпе-жекке шығып, ол атқан оқтан қансырап өлген. Бұл ресми дерек. Шындығында олай болмаған.

Жекпе-жек болды ма, жоқ па, әлде бұл солай ойластырылған қулық па? Пушкин өлген соң, туғандары жатқан молаға емес, оны неге қараңғы түнде, орманның бір бұрышына факелдің жарығымен ым-жымсыз көме салған. Жаназаға әйелі де, туған-туыс, таныс-дос-жарандары да қатыспаған. Ажалдың неден келгенін тексерген дәрігерлер неге оның денесінен Дантес атқан оқты таппаған? Тіпті оның өлімі жөнінде нақты тіркеме де жоқ. Пушкин өлген соң, біразға дейін оның қазасы жайлы, тіпті оның өзін атауға тыйым салынған. Бұл не жұмбақ? Орыстың ұлы ақыны неге аяқасты елеусіз қалды? Дәл сол тұста бұл ешкімнің ойына да келмеген болар. Қазір осы жұмбақ қаза зерттеле бастады. Неге иісі орыс алақанға салған ұлы ақын қараңғы түнде жұмбақ күйінде көміле салды? Неге салтанатты түрде жерленбеді? Мұның арты қайда жетелейді?

Мына қызықты қараңыз. Сол кездегі патша Николай I Пушкинді ерекше құрмет тұтып, қажет жерінде көтермелеп отырған екен. Қай заманда да ақындар асып-тасқан бай болмаған ғой. Пушкин де сол, көп жарлы ақынның бірі. Өлген соң артында қалған қарызын Николай I жауып беріпті деседі, ескі дерек. Бәз бірі «Пушкин емес, оның жесір қалған сұлу әйеліне патшаның көңілі кетті. Қарызды сол үшін жауып беріпті» деседі. Мейлі ғой, сұлудың сұмдық болатыны белгілі.

Тағы бір мысал. Сол тұста Ресей патшасы Еуропада өте мықты тыңшылық жүйе құрған. Бұл тарихтан белгілі. Онда Ресей үшін көптеген ұлы тұлғалар қызмет еткен. Мәселен, И.С.Тургенев, Ф.И.Тютчев т.б. Франция мен Ресей бір-біріне жаулық көзқараспен қараған тұс. Францияның тыныс-тіршілігін, ішкі-сыртқы саясатын бақылап отыратын, билікке жақын тұлға табу қажет болды. Оның үстіне 19 ғасырдың отызыншы жылдары Францияның тарихын жазатын қаламының қарымы бар жандар Франция үшін қажет еді. Оларға құпия мұрағаттарға кіруге де рұқсат етілді. Ондағы осы елдің құпия жоспарлары, стратегиялық бастамалары бар болатын. Тарихты жазатын адам соған қол жеткізбек. Бұл хабар ақ патшаға да жетті. Қайтпек керек? Өйткені ата жауы француздарды тұқырту ақ патшаға керек-ақ. Осы тұста Николай I Пушкинді пайдалануды жөн тұтты. Өйткені талантты ақын, алғыр жазушы патшаның көкейіндегі адамына дөп келіп тұр еді. Францияның құпия мұрағаттарына кіру үшін, атақты ақын

Пушкин кенеттен қазаға ұшырап, «із-түссіз» жоғалуға тиіс болды. Солай жасалды да. Әйтпесе Пушкин екі күннің бірінде әр кіммен ілігісіп қалып, оларды дуэьге шақырған емес. Дантес арасындағы қактығыс сондайлық адам өліміне баратын жанжал емес, сарай маңында болып жататын көп даудың бірі болатын деседі, зертеушілер. Демек Ақ патшаның атақты акынды тыңшы ретінде пайдаланды дегені аз да болса ақылға қонатын сықылды. Пушкин қаза болғасын көп ұзамай, Францияда тарихты жетік жазатын жас әрі таланты жазушы пайда болды. Ол тез танылды, биік баспалдақтарды жедел бағындырды... Генерал Дюма екі жыл тұтқында отырып шыққан соң, содан оңала алмады. Қаза болды. Әйелі өте кедей өмір сүрді. Ақыры ол да дүниеден өтті. Сонымен Дюмалардың әулетіне нүкте қойылғандай болған. Бірақ арада жиырма жыл өткен соң, шашы бұйра, көгілдір көзді, қара торы әдеміше жігіт пайда болды. Өзін жұртқа «генерал Дюманың артында қалған баласымын» деп таныстырды. Бірі – сенді, бірі – шырай бермеді. Әрине көпшілік генерал Дюманың жартылай қара нәсілді ұлы бар екенін білетін. Әкесі дүниеден өткенде бар жоғы екі-үш жаста болатын. Бірақ оны Парижде алшаң басып жүреді деп ешкім ойламаған.

Жесір әйел қайыршының күнін кешіп, аштан бұралып өлгенде қоса шетінеп кеткен болар деп жоситын жұрт. Тіпті олардың бар-жоғын жұрт баяғыда-а-а естен шығарған. Бірде Парижде Дюманың ұлы пайда болды. Аты –Александр. Аса талантты. Келді де көркем шығармаларды төгіп жаза бастады. Тез танылды. Атақты тұлғаға айналды. Оның жазғандарын жұрт іздеп жүріп оқитын болды... Міне Александр Дюма Францияны осылай бағыдырды. Бұл кім? Баяғы ақ патша тыңшылыққа жіберген Пушкин бе, әлде басқа ма? Бар дау осы жерден басталып тұр. Аяқасты қайдан келген талант? Осы уақытқа дейін қайда жүрген? Демек Александр Дюма дегеніміз, Александр Пушкин емес пе? Қай жағынан алсақ та, ұқсастық көп. Мәселен, Ұлы Карл жайлы екі адам ғана жазды. Бірі – Пушкин «Қанжар» деген өлең, Дюма – «Карл-Людвиг Занд» деген новелла. Пушкин Кавказ жөнінде «Кавказ тұтқыны», ал Дюма бірнеше кітап арнады. Зерттеушілер Дюманың «Учитель фехтования» деген шығармасына да үңілуде. «Мұны Дюма жазуы мүмкін емес. Ол Ресейде болған жоқ. Декабристердің өмірін қайдан біледі? Оны декабристермен араласқан, олардың өмірі

жайында егжей-тегжейін білетін жан ғана саралап, салмақтап жаза алмақ. Демек Дюманың Пушкин екені осы жерде тағы бір көрініп тұр. Өйткені Пушкин декабристермен дос болған, араласқан жан» деседі зерттеушілер. Тіпті олар ұлы ақын «Евгений Онегин де» өзінің қалай өлетінін алдын ала жазып қойған деседі... Әрине каза берсең орыстың ұлы ақыны Пушкин жайлы алыпқашпа әңгіме көп. Бірақ қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екеніне әлі ешкім нүкте қойған жоқ. Өйткені ақынның ешқандай жақын туыс, дос-жараннан тыс жұмбақ жағдайда жерленуі, оның атын атауға тыйым салынуы, араға көп уақыт салмай Пушкиннен аумайтын жаңа бір таланттың Франциядан жарқ етіп көрініп, ғажайып туындылар жаза бастауы зерттеушілердің көңілін жай таптырар емес... Тіпті Пушкин өлген соң оның өз қолымен жазғандарын жоқ етіп, тек көшірмелердің қалуы, сол секілді Дюманың да қолтаңбасы қалған парақтар белгісіз жағдайда жойылуы тағы бір жұмбақтың шетін қылтитады...

*«Айқын»,
наурыз. 2013 жыл*

ҰЛЫ ПИРАМИДАҒЫ «ТАҒДЫР СЫЗЫҒЫ»

Пирамидалар жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Мәңгіліктің «символы» болған алып ғимараттар жөнінде шым-шытырық оқиғаларға құрылған фильмдер түсіріліп, ондаған кітаптар, мыңдаған ғылыми еңбектер жазылды. Бірақ пирамидалар әлі күнге адамзат үшін толық құпиясын аша қойған жоқ. Содан болар, оған жұрттың қызығушылығы да ешуақытта басылмайтын сыңайлы. Өйткені... Тутанхамонның саркофагын тауып, оны зертетеген барлық ғалымдар қысқа уақытта бірінен кейін бірі жұмбақ жағдайда көз жұмды... Бұл не? Салмағы 100 тоннадан басталып, 1000 тоннаға дейін жететін ауыр шақпақ тастарды 150 метр биікке қалай көтерген? Бұл да құпия. Осы жерде еске сала кететін бір жайт, кезінде Кеңес елі атақты қолбасшы, маршал Жуковақа ескерткіш қоямыз деп, мүсін жасайтын 100 тонналық тасты Мәскеудің ортасына жеткізе алмай әуреге түскен. Ақыры әлгі тасты жеткізу үшін бір танк дивизиясы қажет болды. Бұл ғылым мен техника жетілген заманда болған оқиға. Ал ескі заманда мысырлықтар

1000 тонналық ауыр тастарды биікке қалай көтерді? Бұл да басы ашылмаған жұмбақ.

Мысыр пирамидаларының тағы бір ашылмаған құпиясы, кез келген заманауи аппаратты демде істен шығаратындығы. Зерттеулер пирамидаға жақын маңда орналасқан электронды заттардың 80 пайызы істен шығатынын көрсеткен. Бір мысал, 1967 жылғы араб-израиль соғысы кезінде, израильдік үш ұшақ қарсы жаққа соққы беру үшін пирамидалардың үстімен ұшқан. Атақты Хеопс пирамидасының төбесінен өте бере үшеуінің де апараты істен шығып, құмға тұмсықтарымен қадалған. Бұл жөнінде арабтар «перғауындардың қарғысы оларды алып ұрды» дейді. Кім білсін, мұнда мысқалдай болса да шындық болуы мүмкін. Жалпы мұндай мысал көп. Тәуелсіз зерттеушілер пирамидалардың ішінде электр-магниттік өте күшті тартылыс бар дегенді айтады. Бұл қалай сонда, тартылыс тудыратын құралды кім орнатқан? Белгісіз. Жалпы пирамиданы салу технологиясы ертедегі гректер мен римдіктерден алабөтен... өзгеше ...

Мысырлықтар ерекше құрылыс заттарын қолдана белген. Содан болар олар римдіктер мен гректер тұрғызған ғимарат секілді арада ғасырлар өтсе де үгітілмей әлі күнге қасқайып тұр. Мысырлықтар «Уақыт пирамидалардан қорқады» дейді. Шындық болар. Ғылым пирамидалар біздің заманымызға дейінгі XXVII-XXV ғасырларда тұрғызылған десе, IX ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Ибн Әбд Хокма «алғашқы пирамида Мысыр перғауыны Соридом ибн Салықтың патшалық құрған кезінде тұрғызылған. Ол әлемдік тасқыннан 300 жыл бұрын еді» деген жазбалар қалдырған.

Көптеген ғалымдар осы араб тарихшысының айтқандарын негізге алады. Тіпті солай болған күннің өзінде, дәл сол неолит дәуірінде Нілдің бойында керемет өркениет болған жоқ. Ол дәуірдегі адамдардың басты қаруы мен тамақ тауып жейтін құралы бар жоғы таяқ пен тас еді. Онымен пирамидадай мәңгілік алып құрылыстар тұрғызу мүмкін бе еді? Әрине, жоқ.

Жалпы пирамидалардың құпиясы бүгін не болмаса ертең ашыла қоймасы хақ. Бұл не сонда? Перғауындардың моласы ма, әлде ... Дегенмен ғылым соңғы кезде пирамидалардың пирамида-сы атақты Хеопс жөнінде тағы бір жаңалықтың басын қылтитты. Тіпті оны Ұлы пирамидадан басталатын «тағдыр сызығы» деп



атады... Сонымен ғылым не дейді? Енді соған келейік. Ғалымдардың ұзақ жылғы зерттеуінің қорытындысы, пирамидалардың үш жаққа қарайтын үш қыры «тағдыр ендігі» деп аталады екен. Неге? Бұған келтірген мысал өте көп. Атақты Хеопстың қырлары арқылы сызық жүргізсе, ол Африка, Азия, Еуропа, Антарктиданы, Американы басып өтеді екен. Тіпті Америкадағы ежелгі мая, ацтек, инк тайпалары тұрғызған пирамидалар да сол сызықтың бойында көрінеді. Осы сызық өтетін ендіктерде әлемге әйгілі талай оқиға орын алыпты. Әлемдегі атақты шаһарлардың біразы осы Ұлы пирамидадан басталатын меридиан сызығының бойында орналасқан. Бұл кездейсоқтық па, әлде...

Мәселен орыс патшалығының бұрынғы астанасы – бүгінгі Санкт-Петербург, түріктің – Ыстанбұлы, украин астанасы – Киев, Великий Новгород, Александрия, Египеттің қазіргі астанасы – Каир. Егерде осы қалаларды әр қиырға емес, бір сызықтың бойына ретімен орналастырсаң, олардың қашықтығы бір-бірінен не бәрі 200-300 шақырым ғана болады екен. Осы Ұлы пирамидадан басталатын «тағдыр сызығы» атанған жолақта әлемдік маңызы бар небір оқиғалар орын алған.

Әңгіменің әлқисасын діннен бастайық. Тарихтан белгілі болғандай, христиан діні тұңғыш рет Константинопольде мемлекеттік дін ретінде жарияланған. Ал Византия империясы құрылғаннан кейін осы жерден православие діні тарай бастады. Византияны басып алған түріктер Константинопольді ислам әлемінің (халифат) орталығына айналдырды. Русьқа дейін славяндық діни мәдениеттің ең ірі орталығы Киев болып келген. 988 жылы князь Владимир христиан дінін қабылдағаннан кейін Киев орыс православиесінің басты қаласына айналды.

Міне, бұл Ұлы пирамидадан басталатын сызықтың бойында орналасқан шаһарларда болған дінге байланысты оқиғалар десек, енді «тағдыр сызығында» болған апаттарды да айта кеткен жөн болар. 1986 жылы 26 сәуірде сызық бойында (– 30°03' ендікте) орналасқан Чернобыль АЭС-де XX ғасырдың аса ірі апаты орын алды. Ал 1989 жылы 32°25' ендікте Ресейдің атомдық сүңгуір қайығы «Комсомолец», сол ендікте 2000 жылы «Курск» сүңгуір қайығы апатқа ұшырады. Кездейсоқтық па, әлде...

Бір қызық дүние, талай алып-қашпа әңгімелерге арқау болған атақты өркениет Атлантида да осы «тағдыр сызығы» бойында

орналасқан көрінеді. Ол да бүгін жоқ. Тағы бір ақылға сыйымсыз дүние, әрбір жүз жыл сайын меридиан сызығы бойында түрлі соғыстар, тартыстар орын алып отырыпты. Мәселен, римдіктердің жаулап алу сапарлары, кресшілердің жорығы, Наполеон армиясының шабуылы, Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс. Кез келген жаулап алушы елдердің армиясы әлгі сызықтың екінші бетінде ұзаққа қала алмаған. Не тас-талқан болып жеңілген, не болмаса өз бетімен кері қайтқан. Алысқа бармай-ақ Ресейді алайық, 1240 жылы батыстан шығысқа лап қойған швед армиясын Александр Невский талқандады, 1612 жылы поляктарды Мини мен Пожарский жолын кессе, 1812 жылы Наполеон жеңіліске ұшырады. Бірінші дүниежүзілік соғыста басып кірген немістер алғашында жолы болғанмен, кейінен сәтсіздікке ұшырап, кері шегінді. 1918 жылы Антанта, 1944 жылы фашистік Германия бері өткен сызықтан жеңіліп кері қайтты. Сол секілді шығыстан батысқа аттанған армия да ол жақта тұрақ таппай кері оралған. Мысалға 1799 жылы Альпі тауынан ары асқан Суворов, 1945 жылы Рейхстагқа ту тіккен қызыл армия да араға жылдар салып бұрынғы мекендеріне қайта оралды. Рас, меридиан сызығын кесіп өтіп, жарты әлемді жаулап алған (Македонский, Шыңғысхан, Осман империясы) адамдар санаулы ғана.

Бір қызығы, тылсымы мол сызықтың қарама-қарсы бетіндегілердің жорықтары үнемі сәттілікке бастап отырған көрінеді. Мәселен, еуропалықтардың Американы ашуы, басып алуы, орыстардың Сібір мен Қиыр Шығысты бағындыруы. Тарихқа көз салар болсақ, ежелгі мысырлықтар осы құпиясы мол сызықтың ерекшелігін сол кезде-ақ аңғарған сынды. Нілдің жағасында тұрған Ұлы пирамида олар үшін тірілер мен өлілердің шекарасы іспетті саналған. Содан болар, мысырлықтар өзеннің батыс жағалауына шаһарлар, елдімекендер салса, шығыс жағалауына молалар тұрғызған. Осылайша Ұлы пирамидадан басталатын «тағдыр сызығын» олар дәл таныған.

Қалай айтсақ та, бүгінгі ғылым әлі осы тағдыр сызығында кездесетін жұмбақ жайттардың құпиясын анықтай алмай жатыр. Ең алдымен пирамидалардың құпиясын ашу керек екен. Ал олардың жұмбағы қашан белгілі болады? Оны ешкім дөп басып айтып бере алмасы анық.

*«Айқын»,
қазан. 2011 жыл*



ҚЫТАЙ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ НЕДЕ?

Әлемде адам айтса нанғызсыз, таңғажайып жерлер, тарихи орындар өте көп. Тіпті адамзат ХХІ ғасырға қадам басты, ғылым қаншалықты дамыды десек те, саналы тіршілік иесі үшін құпияға толы құбылыстар жеткілікті. Әсіресе біз бүкіл сырын ХХ ғасырда аштық десек те, тереңіне бойлай алмай, баржоғы болжамдармен ғана топшылап айтып жүрген әлемнің әр түкпіріндегі пирамидалардың құрылысы әлі күнге қызықтырып келеді. «Пирамида» дегенде, көз алдымызға бірден Мысырдың құмды далаларындағы Хеопс және өзге де таңғажайып нысандар еске түседі. Бұған Америка құрлығындағы ежелгі үндістердің ацтек, майя, инек тайпаларының пирамидаларын да қосуға болады. Бұлардың барлығының сыры белгілі болды десек те, түбегейлі құпиясын аша қойған жоқ. Мәселен пирамидалардың ұшар басына қазіргідей жүк көтергіш крандар жоқ кезде тастарды адамдар қалай көтеріп қондырды? Ал сол алып құрылыстың ішіндегі шырмауы көп шиыр жолдардың құпиясын да ешкім аша алмады және күн сәулесінің түсер жолдарына арналып жасалған тесіктердің де дәлдігі бүгінгі заманауи құрал-жабдықпен жа-рақтанған ғылым үшін таңқаларлық жағдай.

Ежелгі адамдар табиғаттың бар мүмкіндігін қалай пайдаланған, тылсым күшін қалай меңгерген? Таңғаласың. Дегенмен пирамидалардың қыр-сырын зерттеп жүрген көптеген ғалымдар: «Бұл адамзат қолымен тұрғызылған дүние емес, сырттан (ғарыштан) келген саналы тіршілік иелерінің қолтаңбасы. Мұндай дәлдікпен қапысыз салынған пирамидаларды ежелгі дүние адамдары тұрғызды деу қиын» деген пікір айтады. Тіпті осы тас қабырғалардың ішінде жерленген мысыр фараондарының мәйітін ашқан көптеген ғалымдардың оқыстан қазаға ұшырап, не болмаса кемтар халге ұшырауына байланысты «жетіқат көкпен жалғасқан, мұнда тылсым күштер жасырынып жатыр» деген алып-қашпа болжамдар да жетерлік. Әрине пирамидаларды фараондар өз мәйіттерін қойдыру үшін салдырды десек те, мұндай ірі құрылыстарды ол заманның адамдары көтерді дегенге көптеген ғалымдар қарсы пікір айтады. Ол шындық. Олардың пікірінше «бұрын бұл аймақтарда қандай да бір өркениет болған. Кейінен



жойылып кеткен. Тіпті бұл бөгде планетаның адамдары тұрғызуы да мүмкін» деген болжам айтады. Бұған қоса, олар «бұл Синай шөлінде жатқан пирамидалар осы аймаққа келіп қонатын бөгде жұрттықтар үшін маяқтың рөлін атқарған. Пирамидалардың өте дәлдікпен әр аймаққа орналасуының өзі соны көрсетеді» деседі. Бүгінгі жерден ұшырылып жатқан ғарыш кемелері Мысыр пирамидаларының Марстағы пирамидалармен байланысы бар екенін анықтаған. Мұның өзі адамды өзге бір сыры жұмбақ әлемге жетелейді. Әзірге жұрт «пирамида» дегенде Мысырдың және Орталық Америкадағы үндістердің ғажайып құрылыс туындыларын көз алдына елестетіп жүргенде, кереметтігі мен құпиялығы олардан аспаас, кем түспейтін ғимараттар Қытай жерінен де табылды. Келешекте Қытай әлемдегі жеті кереметтің бірі болып саналатын қорған-қабырғаларымен қатар, пирамидалармен де мақтана алады. Сонда Қытай пирамидасы қандай?.. 1945 жылы көктем айында американдық әскери ұшқыш Джеймс Гауссман Орталық Қытайдың Цзянь шаһарына жақын жердегі Кин-Линь-Сян тауының үстінен ұшып бара жатып, тау аңғарларының ішінен керемет бір құрылысты көріп қалады. Ұшқыш ойланбастан ғажайып ғимаратты суретке сүсіріп алды. Бірақ ол дәл сол кезде, адамзат үшін белгісіз болып келген, құпия пирамиданы тапқанын білген жоқ. Пирамиданың биіктігі 300 метр, ені 500 метр еді. Бұл дегенміз, бүгінгі күні тамсанып жүрген Мысыр пирамидаларының ең үлкені, Ұлы ғимарат саналатын Хеопстен екі есе үлкен. Хеопстің биіктігі 148 метр ғана. Алайда Джеймс Гауссман түсірген сурет американың әскери мұрағатында кенеттен із-түссіз жоғалып кетті. Қолды болды ма, қайда кетті, ешкім білмейді. Мұны «пирамиданың құпиялығын сақтау үшін қытайлардың өзі ұрлап алды» деген де болжам бар. Қытай билігі мен археологтары «ондай ежелгі құрылыстар біздің аумақта жоқ, болған емес» деп қанша жалтарса да, тағы бір жаңазеландиялық ұшқыш Брюс Кати әлгі құпия пирамидаларды 1960 жылы тағы да кездестірді. Ол өткен ғасырдың басында осы аймақта болған екі австралиялық саудагердің күнделігін тапқан. Күнделікте саудагерлер Қытайдың Шэнси өлкесінде алып пирамидаларды көргенін жазып қалдырыпты. Жазбаларға қарап отырып Брюс Кати бір емес, тұтас пирамидалар қалашығының жасап шықты. Пирамидалардың саны 17 екен. Тұтас қала деуге болады. Бұл қай кезде тұрғызылды, қандай мақсат-



та? Бұл жағы – құпия, белгісіз. Жалпы бұл пирамидалар алқабы сырт көзден таса жерде. Және шет елдіктердің ол жаққа баруына тыйым салынған. Дегенмен, бұл өңірге 1994 жылы наурыз айында Гартвинг Хаусдорф деген австриялық саяхатшының жолы түсті. Ол бұл аймақтан ірі алты пирамида бар екенін байқаған. Сол жылы тағы да осы өңірге келген Хартвинг жасырын түрде бейнетаспаға 18 минуттық фильм түсіріп алды. Үйге келіп бейнетаспаны қайта көріп, сарапқа салған ол 2000 шаршы шақырым жерде жүзге тарта пирамида бар екенін көріп таң-тамаша болды. Жалпы ескі қытай аңызына қарағанда, бұл пирамидаларды бөгде паланетадан келгендер тұрғызған көрінеді. Сондай-ақ бұл нысандар бұдан 5000 мың жыл бұрын тұрғызылған деген дерек бар. Сол кезде осы аймақтың императорлары өздерін «көктен темір айдаһар мініп түскен тіршілік иелерінің үрім-бұтағымыз» деп жұртқа айтып отырған. Онымен қоймай, олар «темір айдаһар мінгендер тағы да айналып соғады» деген де ойда болған. Ертеде тұрғызылған бұл ғимараттар нені білдіреді? Жүздеген пирамиданың биіктігі – 25-100 метр. Көлемі де сондай. Тек Цзя Линь өзенінің жағасындағы пирамида ғана ең үлкен. Оның үлкендігі басында айтып кеткендей, Хеопстан екі есе ірі. Оны қытайлар «Ұлы Ақ пирамида» дейді. Бір қызығы, қытай пирамидалары Мексика мен Гватемаладағы пирамидалардың сыңары секілді, өте ұқсас. Сонда оларды да салған «аспан ұлдары» ма екен? Рас, Қытай пирамидаларының құпиясы Мысыр пирамидаларынан кем емес. Сыры әлі ашылған жоқ. Қытай өкіметі ол өлкені жабық аудан ретінде қарастырып отыр. Айтар уәжі: «ол жерде жер серігін ұшыратын әуежай бар. Сондықтан бөгде адамдардың ол алқапқа баруына болмайды» деседі. «Ол пирамидаларды қазып неге зерттемеске?» деген сауалға, қытайлықтар «бұл болшақ ұрпақтың несібесі, солардың үлесіне қалдырдық» деп қысқа-нұсқа жауап береді. Неге қазір емес, неге болашақта? Оның не құпиясы бар? Мұның бәрі, әзірге жұмбақ. Сонымен қатар, қытайлықтар пирамидалардың маңына тез өсетін тал егіп, сырт көзден неғұрлым құпия ұстауға тырысуда. Мұның себебі не? Кейбір зерттеушілер: «қытайлықтар жердегі тіршілік иесі қайдан пайда болған» деген құжаттар сол пирамидалардың ішінен табылып қала ма?» деп қорқады деседі. Кім білсін? Қытайдай алып ел пирамидалардың құпиясын ашуға бекерден-бекер сескенбесе керек-ті. Мүмкін әлемнің жара-

тылысына, тіршілік иелерінің пайда болуына байланысты бар құпияны әлгі пирамидалар ішіне бұғып жатпасына кім кепіл?

Қалай айтсақ та, Қытайдағы, Египеттегі, Америкадағы пирамидалар әлі күнге жер бетіндегі ең құпиясы көп ғимараттар болып қала бермек. Ал олардың сыры қашан ашылары белгісіз.

*«Айқын»,
қазан. 2011 жыл*

ҚАРАЛЫ ПЕРЛ ХАРБОР ОҚИҒАСЫ

Осыдан 70 жыл бұрын АҚШ бұрын-соңды тарихта болмаған масқара жеңіліске душар болды. Ол-Перл-Харбор оқиғасы еді. Қысқасы, 1941 жылдың 7 желтоқсаны күні жапондар АҚШ-тың Тынық мұхитындағы әскери-теңіз флотының күлін көкке ұшырды. Мұндай масқараға көне алмаған Ақ үй Екінші дүние жүзілік соғысқа араласуға, һәм атом бомбасын қолдануға мәжбүр болды. Сонымен 70 жыл бұрын жапондардың АҚШ-тың Тынық мұхитындағы флотын талқандауы қалай болып еді...

Алдымен аз-кем Перл Харбор жөніндегі мәліметтерге тоқталайық. Гавай аралындағы Перл-Харбор жергілікті халықтың тілінде «Маржан айлағы» дегенді білдіреді. 1875 жылы Гавай королдігімен Вашингтон ынтымақтастық жөніндегі келісімге келіп, АҚШ флоты айлаққа кіруге рұқсат алған. Әрине оның өтемі ретінде АҚШ Гавай аралдарында өндірілген қантты өз еліне арнайы жеңілдікпен импорттауға тиеселі болды. 1898 жылғы Испан-Америка соғысының қортындысында АҚШ Перл-Харборды түпкілікті өзіне қаратып алған-ды. Осыдан кейін-ақ айлақ кеңейтіліп, үлкен кемелер тоқтауға мүмкіндік алды. Кейіннен Перл-Харбор АҚШ-тың Тынық мұхит флотының орталық базасына айналды. Бұл тұста, стратегиялық маңызы зор аймақты өз бауырына тартқысы келген жапондар да тыныш жатпаған. Осылайша Тынық мұхитындағы аралдарға қожалық жасау үшін, АҚШ пен Жапония бәсекелестікке жол ашты. Әсіресе Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Токио Вашингтонмен дипломатиялық келіссөздер жүргізгенімен нәтиже болмады. Екі ел арасындағы тайталас, АҚШ-тың Жапонияға қарсы экономикалық санкция жариялауына ұрындырды. Бірақ бұған қарсы тұрып, әскери

әрекетке баруға ол кезде Токионың мүмкіндігі жоқ еді. Бірақ түбі бір қақтығыстың болатынына сенген, жапондар жанталаса соғысқа даярлана бастады. Ең бастысы, әскери-теңіз флотын күшейтті. Мұның арты 1941 жылы желтоқсан айында АҚШ-тың Тынық мұхит флотының күйреуіне, одан кейін жапон елінің тізе бүгуіне, Нагасаки мен Хиросимаға АҚШ атом бомбысын тастауына алып келді. Дегенмен ол жөнінде соңырақ...

Алғашқы әрі соңғы шешуші соққыны жапондар 1941 жылдың 7 желтоқсанында жасады. Соққы тосыннан әрі жойқын болды. АҚШ-тың Тынық мұхиттағы базасының тас-талқаны шықты. Тарихтың тәлкегі ме, кім білсін, дәл сол 7 желтоқсан күні америкалық таңертеңгілік газеттерге АҚШ-тың сол тұстағы әскери-теңіз министрі Ф.Ноксаның жыл сайынғы есеп-беру мәліметі басылған еді. Онда ол: «Мен аса бір мақтаншпен айта аламын, өйткені еліміздің аса қуатты теңіз флоты бар. Халық флотқа сенім артып, тыныштығымыздың кепілі бола алатынына күмән келтірмеуі керек. Ақиқаты сол, АҚШ әскери-теңіз флоты әлемдегі ең мықты – флот. Қазіргі халықаралық жағдайды ескере отырып, екі мұхитта да (Тынық және Атлант мұхиты) кез келген жауға тойтарыс беріп, қарымта шабуыл жасауға, жеңіп шығуға мүмкіндік беру үшін кемелер жаңа қарулармен жарақтандырылған»-деген. Амал қанша, сол мәлімдеме жарық көрген күні, жапондар АҚШ-тың Перл-Харбордағы базасын талқан етті. Ф.Ноксаның айтқандары желге ұшты. Тарқатып айтар болсақ, стратегиялық аймақтарды басып алып, үкім жүргізу үшін, Перл-Харборда тұрған АҚШ базасы жапондарға үлкен кедергі еді. Сонымен, Бағыс «Перл-Харборға шабуыл» деп, ал жапондар «Гавай операциясы» деп аталған соққы жасалды. 7 желтоқсан жексенбі күнге сай келген-ді. Ол күні матростардың көбі демалыста. Күн де жайма-шуақ. Дегенмен АҚШ-тың аралдағы радарлық қондырғылары алыста ұшып келе жатқан, ұшақтардың дауысын естіген. Бірақ «өзіміздің» ұшақтар екен деп шатасып қалған... Қысқасы, 1941 жылы 26 қарашада жапон флотының қолбасшысы Исороку Ямамотаның бұйрығымен вице-адмирал Тюити Нагумо басқарған біріккен жапон флоты Курил аралындағы Хитоканпу базасынан шығып Перл-Харборға бет алды. Жапон флотында 441 ұшақ орналасқан, «Акаги», «Хириу», «Кага», «Сёкаку», «Сорю» және «Дзюйкаку» атты алты авионосец, 2 линкор, 2 ауыр, 1 жеңіл крейсер, 11 эсминец және

6 сүңгуір қайық бар еді. Осындай қуатты кемелерден құралған армадаға қарсы тұру кімге де болса, ондай емес-ті. Токионың мақсаты – АҚШ-тың Тынық мұхиттағы күшін жойып, оңтүстік-шығыс Азияны өзіне қарату болатын. 7 желтоқсан күні жапон ұшақтары араға екі-үш сағат салып, екі толқын болып Перл-Харбордағы АҚШ базасына шабуыл жасады. АҚШ-тың айлақта тұрған 4 линкоры, 2 эсминец күйреді. Тағы да оншақты кеме қатты соққының астында қалып, істен шықты. 188 ұшақ жойылып, 159-ы бүлінді. 2403 матрос қаза тауып, 1178-і қатты жарақат алды. Бұл масқара жеңіліс АҚШ тарихында қара таңба болып қалды. Ал жапон жағының шығыны, 29 ұшақ, 5 шағын сүңгуір қайық, 55 адам. Кенеттен берген соққы жапондар үшін нәтижелі болды. Көл-көсір пайда әкелді деуге болады. Осылайша Тынық мұхитындағы АҚШ флотын істен шығара отырып, жапондар алты ай ішінде Гонконг, Бирма, голландиялық Ост-Индия, Малай, Сингапур, Филиппин сондай-ақ, оңтүстік Шығыс Азияның көптеген бөлігін басып алды. Масқара жеңіліске тап болған АҚШ үкіметі шығынды есептеп, дер кезінде дұрыс шешім қабылдай алмаған Тынық мұхит флотының бас қолбасшысы Эдвард Киммел мен Гаитидегі әскердің қолбасшысы Уолтер Шортты қызметтен босатты. Жеңілістің басты айыпкері санады. 8 желтоқсан күні АҚШ президенті Франклин Рузвельт Конгрес алдында сөз сөйлеп, «7 желтоқсан Америка тарихына қара таңба болып басылады» деді. Сондай-ақ Жапонияға қарсы соғыс ашатынын жария етті. Конгрес бір ауыздан Рузвельтті қолдады. Соғысқа байланысты арнайы қарар қабылдады. Одақтастарының көмегінің арқасында АҚШ күйреп қалған Тынық мұхит флотын тез қалпына келтірді. Жапонияны тізе бүктірді. 1945 жылдың 6 және 9 тамызы күні Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасын тастады. Бұл Перл-Харборда болған жеңілістің қарымтасы болатын. Десек те, сол кездерге қайтып оралсақ, АҚШ Тынық мұхитындағы масқара жеңілісінің өтемі ретінде тек Жапонияға атом бомбасын тастап қана қойған жоқ. Оның алдында яғни 1942 жылдың 19 ақпанында президент Франклин Рузвельт АҚШ-тағы бүкіл жапондықтарды концлагерлерге қамау жөнінде бұйрық шығарды. Осылайша азаматтығы бола тұрса да, 112 мың жапондық қамауға алынып, 13 концлагерге орналастырылды. Олар соғыс біткенше тас қамаудың ішінде адам төзгісіз азап шекті. АҚШ жапондардан

өшін осылайша да алды. Қалай айтсақ та, Перл-Харбор оқиғасы болған күн – АҚШ тарихына қаралы күн болып белгіленгені анық. Бұл жөнінде қаншама деректі және көркем шығармалар жазылып, кинолар түсірілді. Осылайша Перл-Харбор оқиғасы Екінші Дүниежүзілік соғыстың айтулы кезеңі болып тарихта қалды...

*«Айқын»,
қазан. 2011 жыл*

ПЕРІШТЕЛЕР МЕКЕНДЕГЕН ҒАРЫШ

Халқымыз жаны таза адамды «періште» деп жатады... Сондай-ақ, оқыс жағдайдан аман қалғанды «періштесі қақты» деп де әспеттейді... Сонда бұл не өзі? Періште бар ма? Әлде жай ғана теңеу ме? Бар болса неге көзге көрінбейді? Егер де Құран мен Хадистерге үңілер болсақ, «періштелер нұрдан жаратылған, сондықтан көзге көрінбейді, қолға ұсталмайды» дегенді оқуға болады. Періштелер нұрдан жаратылған, сондықтан олардың жаратылыстарында нұр басты рөл ойнайды. Періште ұғымы («мәләйика» сөзі) «пайғамбарлық, елшілік, өкілдік, ұлы істердің қалаушысы» және «заңғар биіктіктен түсу» деген мағыналарды білдіреді.

Діни терминологияда «періште» сөзі («мәләк») макро әлем мен микро әлем арасында байланыс құратын, елшілік қызмет атқаратын, хабар жеткізетін, жақсылыққа итермелейтін ниетті ізгілікке бұратын өте киелі елшілер тобына айтылады. Олар ғайып әлемге құлақ асады әрі көбіне сол әлемнің қызметінде жүреді, екі дүниеде де жүріп жатқан Аллаһ тағаланың құдіретті істерін ұлықтайды. Періштелер ер-әйел болып бөлінбейді, өйткені оларда жыныс деген ұғым жоқ. Олар ашуланбайды, кек сақтамайды, қызғанбайды, яғни жалпы алғанда, олардың жаратылыстарында оғаш мінез-құлық болмайды. Олар адамдар мен жындарда кездесетін кемшіліктер мен нұқсандықтардан да пәк. Періштелер ішіп-жемейді, ашықпайды, шөлдемейді, шаршау дегенді білмейді. Істері үшін ақы-сый талап етпейді, керісінше Аллаһ тағаланың разылығы үшін жасаған амалдарынан жағымды әсер алады, рахат табады. Оларда лауазымға ие болу, жоғарылау деген ұғым жоқ, тек

Аллаһ тағалаға жасаған құлшылықтарынан дәрежелеріне қарай ләззат алады.

Нұрдан жаратылғаны үшін, азықтары да нұр. Әрбір иманды кісіні қорғап жүретін 360 періште бар. Бұлар, әсіресе, қариялар мен сәбилерді қорғайды. Періштелер аспан әлемінде өмір сүреді. Жерге тек Алланың әмірімен түседі. Періштелер адамзатқа екі дүниеде: бұл дүние, ақиретте және рухани әлемде бірдей қызмет атқарады. Бұл дүниедегі қызметі – жанбыр жаудыру, жел тұрғызу, апат, аурулардан қорғау, мұсылмандар құлшылығына, істеген жақсылықтарына куә болу, оларды амал кітабына жазу, мұсылмандарға, ғылым үйренушілерге дұға тілеу, жан алу. Ақиреттегі істері – жан бергеннен сауал алу, жәннат не тозаққа кіргізу, сүр үрлеу, тозақ қақпаларын күзету, жәннатқа кіргендерге қызмет қылу, амал кітабындағы істерге куә болу, момындардың қателіктері мен күнәларына кешірім тілеу. Рухани әлемдегі қызметі – Алланың мейірім шапағатын көрсету, Аллаға жасаған ғибадаттың нұры мен дін шындығын жүрекке жеткізу, пайғамбарларға Алладан уахи, аманат жеткізу, жақсылыққа итермелеу, жалғаннан шындыққа қарай тарту, адамның Аллаға деген махаббатын ояту, иманды күшейту, адамға рухани қуат беру. Ислам дінінде Періштеге сену – иман шарттарының бірі. Діни жазбаларға үңілсең осыларды оқуға болады. Демек он сегіз мың ғаламның бір пұшпағында періштелер өмір сүріп жатыр деуге болады. Соңғы кезде осы періштелерді «көзбен көріпті» деген қауесеттер жиі айтыла бастады. Ол әсіресе, жеті қат жерді артқа тастап, түпсіз, тұңғыық көкке самғаған ғарышкерлердің естелік жазбаларында жиі кездеседі. Енді соған келейік. Елсіз мекен, атмосфераның жоғарғы қабатына көтерілген ғарышкерлер періштелермен жиі жолығысып қалатын көрінеді. Мәселен... Гагарин.

1961 жылы Юрий Гагариннің ұшу сапарының әрбір минуты таспаға түсірілді. Не айтқанын бүгінде тыңдауға болады... Дегенмен Гагарин бірнеше мәрте мүдіріп, үнсіз қалған көрінеді. «Не болады, жауап бер» деген жердегілердің сөзі де елеусіз қалыпты... Бірақ Кеңес елінің билігі мұны жұрттан жасырды. «Бәрі сәтті өтті. Ешқандай оқыс оқиға тіркелген жоқ» деп хабарлады. Рас солай болды ма? Жоқ! Сексенінші жылдардың соңы, тоқсаныншы жылдардың басында КСРО КГБ мұрағатында жатқан жабық дүниелердің беті біртіндеп ашыла бастағаны белгілі. Соның бірі

ғарышкерлердің көкте періштелермен кездесіп қалғаны. Мәселен, Гагариннің ғарышта періштені көргені жайында. Бұл ұзақ жылдар бойы өте құпия сақталып келді... Жерге қонған соң ғарышкерлер міндетті түрде психотерапиялық зерттеуден өтететіні мәлім. Сондай бір кезекті өтуде Гагаринге ғарышта өткізген кезді есіне алатындай гипноз жасалған... Мәселе, көкке көтерілген ол неге бірнеше мәрте жердегілердің сұрағына жауап бермей үнсіз қалды деген түйіннің сырын ашу еді. Гипноздың әсеріне енген Гагарин кенет сөйлеп берген... Сөйтсе, ол өзі отырған ұшу қораблының ішінен адамның қарқошкыл бетін көрген. Басы да емес, денесі де емес, беті... Бет-бейне ғарышкерге телміре біраз уақыт қарап тұрыпты... Кенет ғарышкердің құлағына әлде не «сен қорықпа, аман-есен жерге ораласың... бәрі жақы болады... тек кейін...» деген анық айтылған сөз естілген. «Тек кейін...» Гагарин одан арғысын есіне түсіре алмаған. Періште не айтпақ болды, неден сақтандырмақ болды белгісіз...

Міне, осы мәселе КСРО құлағанша құпия сақталып келді. Бәлкім Юрий Гагаринды «жат планеталықтар ұралап кетті» деген қауесет осыдан шыққан болар. Десек те періште Гагаринге не айтпақ болды? Бұл енді ешкім білмейтін құпия болып қала бермек. Дәл осындай жағдай 1985 жылы «Салют-7» ғарыш кемесімен ұшқан үш ғарышкердің басынан өткен. Алайда басшылық болған жайды ешкімге таратпау жөнінде арнайы бұйрық берген көрінеді. Құпия қатаң сақталған. Өйткені атеистік бағытты ұстанған коммунистік жүйе көкте періштелер өмір сүреді деп халыққа жария етуден өлердей қорыққан. Дегенмен араға жылдар салып осы ғарыш кемесінің ұшқыштары Соловьев, Атьков және Кизим ұшу сапарының 155 күні не болғанын баспасөзге айтып берген. Оқиға былай өрбісе керек. Сапардың 155 күні кенеттен ұшу кабинасының іші алқызыл сәулеге толып жүре берген. Басында ғарышкерлер бір жерден өрт шықты екен деп дүрлігісіп қалған. Бірақ ондай ештеңе жоқ. Жарықтың қуатты болғаны сонша ғарышкерлер беттерін көлегейлеп, бір сәтке көздерін жұмған. Сәлден кейін, бәрі иллюминаторға ұмтылады. Сонда көргендері... жалқын сәулеге малынған көктен олар арқаларында көзге шалынар-шалынбас қанаттары бар, адамның басы мен денесіне ұқсас жеті бейнені байқаған... Әрине ғарышқа жүйкесі сыр берген, әлсіз жандарды жібермейді. Олар өте ұзақ дайындықтан өтетіні

белгілі. Демек олардың ақыл-есі дұрыс, сау болған. Онда олардың көргендер де, айтқандары да ешқандай сенсациялық дүние емес... шындық. Періштелер кем дегенде он минуттай ғарыш кемесімен бірге ұшып отырған. Тіпті олардың беттерінен риясыз күлкіні де көрген. Адам баласының күлкісіне мүлде ұқсамайтын пәк, мөлдір жымыс... Біраздан соң олар кенеттен жоқ болған. Өздерімен бірге жалқын сәуле де жоғалған. Естерін жиған соң, ғарышкерлер жердегі басқару орталығына болған жайды хабарлаған. Жер болған оқиғаны қаз-қалпында айтып беруді бұйырған... Артынша бұл мәселе жөнінде жерге келген соң, тіс жаруға болмайтынын ескерткен. Әйтпесе... Жерге оралған ғарышкерлерді дәрігерлер қатаң тексеруге алып, түрлі тестер тапсыртқан. Бәрінің ақыл-есі дұрыс. Қортындысы ғарышкерлер шаршаған соң, галлюцинацияға ұшыраған, содан елестер көрген деген қортынды шығарылған. Бұлар жерге оралысымен көкке көтерілген тағы бір ғарышкерлер тобы періштелерге жолығып қалыпты. Олар Жәнібеков, Волк және Савицкая болатын. Тағы да алқызыл жарық пайда болып, арқасында қанаты бар періштелер жарыса ұшып отырған... Бір емес алты ғарышкер періштелер жөнінде айтқан соң, жердегілер көкте сондай бір құдірет иесі барына сене бастаған. Бірақ оны халықтан қолдан келгенше жасырып ұстауға тырысты. Көктегі періштелерді тек ғарышкерлер ғана емес, азаматтық ұшақпен ұшқан жолаушыларда байқаған. Әлемнің әр қиырынан осындай әңгіме айтқандар көп. Бірінікі қиялға, екіншісінікі шындыққа жақын.

Басқа, басқа ғарыш әлемін зерттейтін америкалық атақты «Хаббл» аппараты көктен белгісіз жеті денені суретке түсіріп алған. Ғалымдар алғашында бұл армаданы сыры беймәлім ұшатын ғарыш денелері деп санаған. Артынан суреттерді нақтылай келе ешқандай жат жұрттық зымырандар емес, арқаларында қанаты бар, адамға ұқсас тіршілік иелері, яғни періштелер болуы мүмкін деген жорамалға келген. Олардың ұзындығы жиырма метрдей, өте жарық сәуеле шығаратын, арқаларындағы қанаттары ең ірі аэробустардың қанаттарындай ұзын екенін анықтаған. Бір қызығы періштелер суретке түсуге талпынғандай әрекет жасаған көрінеді...

Жалпы көкте періштелерді кезіктірген тек Кеңес елінің ғарышкерлері ғана емес, АҚШ-тың «Шаттлмен» ұшқан ғарыш-



керлері де жиі кездесіп қалып отырған. Бірақ КСРО да, АҚШ та мұның бәрін халықтан жасырып, құпия ұстауға тырысқан. Неге? Белгісіз. Алайда жер бетінде ақырзаман жақындағанда періштелер көзге көріне бастайды демей ме? Кім білсін, жұмыр жердің ондағы саналы тіршілік иесінің дәм-тұзы қашан таусыларын...

*«Айқын»,
қазан. 2011 жыл*

ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...

Жарық дүниемен қош айтысқан саналы тіршілік иесінің тіріліп келгені жоқ. Рас, «өліп-тіріліпті, сосын бәленбай жыл өмір сүріпті» деген түрлі алып-қашпа әңгіме көп. Бірақ бұл «өлгендер қайтып келеді екен» дегенге дәлел емес. Ғылымда «клиникалық өлім» деген термин бар. Оның жөні басқа. «Өлген тіріліпті» дегенге келмейді. Десек те, осы айтқандарымызды теріске шығара жаздаған бір тіршілік иесі бар. Құдретке ие кім дейсіз ғой, баяғы...

Ол Бурятияда өмір сүрген Хамбо лама. Бүгінгі әңгімеміздің басты кейіпкері сол болмақ. Сонымен... ХХ ғасырдың басында-ақ, Даши Доржо құдайдың ерекше қасиет қондырған адамы ретінде жұртқа танылған. Ол көп ауруды демде емдеп жазатын емші еді. Болашақты болжайтын көріпкелдігі тағы бар. Жанындағы адамның ойын оқып қоятын қасиетке де ие болатын. Осының бәрі оны жалпақ дүниеге белгілі етті.

1911 жылы ол Хамбо-лама деген атақ алып, Бурятиядағы буддистердің басшысы болды. 1927 жылы дүниеден өтті... Жәй өткен жоқ, артындағыларға қайтып келетінін айтып кетті... «Өлген адам қайтып келе ме, монах алжыған болар» десті жұрт. Артында қалғандарға қалдырған өсиеті де ерекше еді. «Мені жерлеген соң, отыз жылдан кейін яғни 1955 жылы табытты ашып, он екі мүшем сау жатыр ма, екен, соны тексеріңдер, егер де бәрі ойдағыдай болса, 75 жылдан кейін моладан шығарып алыңдар. Содан кейін араға көп салмай жарық дүниеге қайтып ораламын» депті-мыс.

2002 жылы 10 қыркүйекте оның айтқаны орындалып, моладан кері қазып алынды. Саркофакты ашқан жұрт таң қалғаннан жағасын ұстады. Өйткені... иә өйткені 75 жыл бұрын малдас құрып отырған күйі дүниеден өткен монах, дәл сол қалпында түк

болмағандай әлі отыр... Іріген де, шіріген де жері жоқ. Өліктен шығатын күлімі иіс те жоқ. Малдас құрып отырып ұйықтап кеткен жандай, сол қалпы сақталған. Шашы түспеген, көзі, құлағы, мұрны бәрі-бәрі орнында. Терісі тірі адамның терісіндей жұмсақ, жылы. Монах жайлы хабар сол күні Мәскеуге жетті. Ертесінде-ақ бір топ ғалым Бурятияға ұшты. Жан-жақты сараптама жасалды. Қорытындысында монах «тірі» деген шешімге келді. Хамбо-ламаның тыныс алатындығы, қозғалатындығы тіпті терлейгіні де белгілі болды. Бұл не деген керемет! Буддалықтар жылына дінге байланысты бес ірі мейрамды атап өтеді. Көпшілік жиналып құдайға құлшылық етер кезде, Хамбо-ламаны көтеріп шығып, ортаға отырғызатын көрінеді. Жұрт пұтқа табынып жатқан кезде өлі мүрде өз-өзінен терлеп, ауызы жыбырлап қоса сыйынғандай болады екен. Көзі ашылып-жұмылғанын да байқағандар бар. Бетінің түрі өзгеріп, айналада болып жатқан жағдайға үн қосқандай болады-мыс...

Монахтың бүкіл денесіне зерттеу жүргізген ғалымдар ол өлмегенін, тек қатты ұйқыға кеткенін дәлелдеп шыққан. Бірақ қалай... 75 жыл бойы табытта тірі отырған. Қалайша, қандай күдіреттің арқасында? Осы жағына ғылымның мүмкіндігі жетпеді. Оның шешуін болашақтағы жаңа ғылым табады десті... Дүниеден өтетін күні яғни 1927 жылдың 15 шілдесінде лама өз шәкірттерін жинап, өзінің дүниеден өтетінін жария еткен. Сосын жаназамды шығарыңдар деген ғой. Бірақ лама тірі отырғанда кімнің жүрегі даулап, ондай тірлікке барсын. Болмаған соң, лама өз жаназасын өзі шығару үшін күбірлеп дұға оқуға кіріскен көрінеді. Оған шәкірттері қосылады. Сүйтіп отырып лама о дүниеге аттанып кеткен...

Ғылым айтады, «Хамбо-лама түбі тіріледі, жарық дүниеге оралады. Ол уақытша ұйықтап кеткен» деп. Мүмкін. Өйткені ғылымның дәлелдеуінше лама уақытша өз-өзін ұйықтатып тастап, белгілі бір уақыттан (бәлкім ондаған немесе жүздеген жыл салып) кейін ұйқысынан оялатын мүмкіндікті игерген. Мұндай күдіретке ламалардың ламасы ғана жеткен көрінеді. Үндінің иогалары да осындай тылсым күшті меңгергені белгілі. Ғалымдардың айтуынша, бүкіл дененің тіршілігіне бақылау жасайтын мидың гипоталмус деген белгілі бір бөлшегі болады екен. Егер де адам сол бөлшекті өзінің дегеніне бағындыра алса, өзін кез келген кезде

өлтіріп, сосын белгілі бір уақытта тірілте алатын көрінеді. Бүгін өзінді ұзақ мерзімді ұйқыға жіберіп, бір ғасырдан кейін, не болмаса бірнеше ғасырдан кейін оянып, жаңа ғасыр, жаңа адамдармен қауышуға мүмкіндік болады. Мәселе, «мидың әлгі бөлшегін қалай бағындыруға болады?» дегенге тіреліп тұр. Оған ие болған адам жарық дүниеге әлсін-әлсін қайтып оралып тұруына мүмкіндігі болмақ... Керемет емес пе, ә?

Қазір Бурятияға арнайы ат басын бұрып, «тірі-өлік» ламаны көруге қызыққандардың қатары жылдан-жылға артып келе жатқан көрінеді. Енді кім де болса, 75 жыл көрде тапжылмай ұйықтап отырған адамды көзбен көруге қызықса керек. Жалпы адамдарды «өлтіріп-тірілту» үшін тәжірибе он сегізінші ғасырда басталыпты. Алғашқысы ағылшын хирургі Д.Хантер. Ол тірі тышқанды мұзға көміп тастап, сосын тірілтіп алуға тырысқан көрінеді. Бірақ тәжірибе сәтсіз болыпты. Араға 200 жыл салып ғылым осы мәселені қайта қолға алды. Тіпті арнайы криология деген ғылым да ашылды. Олар тышқанды емес, адамды қатырып тастап белгілі бір уақыттан кейін тірілтіп алуға көшті. Тәжірибе жаман емес. Сәттілік те бар. Қазір Батыстың көптеген байлары өздерін қатырып тастап, қажет деген уақытта яғни он жыл я отыз-қырық жылдан кейін оятып алындар деп «уақытша о дүниеге» аттанып жатқандар да бар. Оның өзі қазір ақылы болып, жүздеген мың доллар төлейтін көрінеді.

Міне, «өліммен» ойнау осылай басталған. Әрине бұл – сәл басқашалау өлім. Ал Хамбо-ламанікі өзгеше. Денесі арнайы қысымда қатырылмай-ақ, немесе бальзамдалмай-ақ жақсы сақталған. Ғалымдар Хамбо-лама жүз пайыз өз денесін өзі игерген деседі. Ол бала жастан-ақ, осындай ұзақ ұйқыға даярланған. Өзін соған сендірген. Азық-түліктің де санаулы түрін пайдаланған. Түрлі қимыл жасап, денесін бекемдеген. Бүкіл ақыл-ойын соған бағыттаған. Ақыры нәтижесі анадай. Бірақ ол қашан оянады? Жұртқа белгісіз. Әрине ана жаққа аттанар кезде лама шәкірттеріне өсиет қалдырған. Онда өзінің қашан жарық дүниеге оралатын жылы мен күнінде атаған көрінеді. Бірақ ол өте құпия сақталып отыр деседі жұрт.

Хамбо-лама жарық дүниеге оралған соң, о дүниеден не көрді, кіммен кездесті, не жөнінде әңгіме айтты, соның бәрін айтар ма екен? Ламаның оянуына Ресей билігі де мүдделі болып отырса

керек. Бәлкім олардың да білгісі келетін нәрселері бар шығар. Осындай оқиғаларды еске алғанда алдағы уақытта «өлгендер қайтып келмейді» десек те, қайтып жарық дүниеге оралатындары көбейетін сияқты.

*«Айқын»,
сәуір. 2012 жыл*

ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН ЕР ҰЛАН

Ұлы даланың ұлы ұлдары жөнінде толғау, жазу оңай емес. Шығысы сонау Тынық мұхиты, батысы Дунай өзені, солтүстік шекарасы Байкал көлі, оңтүстігі Гималай тауларымен шектескен Ұлы даланы мекен еткен көшпелілердің арасында; күлде жатқан елін күнге көтерген, терезесін өзге жұртпен тең еткен, ат сауырынан қан тамшылап, тебінгісінен тер төгіліп, «еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып», түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, бастыны идіріп, тізеліні бүктіріп, елінің бүтіндігі, жерінің тұтастығы үшін еңіреп өткен жалаңтөс батыр ұлдары аз болмаған. Тарыдай шашылып жатқан жұрттың басын біріктіріп, көшпелілердің империясын құра білген «күннен туған, гуннен туған» (Мағжан) әлем тарихында өшпестей аты қалған ғұн Мөде тәңірқұты, Римнен Еуропаны азат етіп, құлдық дәуірді талқандаған Апенин түбегін шаңдатқан ғұн Еділ батыр (Аттила), Түрік қағанатын құрған Білген қаған, Тоныкөк дана, көк түріктің көк семсері атанған Күлтегін, Естемилер, жарты әлемді бауырына басқан Шыңғысхан, қаһарлы Ақсақ Темірлерді ұлы даланың алдаспан ұлдары десек артық емес. Бұл арғы тарих десек, бергісі исі қазақтың басын қосып, ақ туын тігіп, жеке һәм іргелі ел еткен Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар хандарды, өмірін аттың жалында, түйенің қомында өткізіп, «қара қазан, сары баланың» қамы үшін ақ қар, көк мұз жастанып, сүңгісін жауға тіреп өткен Қара Керей Қабанбай сынды мыңдаған жанкешті ұлдарды да бұл жерде ұмытуға болмайды. Мұның өзін өткен тарих дейтін болсақ, кеше ғана Ресей мен Қытай шекара (XIX ғасырдың соңы) сызығын жүргізгенде тағдырдың жазмышымен жат елдің қармағында қалып, елінің азаттығы, жерінің тұтастығы үшін алысып, сол жолда құрбан болған Оспан батыр да қазақтың нарқасқа аяулы



ұлдарының бірі десек, артық айтпағанымыз. Шекараның арғы бетінде қытайлармен де, моңғолдармен де, кеңестік елдің әскерлерімен де соңынан ерген жұртының амандығы үшін соғысып, илікпей кеткен Оспан батыр кім еді? Әрине, Оспан батыр жөнінде көптеген аңыз-әңгімелер жеткілікті. Оның бәрін тәшпінштеп айтып, жазып жату міндет емес. Тек оны білмейтін жұртқа, ел арасында «Қара Оспан» деген атқа ие болған, сырттағы қазақтың азат өмірі үшін 11 жыл жаумен алысып, түбінде шейіт болған Оспан Сіләмұлының кім болғанын түсіндіре кету. Әрине, қолымызда Оспан батырдың ғұмыры қатталып жазылған өмірбаяны болмағандықтан өзіміздің және алыс-жақын шетел басылымдарында жарық көрген Оспан батыр жөніндегі деректерді алға тарпақпыз. Бұған ешкім ренжи қоймас, өйткені Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы болған, қазақтың аяулы азаматы бәрімізге ортақ болса керек-ті. Сонымен деректер Оспан батыр жөнінде былайша сыр шертеді... Батыр Алтай аймағының Көктоғай ауданының Өңдіқара қыстағында дүниеге келген. 1940 жылы Алтай аймағында Шың Шысай үкіметіне қарсы шыққан Көктоғай көтерілісіне белсене қатысқан. Асқан батырлығымен көзге түскен Оспанмен өзге жұрт санасатындай дәрежеге жеткен. Содан болар Алтай өлкесін қытайлардан азат ету үшін КСРО мен Моңғолия батырға көмек қолын ұсынған. 1943 жылы Моңғолияның әскери қолбасшысы, маршал Чойбалсан мен Кеңес Одағының генералы Попов бастаған топ Оспан батырмен кездесіп, 1000 винтовка, 20 пулемет, қажетті оқ-дәрі және басқа қарулар берген. Оған қоса 2 әскери ұшақ, 200-дей жауынгер беріп, Қытай иелігіндегі Бұлғын бекінісін қайтарып алуға көмектеседі. 1944-1945 жылдары Оспан батыр бастаған көтерілісшілер Шіңгіл, Көктоғай аудандарын Қытай әскерлерінен босатып, тұтас Алтай аймағын азат еткен. Осы еңбегі үшін Оспан батыр Кеңес Одағының көмегімен құрылған Шығыс Түркістан Халық Республикасының Халық қаһарманы орденімен марапатталған. 1945 жылы Шығыс Түркістан Республикасының армиясы құрылып, Оспан батыр басшылық жасайды. Сол жылы қыркүйекте Алтай аймағының генерал-губернаторы болып тағайындалады. 1949 жылы Қытайдың халық-азаттық армиясының бөлігі Үрімжіге кіргендіктен, қалада қытай коммунистері қатаң тәртіп орнатады. Оспан батыр жасақтары қытай коммунистеріне қарсы соғыс ашып,

Алтай округінің астанасы – Сүрсембе қаласын азат етеді. Округтегі барлық халықтар Оспан батырдың қол астына бірігеді. 1945 жылдан кейін Оспан батырға қарсы – жаңадан орнаған Шығыс Түркістан Республикасының армиясы, Кеңес Одағы тарапынан барған әскерлер, Моңғолияның арнаулы бөлімдері үш жағынан тықсырды. 1947 жылға дейін 3 елдің әскерімен алма-кезек соғысқан Оспан алдырмай қойды. Алтай тауының құлама құзына барып бекінген қазақтардың 8 жастағы баласынан бастап қолына мылтық ұстауға жарайтын қарияларына дейін соғысты. 1947 жылы Оспан сарбаздары күллі Алтай аймағына шабуыл жасап, Шығыс Түркістан және Кеңес Одағының әскерлерін қуып шықты. Саскалақтаған әскерилер Қазақстанның шекарасын асып қашты. Осылай екінші рет Алтайды азат еткен Оспан сарбаздары бұл жерде көп тұрақтай алмады. Себебі, 1949 жылы қазіргі коммунист Қытай үкіметі орнап, оған Кеңес елі қосылып, аса ірі күшпен Оспанды Алтайдан ығыстырды. Оспан болса өзінің бұрынғы ата жауы гоминдандықтармен бірігуге мәжбүр болды. 1951 жылдың басында еріксіз ығысып, Тибет шекарасындағы Қанамбал тауына барған соң бірге жүрген серіктерін Үндістанға асырып жіберіп, өзі қасында қалған аз ғана әскерін бастап қайта бұрылады. «Жаттың жерінде тірі жүргенше, туған топырақта сүйегім қалсын!» деп бекінген Оспан батыр тағы айқасқа түсті. Дәлелхан Жаналтай өзінің «Қилы заман, қиын күндер» атты естелік кітабында: «Алтай аймағы азат етілгеннен кейін аймақтық билік орындарына Оспанның келісімінсіз Қазақстан адамдарын әкеліп отырғызды. Бес жыл ұйқы-күлкі көрмей қан кешіп жүріп жеткен жеңісі бөгденің игілігіне айналып кеткенін аңғарған Оспан батыр әскерін бастап тауға шығып кетті» деп жазады. Осылайша батыр 1946 жылдан бастап Ұлы Отан соғысында шыңдалған, кеңестік арнаулы құрылымдардан жасақталған, бірақ Шығыс Түркістан әскерлерінің формасын киген әскерлермен, Моңғолияның қарулы күштерімен, коммунистік Қытай сарбаздарымен қатар соғысты. Сөйтіп, жаңа бір жойқын майдан ашылды. Осы тұста Оспан амалсыз, бұрынғы жауы қытайлық гоминдан күштерімен одақтасуға ұмтылды. Маоға қарсы тұрған Чан-Кай-Шида қолдады. Әрі коммунистердің күшеюіне мүдделі емес елдер АҚШ және Ұлыбритания елшіліктерімен байланыста болды. 1948 жылдың тамыз айында Үрімшідегі Америка консулы Пакстонның нұсқауымен



полковник Дәлелхан Жанымқанұлы Оспанмен жеке кездесуге барады. Осы кездесуде шет елге өтіп кету жайында сөз болған. Батыр алғашқыда келіскенімен, артынан бас тартқан. Содан 1950 жылдың соңында Оспанға тағы да жоғарыдағы мәселе бойынша Қалибек қажы Рақымбекұлы өзінің ұлы Хасенді жіберіп ақылдасады. Осы кездесу жайында Хасен Оралтай «Елім-айлап өткен өмір» атты кітабында: «...батыр өте жұпыны қара қоста өмір сүріп жатыр екен. Мен елден кете алмаймын. Коммунистермен соғысып өлемін... деді» деп жазады. Ақыры Қытай әскері Оспанды қолға түсіреді. Батырдың ісін халық соты мен әскери трибунал қатар қарайды. Оған «жүздеген адам өлтірді, мыңдаған мал тонады» деген айыптар тағылады. Соның ішінде «Америка мен ағылшындардың тыңшысы» болды дейтін жалған айып та бар еді. Оны Оспан мойындамаған. «Мен тыңшылық істеп көмектесетіндей олар менің құдам ба екен?! Одақтас болғаным рас. Қазақ үшін сайтанмен де тіл табысуға әзірмін» дейді батыр. Азаттық үшін аһ ұрып, 11 жыл бойы ат үстінен түспей қол бастаған Оспанды 1951 жылы 28 сәуірде Үрімжі қаласында коммунистік қытай өкіметінің жендеттері 80 мың адам жиналған алаңда, ел көзінше атып тастайды. Батырдың балалары да аяусыз өлтірілді. 18 жастағы өрімдей қызы мен 14-тегі ұлын аналарының көзінше тураған. Ал 11 жасар ұлын құдыққа тастап шәйіт қылған... Жат жұртта қалған азғантай ұлтының азаттығы үшін арыстанша арпалысып, жанын құрбан еткен Оспан батырдың өмірі осындай. Деректер осылай сыр шертеді... Бір өкініштісі, сыртқы дүниені былай қойғанда, өзіміз Оспан батырды әлі дұрыс танып болған жоқпыз. Әрине, «атаусыз қалды» деуге тағы болмас. Осы айдың басында Оспан батырдың туғанына 110 жыл толуына байланысты ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Батыр жөнінде жақында «Азаттықтың өшпес рухы» атты тарихи-танымдық туынды жарық көрді. Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы болған Оспан батыр жөнінде кезінде бірқатар шетелдік басылымдар кеңінен жазды. Ендігі кезек қазақтың өзінде. Өйткені сыртта жүріп «елім-айлап» өткен қаһарманымызды ісі қазаққа кеңінен танытып, дәріптеу парызымыз болмақ.

*«Айқын»,
тамыз. 2011 жыл*

«АЛТЫ НЕГР БАЛАСЫ» немесе үшінші Рейхтің қордалы құпиясы

Тарихта қан құйлы диктаторлар туралы алыпқашпа әңгіме жиі айтылады. Оның ішінде шындығы мен өтірігін айыру қиын. Бәрінің мәтіні бір, «болған екен-мыс», «сүйткен екен-мыс» деп кете береді... Дегемен тарихта «Алты негр баласы» деген атпен үшінші Рейх басшыларын құтқару жөніндегі атақты операция жөнінде көп айтылмайды. Бәлкім мұнда үлкен бір құпия жатқан болар.

Жалпы «Алты негр баласы» деген операция қай кезде болды, оның артында кімдер тұрды, кімдер ажал қақпанынан сытылып кетті? Енді құпиясы мол осы тақырыпты қолымыздан келгенше суыртпақтап көрелік. Осыдан 67 жыл бұрын – 1946 жылдың 16 қазанында Нюрнбергте үшінші Рейх басшыларын соттап, дарға асуға шешім шығарылды. Халықаралық әскери трибуналдың үкімін орындаушы бас жендет, АҚШ армиясының сержанты Джон Вуд еді. Бірақ дар тұзағын мойнына үшінші Рейхтың барлық басшылары ілді деп айту қате. Келіп тұрған ажалдан бас сауғалап құтылып кеткендер де бар. Мәселен, үкім орындардан бұрын үшінші Рейхтың басты тұлғаларының бірі Герман Геринг у ішіп өлді. Сөйтіп мойнына қыл бұрау салдырмады.

Ал Мартин Борман – тұтқынға түспей, аман-есен құтылып кеткендердің бірі. Халықаралық әскери трибуналдың уысына түспей кеткен ең зор қылмыскер – Гитлер. Дәл сол тұста ол «өзін-өзі өлтірді» деп айтылғаны белгілі. Бірақ оның өліміне КСРО басшысы Сталин де, Кеңес әскерінің қолбасшысы Жуков та сенбеген. Бәлкім бірденені сезген болар... Шындығында 1945 жылдың 30 сәуірінде Гитлерді, оның жары Ева Браунды және Борманды отқан оранған Берлиннен алып шығып, шет елге аттандырып жіберу үшін «Алты негр баласы» деген атаумен атақты операция жүзеге асырылды. Гитлер мен Еваның орнына оның сыңарлары өлтірілді, өртелді... Сүйтіп із жасырылды. Әлем жұртын алдады. Ал XX ғасырдың бас қылмыскері аман-сау Латын Америкасына қарай жол тартты.

Кейбір деректер Гитлер Аргентинада, сосын Парагвайда 1972 жылға дейін жасырын атпен өмір сүрді дегенді келтіреді. Солай да болар. Өйткені «Алты негр баласы» операциясының

алға қойған мақсаты да осы еді. Антигитлерлік коалицияның генералдары дарға асылған фашистік Германия басшыларының ішінде «Иоахим фон Риббентроп ажалды қаймықпай қарсы алды» деп еске алады. Өзгелерге қарағанда ол қыл тұзақты мойнына өзі салып, «О құдайым, Германияны құтқара көр» деп айқай салған. АҚШ конгресінің айрықша қорында «аса құпия» деген белгі соғылған кейбір құжаттарға қол жеткізіп, зерттеу жүргізген Кеңес елінің тарихшысы Валерий Мильй «Риббентропты америкалықтар өлтіргісі келмеген еді. Өйткені ол «Алты негр баласы» деген кодтық атауы бар операцияның үтір-нүктесіне дейін білген. Америкалықтар операцияның құпиясын ашу үшін Риббентропты аман алып қаламыз, ол үшін Гитлер қайда жасырынды, соны айт» деген ультиматум қойған» деп жазады. Бірақ үшінші Рейхтың алдындағы адалдығын өмірінің соңына дейін сақтаған Иоахим фон Риббентроп тіс жармай кеткен көрінеді. Содан болар, «Алты негр баласы» атты атышулы операцияның құпиясы бүгінге дейін ашылмай келеді. Америкалық арнайы қызмет өкілдері мен Риббентроп арасындағы «ақпараттық сауда» неге байланысты болды? Бұл жөнінде қазір Канадада тұратын Валерий Мильй құпия құжаттармен жұмыс істеу барысында, мынадай фактілер тапқанын жазады. «Гитлер мен оның ашынасы Еваны өлді деп халықты сендіру үшін олардың сыңарларын адам танымастай етіп өртеген. Ол үшін жүздеген литр бензин қажет болды. Өйткені өртенген мұрдені ешкім, ешқандай сарапшы дөп басып таппас үшін» дейді.

Ал «операция неге «Алты негр баласы?» деп аталды дегенге келсек, Гитлердің төрт, ал Еваның екі сыңары болды дегенді айтады. Екі сыңарды Гитлермен Ева деп Бункердің сыртына шығарып адам танымастай етіп өртеп жіберген. Қалған төрт сыңардың қайда кеткені белгісіз» дейді зерттеуші. Сондай-ақ, тарихшы Адольф Гитлер мен Ева Браунның Еуропаны тастап, Латын Америкасында жатқан Болвия мемлекетінде тұрғанына күмән келтірмейді. Тіпті Гитлер Болвияның сол кездегі диктаторы Стресснермен араласып тұруы да мүмкін деген болжам айтады. Кім білсін? Бәрі мүмкін. Дегенмен америкалықтар Сталин мен Жуков секілді Гитлердің өлгеніне тек күмән келтіріп қоймаған, қалай да оны тірдей ұстау үшін бүкіл арнаулы қызмет ұйымының өкілдерін, жансыздарын Еуропаға тарыдай шашып жіберіп,

бір ілгек іздеген. Міндет – Гитлердің жасырынған жерін қалай да табу болатын. Бірақ ол нәтиже бермегенге ұқсайды. Ақыры америкалықтар Риббентроппен «сауда» жасасқан. «Тірі қалғын келсе, Гитлер жасырынған «апанды» айт. Әйтпесе...» Басында Риббентроп өртенген мүрделер Гитлер мен Еваныкі емес екенін, олардың сыңарлары өлтіріліп, өртелген деген ақпаратты айтқан көрінеді. Бірақ ары қарай сыр ашпаған күйі өзін құрбандыққа шалуды ұйғарған.

Міне, берген антына таза адам деп осыны айт! Гитлерді, оның әйелі Еваны және Борманды құтқару жобасын жасаған фюрердің сүйікті де сенімді адамы Отто Скорценнің бұйрығы бойынша «өз-өзін өлтірген» Гитлер мен әйелінің денесін бункерден шығарып, өртеп жіберу Гитлердің көлігін жүргізуші Эрих Кемпка атқаруы тиіс болған. Сүйектерді өртеген Эрих кеңес әскерлеріне өз еркімен тұтқынға түсіп, Гитлердің жатқан жерін көрсетуі керек еді. Сүйтіп Кеңес елін және оның одақтастарын алдап соғуы тиіс-тұғын. Оқиға дәл Отто Скорцен құрған жоба бойынша өрбіді. Әлем халқы 50 миллионнан астам адамның басын жұтқан жендет Гитлер өзін-өзі өлтірді дегенге сенді. Өртелген мүрделерді сарапқа салған мамандар әбден адам танымастай күйіп кеткен сүйектерді Гитлер мен Еванікі деп танығаны белгілі...

Жауап беру барысында Гитлердің жүргізушісі екі үлкен қателік жіберген көрінеді. Бірақ оны ешкім байқамай қалған. Біріншісі, «Фюрермен оның жарын өз қолыммен өртедім» деп тұрып алған Эрих «мүрделерге бензинді құйып болған соң, жанымда бақылап тұрған Гимлерден сіріңке сұрадым, Ол берді» деп қойып қалған. Шындығында ол ешкімнен сіріңке сұрамайтын. Оның қалтасында үнемі мылтық гильзасынан жасалған әдемі оттық жүретін. Оны Гитлер сыйлаған еді. Екінші өтірігі, мүрделердің беті солдат одеялымен жабылған. Ашып көрген жоқпын» деуі.

Ақиқатында алас-күлес соғыс жүріп жатқанда кім оларды әлпештеп одеялға орап жүр дейсіз. Мұның бәрін артынан қолға түскен фюрердің жеке дәрігері сұрақ жауап барысында айтып берген. Сондай-ақ, бетіне пластикалық операция жасап, қолға түсуден құтылып кеткен Отто Скорцен соғыс біткен соң, көп жылдан кейін америкалық таныс журналистке Гитлерді қалай аман алып қалғандарын жайып салған көрінеді. Оның айтуынша «Гитлерді пластикалық операция жасатуы әбден мүмкін. Өйткені



ол өте айлалы еді» депті-мыс. Сенбеске болмайды. Бәрі мүмкін. Сондай-ақ, ол үшінші Рейхтың басшылары үшін жасалған бункер тек бомбы мен снарядтардан ғана жан сақтайтын ұра емес, бір-неше қабаттан тұратын лабриндке ұқсас шым-шытырық жолы бар мекен дейді. Сол үнгір жолдарына темір жол орнатылған. Онда екі-үш адам сиятын вагондар жүріп тұрды. Ол жолдар Берлиннің астын шарлап барып, бір қиырға шығып кетеді. Гитлер соны пайдаланды» дегенді айтқан. Әрине болар іс болған соң, кім қалай айтса да, не десе де – өз еркі. Бұған дейін де Гитлердің соғыстан кейінгі өмірі жөнінде шытырман әңгіме айтылған. «Гитлер Антарктида не болмаса Аргентинада өмір сүрді» деген қауесет бүгінгі күнге дейін тыншыған жоқ. Мейлі ғой. Мұндай әңгіменің айтылуына Ресей арнаулы орындарының бірінде құпия түрде сақтаулы тұрған Гитлердің шекесін АҚШ, Ұлыбритания, Франция сарапшылары тағы бір тексергенде ол Гитлердікі емес, белгісіз бір әйелдің сүйегі болып шыққан. Осының өзі «Гитлердің Екінші Дүниежүзілік соғыста аман қалыпты-мыс» деген үлкен әңгімеге кезек бергені белгілі. Соның бірі – «Алты негр баласы» атты операциясы.

«Айқын»,
ақпан. 2013 жыл

ӘЛЕМ ЖҰРТЫ ТАҢҚАЛҒАН ЕРЛІК немесе мұхит бетінде арпалысқан 49 күн

Тура осыдан 50 жыл бұрын, яғни 1960 жылдың 17 қаңтарында Куриль аралында көтерілген дауыл айлақта тұрған кішкентай жүк тасымалдайтын Т-36 баржасының якорын үзіп, ашық теңізге айдап алып кетті. Баржа ішінде жүк түсіруге келген Кеңес елінің төрт солдаты бар еді. Әрине бір қарағанда бұл теңіз жағасында анда-санда болып тұратын жай ғана оқиға секілді көрінуі мүмкін. Бірақ кейінен бұл оқиға әлемді дүр сілкіндірді. 49 күн ашық теңізде аштықтан бұралған кеңестік төрт солдат сол 60-шы жылдары батыр ретінде танылды... Олардың атақ-даңқы сол кезде дүркіреп тұрған «Битлзден» де, арада бір жыл салып иісі адамзат тарихында көкке тұңғыш рет жол салған гарышкер Гагариннен де кем болған жоқ-ты.

Әлем жұрты таңқалған, тамсанған, таңданған ерлік қалай болып еді, өзі...

1960 жылдың 17 қаңтары. Түн. Кенеттен көтерілген дауыл айлақта жүк түсіруге даяр тұрған Т-36 баржасының якорын жұлып ашық теңізге айдап кетті. Желдің екпіні секундтыңа 70 метрге жеткен. Ал ондай екпініге шыдамаған кішкентай баржа желді күнгі қаңбақтай толқындардың қақпайлауымен жағадан ұзай бер-ген. Баржадағы төрт солдат баржаның қозғалтқыштарын қосып жағаға қарай жүзуге тырысқанымен, одан түк шықпады. Арада жанталаспен өткен үш-төрт сағаттан кейін май таусылып, қозғалтқыштың үні өшті. Бұдан кейін басқарусыз қалған баржа дауылдың дегеніне көніп, қақпайлаған жағына қарай ыға берді. Баржа бортындағы төрт солдат кім еді, олар кіші сержант Асхат Зиганшин (татар) және қатардағы жауынгерлер Филипп Поплавский, Анатолий Крючковский, (украиндықтар) Иван Федотов (орыс) еді. Арадағы біраз уақыт жанталаспен өткен соң, бір сәт демалуға тізі бүккен сәтте Асхат Зиганшин баржаның бір бұрышынан «Красная звезда» газетін тауып алды. Онда Гавай аралдары маңынан қаңтардан наурызға дейін кеме жүруге тыйым салынғаны жазылған екен. Себебі ол маңда КСРО алғашқы баллистикалық зымырандарын (бұл кез АҚШ пен КСРО қырғи-қабақ жағдайда өмір сүріп, түрлі қаруларды сынап, кім мықты екенін әлемге паш етуге тырысып жатқан) сынақтан өткізіп жатқан көрінеді. Айдаладағы Байқоңырдан (Қазақстан жерінде орналасқан зымыран ататын шахта. Бүгінгі ғарыш айлағы) атылған зымыранның қаңқасы әлгі аймаққа келіп құлайтын көрінеді. Сондықтан ол ендіктен өтетін барлық кемелерге тыйым салынып, қауіпсіздігі үшін өзге ауданды айналып өту керектігі жазылыпты. Осыны оқыған соң-ақ Зиганшин «біттік – деген. – Бұл аймаққа енді бізді іздеп ешкім келмейді. Ал наурызға дейін біздің қаңқамыз да қалмас. Баржа тесіліп суға батса, бізді акула, балық біткен жеп қояр». Осыны достарына жеткізген ол, қолда бар нәрсені түгендеуге кірісті. Баржадан бар табылғаны бір бөлке нан, екі қалбыр бұқтырылған ет, шошқа майы, екі шелек картоп, азын-аулақ жарма және екі-үш қорап «Беломорканал» темекісі. Ал ішетін суға баржаның қозғалтқышын салқындататын суды пайдаланды. Бірақ қолда бар азық-түлікпен ұзаққа шыдамасын олар білді. Содан болар, бәрін үнемдеуге кірісті. Бұрқанған



дауыл, жал-жал толқындармен арпаласқын күндер сырғып өте бастады. Бұларды іздеген ешкім жоқ. Баржа жапон балықшылары «өлім ағысы» деп атаған ағысқа түскен соң, жағадан алыстап, Гавай аралдарына қарай ыға берген. Ұзындығы он жеті, ені үш метр болатын баржа Тынық мұхитында көзге көрінер көрінбес нүкте секілді ғана еді. Бір қызығы бұлардың ешқайсыда теңізде жүзетін матрос емес, жәй ғана құрылыс бөлімінде отан алдындағы борыштарын өтеп жатқан жауынгерлер болатын. Осы айлақта тұрған кемелердегі жүктерді түсіріп, тиеп әскердегі күндерін өткізіп жатқандар. Сол түні тағдырдың айдауымен баржадағы көмірді түсіруге осы төртеуі бөліне қалмасы бар ма? Бәлкім мандайларына жазылғаны осы болар-ау... Бұлардың ашық мұхитта бағытсыз-бағдарсыз лағып жүргеніне аптадан астам уақыт өтті. Бірақ айналадан ешқандай кеме, не болмаса көкте ұшқан ұшақты көрмеді. Азын-аулақ ішім-жемде түгесілуге арналды. Ал оларды әскери бөлімде «із-түссіз кеткендердің» қатарына қосты. Елде қалған ата-аналарына да солай жеткізді. Бұл бер жағы болғанымен «бөлімді рұхсатсыз тастап қашып кетті» деген айыппен көп ұзамай «ұлдарынды қайда тықтындар, тауып беріндер» деп олардың туған үйлерін тінтіп, тексеру басталды. Бұларды ашық теңізден іздемегенің екінші бір себебі баржаға көмір тиелген еді. Сол көмір салынған қорап қатты дауылда баржандан ауып түсіп, толқындардың итерумен жағаға шығып қалған екен. Соны көргендер «олардың баржасы суға кетіп, өздері қаза болған екен» деп іздеуді қажет етпеген. Туған үйлерінде тексеріс болып жатқан кезде, тамақтары таусылған төрт солдат аштықтан бұралып, өлудің аз-ақ алдында қалып, мұхитта ағып жүрген еді. Ішетін су таусылған соң, жауған жаңбыр суын жинап соны ішті. Бірақ ол неге жетсін. Темекі баяғыда түгесілген... Алғашында екі қасық жарма, екі картоптан жеп келгендер, енді күніне жарты картоп жейтін болды. Ал артынан екі күнде бір жарты картопты ауызға салып, қаужандағанды дәтке қуат етті... Ал соңғы картопты 23 ақпанда, яғни Кеңестік Қызыл Армиямен Теңіз флоты құрылған күні жеді. Ары қарай аштық басталды... Күш жоғалпас үшін төртеуі де тек жата бергенді дұрыс деп тапты. Ұлы мұхитта кішкентай нүктедей болған баржа қайда, қай бағытқа қарай ығып барады, оны ешқайсысы ойлап жатпады. Аштық үдей түсті. «Баржада атжалмандар да жоқ болды. Әйтпегенде оларды да ұс-

тап жер ме едік? Балық аулап күн көрсек» деген ой болған, бірақ бортқа шықсаң тастай суық толқындар үстіңе шашырағанда амалсыз кішкентай қаютаға қашып кіретін едік» - деп жарты ғасыр өткен соң, сол күндері есіне алады Асхат Зиганшин. Қайткенде де, өлместің камын жасау керек еді. Әскери белдіктерді лапша секілді жіңішке етіп тіліп, ұсақ-ұсақ етіп турап, отқа қайнатып жұмсартып жеуге көшті. Бұл да болса, өлмеудің бір жолы. Кейіннен белдік таусылған соң, керзі етіктерді де турап, қайнатып, жұмсарған соң отқа тастап аққан қарамайды тамақ орнына пайдалануға көшті. Аштық не істетпеді дейсің... Істен шыққан рацияның және гармонның бауларыда тамақ болып қорытылып ішке кетіп жатты...

Күндер жылжый берді. Бірақ көктен де, жерден де бұларды іздеген ешкім жоқ... Не болса соның бәрін бұлар тең бөлісті. Қолдан келгенше бір-біріне демеу болды, шамалары жеткенше әзіл-қалжың айтып, азда болса көңілдерін көтеріп отыруға тырысты. Ең бастысы естен адасып, жынданып кетпеу еді. Арада қырық бес күн өткен соң алыстан орағытып өтіп бара жатқан кемені байқады. Соңғы әлдерін жинап, түтін салып, қолда бар дүниені бұлғап шақырғанымен кеме бұларды байқамады ма, өтіп кетті. Арада тағы екі күн өткенде тағы бір кеме өтті. Бірақ ол да бұларға қайырылған жоқ. Тек 49 күн дегенде, яғни 7 наурызда АҚШ-тың Жапониядан шығып, Америкаға беттеп бара жатқан «Kearsarge» авианосеці тауып алды. Бәлкім, тағы бір тәулік ешкім кездеспегенде бұлар бақилыққа аттанып кетер ме еді. Олардың қолында от тұтататын екі үш тал сіріңке шырпысымен жарты кесе су қалып еді. Өзге түк жоқ. Солдаттар есінен ауыса бастаған. Көз алдарына адамдар, туғандары, әскери бөлімдері елестеп солармен сөйлесе бастаған жағдайға жеткен-ді. Кенет 49 күн дегенде төбелерінен әлдененің гүрілдеп ұшып жүргенін сезді. Сүйретіле палубаға шыққандары сол еді, төбеде қалықтап жүрген АҚШ тікұшақтарын, әудем жерде тұрған әскери кемені көрді. Ашық мұхитта 49 күн азап шеккендер солай құтқарылған еді. АҚШ кемесіне жеткізілгенде бұларда әл жоқ еді. Сол кемеді көмек көрсетілді. Жуындырды, киіндірді, тамақтандырды. Жедел түрде кеңестік төрт солдаттың табылғанын айтып, АҚШ-тағы КСРО консулына хабарлады. Хабар жетісімен Мәскеу дүрбелеңге түсті. Мәселе бұларды «49 күн аштыққа шыдап, кеңестік баржаны тастап кетпеген батырлар деп пе, әлде өздерінің жауы АҚШ-қа еркімен берілген сатқындар ретінде қабылдаймыз

ба?» деген екі ұдай дұдамал ой еді. Ақыры бұларды батыр деп тану жөнінде шешім шықты. Сол кездегі КСРО-ның басшысы Хрущев өз қолымен «сендер батырсындар» деген құттықтау телеграмасын жіберді. Авианоцес Сан-Францискоға келді. Сол жерде бұларға «АҚШ-тан баспана сұраңдар, жағдайларыңды жасаймыз» деп үгіттеп көрді. Бірақ отаншылдық сезімі басым кеңестік төрт солдат одан бас тартқан еді. Бұлардың бәрін батыстың үлгісіндегі керемет киімдермен киіндірді. Қолдарына 100 доллардан ақша беріп, қажет заттарын сатып алуларына рұқсат етілді. Америка баспасөзі бұлардың ерлігі жөнінде шуылдай жазып, теледидардан көрсетіп жатты. Кейінен сол күндерді еске алған Асхат Зиганшин «ең алғаш рет теледидарды, машиналарда орнатылып, сөйлеп тұрған радионы сонда көрдік» деп ағынан жарылады. Америка баспасөзі олар жайлы жазып жатқанда бұларды «сатқындар ма, әлде батырлар ма?» деп ойласып жатқан кеңестік баспасөзге тек 16 наурызда ғана жоғарыдан «оларды батырлар деп мадақтандар» деген бұйрық келіп түседі. Сол күні «Известияда» «Өлімнен де күштілер» деген алғашқы мақала жарық көрді. Содан кейін-ақ бүкіл кеңестік баспасөз олар жөнінде кең материалдар беріп, әлем алдында паш етті.

Нью-Йорктан Парижге тарансатланттық «Куин Мери» ғажап лайнеріне отырып жеткен оларды Франциядан Мәскеуге ұшақпен жеткізді. Әуежайда оларды халық батырлары секілді үлкен қошаметпен қарсы алды. «Қызыл жұлдыз» ордендерін берді. Олардың атақ-даңқы жер-жаһанға кетті. КСРО-ның бас батырлары ретінде танылып, мыңдаған кездесулер өткізілді. Олар күніне жүздеген хаттар алды. Хат жазған қыз-келіншектердің көбі оларға күйеуге шыққысы келетіндерін білдіріп жатты.

Кейіннен өз әскери бөлімдеріне оралып, отан алдындағы борыштарын абыроймен орындап шықты. Осылайша кездейсоқ болған теңіздегі дауылда адасқандар КСРО-дай алып мемлекеттің батырларына айналып шыға келді. Бірақ жылдар өте келе бәрі ұмытылды. Уақыт өзгерді. Бұл күні 49 күн бойы ашық теңізде арпалысып жүріп, аштықпен шөлге шыдаған кеңестік төрт солдаттың ерлігін ешкім біле бермейді. Тіпті бүгінгі ұрпақ олардың аты-жөндеріненде хабарсыз. Рас, олардың батырлығы, шыдамдылығы жөнінде бірнеше көркем және деректі фильмдер түсірілді. Баспасөз бетінде көптеген мақалалар жарық көрді.

Владимир Высоцкий «49 күн» деген аты-шулы әнін арнады... Бүгінде мұхитта 49 күн мен түнді өткізген төрт кеңестік солдаттың екеуі тірі. Федотов пен Поплавский о дүниелік болған. Крючков пен Асхат Зиганшин тірі. Әл күнге бір-бірімен хабарласып тұратын көрінеді. Алдағы 17 қаңтарда олардың ашық теңізде адасқандарына тура 50 жыл толмақ. Қалай десек те, олар адамның рухының мықты екенін, айлап ас ішпесе де адам организімі шыдайтынын дәлелдеп берді.

*«Айқын»,
қаңтар. 2010 жыл*

11 ҚЫРКҮЙЕК ОҚИҒАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

Осыдан дәл он жыл бұрын, яғни 2001 жылдың 11 қыркүйегінде әлемді елең еткізген һәм үрейге бөктірген оқиға болды. Ол АҚШ-қа жасалған лаңкестік шабуыл еді. Нью-Йорктегі дүниежүзілік сауда орталығы орналасқан егіз мұнара, Пентагон және Капитоли лаңкестік әрекеттің нысанасы болды. Осы жарылыстардан кейін-ақ АҚШ «исламфашизм», «әлемдіктерроризм» және өзге де адамзат үшін қатерлі топтармен күресуді қолға алды. Әлем жұртына «не бізбен біргесіндер, не терроризмді жақтаушысың» деген ультиматум қойды. АҚШ-тың жуан шоқпары бастарында ойнамас үшін, кез келген мемлекет «сенімен біргеміз, терроризммен бірге күресіміз» деп уәде берісті. Содан кейін-ақ лаңкестікпен күресті желеу еткен Ақ үй Ауғанстан мен Иракқа баса көктей кірді...

Содан бері арада он жыл өтті. Бірақ лаңкестікпен күресу тоқталған жоқ. Оның ошағын ойрандау оңайға соқпасы хақ. Кері-сінше, террорлық әрекеттер әлемнің әр қиырында жиі бас көтеруде. Шынтуайтында, онымен күресудің жолы заманауи ұшақ, танк өзге де әскери техникаларға тіреліп тұрмаған секілді. Демек күрестің басқа жолдарын қарастырған жөн сияқты. Бұл әрине өзге әңгіме. Ал, 11 қыркүйек оқиғасы қалай болды, кім ұйымдастырды, себепсалдары қандай, терактіге байланысты жүргізілген зерттеулер не дейді? Соған келейік. Лаңкестік шабуылдан, Манхэттендегі 110

қабатты егіз мұнара қирады, Пентагон ғимараты зақымданды, әйтеуір құдай қағып, Капитоли аман қалды. 2998 адам қаза болды, 6300 адам жарақат алды. Сонымен... оқиғаның әлқиссасы былай болып еді... 11 қыркүйектің таң сәрісінде 4 жолаушылар ұшағын басып алған 19 лаңкес өз жымьсқы әрекеттерін жүзеге асыруға тырысты. Екі ұшақты Нью-Йорктегі Манхэттеннің батыс бөлігінде орналасқан 110 қабаттық Дүние жүзілік сауда орталығына бағыттаса, үшінші лайнер Вашингтоннан алыс емес жердегі әскерилердің ғимараты Пентагонға бағытталды. Төртіншісінің нысанасына Капитоли іліккен еді. Алайда лаңкестер басып алған ұшақты жолаушылар қайтып алуға тырысып, ұшақ ішінде қақтығыс орын алды. Мүмкіндіктің қолдан шығып бара жатқанын аңғарған лаңкестер ұшақты жерге соғып қиратты. Сондықтан төртінші ұшақ Пенсильвания штатындағы Шенксвилл қаласының маңына құлады. 110 қабаттық екі егіз мұнара қирады. Пентагон ғимараты зақымданды. Бәленбай мың адам қаза болды. АҚШ-тағы бүкіл авиарейстер тоқтатылды. Көкке жойғыш ұшақтар көтерілді. АҚШ әскері жоғары дайындыққа көшті. Стратегиялық ядролық орталықтар зымырандарын даярлап сақадай сай тұрды. Ақпараттың жылдам заманы болғандықтан, лаңкестік шабуылдан әлем лезде хабар алды. «Арты немен тынар екен?» деп үреймен күтті. Қос ғимарат-мұнараның қалай күйреп түскенін жарты әлем теледидардан көрді. Вашингтон лаңкестік шабуылдың артында исламдық «Әл-Кайда» ұйымы тұр» деп мәлімдеме жасады. Әлі күнге солай дейді. Бірақ нақты шындық ашылмай қалды. Шындығында, АҚШ-тың төбесінен қарға ұшып өтсе, хабардар болып отыратын арнайы барлау, бақылау орындары алып лайнерлердің ғимараттарға соғылып жатқанын неге аңғармай қалды деген заңды сауал әркімнің көкейінде тұрары хақ. Бірақ осы сауалға әлі күнге нақты ешкім жауап берген жоқ. Тек ресми орындар лаңкестік шабуылдың артында «Әл-Кайда» мен оның басшысы Осам бн Ладен тұрды деп мәлімдеме жасаумен тынды. Артынан жүргізілген зерттеулердің барысы жабық, құпия сақталуда.

Дегенмен «АҚШ-тай алып елге шабуыл жасаған кім, құрыштан құйылған қос мұнара екі ұшақ соғылғаннан неге тез күйреп қалды?» деген сауал әлі күнге көпшілікті мазалап келгені рас. Дегенмен шындықтың бетін ашуға тырыскандар көп. Соның бірі, «Ғалымдар 11 қыркүйектің ақиқаты үшін» деп аталатын 60-тан ас-

тап әр түрлі саланың ғалымдары бас қосқан ұйым. Олар «трагедияға тапсырыс бергендер кім, орындаушылар қайсы. Мақсаты не?» деген сауалға жауап іздеп, әлемді шулатқан оқиғаның ақ-қарасын анықтауға ұмтылды. Тіпті іліктің бір ұшын тапқандай да болды... Қалай десек те, оқымысты-ғалымдар, қор-ғаныс, төтенше жағдай саласының адамдары, философтар, пси-хологтар, қолданбалы ғылым мамандары біріккен топ жұрт біле бермейтін көп нәрсені жайып салды. Сонымен олар былай дейді... «Қос мұнара ұшақтың күшінен емес, ішіне әдейілеп қойылған өте қуатты жарылғыш қондырғылардың әсерінен күйреген, Пентагонға шабуыл жасалды деген пікір түкке тұрғысыз.

Үкімет 11 қыркүйектегі оқиғаны бақылауға ала алған жоқ, қайта сол жағдайды саяси мақсатқа пайдалануға тырысты». Міне ғалымдардың айтқаны. Олар тек айтып қойған жоқ, нақты мысалдар келтірді. Енді соған келейік. 11 қыркүйек күні әуежайда қызмет атқарған диспетчер мен кезекшілерден алынған жауаптар жазылған пленкалар әдейілеп жойылған. Көптеген құнды мәліметтер осылай құрыдымға кеткен. Құпиясын жойған кейбір құжаттарға көз салсақ, 60-жылдан бастап Америка жерінде лаңкестік әрекеттер жасалуы мүмкін деп, соған қарсы әртүрлі шаралар өткізіп отырған. Оның ішінде биік үйлерге ұшақ-камикадзелер соғылуы мүмкін дегенде жобалар болған көрінеді. Бір қызығы, әлемдік деңгейдегі трагедия орын алатын күні, Америка қорғаныс ведомствасы лаңкестікке қарсы оқу-жаттығу қимылдарын жүргізген. Оған ұшақтар қатысқан. Осының өзі диспетчерлердің шатасуына әкеліп соқтырса керек. Жаттығуға ДСО орталығына лаңкестердің шабуылы болуы тиіс екен. Оны тойтарудың да жолы қарастырылған. Шын мәнісінде оқиға керісінше өріс алды...

Тағы бір таңғаларлық нәрсе, екі мұнарадан тыс, сауда орталығының үшінші мұнарасы өз-өзінен құлап түскен. Оған сәл ғана өрттің жалыны тисе керек. Ал ондай оттан бүкіл қаңқасы болат темірден тұратын ғимарат құлай қоймаса керек-ті. Шындықтың бетін ашуға тырысқан әлгі топпен ФБР мекемесінің біраз қызметкерлері Дүние жүзілік Сауда орталығына қуатты бомба қойылған, ғимарат содан күйреді деген тоқтамға келіп отыр. Тіпті ескірген үйлерді сүріп тастайтын ұлттық ассоциация өкілдері егіз мұнараның құлағанын «ғимаратты құлатудың классикалық үлгісі» болды дегенді айтқан. Көптеген куәгерлер «жарылыс

ұшақ соғылған қабаттан көп төмен болды. Ғимарат содан кейін құлады» деп кейіннен өз көргендерін жария еткен. Ғалымдар ұшақтағы керосин қанша жанғанымен болаттан жасалған ғимаратты балқытып, оның құлауына әсер ете алмайды деседі. Тіпті оны зертханада әдейілеп тәжірибеден де өткізген көрінеді. Осы нысанды жобалаған топтың жетекшісі Хайман Браун: «біз ғимаратың құрылысын бастамас бұрын, мұнаның дауылдан, алапат құйындардан, бомбылаудан немесе алып лайнерлердің байқаусыз соғылып қалуынан аман қалуы үшін қауіпсіздік шараларында ойластырдық. Ол ғимараттың қаңқасы құрыштан құйылуы. Бұл темір кез келген тосын жағдайға оңайшылықпен сыр бермесі хақ» – дейді. Ғалымдар жасаған тәжірибеде құрыштың отқа балқып кетуі мүмкін еместігі дәлелденген. Сондықтан мұнаралар «басқарылатын жарылғыш заттар» арқылы құлатылған. Тіпті бір қызығы, бомба жарылғанда быт-шыт болған зат жан-жаққа ұшуы тиіс болса, мұнда бәрі «төменге сырғып» түскен. Осының өзі-ақ бұл арнайы дайындалған әрекеттің ісі деседі әлгі топтың өкілдері. Ғимараттарды жарып құлататын компанияның президенті Марк Луазье: «барлығы алдын ала даярланған. Жарылғыштарда рет-ретімен төменгі қабаттарға қойылған. Содан болар, 110 қабаттық ғимарат өте әдемі құлап түсті. Егерде жоспарланбаған жарылыс болса, шаң-тозаң, жан-жаққа ұшқан қалдық-құралдар бүкіл ауданды басып қалар еді. Ал бұл жерде ондай қайталанбады. Қос мұнара тек тұрған орнына ғана күйреп түсті» деп өз ойын ашық білдірген. Комиссияның есебі бойынша мұнаның күйреп түсуіне 10 секунд кеткен. Мұның өзі жарылыстың болғанына жетелейді. Кейіннен мұнаның орнын аршығанда әбден балқыған болат темірлер табылған. Ал ұшақ жанар-жағар майы болат темірдің сондайлық балқитындай температура бере алмайды екен. Ғалымдар осылай дейді. Демек Дүнежүзілік сауда орталығын құлату әлдекімдерге өте қажет болған. Неге? Не үшін? Бұл енді әлі күнге басы ашылмаған құпия. Дегенмен көптеген дуалы ауызды сарапшылар «Бұл оқиға сол кездегі Буш әкімшілігінің әрекеті болуы мүмкін. Осы жағдайды кейіннен саяси мақсатқа пайдаланды» деседі.

...Кім білсін?

*«Айқын»,
қыркүйек. 2011 жыл*

МҰЗ ТҮБІНДЕГІ НЕМІС СВАСТИКАСЫ

Жұмыр жерде әлі толығымен зерттеліп бітпеген бір құрлық бар. Ол – Антарктида. Жер көлемі 14 миллион шаршы шақырым. Бүкіл құрлық мұз жамылған. Мұздың қалыңдығы 5000 метрді құрайды. Соңғы зерттеулер қорытындысына сүйенсек, осыдан 34 миллион жыл бұрын бұл аймақ жасыл-желекке бөленген, өзендер мен көлдерге толы жұмақ болған көрінеді. Суда балығы тайдай тулап, қырда аң-құсы жыртылып-айрылған-мыс. Бірақ кейіннен өңірді суық ұрып, жан баспас мұзды құрлыққа айналған. Қазір алпауыт елдер көмірсутегі қорын өндіру үшін мәңгілік мұзды аймақ Антарктидаға көз сала бастағаны белгілі. Нақтылап айтсақ, бүгінгі күні мұзды аймақты жанталаса бөліске салуда. Аязы 50 градустан жоғарғы, мәңгілік ақ қар, көк мұз басқан, тоң болып қатып қалған, адам өмір сүруіне өте қолайсыз аймақ үшін мемлекеттер неге жік-жақпар болып, таласады деген де сұрақ тууы мүмкін. Бірақ бұл мұзды аймақтың таласқа түсетіндей, тіпті қарулы қақтығыс арқылы тартып алуға тұратын мекен екенін мынадан білуге болады.

Антарктида да 90 миллиард баррель мұнай және 47 триллион текшеметр табиғи газ бар. Бұл әзірге есептелгені. Ал әлі зерттеуді қажет ететін тұсы тіпті көп. Кейбір деректер Антарктида мұнай мен газ қоры әлемдегі көмірсутегі қорының жартысына жуығын құрауы мүмкін деседі. Бұдан тыс бұл мұзды аймақта алтын, никель, алмаздың ірі қоры бар. Демек осындай ырғын байлыққа ие Антарктида үшін тартыс күшеймесе кемімесі анық. Бірақ біздің айтпағымыз бұл емес. Тілге тиек етеріміз, осы мұзды аймақтағы аты аңызға айналған мекендер, ғажайып құбылыстар болмақ.

Жер шарындағы алтыншы құрлық болып есептелетін бұл өлкені 1820 Беллинсгаузен экспедициясы ашқан. Оның орналасқан жері де ерекше. Атлант, Тынық, Үнді мұхиттарында да шығу жолдары бар. Бұл жерде уақыттың барлық белдеуі өтеді. Әлемдегі ең суық мекен. Үнемі қатты жел мен боранның отаны. Осы қатігез мекенге байланысты түрлі аңыз көп. Соның бірі – Атлантидамен байланысты әңгіме. Адамзат керемет өркениетке қол жеткізген мемлекет Атлантида осы Антарктиданың орнында болыпты-мыс.

Кейіннен көктен түскен жойқын кометаның кесірінен жойылып кеткен.

Екінші бір аңыз Гитлердің КСРО-дан жеңілген соң, өмірінің соңына – 1972 жылға дейін Антарктида да өмір сүргені туралы. Көптеген бұлтартпас нақты деректер Гитлер 1945 жылы сәуірдің соңында өзін және нақ сүйері Ева өлтірмегені, ретін тауып өзге жаққа қашып кеткені жайында айтады. 1938-39 жылдары Үшінші Рейх Атарктиданы жедел зерттеуді қолға алған. Антарктидадағы Мод Корольдігі ауданында немістер құпия база тұрғызған. Бір ерекшелігі, 1938 жылдан бастап неміс әскери теңіз флотының кемелері Антарктидағы жиі экспедиция жасаған. Соның арқасында мәңгілік мұз басып жатқан аймақта жерасты жолын тапқан. Ол жердің кереметтігі сол, оны немістер «жұмақ» деп атапты.

Жылы ауа ағысы бар, алып үңгірлердің асты адам өмір сүруіне қолайлы болғандығы сонша, Гитлер онда құпия базалар тұрғызуға бұйрық берген. Базада мыңдаған соғыс тұтқындары жұмыс істеді. Оны соңғы үлгідегі қарумен жабдықталған сунгур қайықтар, ұшақтар күзетті. Жұмыс өте құпия түрде жүргізілді. Ол жерде ядролық заряд алып ұшуға мүмкіндігі бар «Фау-5» сияқты (АҚШ пен КСРО ядролық заряд алып ұшатын баллистикалық зымырандарды соның үлігісінде жасағаны анық) зымырандар, табақ пішіндес ғажайып ұшақтар жасау қолға алынды. Жалпы, бұл өлкеге немістер неге қызықты? Ғалымдардың басын ауыртқан осы мәселе.

Оқымыстылардың жорамалынша Үшінші Рейх Антарктиданың астында ондаған, жүздеген шақырымға созылатын аумағы өте кең жерасты үңгірлері бар екенін, Тибет монахтарынан естіген. Өйткені дәл сол уақытта неміс билігі жер кіндігі Шамбаланы іздеп, Тибеткеде барғаны белгілі. Ал әлгі үңгірлердегі үнемі жылы ауа ағысы адам өмір сүруіне аса қолайлы болған. Тіпті жерасты әлемі деуге тұрарлық мекен. Ғалымдар немістердің Атлантида өркениеті осы Антарктиданың астында қалғанынан хабардар болып, сол мекенге қол жеткізуге асыққан дейді. Кім білсін? Немістердің керемет қарулар, ұшатын табақша, баллистикалық зымырандар жасауы, сол өркениеттің жұртынан табылған жазба-сызбалар арқылы жүзеге асуы да мүмкін-ау. Қалай айтсақ та, Антарктида жайлы аңыз көп, мұзды өлкенің құпиясы мол.

Осы өңірге сапар жасаған әртүрлі елдің көптеген экспедициялары неше түрлі жұмбақ құбылыстарға тап болып, толығымен жойылып кеткендері де, жартысы жұмбақ жағдайда қаза тауып, арып-ашқан азғана топ еліне әрең оралғандары да бар. Бұл енді ешқандай қоспасыз шындық. Мәселен, 1947 жылы АҚШ-тың осы өлкеге келген әскери экспедициясы мықты қаруланған белгісіз топтың қарсылығына тап болып, күйрей жеңілгені бар. 1958 жылы КСРО экспедициясы да үлкен шығынға тап болды.

1973 жылы атақты мұхит зерттеушісі Жак Ив Кусто тобының адамдары белгісіз жағдайда шыбынша қырылып қалды. Бұл не? Қандай күдірет? Мұзды әлемге табан тірегендерді қырып салған кімдер? Сауал бар. Жауап жоқ. Мұзды әлем осынысымен де құпия. Ғалымдар, түрлі қым-қиғаш оқиғаны жақсы көретіндер Антарктиданың құпия сырын ашуға қанша тырысқанымен, ауыз толтырып мақтанарлық нәтижеге қол жеткізген емес. Бірақ үстіміздегі жылы қаңтарда Ресей ғалымдары сұмдық сенсация жасады. Қалың мұзды отыз жыл бұрғылап 3768 метр мұз тереңдігінен ғажайып көл тапты. Бұл әлемдегі ең ірі тұзшы көл еді. Мәселе тіпті көлде де емес. Мәселе, бұрғымен бірге тереңге түсірілген бейне камера су түбінен көлемі 100 шаршы метрлік алтыннан құйылған свастиканы түсіріп алған. Бар керемет осыда жатса керек-ті. Бұл ешқандай қоспасыз шындық оқиға болатын. Бейне камера түсірген ғажайып олжа мен экспедицияның жұмысы мемлекеттік деңгейде қаралды. Бірақ...иә бірақ Ресей осы оқиғаға байланысты барлық ақпаратты құпиялап, 20 жылға дейін ашпауды көздеп отыр. Неге? Әлде 1945 жылы Гитлердің осы Антарктидаға келіп жасырынғаны, ол жерде неміс ғалымдары түрлі қару, ұшатын табақша жасағаны ешқандай өтірік, алып-қашпа әңгіме болмағаны ма? Белгісіз. Дегенмен әлем ақпарат құралдары орыстардың бұл жаңалығына аса сақтықпен қарауда.

Қазір сол орыстар бұрғы салған жерге әр елден жиналған ғалымдарды бақылаушы ретінде топтастырып, тағы да бейне-камера түсіріп шындықтың түбіне жетуге ұмтылып жатыр. Жақында оғанда куә болып қалуымыз ықтимал. Дегенмен зерттеушілердің басым көпшілігі 4 мың тереңдіктегі мұз астында табылған суда жатқан алтын Свастика немістердің таңбасы емес, бұл аймақты мұз жапқанға дейін осы өңірде өмір сүрген көне

жұртың елтаңбасы болуы мүмкін дегенді айтады. Әрине бұған илануға болады. Себебі Свастика – тіршіліктің, қозғалыстың сәттілік пен жақсылықтың белгісі. Бұл таңбаны ес білмес ескі заманда көптеген халық пайдаланған. Антарктидадан табылған тағы бір жұмбақ дүние, ол – мұзды жартастан бастау алып, мұз тереңдігіне кететін алып үңгір. Оның түбіне әлі ешкім түсіп көрген жоқ. Бірақ түрлі аппараттар жіберіп зерттегенде үңгірдің ауасы жылы, тіпті жұмсақ та жайлы болып шыққан. Ал оның түбінде не бар? Белгісіз. Бәлкім өзге бір әлеммен жалғайтын ұра болуы да мүмкін. Дегенмен бәзбір экспедиция мүшелері осы үңгірден түн уақытында табақшаға ұқсас белгісіз қондырғылар оты жарқырап тайлай ұшып шыққанының куәсі болыпты-мыс. Сондай-ақ үңгір маңы ерекше магниттік тартылысқа ие екені де анықталды.

Ғалымдар үңгір түбінде ірі көлемде темір бар. Бәлкім ол жат жұрттықтардың ұшақтары тұратын әуежай болуы да мүмкін деседі... Тағы бір мәселе, орыстар тауып, «Шығыс» деп ат қойған тұзшы көл жалғыз емес. Бір-бірімен жер астынан байланысатын жүздеген тұзшы көл бар. Әлемде ауыз су тапшы бола бастаған тұста, түбі бұл көлдердің су адамзат үшін әжетке жарап қалуы да ықтимал-ау.

Жалпы Антарктида тек мұз жамылған өлке ғана емес, ғажайып құбылыстарға, аномалды орындарға, табиғи байлықтарға, ертегіге бергісіз аңыз-әңгімелерге толы мекен. Бірақ оның құпиясы әлі толық ашылған жоқ. Оған мәңгілік мұрша берер емес...

*«Айқын»,
ақпан. 2012 жыл*

КӨК ЖҮЗІНЕН КӨРІНГЕН КӨРКЕМ ЕЛЕС...

Ақиқатын айтар болсақ, адам баласы жаратылғанға дейін жер бетінде өзге бір тіршілік болғанын бүгінгі ғылым жоққа шығармайды. Тіпті мейманасы тасыған, керемет өркениет болғаны жөнінде там-тұмдап болса да дерек баршылық. Солардың өзегіне көз салар болсақ, ол заманның саналы тіршілік иелері жер беті тұрмақ, көкте де құстай самғап ұша алған секілді. Тіпті

бүгінгі ғарышкерлер киетін скафандр киген адамға ұқсас тіршілік иелерінің суреттері біздің заманымызға дейінгі ғасырларда әлемнің әр түкпіріндегі үңгірлерге шекіп салынғанын бүгінгі ұрпақ көріп отыр. Олар сонау Африка сахарасындағы үңгірлерде, Латын Америкасындағы қия жартастарға, Испания жағалауындағы құзарларға, Таяу Шығыс, Оңтүстік Азияның ит мұрны батпас жыныс ормандарында кездесіп қалатын жақпарларға бәдізделген. Ғалымдар әлгі сурет, таңбалардың жасын зерттеп жіберсе, оның бәрі біздің дәуірімізге дейінгі кезеңдерде салынғанын аңғарған. Демек адам баласы абүйірін жапырақпен таңуды білмей, тыр жалаңаш жүрген кезде ондай таңбаларды кескіндеуді қайдан білсін? Тіпті жартастарда бүгінгі ұшақтарға ұқсас суреттерде жеткілікті. Онда беймәлім тіршілік иелері ұшақ мініп, көкте самғап бара жатқандары бейнеленген. Сенгің келмейді. Бірақ ес білмес ықылым заманда тасқа қашалған суреттердің сұлбасы бүгінге жетті. Көресің, сосын «сонау, сонау заманда сондайлар болған екен ғой» деген ойда қаласың.

Рас, жер бетінде бізге дейін де керемет, ғажап өркениет болған, жоғалған. Бүгін біз қағазға түсіріп отырған лепес соның бір айғағы болмақ. Сонымен монданақтай жер бетінде өмір сүріп жатқан ұлттардың аңыз-әңгімелеріне, дастан-жырларына, жылнамасына көз жүгіртер болсақ, біраз нәрсенің бетін ашамыз. Бір ақиқаттың ұшын ұстағандай боламыз.

Ғалымдардың кейбір болжамдарына қарасақ, көктен түскен беймәлім тіршілік иелері, жерге тірі ағзаға айналатын ұрық сепкен. Біз содан өсіп-өнген ұрпақпыз. Өкінішке қарай, адам баласы қазір өзінің даму сағына жеткен сияқты. Одан әрі өзін-өзі жою кезеңі күтіп тұрғандай. Бірақ адамзаттың аман қалуы, не жоқ болуы бізді көктен бақылап отырған беймәлім саналы тіршілік иелерінің қолында көрінеді-мыс.

Бір қызығы, XX ғасырдың орта тұсынан бастап, баспасөз беттерінде жиі қылаң беріп, тосын әңгімелер туғызған, ұшатын табақшалар сол кездің өзінде болғанға ұқсайды. Оған мыңдаған ғасырлық ұлттардың аңыз, жыр-дастандары куә. Мәселен, Ирландия мен Франциядағы Ла-Плата, Но, Каро Лоома үңгірлерінде, Испанияда және Жапонияның Кюсю аймағында жерленген патшаның табытында ұшатын табақшалар кескінделген. Ға-

лымдар осы суреттердің жасын зерттеп, суреттер біздің дәуірімізге дейінгі 2000-3000 жылдықта салынған деген болжам жасаған. Демек, ол заманың адамдары ұшатын табақшадан хабардар болғаны ғой. Ежелгі Тибет әдебиетінде де аспанда кенеттен пайда болып, ілкім сәтте, ғайып болатын белгісіз нысандар жайында сөз болады. Бұл ежелгі Мысыр жазбаларында да бар. Мысалы, қамысқа түсірілген бір жазбада «аспанда жарқыраған шамы бар белгісіз нысандар пайда болды. Олар көкте асылып біраз тұрды да, көкжиекке сіңіп жоқ болды» деп шекілген қамыста.

Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда жазу папирусқа біз заманамызға дейінгі XV ғасырда түсірілген. Ол кез Мысыр перғауыны Тумос V патшалық құрған кезбен дөп келеді. Сондай-ақ папируста: «Тумос бүкіл әскерін ертіп жорыққа шыққан. Талай құмды белдерден асып, қалжыраған әскер бір қырқаға көтерілгенде көктен от шашқан белгісіз нысандар көрінді. Перғауынан бастап бүкіл әскердің құты қашты. «Құдай біздің шапқыншылығымызды қабыл алмай, бізге лағынет айтып жатыр. Кері қайтайық» десті әскер басылары. Бірақ Тумос «алған бетімнен қайтпаймын. Мына құдайдың жібергендері бізге, керісінше жеңіс тілеп тұр» деп бетбақтырмады. Сосын әскерін ертіп алған бағытына жөнелді.

Жеңіске жетті. Олжалы болды. «Мені құдай қолдады» деп Тумос перғауын той жасады» дейді жазбада.

Бұл жолдар түсірілген папирус әлі күнге Ватикандағы мұражайдың египет бөлімінде сақтаулы тұр. Әлгі жолдарды оқуға болады... Сыры беймәлім ұшатын табақшалар жөнінде Үнді жазбаларында да кездеседі. Бұдан біздің дәуірімізге дейінгі 1-2 мың жылдықта дүниеге келген «Вайманика шастра» жырында белгісіз нысандардың аспан төрінде ойнақ салғанын үтір, нүктесіне дейін керемет келтірген. Ал жырдың бүгінгі адамзат ғарышқа ұшқан заманында емес, мындаған жыл бұрын дүниеге келгенін ескерсек, сол кезде-ақ адамдар зенгір көкте белгісіз ұшатын табақшалар барын білген. Соны әдіптеп жырға енгізген. Мұның бәрі аңыз, көңілге қонбайды дейтін болсақ, оданда нақты өмірде болған адамдар жөнінде тілге тиек етелік. Мәселенки атышулы қолбасшы Александр Македонскийді алайық, біздің дәуірімізге дейін 332 жылы Ұлы қолбасшы Тир шаһарына шабуыл жасайды.

Бірақ ала алмайды. Кенет асанда ұшқан тырна тізбегіне ұқсас, жұмбақ нысандар пайда болып, олар қала қабырғасына жарқырата оқ атқан. Қабырға құлап, Александр әскері шаһарға басып кіреді. Мұны ұлы қолбасшы «мені құдай қолдады» деп мәлімдеген. Шаһардың қабырғасын күйреткен соң, белгісіз нысандар лезде ғайып болған. Александр Макелонскийдің бүкіл соғысын тасқа түсіріп жүрген, жылнамашылар, болған жайдың бүгі-шегісіне дейін жазып қалдырған. Бұл жазбалар әлі сақтаулы тұр.

Ежелгі Грек жазбаларында да ұшатын табақшалар жөнінде айтылған. Тіпті Плутарх, Аристотель, Цицерон бастаған ғұламалар да көзімен көргендерін, естігендерін қаттап жазып кеткен. Олар көзі жетпеген дүниені хатқа түсірмесе керек-ті...

Америка үндістерінің ұшатын табақшалар жайында айтқандарымен тасқа шекіп кеткендері жеткілікті. Қытай жазбаларында да бұл ғажайып құбылыс жайлы көп жазылған. Мұның бәрін жоққа шығаруға бола ма? Әрине жоқ. Демек бөтен ғаламшарда өмір сүретін ақыл-ой иелері сонау ес білмес заманда-ақ жер бетіне келіп-кетіп тұратын болған. Ал өзіміз өмір сүрген кезге келетін болсақ, 1947 жылы ең алғаш ұшатын табақша мен кездесіп қалған АҚШ ұшқышы Кеннет Арнольд. Оның қалай кездесіп қалғаны, нені көргені көп уақытқа дейін құпия сақталды.

Тағы бірер мысал; өткен ғасырдың ортасында біздің заманымызға дейінгі 12 мың жыл бұрын Испанияның солтүстігі, Францияның оңтүстігінде жартасқа салынған суреттер табылған. Ондағы кескіндер ұшатын беймәлім табақшаға ұқсайды екен. Б.д.д. 1482 жылы Мысыр аспанында белгісіз ғарыш нысандары пайда болған. Олар көкте от шашып, ойқаптап жүріп, ілезде ізім-қайым жоқ болған. Бұл тым арғы тарих дейтін болсақ, бертіңгі яғни 1883-жылы алғаш рет БҰТ суретке тартылған. Оны түсірген астроном Хосе Боннило. «Бұл ешқандай құс емес. Соңына керемет жарқыл қалдырып, көкте жүйткіп бара жатқан беймәлім ғарыш кемесі» деп жазады ол күнделігіне.

1896 жылы бөгде ғаламшар иелерімен алғаш рет адам баласы кездесіп қалды. Ол Калифорния штатында тұратын полковник Шоу деген азамат еді. Кешкілік орман ішінде қыдырыстап жүрген ол кенеттен шу естиді. Көзді ашып-жұмғанша бомай, шағын алаңқайға сұп-сұр дирижабльге ұқсас бір кеме қонып, одан жалғыз

көзі бар, ұзын бойлы, қолдары салбыраған адам тектес сұлбалар шығып, полковникке тап берген көрінеді. Бірақ Шоу дер кезінде қашып үлгереді. Сәлден соң әлгі белгісіз ұшақ жерден дыбыссыз көтеріліп, жоқ болған. Бұл оқиғаға тек полковник қана емес, сол маңда қыдырып жүрген өзге азаматтар да куә болған. Бұл жайт кейіннен бүкіл штатқа жайылған таң-тамаша әңгіменің арқауы болады.

Мұндай мысалдарды тізе беруге болады. Ең бастысы, адам баласы жаратылғалы бері көк жүзінде сыры жұмбақ ұшатын табақшалардың сайран сап жүргені. Рас, бүгінде техника жетілді, адам санасы толықты, он сегіз мың ғаламның сырын жартылай аштық дегенің өзінде, біз сонау ықылым заманда адамдар көріп, үнгір қабырғаларына, жартастарға шекіген ұшатын табақшалардың сырын аша алған жоқпыз. Бұл құпиялылық қашанға дейін сақталмақ?

*«Айқын»,
Сәуір. 2014 жыл*



P.S: Осы кітап баспаға даярланып жатқанда өмірден аяулы әпкем озды. Тағдырдың жазғанына амал бар ма?

Қайтейін...

Қимасақ та қара жерге тапсырдық.

Әпкеммен бірге жүрген шуақты күндер жадымнан ешуақытта өштек емес. Сол бір балдәурен шақтың әпкеммен бірге өткізген шырынды кездерін көзімнен жас төгіліп отырып, ақ қағазға түсірдім...

ӘПКЕМ МЕНІҢ...

Неге екені қайдам, соңғы жолы ауруханадан шыққанда-ақ әпкемнің бұл дүниенің адамы емес екенін сезінген едім. Құр сүлдері қалған. Көзінде нұр жоқ. Мына беймаза тірліктен шаршағаны көрініп тұр. Өңінен аурудың әбден өтіп кеткенін байқауға болатын.

Самарқау. Сүлесок.

Алматыдан ауылға аттанып бара жатқанда, құшақтап бетімнен сүйді. «Аман бол. Дұрыс жүр. Аянға қара» деді. Бұл оның «қош бол, енді көріспеспіз. Аянды саған тапсырдым» дегені сынды естілді. Аян деп тұрғаны, артында қалған жалғыз баласы. Жүрегім қан жылап тұрса да «әлі келесің ғой. Жазыласың» дедім. Көзіме келіп қалған жасты көрсеткім келмей, бұрылып кеткенмін. Содан кейін-ақ көңілім алабұртып ауыл жақтан естілетін жайсыз хабарды күткен едім. Көп ұзамады. Араға ай салмай бір күні түнде «Раядан айрылып қалдық» деп булыға жылаған қарындасымның телефоннан естідім.

Ертесіне жиналып жолға шықтық. Алматымен ауылдың арасы шамамен мың шақырым. Жол ұзақ. Автобустың терезесінен сыртқа қараған күйі ойға баттым. Әпкеммен бірге жүрген күндер үзік-үзік болып көз алдымнан өтіп жатыр...

...Бүлдіршін кезіміз. Үйде қаз-үйрек өте көп. Содан болар, бір уақ оларды айдап шығып, бақшаның ар жақ түбінде ағып жатқан тоғанға барып, бағамыз. Қаз-үйрекпен бірге тоған суына түсіп біз мәзбіз. Жанымда әпкем – Рая. Жас айырмамыз – төрт жас. Бізге бас болатын сол. Бір топ бала шу-шу етеміз. Қаз-үйрек тек бізде



ғана емес, сол кезде бүкіл көршілерімізде көп еді. Осында жүрген шуылдақтардың бәрі қаз-үйрек бағып жүргендер. Лай суға түсуден шаршаған соң, тоғанның шетіне отырып алып, балшықтан үй соғамыз. Одан қалса, «папа-мама» болып ойнаймыз. Бізге көрші Кәбір деген кісі тұратын. Соның менімен шамалас Роза деген қызы бар. Мен «папа», Роза «мама» болып ойнаушы едік. «Розаның мұрынан боғы аққан. Жаман. Оданда «мама» мына Фарида болсын. Әдемі қыз» деп әпкем үйі бізге жақындау тұратын Сәлиқар деген кісінің Фарида атты қызын «мама» болып ойнауға тықпалайтын. «Роза жақсы» деп әпкеммен шыр-пыр болып айтысып жатушы едім... Кейде «Құстар, құстар сызылтып ән салады, сол әнімен тербетеді даланы» деп құйқылжытып ән салатын кездері де болушы еді. Өйткені ауылға егістік жақын. Соған топ-топ тырна келіп жайылатын. Өңкей ұсақ бала шуылдап ән салып жатқанда сонау-у аспанда тырналар шеру тартып, «тыраулап» ұшып бара жататын. Қайдам ол бір керемет, алаңсыз, мұңсыз кездер еді. Әпкем Раяның ән салғанын көрсең, дауысы қандай ғажап. Қайдам, ән айтып отырып, тырналар көз ұшынан жоғалып кеткенше, мұңая қарайтын...

Әпкем менің...

Кішкене кезімізде ауылға қар қалың түсуші еді. Омбылап жүрудің өзі мүмкін емес. Үшінші сынып та ма, әлде төртінші сыныпта оқып жүрген кезім бе екен, есімде жоқ. Бір оқиға болды. Қыс келіп, қалай жерге қар түседі, мектепке есекке мініп баратынмын. Онда да өзім емес. Көрші үйде Мамырбек деген үлкен ақсақал тұрды. Дәу көк есегі бар. Менен бір сынып жоғары оқитын Сайлау деген немересі бар. Сол екеумізді есекке мінгестіріп, мектепке жеткізіп тастайтын. Балалар қар кешіп мектепке бара жатқанда, аттай дәу көк есекке мінгескен Сайлау екеуміз қар омбылағандарға тілімізді шығарып, соқтыртып бара жатар едік. Баламыз ғой, таңғы ұйқыдан тұру оңай емес. Ұйқылы-оюу киініп бола бергенде Мамырбек ақсақал келіп қалады. Әкем есектің артына көтеріп отырғызады. Ақсақалдың алдында Сайлау, артында мен. Көк есек қарды омбылай тыпындай жөнеледі. Бір күні ұйықтап кетіп, есектен сыпырылып түсіп қалыппын. Оны Мамырбек ақсақал байқамаған. Біреу «тұр, тұр, не жатыс, үсіп қаласың» деп қояды. Сөйтсем әпкем Рая екен. Қар үстінде

шалжиып ұйықтап жатсам керек. Үсті-басымды қағып жатыр. Мектепке менің артымнан іле-шала шыққан ол, қар үстінде қарайып жалғыз жатқан мені көріп алғашында шошып қалыпты. Сосын жайбарақат ұйықтап жатқанымды байқап, «уһ» десек керек-ті. Қары күрелген үлкен жолға дейін біраз бар. Рая мен арқалап алып, омбылай жөнелді. Кішкене болса да шақар. Қарға малтығып келе жатса да мені құлаппай тартып келеді. Ара-тұра «тү-у қандай ауырсың» деп қояды. Үлкен жолға да жеттік-ау. Анау жақтан есегін желдіртіп Мамырбек ақсақал келе жатыр. Менің жоқ екенімді енді аңғарса керек. Әпкем мені аттай дәу есекке әрең көтеріп мінгізді. Мамырбек ақсақалды тастай қылып құшақтап алып, мектепке қарай тарта жөнелдік. «Құлап қалма, байқа» деп Рая артымыздан дедектеп жүгіріп келеді.

Қайран әпкем менің...

Ауылда әр отбасында ұсақ мал, қой-ешкі жетерлік. Содан жиырма-отыз үй келісіп, кезектесіп қой бағады. Кезек біздің үйге келеді. Ондайда қойды бағатын Рая екеуміз. Менің барғым келмейді. Өйткені күн ұзақ, күн ыстықта малдың соңынан салпаңдап жүргенің. «Жүрші, мен саған керемет ертегі айтамын» деп әпкем мені қоярда қоймай ертіп алады. Кішкене кезімнен кітап оқуға құмар едім. Содан болар, «ертегі айтамын, кітап оқып беремін» десе, әпкемнің артынан еріп жүре беретін әдетім бар. Қойды Көрпөбай жотасынан асырып жіберіп, жартасқа отырып алып Рая не бір қиял-ғажайып әңгімелерді айтатын. Ойы жүйрік еді. Сол айтқандарының көбін ойдан құрастырып, қисынын келтіріп соғатын. Аузым ашылып, мен отырамын. Бірде «анау-у-у жалғыз бәйтеректі көрдің бе, соның ар жағында өткенде қой бағып жүріп төрт құлақты зиратты көріп едік қой. Ішінде қара тал өсіп тұрған. Соны жұрт «Талдыбейіт» деп атайды. Сол бейіт жайында мынадай аңыз бар» деп әпкем бір әңгімені бастады. Өзен жағалап жайылып бара жатқан қойдың соңынан көз тастап қойып, әпкемнің айтқандарын тыңдап отырмын. «Баяғыда осы өңірде мейманасы тасқан бір бай өтіпті. Оның күн десе көзі, ай десе аузы бар жалғыз қызы болыпты. Қыз бойжетеді. Оған сөз салушылар да, баймен құда болғысы келгендер де көбейеді. Бірақ сұлу бойжеткен ешкімді көзіне ілмеді. Уақыт өтіп жатады. Бірде қызды ауылға жалғыз атты, домбыра өңгерген бір сері келеді. Әлгі әнші

сері байдың үйінде жатып, бірер күн жастардың басын қосып, ән айтып, айлы түндерде алтыбақан құрғызып, ойын-сауық жасайды. Ай астында әуелете салған жігіттің әні де, өзі де бойжеткенге ұнап қалады. Жігіт те ару қызды жақсы көріп қалып, ауылдан кеткісі келмейді. Қыз бен жігіттің бір-бірімен сөз байланысқаны қыздың әкесіне ұнай қоймайды. Өйткені ол өзі секілді төрт құбыласы түгел, жайылымы малға толы бай-бағланмен құда болғанды жөндеп шешкен-ді. Жалғыз атты, қарасирақ кедей жігіт қанша әнші-күйші болса да, аунап-қунап жататын жыртық та болса үйі болмаған соң, қыздың әкесіне жақпайды. Ретін тауып оған ауылдан тездетіп кетуін талап етеді. Сөйтіп әнші жігітпен қыздың әкесі сөзге келіп қалады. Жігіт ауылдан қуылады. Бірақ қызбен сөз байласқан жігіт ретін тауып айлы түндерде қызбен қыр астында кездесіп жүреді. Сөйтіп жүргенде қыз жүкті болып қалады. Уақыт өте келе қызының үйде отырып аяғы ауыр болып қалғанын білген бай, жігітті ретін тауып ұстап алып, ат құйрығына байлатып жібереді. Байқұс жігіт жапан түзде солай шейіт болады. Мұны қыз білмейді. Келем деп кеткен жігітін күтумен жүре береді. Күн артынан күн өтеді, ай артынан ай өтеді. Жігіт жоқ. Ис-түссіз. Әкесі де үндемейді. Уақыты келген соң, қыз босанады. Өмірге балпанақтай ұл әкеледі. Бірақ әкесі келмейді. Сүйгенін зарыға күтумен өмірі өтіп бара жатқан қыз, ауруға шалдығып, құсалықпен өмірден озыпты. Анау ортасына кара ағаш өскен, төртқұлақты бейіт сол мұңлықтың бейіті екен» деп әпкем әңгімесін аяқтаған. Көзінде мөп-мөлдір жас бар екен. Өзі айтқан аянышты әңгімеге өзінің көңілі босаған секілді. «Қойшы қайдағы бір аңызға бола жыламай» деп әпкемді жұбатып қоямын. «Сүйгенін зарыға күтіп, құсалықпен күн кешу оңай емес қой». Осыны айтқан ол сонау көз ұшында бұлдырап тұрған жалғыз бәйтеректен көз алмай ұзақ отырды... Қайдам, ол кезде әпкем кейін өзі де сол әңгімедегі қыздай сүйгеніне қосыла алмай, тек одан бір ұл көріп, өмірін зарығумен, күтумен өткізерін сезінбеген болар-ау... Жылдар өтіп жатты. Ер жеттік, есейдік. Бірақ та, тете өскендіктен бе, әпкем маған қай жерде, қай маңда жүрмейін, тіреу болды, сүйеніш болды. Барын аузыма тосты. Ол Каз-ПИ де, мен Каз ГУ де оқыдық. Жұмыс істедік. Үйлендік. Бірақ оқудың соңына түскен әпкем тұрмысқа шыкпады. Сөйтіп жүріп жастық шағын өткізіп алды. Биология ғылымының кандидаты болды. «Жақсы



көретін адамым бар» деп жүретін. Содан бала сүйді. Бірақ бірге тұрмады. Амал қанша, ғылымның соңына түсемін деп шапқылап жүргенде белгісіз ауру жабысты. Қырық екі жасында жабысқан сол ауру ақыры алып жықты... Он екі жыл бірде Өскемен, бірде Алматының ауруханасына жатып, өлі мен тірінің ортасында ғұмыр кешті.


Әкемнің жанына қойдық.

Елу төрт жыл өмір сүрді. Бұл аз ба, көп пе білмеймін. Бірақ санамда оған деген сағыныш пен құрмет қана қалды. Оның өмірде жоқ екеніне сенгім келмейді.

Бірақ...

Топырағың торқа болып, пейіште нұрың шалқысын әпке!..

Айқын. 2016 жыл. Сәуір.



МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жазмыш	5
2-Бөлім. Дүние - жалған	23
3-бөлім. Атамекен сырлары	79
4-бөлім. Он сегіз мың ғалам	121



Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ
ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАРАТЫЛЫС

Жауапты редакторы Э.Бөкенбаева
Редакторы: Н.Мауытгов
Корректоры: Ұ.Тілеуқызы
Көркемдеуші-дизайнері: Ә.Әкімжанова

ИБ № 47

Басуға 27.06.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108/32
Офсеттік басылым, қағазы офсеттік. Өріп түрі Times New Roman.
Көлемі 15,12 шартты баспа табақ. Таралымы 2000+100 дана.
Тапсырыс № 715.

«BAViS systems» ЖШС
Алматы қ., Мұхамеджанов к-сі, 9

ISBN 978-601-7459-30-7



Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@daur.kz, zakaz@daur.kz



Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ

1966 жылы бұрынғы Семей қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Үржар ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген.

1991 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің журналистика факультетін бітірген. Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Республикалық «Ұлан» балалар газетінде және «Арай» жастар журналында жұмыс жасаған. Қазір республикалық «Айқын» қоғамдық саяси басылымында қызмет етеді. Оқушылардың шығармашылығынан құрастырылған «Байғазы» кітабына өлең-әңгімелері енген. 1999 жылы «Бозбала дәурен» атты жыр жинағы шыққан.